




bib135136

*Мәшімбаев С. М.*

**ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА  
ЕЛДЕРІНІҢ  
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ  
(1918—1945 ж.ж.)**

*Оқулық*

Алматы  
2008



ББК 63.3(4)+63.3(7)я73

М 34

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор **А.Ш. Алтаев;**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Т. Жұмағұлов.**

**М 34 Мәшімбаев С.М.**

Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы  
(1917-1945 ж.ж.): Оқулық. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. –  
169 бет.

ISBN 9965-12-997-5

Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихының бірінші кезеңіне арналған оқулықта ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы болған тарихи процесстердегі экономикалық-әлеуметтік және саяси өзгерістерге соңғы жылдарда жарық көрген зерттеулерге сүйене отырып түсініктеме беріледі. Автор жеке капиталистік елдердің тарихына талдау жасап, капитализмнің дамуындағы өзгерістерге тоқталады. Сонымен қатар 1917-1945 жылдардағы КСРО-дағы социализмнің орнауы және оның даму ерекшеліктері мен 1937-1938 жылдардағы Сталиннің қуғын-сүргін саясатындағы шындық айтылады. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістер, екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, 1939 жылғы кеңес-герман келісімі, Еуропаны бөлісу саясаты. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы КСРО халықтарының ерлік күресі, соғыстың аяқталуы мен қорытындысы туралы өңгімеленеді.

Автор осы оқулықта келтірілген жаңа көзқарастар өзінің жеке ойы екенін ескертеді.

Оқулық мұғалімдерге, тарих факультеттерінің студенттеріне және жалпы тарих мамандарына арналған.

ББК 63.3(4)+63.3(7)я73

© Мәшімбаев С.М., 2008.

© Заң әдебиеті, 2008.

ISBN 9965-12-997-5

*ил. 13574а*

**МАЗМҰНЫ**

КІРІСПЕ .....	3
<b>I-ТАРАУ</b> <b>БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК</b> <b>СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ</b> <b>ҚАТЫНАС (1918-1924 ж.ж.) .....</b>	<b>7</b>
§1. Париж конференциясы. Версаль- Вашингтон жүйесі .....	7
§2. Вашингтон конференциясы .....	11
<b>II-ТАРАУ</b> <b>БАТЫС ЕУРОПА, АҚШ ЖӘНЕ</b> <b>КСРО ЕЛДЕРІ (1918-1939 ж.) .....</b>	<b>13</b>
§1. Германия.....	13
§2. Франция .....	35
§3. Ұлыбритания .....	58
§4. Италия 1918-1939 жж. ....	67
§5. Америка Құрама Штаты (АҚШ) (1918-1939 жж.)....	74
§6. КСРО – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы (1917-1939 жж.).....	83
<b>III-ТАРАУ</b> <b>ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ШЫҒЫС</b> <b>ЕУРОПА ЕЛДЕРІ .....</b>	<b>109</b>
§1. Польша .....	109
§2. Чехословакия.....	114
§3. Австрия (1918-1939 жж.) .....	119
§4. Венгрия (1918-1939 жж.).....	123
§5. Румыния.....	127

§6. Болгария.....	131
§7. Югославия (1918-1939 жж.).....	136

#### IV-ТАРАУ

#### ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК

СОҒЫС (1939-1945 жж.).....	142
----------------------------	-----

§1. Герман-Польша соғысы.....	142
-------------------------------	-----

§2. Ұлы Отан соғысы (1941-1945 жж.).....	145
--	-----

§3. Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы.....	159
---	-----

#### Қосымша материалдар

Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихындағы басты оқиғалар.....	162
---	-----

Әдебиеттер тізімі.....	168
------------------------	-----

#### КІРІСПЕ

Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы оқулығы автордың Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде көп жылдық дәріс оқуының нәтижесінде жазылды.

Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихының бірінші кезеңі 1918-1945 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең XX ғасырдың бас кезіндегі капиталистік қоғамның негізгі өзекті мәселелерін қарастырады. Қазіргі заман кезеңіндегі іргелі өзгерістердің мазмұнына, оның ішінде экономикалық-әлеуметтік және саяси дамуға тоқталады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастардың, Германиядағы қараша революциясы мен Ресейдегі 1917 жылғы қазан төңкерісінің дүниежүзілік әлемге тигізген әсері және жаңа қоғамдық-саяси дамулары қарастырылады. 1918 жылғы капитализмнің тұрақтануы, экономикалық дағдарыс жылдарындағы ірі капиталистік елдердегі экономикалық-әлеуметтік өзгерістер анықталады. Қазіргі заман кезеңіндегі басты оқиғалар – капитализмнің мемлекеттік реттеу механизмі, АҚШ-тағы «жаңа бағыт» саясаты, Италиядағы корпоративтік-мемлекеттік жүйе дәріс барысында кең қамтылады. Франция мен Испания тарихындағы халық майдан кезеңі, Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропа елдеріндегі жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, буржуазиялық саяси партиялардың саясаты көрсетіледі.

Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихының бірінші кезеңіне арналған бұл оқулықта соңғы жылдарда жарық көрген зерттеулерге сүйене отырып, жалпы тарихтың өзекті мәселелеріне көңіл аударылды. Автор XX ғасырдың бірінші жартысында болған тарихи процестердегі экономикалық-әлеуметтік және саяси өзгерістерге тоқталады. Оқулықта 1918-1945 жылдар аралығындағы революциялық өрлеу кезеңі, 1918 жылғы Германиядағы қараша революциясы, оның сипаты, екі соғыс аралығындағы халықаралық қатынас, КСРО-ның сыртқы саясатының принциптері, халықаралық қатынастардың жаңа стратегиясы мен тактикасындағы өзгерістер, XX ғасырдың 30-жылдарындағы капиталистік қоғамдағы дағдарыс, оның шығу себептері, буржуазиялық реформа, мемлекеттік реттеу, жаңа даму моделі, мемлекеттік-монополиялық капитализмнің жаңа даму үлгісі

фашистік Италия мен Германиядағы корпоративтік-монополияның дамуы, АҚШ-тағы Ф.Рузвельттің «жаңа бағыт» саясаты қарастырылды. Франциядағы халық майдан кезеңі, фашизмге қарсы күрестегі жаңа бағыт, біртұтас антифашистік майдан құру мәселелері соңғы жылдардағы тарихнамадағы жаңа көзқарастар негізінде жазылды.

Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихының бірінші кезеңіндегі ірі оқиғалардың бірі - 1917 жылғы Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңестік Ресейдің тарихы тұңғыш рет енгізіліп отыр.

XX ғасырдың 20-30 жылдары КСРО халықтарының тарихында елеулі оқиғаларға толы болды. Осыған орай, автор Қазан төңкерісінен кейінгі социализм құру жолындағы күрес, В.И.Лениннің социализм құрудағы жоспары, жаңа экономикалық саясат, өкіметтік билік үшін болған тап күресінің тарихи процесс ретіндегі мазмұны мен мәніне тоқталады. КСРО-дағы азамат соғысы, социализмнің негізін қалау жолындағы БКП(б) күресі мен басшылығы атап көрсетіледі. КСРО-ның құрылуы, бірінші және екінші бесжылдықтардың қорытындылары жаңа тарихи көзқараста айтылады.

КСРО тарихындағы 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін саясаты, И.В.Сталиннің жеке саяси көзқарасы мен оның саясатына деген жаңа көзқарастарға соңғы жылдардағы жасырын болып келген мұрағат құжаттарына және зерттеулерге сүйене отырып баға берілді.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастағы болған өзгерістер, жаңа соғыс қаупі, фашизмнің кең түрде таралуы, КСРО үкіметінің сыртқы саясатындағы ұжымдық қауіпсіздік принципі реакция мен фашистік топтардың уақытша болса да бәсеңдеуіне әкелді. 1939 жылдардағы саяси дағдарыс, Мюнхен келісімі, екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, соғыстың мәні мен қорытындысы жаңа тарихи көзқараста жазылды.

Сонымен қатар, КСРО халықтарының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы фашистік Германия мен Жапонияны талқандаудағы рөлі, екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы, соғыстан кейін дүниежүзілік қайта құрулар айтылды.

Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.) тұңғыш рет қазақ тілінде жазылып отыр. Сондықтан XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазіргі заман тарихындағы болған тарихи процестерге жазылған ой мен көзқарастар автордың жеке ойы деп түсіну керек. Автор өз ойын түпкілікті деп ойламайды, басқа зерттеушілер мен мамандар осы оқулықтағы көзқарастарға өз ойлары мен пікірлерін қосып жатса, қазіргі заман тарихының өзекті мәселелерін шешуге зор үлес қосылған болар еді.

## І-ТАРАУ

### БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС (1918-1924 жж.)

#### §1. Париж конференциясы. Версаль-Вашингтон жүйесі

**Соғыстың қорытындысы.** 1918 жылы 11 қарашада Франциядағы Компьен орманында Антанта мемлекеттерінің талабымен Германия жеңілгендігін мойындап, бітімге қол қоюға келісті. Төрт жылға созылған соғыс аяқталды.

1919 жылы 18 қаңтарда соғыстың қорытындысы шығарылып, жеңген елдер мен Германия және оның одақтастары арасында келісімге келу үшін Париж қаласында халықаралық конференция өз жұмысын бастады. Конференцияға 27 елден делегаттар қатысты. Францияның премьер-министрі Жорж Клемансо, ағылшын премьер-министрі Дэвид Ллойд-Джордж және АҚШ президенті Вудро Вильсон қатысып, басшылық жасады.

Париж конференциясының алдында соғыстан кейінгі халықаралық қатынастағы, әлемдегі өзгерістерді ескере отырып, дүниені қайта құру мәселесі тұрды:

– халықаралық қатынастағы өзгерістерді ескере отырып, жаңа принциптерді қалыптастыру;

– ірі капиталистік елдер арасындағы дүниежүзілік ықпалды реттеу;

– Германия мен Түркияның отарларының тағдырын шешу.

Ірі державалық елдер бұл мәселелерді Париж конференциясында өз мүдделеріне ыңғайлы шешу үшін күрес жүргізді. АҚШ-тың конференциядағы негізгі мақсаты - дүниежүзілік әлемде өзінің үстемдігін қалыптастыру болды. Бірақ бұған Париж конференциясында Франция мен Англия басшылары қарсылық жасады. АҚШ-тың мұндай саясат жүргізуіне оның бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикалық дамуы негіз болды. Соғыстан кейін Франция мен Англияның экономикасы күйзеліске ұшырап, экономикалық даму жағынан АҚШ-тан артта қалды. Соғыстың ауырталығын Франция мен Англия көтерді. АҚШ соғысқа тек 1918 жылы ғана кірісті. Соғыста АҚШ-тың 50 мың адамы өліп, 230 мың адам жараланған. Соғыс жылдарында АҚШ соғыс өнеркәсібі 335 млрд доллар таза пайда келтірді. 1919 жылы

АҚШ дүние жүзінде көмірдің 50% өндірді; шойын мен болаттың  $\frac{3}{5}$ ; мұнайдың  $\frac{2}{3}$ ; автомобильдің 85% шығарды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ дүниежүзінде қаржы саласында толық үстемдік алды. Шетелдердегі инвестициясы өсіп, Канада мен Латын Америка елдерінде 7 млрд доллар, Еуропа елдерінде 18 млрд долларға жетті. АҚШ президенті В. Вильсон: «Дүниежүзіне кім көп ақша берсе, сол ел әлемде билік жүргізуі қажет» – деген болатын. Сөйтіп, АҚШ дүниежүзілік үстемдік жасау үшін күрес жүргізді. Бұл саясатты іс жүзіне асыру үшін АҚШ президенті Париж конференциясына «14 пункттен» тұратын бағдарламасын әкелді. Бағдарламаның мазмұны төмендегідей болды:

- Антанта елдерінің арасындағы жасырын келісімдерден бас тарту;
- дүниежүзілік мұхиттар мен теңіздерде еркін жүзу;
- барлық кедендік кедергілерді жойып, халықаралық «ашық есік» және «ашық қол» принципін сақтау;
- отар елдердің мәселесін әділетті шешу;
- қару-жарақты қысқарту;
- Германиямен және оның одақтастарымен әділетті келісімдер жүргізу;
- дүниежүзілік дау-жанжал мәселелерді бейбіт жолмен шешу үшін халықаралық ұйым – Ұлттар Лигасын құру.

Париж конференциясында АҚШ Президенті В. Вильсонның бейбітшілік сүйгіш саясатты білдірген «14 пункттен» құрылған бағдарламасына Франция мен Англия басшылары қарсы шықты.

«14 пункттен» тұратын бағдарламаның мазмұнынан АҚШ-тың экспанциялық саясаты анық көрінді. Бұл бағдарламадағы АҚШ саясатының мәні дүниежүзілік әлемде үстемдік жүргізу екенін түсініп, Франция мен Англия Париж конференциясында АҚШ саясатын әшкерелеп, Вильсонның бағдарламасын қабылдамады. Бірақ оның Ұлттар Лигасын құру бағдарламасын Клемансо мен Ллойд-Джордж қолдап, халықаралық қатынастағы дау-жанжал мәселелерді шешуде айтарлықтай рөл атқаратын ұйым құруға келісті.

**Версаль келісімі.** Соғыстың қорытындысын баянды ету үшін жеңген елдер Париж конференциясында Германия және оның одақтастарымен келіссөздер жүргізуге кірісті. Париж қаласындағы айналы Версаль сарайында Германия мен жеңген елдер арасында келіссөздер басталды.

Бұл келіссөздер барысында Германияның жер мәселесі қаралды. 1870-1871 жылғы Франция-Пруссия соғысында Германияға берілген Эльзас және Лотарингия Францияға қайтарылды. Саар облысы 15 жылға Ұлттар Лигасының қарауына берілді. Польшаның батыс жері Померания мен Познань қайтарылды. Данциг (Гданьск) қаласы ерікті қала ретінде Ұлттар Лигасына басқаруға берілді. Бельгия Эйпен және Мальмеди аудандарын қайтарып алды. Данияға Шлезвиг қайтарылды. Версаль бітімі бойынша Германия жерінің  $\frac{1}{8}$  бөлігінен айырылды.

Екіншіден, Рейн өзенінің сол жақ жағалауы түгелдей 15 жылға одақтастар әскерлерінің бақылауына өтті. Германия Рейн өзені бойынан өз әскерлерін өкетуге келісті. Германияға 100 мың әскер ұстауға рұқсат берілді. Германия өзінің соғыс-теңіз флотынан айырылды.

Үшіншіден, Версаль келісінде Германияның соғыс шығындарын өтеу (репарация) мәселесі қаралды. Бұл мәселені шешу үшін репарациялық комиссия құрылып, 1921 жылы аталмыш комиссияның шешімімен Германия 226 млрд марка төлеу керек болды. 1921 жылы мамыр айында Германия 132 млрд марка төлейтін болып келісті. Репарациялық төлемнің 52%-ын Франция, 22%-ын Англия, Италия – 10%, Бельгия – 8%-ын алатын болды.

Төртіншіден, Германияның отарлары туралы мәселе қаралды. Африкадағы Германияның отарлары Танганьика, Тогоның батысы және Камерунның бір бөлігі Англияға берілді. Намбия – Британияның доминионы Оңтүстік-Африка Одағына өтті. Тогоның шығыс бөлігі, Камерунның көп бөлігі және Руанди, Берунди Францияға берілді. Германияның Тынық мұхиттағы отарлары Жапония мен Англияға өтті. Мариан, Каролин және Маршалл аралдары Жапонияға берілді. Қытайдағы Шаньдун түбегі Жапонияға қайырылды. Австралия мен Жаңа Зеландияға Жаңа Гвинейдің шығыс бөлігі, архипелаг Самоа берілді.

1919-1920 жылдардағы Германия және оның одақтастарымен болған келіссөздер Еуропа мен Азия картасына көптеген өзгерістер әкелді.

Біріншіден, Еуропадағы Австро-Венгрия империясы құлады. Париж конференциясында Антанта елдері тәуелсіздік алған Чехословакия, Польша, СХС (Серб, Хорват және Словен) корольдігін мойындады. Жер өзгерістерін бекітті. Истрия түбегінде Триест қаласы, Оңтүстік Тироль Италияға берілді. Батыс Белоруссия мен Батыс Украина Польшаға, Трансильвания және Буковина Румынияға тиісті болды.

Екіншіден, 1919 жылы қарашаның 27 күні Болгария мен жеңген елдер арасында Нейя келісімі болды. Батыс Франция Грецияға беріліп, Эгей теңізіне Болгария шыға алмайтын болды. 2566 кв. км жер Югославия (СХС) корольдігіне қайтарылды. Болгария 2 млрд 250 млн марка репарация төлейтін болды. 1919 жылы 10 қыркүйекте Сен-Жерменде Австриямен келісімге қол қойылды. 84 мың км<sup>2</sup> жері 6,7 млн халқымен Австрия Республикасы құрылды. Келісім бойынша Австрияның Германияға және басқа елге бірігуіне тыйым салынды. 1919 жылы наурыз айында Венгрия мен Трианон келісімі жасалды. Бұл келісім бойынша Венгрия Австрияны мойындады. Румынияға Трансильвания мен Баната берілді. Хорватия – Югославияға, Словакия және Закарпат Украинасы – Чехословакияға берілді. 1920 жылы 10 тамызда Севр қаласында Түрік мемлекетімен келісімге қол қойылды. Түрік Республикасының жері Кіші Азия бөлігі мен Стамбул қаласы және Фосфор бұғазымен шектелді. Измир қаласы Грецияға өтті. Шығыс Араб елдеріндегі Палестина, Трансиордания және Ирак Англияға, Сирия мен Ливан Францияға берілді. Батыс Армения жері түріктердің мандаттық билігінде қалды. Күрдістан – түріктерге берілді. Фосфор мен Дарданелл ұлы державалардың халықаралық комиссиясының бақылауында қалды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Версаль және басқа бітімдер жүйесі халықаралық қатынастағы жаңа саясат - империалистік елдер арасындағы қатынастардың жаңа бағытта дамуына әкелді. Жаңа халықаралық жүйенің ерекшеліктері:

- 1) империалистік елдер арасындағы қайшылықтарды келіссөздер арқылы шешуге келісті;
- 2) қару-жарақты қысқарту;
- 3) халықаралық ұйым - Ұлттар Лигасы құрылды;
- 4) Версаль бітімі империалистік елдердің агрессиялық саясатын тежеді;
- 5) кеңестік Ресейге қарсы «Санитарлық кардон» саясатын ұстады.
- 6) Батыс Еуропа елдері ХХ ғасырдың 20-жылдарында Кеңес Одағын елшілік негізде мойындауға мәжбүр болды;
- 7) халықаралық қатынаста жаңа Кеңес Одағының сыртқы саясаты қалыптасып, жаңа халықаралық қатынасқа өзгерістер әкелді.

Версаль келісімінің барысында АҚШ үкіметінің саясаты жеңіліс тапты, бірақ АҚШ өзінің дүниежүзін билеу саясатынан бас тартпай, Вашингтон конференциясын шақырды.

## §2. Вашингтон конференциясы

ХХ ғасырдың 20-жылдарында АҚШ Версаль бітімінің қайта қаралуын талап ете бастады. АҚШ-тың ойы Париж конференциясында сыртқы саясаттың жеңіліс табуы, жаңадан Батыс Еуропа елдерін өзінің билеу саясатын жүзеге асыруға көндіру болды.

АҚШ үкіметінің тікелей ұсынысымен 1921 жылы 12 қарашада бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының үш жылдығына орай Вашингтон конференциясы ашылды. Конференция жұмысына тоғыз ел – АҚШ, Англия, Франция, Жапония, Италия, Бельгия, Голландия (Нидерланды), Португалия және Қытай қатысты. Конференцияны ашуда сөз сөйлеген АҚШ президенті Гардинг салтанатты түрде: «Біз дүниежүзінде бейбітшілік пен тұрақтылықты орнату үшін бас қосып отырмыз» – деді. Америка Құрама Штаттарының конференциядағы ұсыныстары мен мақсаты қандай болды?

Біріншіден, Қытайдағы Жапонияның ықпалын әлсірету; екіншіден, Англияның әлемдік мұхиттар мен теңіздердегі үстемдігін әлсірету; үшіншіден, Тынық мұхит аралдарында мандаттық статус-кво құқықтарының сақталуын бақылау. Вашингтон конференциясы 1922 жылы 6 ақпанда аяқталды. Вашингтон конференциясының барысында АҚШ өзінің дүние жүзіндегі қаржылық үстемдігін пайдаланып, өзінің негізгі қарсыластарын көндірді де, дүниежүзілік билеу саясатын жүргізуге жол ашты. Біріншіден, 1922 жылдың 6 ақпанында «тоғыз держава келісіміне» қол қойылды. Мұнда Қытай елінің егемендігі мен жер тұтастығы екіжүзділікпен жарияланып, «ашық есік» және «тепе-тең қатынас» принципі ұсынылды.

АҚШ-тың «ашық есік» саясаты 1899 жылы жарияланған болатын, ол Вашингтон конференциясында 1922 жылы жүзеге асты. Бұл саясаттың негізгі мақсаты - Қытайдағы Жапонияның ықпалын әлсірету еді. Сөйтіп, «тоғыздық келісім» барысында Жапония Қытай экономикасына салып отырған заем және несиелен, сондай-ақ Маньчжуриядағы салып жатқан темір жол құрылысынан бас тартты. Қытайдағы кеңесшілерін кейін шақырып алды. Сонымен қатар, Шаньдун түбегін де Қытайға қайтарды. Сөйтіп, Жапония Қытайдағы беделінен айырылды.

Екіншіден, конференцияда «бес ел келісіміне» қол қойылды. Соғыс-теңіз қару-жарақтарын қысқарту туралы мәселе бойынша сөз сөйлеген АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Чарльз Эванс Хьюз мынадай ұсыныстар жасады: жоғары тоннаждағы линкор соғыс

кемелерін жасауды тоқтата тұру; ескі соғыс кемелерін жою; ұлы держава елдері арасындағы соғыс-теңіз кемелерінің арақатынасын реттеу. АҚШ-тың негізгі ойы жаңадан соғыс-теңіз кемелерін жасап, Англияның әлемдік сулардағы үстемдігін әлсірету болатын. Конференциядағы «бес ел келісіміне» сәйкес елдер 35 мың тонналық кеме жасаудан бас тартты. Бұл келісімге – АҚШ, Англия, Жапония, Франция және Италия қол қойды. Кеме жасаудағы үлес салмағы АҚШ – 5, Англия – 5, Жапония – 3, Франция – 1,75, Италия – 1,75 болып пропорциялық түрде белгіленді. 575 мың т. линкор жасау – АҚШ және Англия үлесіне, 315 мың т. линкор жасау – Жапонияға және 175 мың тоннадан Франция мен Италияның үлесіне тиді. Әрбір линкор салмағы 35 мың тоннадан артпау керек. Сонда АҚШ пен Англия 15 линкор жасай алады.

Үшіншіден, Вашингтон конференциясында АҚШ, Англия, Жапония және Франция «төрт елдік келісімге» қол қойды. Бұл келісімде «Тынық мұхит аралдарын пайдалану құқықтарын реттеу» сөз болды. АҚШ-тың мақсаты – Тынық мұхит аралдарындағы Жапонияның беделін әлсірету және 1902 жылғы ағылшын-жапон келісімінің күшін жою болды. Жапония делегациясы бұл келісімнің жойылуына қарсы тұрды. Ағылшын уәкілі: «Сіздер қорықпаңыздар, бір келісімнің орнына төрт келісім қабылданды» - деп жапондықтарды тыныштандыруға тырысты. Жапон делегациясының уәкілі: «Сіздер бәрібір біздің келісімді жерге көмдіңіздер» - деген жауап қайтарды.

Сонымен 1921-1922 жылдардағы Вашингтон конференциясы Америка Құрама Штаттарының ең ірі жеңісі болды. Олар Париж конференциясындағы жеңілістің есесін қайтарды. АҚШ-тың дүниежүзін билеу және ұлы державалық саясаты асықпай іс жүзіне аса бастады. Бірақ, Версаль-Вашингтон келісімдер жүйесі империалистік елдер арасындағы қайшылықтарды жоя алмады. КСРО үкіметінің сыртқы саясатының қалыптасып, нығая түсуіне байланысты АҚШ көп жылдар бойына өзінің билеу саясатын еркін жүргізе алған жоқ. Версаль-Вашингтон жүйесі, ұлы держава елдерінің арасындағы қайшылықтар, фашизм және агрессиялық елдер саясаты екінші дүниежүзілік соғысқа әкелді.

## II-ТАРАУ

### БАТЫС ЕУРОПА, АҚШ ЖӘНЕ КСРО ЕЛДЕРІ (1918-1939 жж.)

#### §1. Германия

**1918 жылғы қараша революциясы қарсаңындағы саяси ахуал.** Бірінші дүниежүзілік соғыс Германияның қоғамдық-саяси құрылымын дағдарысқа әкелді. Германияның соғыс жылдарындағы экономикасы, соғыстың ауыртпалығы еңбекші халықтың тұрмыс жағдайын нашарлатып жіберді. Жұмысшылар, соғыстағы солдаттар мен матростар Германия монархиясынан соғысты тоқтатуды талап етті. Буржуазиялық топтар Германиядағы монархиялық билікке қарсы күреске шыға отырып, халық күресін қолдап, монархияны құлатуды талап ете бастады. Германияда революциялық ахуал пісіп-жетілді. Монархияның елдегі саяси билігі әлсіреп, халықтың алдында беделі түсті. Соғысты бастаған ірі буржуазия мен монархия әскерлері соғыс майданында бірінен соң бірі жеңіліске ұшырады. 1915-1917 жылдағы соғыс майданындағы жағдайдың қиындауы солдаттар мен матростар арасындағы революциялық қозғалысқа әкелді. Қарапайым халық соғыстан қалжырап шаршады. Елде монархияға қарсы ереуілдік қозғалыс кең етек алды. 1916 жылы 240 ереуіл болса, 1917 жылы – 562, 1918 жылы – 773 ереуілдік қозғалыс болды. Мұндай қозғалыстар Германияның ірі қалаларын түгел қамтыды.

1917 жылы 25 қазан айында Ресейдің Петроград қаласында большевиктер партиясының қарулы көтерілісі жеңіске жетті. Ресейде социалистік қоғам құру үшін большевиктер партиясының көсемі В.И. Лениннің айтуымен «социалистік революция» жүзеге асып, пролетариат диктатурасы, оның формасы жұмысшы және солдаттар депутаттарының кеңесі жеңіске жетті. Ресейде үкімет билігі большевиктер партиясының қолына көшті де, жаңадан Кеңес үкіметі құрылды. Оның алғашқы шаралары: 1917 жылғы 26 қазан айында Бүкілресейлік кеңес съезінде екі құжат – «Бітім» туралы және «Жер» туралы декреттер жарияланды. Бұл құжат бойынша Ресей соғыстан шығып, шаруаларға жер бере бастады. Жұмысшылар өз өнеркәсіптерін қолдарына алып, оның қожайынына айналды. Соғыстан шаршап, қалжыраған солдаттар елге қайта бастады. Кеңес өкіметінің бұл жүргізген шаралары тез

арада бүкіл әлемге тарап, Еуропа елдерінде Кеңестік Ресейдегідей билік орнату мақсатында революциялық күштер жаңа күреске шақырып, елдерінің басқарушы топтарына қарсы шықты. Бұл оқиға Германия еңбекшілеріне қатты әсер етті.

**Революция қарсаңындағы саяси күштердің қалыптасуы.** Қараша революциясының қарсаңында Герман социал-демократиялық партиясы (СДП) және Тәуелсіз социал-демократиялық партиясы (НСДП), оның сол қанатында «Спартак» одағы қалыптасты.

Герман социал-демократиялық партиясы - жұмысшы партиясы еңбекші халықтың қолдауында болды. 1918 жылы мамыр айында СДП «Қимыл бағдарламасын» қабылдайды. Партия бағдарламасы Германияда буржуазиялық-демократия жолына түсу және парламенттік жүйені орнату, яғни монархияға қарсы күресіп, республика құру талабын алға қойды. Социал-демократияның негізгі мақсаты - реформа арқылы қоғамдық-саяси өзгерістер жүргізу болды.

Германияның тәуелсіз социал-демократиялық партиясы буржуазиялық реформаны қолдай отырып, революциялық жолдан да бас тартпайды. Негізгі көзқарасы оңшыл центристік бағыт болды. Партия мүшелері К.Каутский, Г.Гаазе, Р.Гильфердинг оңшыл центристік көзқараста бола отырып, большевиктер партиясының пролетариат диктатурасын орнату идеясынан бас тартты да, Германияда демократиялық республика орнатуды көздеді. Каутский: «Германияда пролетариат диктатурасын орнату біздің түпкі мақсатымыз емес», - деп мәлімдеген болатын. Ол - В.И.Лениннің таптық көзқарасын сынаған адамдардың бірі еді.

Ресейдегі қазан төңкерісінен кейін Германияның саяси дамуында революциялық идея, пролетариат диктатурасын орнату үшін күрес жүргізетін саяси топ - «Спартак» одағы құрылды. Оның басшылары К.Либкнехт және Р.Люксембург болды. Революциялық қозғалыс жылдарында олар жұмысшы табын кеңес өкіметін орнатуға шақырды. Олардың негізгі саяси көзқарастары - қоғамдық-саяси өзгерістерді революциялық жолмен іске асыру болатын. Сонымен қатар, В.И.Лениннің идеясын қолдай отырып, Германияда коммунистік партия құру үшін күрес жүргізді. 1918 жылы қазан айында революциялық топтың конференциясы шақырылып, еңбекші халықты қарулы көтеріліске шығуға, сөйтіп буржуазиялық революцияны социалистік революцияға жалғастыруға үндеу тасталды. Халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, соғысты тоқтату, кейбір банктерді национализациялау, жалақыны өсіру, т.б. талаптар қою арқылы халықты революцияға шақырды. Бірақ «Спартак» тобының үгіт-насихат жұмысын еңбекші халық

қолдаған жоқ. Халық революциялық жолды түсіне алмады, ал буржуазиялық-реформалық жол әлдеқайда түсінікті еді. Қоғамды реформалық-парламенттік жолмен өзгертіп, Германияда буржуазиялық республика құру халық түсінігіне жақын болатын. Қараша революциясының қарсаңындағы саяси күштер ірі буржуазия мен монархияға қарсы тұратын оппозициялық күшке айналды.

**Қараша революциясының басталуы.** Революцияның басталуына негізгі себеп болған оқиға Герман монархындағы соғыс-теңіз министрінің Киль қаласында тұрған соғыс-теңіз базасының кемелеріне ашық теңізге шығып соғыс қимылдарын жүргізу арқылы жеңіске жету туралы бұйрығы болды. Бірақ та соғыс-теңіз флотының кеме басшылары теңізге шығудан бас тартып, кемелерде матростар арнаулы революциялық комитеттер құрып, көтеріліске шығады. Кемелерде қызыл жалаулар көтеріліп, соғысты тоқтатуды талап ете бастайды. Революцияға шыққан кемелердегі матростарды тұтқындау басталады. Қараша айының 3 күні Киль қаласының халқы матростарды қолдап ереуілді бастайды. Қала халқы тез арада жұмысшы және солдат кеңестерін құрып, өздерінің талаптарының орындалуын сұрайды. Соғысты тоқтату, саяси тұтқындарды босату талаптарын жергілікті үкімет орындауға мәжбүр болады. Германияда революция басталады.

Макс Баденский үкіметі Киль қаласына оңшыл социал-демократ Носкені жіберіп, революцияны басуға тырысады. Носке келгеннен кейін Киль қаласында құрылған жұмысшы және матрос кеңестері кеңес өкіметінің қызметіне араласып, революцияның Германия жеріне тарап кетпеуіне күш салады, бірақ бірнеше күннен кейін революция Германия мемлекетінің барлық қалаларында кең тарап, бүкілхалықтық революцияға ұласады.

Қараша айының 7-8 күндері барлық қалалардағы революцияға қатысқан халық үкіметтің жұмысшы және солдат кеңестерінің қолына берілуін, сонымен қатар монархияның биліктен кетуін, рейхстаг пен ландтагтың таратылуын, армияны демократияландыруды, жаңа үкімет құруды талап етеді. Елдегі басталған революцияға герман социал-демократтары да қатысып, жаңа үкіметтің құрамына буржуазияның қатысуын талап ете бастайды. ГСДП (Германия социал-демократ партиясы) елде құрылған кеңес өкіметінің атқару комитеттеріне кіре бастайды. Революцияның барысында жұмысшы және солдат кеңестері кеңес өкіметінің орнына буржуазияның жеңіске жетіп шығуын қалайды. Қараша айының 8-9 күндері Берлин қаласында революция жеңіп, жұмысшы және солдат кеңесіндегі ГСДП уәкілдері монархияның тақтан бас тартуын және

біріккен үкімет құруды талап етеді. Берлин қаласында билік жұмысшы және солдат кеңесінің қолына көшеді. Кеңестің атқару комитетіне ГСДП және ТСДП (тәуелсіз социал-демократ партиясы) «Спартак одағы» кіреді. Революциялық «Спартак одағының» басшылары Германияда пролетариат диктатурасының орнауын қалап, революция барысында жұмысшы және солдат кеңесі арқылы социалистік революцияның жеңіп шығуы үшін күрес жүргізеді. Кеңес атқару комитетінде екі ағым қалыптасады. Бірінші ағым - революцияны қарулы күрес арқылы жалғастырып, кеңес өкіметін құру; екіншісі - социал-демократ партиясының қолдауымен буржуазиялық республика құру.

Қараша айының 9-ы күні Берлин қаласының көшелерінде халық демонстрациясы Кайзердің тақтан кетуін талап етеді, қалада жұмысшы және солдат кеңес атқару комитеті құрылып, үкіметтік билікті қолына ала бастайды. Түс қайта Кайзер Вильгельм II өзінің тақтан түскенін жариялап, елді басқарушы етіп ГСДП-ның басшысы Ф.Эбертті тағайындайды. Қала көтерілісшілердің қолына толық көшеді. Түрмелерден саяси тұтқындар босатылады. Кайзер Вильгельм II шет елге қашып кетеді. Қараша революциясының бірінші талабы орындалып, Германияда монархия құлайды. Үкіметті өз қолына алған буржуазиялық топтар, революцияның алға қарай кең етек алмауы үшін Кеңес атқару комитетіндегі революциялық топтарды келісімге келуге шақыра бастайды. Ф.Эберт Рейхстагта Германия тәуелсіз республикасы құрылғандығын жариялайды. Біріккен революциялық үкімет құрып, оның құрамына ГСДП және ТСДП, «Спартак одағының» басшысы К.Либкнехт кіреді.

Жаңа үкімет халық уәкілдерінің кеңесі (СНУ – совет народных уполномоченных) деп аталады. Үкіметтің төрағалары болып ГСДП басшысы Ф.Эберт және ТСДП басшысы Г.Гаазе сайланады. Сөйтіп, Германияда Эберт-Гаазе үкіметі құрылады. Үкіметтік билік халық уәкілдерінің кеңесіне беріледі. Бұл өкімет пролетариат диктатурасы болып құрылмайды. Үкіметтік билікті буржуазия бейбіт жолмен өз қолына ала бастайды. Бірақ революция барысында екі өкіметтік биліктің - біреуі - революция барысында құрылған жұмысшы және солдат кеңесі, екіншісі - халық уәкілдері кеңесіндегі буржуазиялық топтар - арасында билік үшін күрес жалғаса берді. Халық уәкілдерінің кеңес үкіметінің құрылуымен қараша революциясының бірінші кезеңі аяқталды.

**Кеңес және ұлттық жиналыс үшін күрес.** Революцияның алғашқы кезеңінен бастап құрылған жұмысшы және солдат

кеңесінің құрамындағы революциялық топ - «Спартак одағы» өкіметтің кеңеске берілуін талап етті. Германиядағы революцияны «Спартак одағы», олардың басшысы К. Либкнехт буржуазиялық-демократиялық революция деп бағалады. Сондықтан революция социализм құруды бірден мақсат еткен жоқ. Социалистік революцияның жеңіп шығуының Германияда толық алғышарттары болған жоқ. Елде социалистік революция ұйымдастыратын маркстік партия болмады, еңбекші халық социализм идеясынан алыс болды. Сондықтан «Спартак одағы» буржуазиямен бірлікке келіп, бейбіт жолмен кеңес өкіметін құру үшін күресті. Жұмысшы және солдат кеңесінің құрамындағы солшыл радикалдар мен ТСДП мүшелері кеңес өкіметі үшін күрес жүргізгенімен қатар, халық уәкілдерінің кеңесі үшін де күрес жүргізіп, ГСДП-ымен ынтымақтасып отырды.

«Спартак одағының» болашақ коммунистері Кеңес үшін үгіт-насихат жүргізіп жатқанда, неміс буржуазиясы революцияны бәсеңдетіп, бейбіт жолмен өкіметті халық уәкілділік кеңесіне алу үшін күрес жүргізді. Буржуазияның мүмкіндігі революциялық топқа қарағанда зор болды. Герман үкіметінің мүшелері буржуазиялық топтардан тұрды. Армия Эберт үкіметін қолдады. Елде буржуазиялық партиялар құрыла бастады: Германия демократиялық партиясы - басшысы И.Вирт, неміс халық партиясы (ННП) - басшысы Г.Штресман және Неміс ұлттық-халық партиясы (НННП) - басшысы Востарп. Бұл партиялар үкіметті қолдап, революцияға қарсы күштерін біріктіре бастады. Эберт-Гаазе үкіметі сыртқы саясатта антикеңестік үгіт жүргізіп, АҚШ үкіметімен ынтымақтасуды жақтады. Контрреволюциялық күштердің орталығы - Германия армиясының бас штабы негізгі күшке айналып, Кеңес атқару комитетіне қарсы қарулы күреске шығуға дайындалып жатты.

Кеңес және Ұлттық жиналыс үшін күресте контрреволюциялық күштер басым түсе бастады. Буржуазия Ұлттық жиналыс шақыру үшін күресіп жатты. Ал бұл кезде Кеңес съезін шақыру келісіліп қойылған болатын.

16-21 желтоқсанда Берлин қаласында Кеңестің I съезі шақырылды. Съезд жұмысының барысында үкімет және заң шығару билігін Халық уәкілділік кеңесіне беруге шақырды. Кеңес съезіне қатысқан депутаттардың талас туғызған мәселесі кеңес және Ұлттық жиналыс туралы болды. Үкіметтік билік кімге берілуі керек? Бұл мәселеде буржуазия жеңіске жетіп, Ұлттық құрылтай жиналысының сайлауын өткізу туралы шешім қабылданды. Сөйтіп, Ұлттық жиналыс арқылы буржуазия жеңіске жетіп, революциялық

«Спартак одағы» кеңес үшін күресте жеңіліс таба бастады. Қараша революциясының екінші кезеңі аяқталды.

**1919 жылғы революциялық өрлеу.** «Спартак одағы» Кеңестің I съезінде жеңіліс тапқаннан кейін, революцияның сабақтарын ескере отырып, маркстік партия құру керек екенін түсіне бастады. 1918 жылдың соңында желтоқсан айының 30-ы күні партия конференциясында Германия коммунистік партиясының құрылғандығы жарияланды. Конференция жұмысында Р.Люксембург партияның бағдарламасы туралы сөз сөйлеп, ГКП-ның негізгі мақсаты - социалистік революция арқылы пролетариат диктатурасын орнату екендігін айтты. Конференцияда сөз сөйлеген К.Либкнехт партияның Ұлттық жиналысқа көзқарасы туралы айтып, Ұлттық жиналыс сайлауына бойкот (бас тарту) жариялады.

Коммунистік партия конференциясында қабылданған шешімдер сол кездегі тактикалық қателіктерге апарды. Бұқара халық үшін күресте өздерінен-өздері оқшауланды. Кейіннен В.И.Ленин бұл қателіктерді «солшылдардың балалық ауруы» деп бағалады. Германия коммунистік партиясы Еуропа елдеріндегі тұңғыш маркстік партия болды. Ол таптық мүддеге бағытталып құрылып, марксизм-ленинизм ілімін жақтап, неміс пролетариаты арасында кең түрде үгіт-насихат жұмысын жүргізді.

1919 жылдың басында Германияда революциялық толқулар күшейе бастады. ГКП халықты қарулы көтеріліске шақырып, үгіт-насихат жұмысын белсенді түрде жүргізді. Буржуазия революциялық қозғалыстан сескеніп, жұмысшы табына қарсы күреске шығуға дайындалды. Кеңес съезінде жеңіліс тапқан революциялық топтар билікті қарудың күшімен алуға шықты. Халық көтерілісінің басталуына Берлин қаласының полиция бастығы Э.Эйхгорнның жұмыстан босатылуы себеп болды. Берлин жұмысшы табы және солшыл саяси күштер - ТСДП және ГКП үкіметке қарсы саяси талаптар қойып, ереуілге шақырды. Эйхгорнның қайта жұмысқа алынуын талап етті, контрреволюцияға қарсы қайтадан қарулы көтеріліске шақырды. Қаңтар айының 5-і күні Берлин қаласында 100 мың адам демонстрацияға шықты. Олар Эберттің үкіметтен кетуі, Халық уәкілдер кеңесін тарату туралы саяси талаптар қойды. Революцияны басқару үшін ТСДП басшылығы қимыл комитетін құрды. Тәуелсіз социал-демократ партия басшысы үкіметпен келісімге келіп, халық қозғалысын басуға шақырып отырды. ГКП-ның мүшелері де бұл көзқарасты қолдады. Сөйтіп, қаңтар айындағы ереуіл біртіндеп жеңіліс таба бастады. Революциялық өрлеуді Германияның Брауншвейг, Гамбург, Галле, Бремен

қалаларындағы жұмысшы табы да қолдады. Берлин қаласындағы ереуілді басу үшін қаңтардың 12-і күні Германия әскер басшысы Носкенін басқаруымен еріктілер әскерлері келіп, ереуілге қатысушылар мен үкімет әскерлерінің арасындағы соғыс қимылдары бірнеше күнге созылды. 1919 жылы қаңтардың 15-і күні контрреволюцияшылдардың қолынан Роза Люксембург пен Карл Либкнехт қаза тапты. Революция жеңіліс тауып, қараша революциясы барысында құрылған кеңес атқару комитеттері таратылды. 1919 жылы революция жалғасын тауып, сәуір айында Бавария Кеңес Республикасы құрылды. Бірақ та қолдарында күштері бар контрреволюция, оны қолдаған ТСДП-ның басшылары мамыр айында жеңіске жетіп, Германиядағы тұңғыш Бавария кеңес әкіметі құлады. Қараша революциясының үшінші кезеңі 1919 жылғы 19 қаңтардағы ұлттық жиналыс сайлауының өтуімен, революциялық күштердің жеңіліс табуымен аяқталды.

Германиядағы қараша революциясының мәні туралы Кеңес тарихнамасында социалистік революция болды деген көзқарас болып келді. Оның себебі - 1918 жылы қаңтардың 9-ы күні К.Либкнехт Берлин жұмысшы табының алдында сөз сөйлеп, «Социалистік революция жасасын» деп ұран тастаған болатын. Екінші себебі - революция барысында құрылған кеңес өкіметі болды. Бірақ социалистік революцияның негізгі мақсатының шешілуіне елде жағдай жоқ болатын. Революцияға жұмысшы тобының одақтасы - шаруалар қатысқан жоқ, жер мәселесі буржуазия мүддесіне сәйкес шешілді. Германияда монархия құлатылып, буржуазиялық республика құрылды. 1918-1919 жылдардағы қараша революциясы мәні жағынан буржуазиялық-демократиялық революция болды. Қараша революциясын төрт кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңі - қараша айының 10 күні Халықтық кеңес үкіметінің құрылуы; екінші кезеңі - қарашаның 10-нан желтоқсан айының 16-ы аралығындағы Кеңестің I съезінің шақырылған күніне дейін; үшінші кезеңі - желтоқсанның 16-нан 1919 жылдың қаңтар айының 19-ы аралығындағы Ұлттық жиналыстың сайлауына дейін; төртінші кезеңі 1919 жылдың ақпан айында Веймар буржуазиялық Республикасының құрылуымен аяқталды. Германия тарихында буржуазиялық республиканың құрылуының маңызы зор болды. Германияның қоғамдық-саяси дамуы демократиялық даму желісіне түсті.

Веймар Республикасының құрылуы және оның Қоғам-туциясы. 1919 жылы қаңтар айының 19-ы күні Германияда Ұлттық жиналысқа сайлау өтті. Сайлауда 54,5% дауыспен буржуазиялық

партиялар жеңіске жетіп, Ұлттық жиналысқа (парламент) буржуазиялық депутаттар сайланды. Сайлаудан кейін ақпан айының 6-ы күні Веймар қаласында Ұлттық жиналыстың сессиясы өз жұмысын бастады. Елдің Веймар Республикасы болып аталуы Веймар қаласының атымен байланысты болды. Ұлттық жиналыстың шақырылуы елдегі саяси тұрақсыздықпен сәйкес келді. Ол 1919 жылғы қаңтар айында басталған революцияға жалғасты, буржуазия үкіметті өз қолына алғанымен, Германия бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілгендігін мойындады. Саяси қиындыққа қарамастан, Ұлттық жиналыс депутаттары Германияның жаңа үкіметін құруға, алдағы үкіметтің міндеттерін анықтауға кірісті. Ұлттық жиналыстың қолдауымен Ф.Шейдеман бастаған үкімет құрылды. Үкіметтің құрамына ГСДП, Центр және Герман демократиялық партияларынан өкілдер кірді. Веймар Республикасының президенті болып Ф.Эберт сайланды.

Халық жиналысында Конституцияның жобасын қабылдау мәселесі өте тартысты жүрді. Үкіметтің әлеуметтік бағдарламасы да қызу тартыста өтті. Елдегі саяси күштердің ара салмағын ескере отырып, Ұлттық жиналыс шілде айының 31-і күні Веймар Республикасы Конституциясының жобасын бекітті. 1919 жылы тамыз айының 4-і күні Конституция өз күшіне енді.

Веймар Конституциясы Германияны республика деп жариялады. Халық өкіметтік биліктің негізгі тірегі болды. Сонымен қатар еңбек етуге, адам құқықтарын қорғауға, білім алуға Конституция кепілдік берді. 20 жасқа толған азаматтарға жалпыға бірдей сайлау құқығы берілді және референдум (жалпыхалықтық сұрау) өткізуге рұқсат етілді. Конституция бойынша, Германияның заң шығарушы парламенті – Рейхстаг. Жергілікті неміс жерінде заң шығарушы парламент – ландтаг болды. Ландтаг депутаттарының сайлауымен Германия парламентінің жоғарғы палатасы Рейхсрат болды. Рейхсратқа 68 депутат сайланды. Германия парламенті Конституция бойынша екі палатадан тұрды. Рейхстаг – жалпыға бірдей сайлау арқылы; жоғарғы палата Рейхсрат – жергілікті неміс жерінің парламент депутаттарынан құрылды. Рейхсрат рейхстаг жұмысын тежеуге және шыққан заңдарды бекітуге құқылы. Рейхсрат – бақылаушы орган және вето қоюға құқылы болды.

Конституция бойынша атқарушы билік президенттің қолында болды. Президент өкімет басшысын (канцлер) және министрлерді тағайындады. Президент елдің жоғарғы әскери қолбасшысы болды. Президент конституцияның 48-бабына сәйкес, елде төтенше жағдай жариялауға, парламентті (рейхстаг) таратуға және Конституцияның

баптарына өзгерістер енгізуге құқылы болды. Президент жалпыхалықтық сайлау арқылы 7 жылға сайланды. Веймар Республикасының Конституциясы президентке жеке билік жүргізуге мүмкіндік жасады. Веймар Конституциясы буржуазиялық демократияның қалыптасып, дамуына жол ашты.

1919 жылы наурыз айында Ұлттық жиналыс экономикалық-әлеуметтік бағдарламаны бекітті. Бұл бағдарлама бойынша жеке меншіктің барлық түріне кеңшілік жасалды. Өндірісті басқару және реттеу мемлекеттің құзырында болды. Көмір өндірісін де жеке меншікті сақтай отырып мемлекеттік реттеуге берді. Көмір өндірісін басқару үшін «Империялық көмір кеңесі» деп аталған мемлекеттік мекеме құрылды. 1919 жылы сәуір айында ұлттық жиналыс өндірісті басқаруда фабрика-завод комитеттерін құрды. Бұған жұмысшылар кең қамтылды. Өндірістік кеңес ең жоғарғы басқару құқына ие болды. Әлеуметтік бағдарлама мемлекеттік реттеудің жаңа үлгісі - мемлекеттік-монополиялық капитализмнің негізгі механизмі болса, фабрика-завод комитеті өндірістегі еңбек ынтымақтастығын қалыптастырудағы басқару жүйесі болды. Ұлттық жиналыс арқылы буржуазия реформаны кең түрде жүргізе алды. Әлеуметтік реформа қараша революциясынан кейінгі еңбекші халықтың жеңісі бола алды.

**1920-1923 жылдардағы саяси дағдарыс және Рур оқиғасы.**  
1919 жылғы қаңтарда өз жұмысын бастаған Париж конференциясы Германияда саяси дағдарыстың күшеюіне әкелді. Версаль бітімі жеңген елдердің Германиямен арадағы келісімі неміс халқы үшін ең ауыр сын болды. Германия келісім барысында өзінің отарларынан айрылды, олардың қатарында Эльзас және Лотариния көмір бассейндері де бар. Германия жеңген елдерге 132 млрд алтын марка репарациялық төлем төлеу керек болды. Версаль бітімі Германияда неміс халқының ұлттық намысына қатты соққы болып, Германияның саяси дамуы барысында пайда болған ұлтшылдық бағыттағы саяси ұйымдар халықты кек алуға шақыра бастады. Оңшыл саяси топтар мен консерватор-милитаристік күштер бірігіп, үкіметке қарсы күреске, Версаль бітіміне қол қойған адамдарды жазалауға шақырды. Арандатушы-милитаристік күштер фашистік топтар құруға кірісті. Алғашқыда халық арасында оларды қолдаушылар аз болды. Фашизмнің әлеуметтік негізі - люмпендер, соғыстан қайтқан солдаттар, жұмыссыздар, жастар және орта топқа жататындар, қоғамнан әлі де болса өз орындарын таппаған адамдар. Үкіметке қарсы реванш – ұлттық әскери ұйымдар құрылды. Бұл ұйымдардың негізгі қызметі террор, кек алу еді.

Олардың алғашқы құрбаны 1918 жылғы қараша айында Компьер орманындағы келісімге қол қойған Центр партиясының басшысы М.Эрнбергер, 1922 жылы Рапалло келісіміне қол қойған Сыртқы істер министрі В. Ратенау болды. 1919 жылы Мюнхен қаласында «сыра бүлігін» бастаған А.Гитлер алғашқы фашистік ұйымдарды құруға қатысып, фашизм біртіндеп нацистік (ұлтшылдық) идеологияға айнала бастады. Елдегі саяси дағдарыстың күшейіп тұрған кезінде, 1920 жылы тұңғыш парламент сайлауы өтті. Жаңа үкімет кабинеті құрылды. Канцлер болып Ференбах тағайындалды. Бірақ елдегі саяси дағдарыс үкіметтің жиі алмасуына әкелді. 1921 жылы мамырда канцлер Ференбах репарация төлеуден бас тартып, отставкаға кетуге мәжбүр болды. 1922 жылы Центр партиясының басшысы И.Вирт үкімет құрды, бірақ үкіметтік дағдарыс И.Виртты отставкаға кетуге мәжбүр етті. 1922-1923 жылдары жаңа үкіметті Куно құрды. Жаңа үкіметтің репарациялық төлемнен бас тартуы 1923 жылы Франция-Бельгия армиясының Рур көмір бассейнін басып алуға алып келді.

1923 жылы қаңтардың 11-і күні Франция мен Бельгия әскерлері Рейн-Рур облысын басып алды. Ол Батыс Германиядағы ең ірі өндіріс орталығы болатын. Көмірдің 70%, болат және шойынның 50%-ы Франция мен Бельгияның қолына көшті. Олардың Рур облысын басып алуы немістердің ашу-ызасын келтіріп, елде саяси дағдарыстың тереңдеуіне әкелді. ГКП-сы халықты революцияға шақырып, біртұтас жұмысшы майданын құру арқылы буржуазиялық үкіметке қарсы күреске шақырды. Неміс буржуазиясы халықты отан қорғауға, «Отанға қауіп төнді» деген ұрандармен ұлттық бірігуге бастады. Куно бастаған үкімет халықты жаулап алған жерді қайтарып алуға шақырды. ГСДП және кәсіподақ ұйымы үкіметтің саясатын қолдап, жұмысшы тобы бірлігіне шақырып, ұлттың санасын оятып, елді жаудан қорғауға үгіт-насихат жұмысын белсенді түрде жүргізді. Рур оқиғасы Германияның экономикалық дамуына кері әсер етті, өндіріс өндіру көлемі азайды, инфляция дамып, жалақы төмендеді. Елдің қаржы-ақша құрылысы алтын қорының азаюына әкелді. Үкімет, екінші жағынан, бұл саясатқа сылбыр келісіп, өзіндік саясат жүргізді.

Елдегі экономикалық дағдарыс еңбекші халықтың тұрмыс жағдайының төмендеуіне әкелді. 1923 жылы жаз айында Рур облысында көмір, тау-кен жұмысшылары ереуілге шықты. Ереуілге шыққан жұмысшылардың саны 400 мың адамға жетті. Шілде айында Берлин қаласында, Силезияда 250 мың адам қатысқан ереуілдер болды.

Куно үкіметті, елді басқара алмай, елде жалпыгермандық қозғалыс кең етек алып, 2 млн адам қатысқан ереуілдің нәтижесінде Куно үкіметі отставкаға кетті. 1923 жылы тамыз айының 13 күні Неміс халық партиясының (ННП) басшысы Штреземан «үлкен бірлік» үкіметін құрды. Үкіметтің құрамына ГСДП мүшелері де кірді. Штреземан елдегі жағдайды тұрақтандыру мақсатында экономикалық заңдар қабылдап, елдің бюджетін тұрақтандыру үшін салықты көбейту, жаңадан алтын марка шығару сияқты шараларды жүргізді. Бұл жүргізілген шаралар елдегі дағдарысты тоқтата алған жоқ, қазан айының 13-і күні рейхстаг Штреземан үкіметіне төтенше жағдай жариялауға келісім берді. Елде қараша революциясынан кейінгі революциялық ахуал кең етек алды. Елде әскери диктатура жеке билікті өз қолына алып, революцияға қарсы қарулы күшпен Саксония, Тюрингиядағы ереуілді басты. ГКП-ына тыйым салды, ГСДП-үкіметпен ынтымақтан бас тартып, құрамынан шығып, ГСДП-оппозицияға айналды. Фашизм бүлігі күшейді. Фашизм елде кең етек ала бастады. Фашистік бүлікті басып, демократияға жол ашылды. 1923 жылы қарашада Штреземан үкіметі отставкаға кетіп, оның орнына буржуазиялық В.Маркс үкіметі құрылды. 1922-1923 жылдардағы революциялық қозғалыс жеңіліс тауып, контрреволюция жеңіске жетті. Сөйтіп 1918-1923 жылдар аралығында Германияда саяси оқиғалар буржуазиялық-демократиялық қоғамға көшуге жол ашып, буржуазия бейбіт өмірге көшіп, капитализм тұрақтану дәуіріне өтті.

**Капитализмнің уақытша тұрақтану кезеңіндегі Германия (1924-1929 жж).** 1924 жылы дүниежүзілік капитализм саяси дағдарыстан шығып, тұрақтану кезеңіне аяқ басты. Капитализмнің тұрақтануының негізгі себептері неде? Біріншіден, 1918-1923 жылдардағы революциялық қозғалыстың барысында буржуазия реформалық көзқарастарын іс жүзіне асырып жеңіске жетуі; екіншіден, революцияға белсенді қатысқан пролетариат тәжірибесінің аздығы, В.И Лениннің сөзімен айтқанда, маркстік партиялардың жұмысшы табын дүниежүзілік революцияға бастай алмауы. Осының нәтижесінде дүниежүзілік жұмысшы қозғалысы жеңіліс тапты; үшіншіден, революциялық толқудың бәсеңдеуі. Сол кездегі социал-демократтардың буржуазиялық реформа саясаты капитализм қоғамының бейбіт жолмен қайта құрылуына әкелді.

Капитализм жеке меншікті сақтай отырып, мемлекеттік-монополиялық капитализмнің жаңа жолымен, яғни көптеген елдерге экономиканы мемлекет арқылы реттеу жолымен

экономикалық дамуға көше бастады. Бұған мысал ретінде Германия мен Ұлыбританияны алуға болады. Капиталистік өндірістің өнім шығаруының өсуі сауданың дамуына әкелді. Өндірістің құрылымы өзгеріп, жаңа технологиялар енгізіліп, өндірістің жана салалары (автомобиль, электротехника, химия, синтетика) дамыды. Социал-демократиялық қозғалыстағы реформизм таптық ынтымаққа әкелді. Капитализм өзінің тұрақтану кезеңі - жаңа қоғамдық өзгеріс кезеңінде дүниежүзіндегі тұңғыш социализм елі КСРО-ға қарсы тұруымен ерекшеленді. Дүниежүзілік екі қоғамдық жүйе - капитализм мен социализм арасындағы таптық күрес барысында капитализм тұрақтану кезеңін бастан кешірді.

Капитализмнің тұрақтануы Веймар Республикасының экономикалық дамуының барлық саласын қамтыды. Экономиканың тұрақтануына әсер еткен жағдай - Маркс үкіметінің төтенше жағдайда жүргізілген қаржы-экономикалық шаралары. Олар әлеуметтік топқа бөлінген мемлекеттік бюджетті қысқарту, жұмыссыздыққа бөлінген қаржыдан бас тартты. Жұмысшы ереуіліне тыйым салды, кәсіпкерлерге кең жол ашты. Салықтың мөлшері өсті. Федералдық бюджет салық арқылы толықтырылды. Капитализмнің тұрақтану жылдарында репарациялық төлем төлеу реттеле бастады. «Дауэс» жоспары АҚШ-тың көмегімен Германияның төлемін жеңілдетті. Репарациялық төлемді төлеу үшін тұтыну тауарларына салық өсті, темір жол және өндіріс орындарынан түскен таза табыстан мемлекеттік бюджетке қаржы бөліп отырды. АҚШ үкіметі Германияға 16 млрд марка мөлшерінде жеңілдетілген, ұзақ және қысқа мерзімді заемдар бөлді.

1924-1929 жылдардағы экономиканың дамуы айтарлықтай тұрақты бола алған жоқ. Бірақ 1926 жылдан бастап өнеркәсіп өнімдері көптеп шығарыла бастады. Ол 1929 жылы 1913 жылмен салыстырғанда 117%-ға өсті. Германияның әлемдегі үлесі 1923 жылы 8% болса, 1929 жылы 12%-ға артты. Көмір өндіру, химия және газ, электротехника саласы жедел қарқынмен дамыды. Капитализмнің уақытша тұрақтану кезеңінде Германия экономикасының дамуына әсер еткен ішкі жағдайлар: 1) өндірістің соғыстан кейінгі шоғырлануы, құрылымының өзгеруі, өндірісте ғылыми-техникалық үрдістің кең етек алуы, өнертапқыштық және өндірілген өндіріс тауарларының бәсекелік сапасының артуы; 2) өндірісте электр энергиясын кең қолдану, өндіргіш күшінің артуына, өндірісте конвейерлік жүйенің енгізілуі. Теміржол саласы электр қуатымен жабдықталды. Электр саласында екі неміс монополиясы үстем болды. Жалпыгермандық электр компаниясы

«Сименс-Гольск фирмасы»; 3) банк жүйесінің шоғырлануы. Германия капиталының 63%-ы банк бақылауында болды. Шет елдегіге жуық неміс банктерінің бөлімшелері жұмыс істеді. 1913 жылмен салыстырғанда Германияда капитал қоры 4,5 млрд маркадан 23 млрд маркаға өсті; 4) Германия экономикасының ерекшелігі - мемлекеттік меншік үлесінің көп болуы. Мемлекеттік өндіріс орындарында 2 млн адам жұмыс істеді, бұл барлық жұмысшылардың 11%-ы болды. Жеке өнеркәсіп салалары бойынша мемлекеттік кәсіпкерлердің үлес салмағы төмендегідей болды: көмір өндірісінде 20%, алюминий өндірісінде 70%, газ саласында 84%, электроэнергияның 57%-ын мемлекеттік меншік өндірісі қамтамасыз етіп отырды. Мемлекеттік меншік өндірістің негізгі құрамдас бөлігі болды; 5) капитализмнің тұрақтану кезінде ұлттық өнеркәсіптің дамуы үшін жеке өндіріс иелеріне және мемлекеттік өнеркәсіпке дотация, займ берілді және шет елге шығаратын тауарларды мемлекет кепілдікке алып отырды. Банк несиелерін де мемлекет қорғап отырды. Осы шараларды жүргізіп және бақылап отыратын «Германия өндіріс одағы» атты комитет құрылды. Бұл комитетке мемлекеттік және жекеменшік өнеркәсіп басшылары кірді. Мысалы: К.Ф.Сименс, Дуисберг және Тиссен. Жыл сайын комитет мемлекеттік бюджеттен 1,5-1,7 млрд марка көмек алып отырды; 6) 1926-1929 жылдары Германияда ірі картель, концерндер құрылып, өндірістің шоғырлануын арттырды. 1925 жылы Еуропадағы ең ірі химия концерні «ИБ Фарбениндустри» құрылды. Олар сол кезде азоттың 80%, жанармайдың (бензин) 100%-ы өндірілді. Монополиялық гигант «Болат трестін» 300 өнеркәсіп орнында 200 мың адам жұмыс істеді. Болат пен темір өндірісінің 40%, шойын өндірудің 43%-ы өз меншігінде болды. Капитализмнің уақытша тұрақтану кезінде еңбекші халықтың тұрмыс жағдайы төмен болды. 1924-1929 жылдары бір апталық жалақы 26,40 маркадан, 42,90 маркаға өсті. Жұмысшылар апта бойына 48 сағат жұмыс істеді. Жұмыссыздық тұрақтану жылдарында 2 есе өсіп, барлығы 3 млн адамға жетті.

**Германия үкіметінің сыртқы саясаты.** Германияның экономикалық-саяси тұрақтануы елде ірі буржуазияның империалистік бағыттағы сыртқы саясаттың қалыптасуына әкелді. 1924 жылғы желтоқсан айындағы рейхстаг сайлауында ірі буржуазия партиялары жеңіске жетті. Германияның канцлері Люттер үкімет құрды. Үкіметтің құрамында ірі буржуазия болды. ГСДП-сы бұрынғыша оппозицияда қалды. 1925 жылы елдің президенті Эберт өліп, оның орнына реакциялық топтан кайзер генералы, монархияны

жақтаушы Гинденбург сайланды. Германия үкіметінің сыртқы саясаты Версаль бітімін жою үшін күреске шығып, қайта бөлу бағытында жүргізілді. Лютер үкіметі елдегі фашизмге арқа сүйей, ұлтшылдық саясатты жалғастырды. Фашизм ұйымдасқан түрде саяси күшке айналып, 1925 жылы А.Гитлер Ұлттық социалист немiс жұмысшы партиясын (НСДАП – немiс сөзінен қысқартылған) құрды.

Капитализмнің уақытша тұрақтану кезінде Германияның сыртқы саясаты нығайып, АҚШ үкіметінің қамқорлығына бөлене бастады. 1924 жылы Лондон конференциясында «Дауэс жоспары» Германияның репарациялық төлеуін жеңілдетіп, ішкі экономиканың тұрақтауына әкелді. 1925 жылы Локарно конференциясында Франция, Бельгия және Ұлыбритания Германияның батыс шекарасының қауіпсіздігіне кепілдік берді. Сөйтіп, Германияның империалистік топтары шығыс саясатын еркін жүргізуге мүмкіндік алды да, 1926 жылы Ұлттар лигасына толық мүшесі болып қабылданды. Империалистік елдердің қолдауымен 1927 жылдан бастап Германияға қойылған әскери шектеу алынып тасталды. Германия өзінің армиясын көбейтуге және қаруландыруға қол жеткізді және Рур облысынан Франция мен Бельгия әскерлерін шығаруға келісті. Версаль бітіміндегі әскери шектеу тежеле бастады.

Германияның сыртқы істер министрі Штреземан «Рапалло келісімін» пайдалана отырып, КСРО елімен достық қатынасты дамыта түсті. Сөйтіп Батыс пен Шығыс елдері арасында екі жақты саясат жүргізді. Кеңестік Ресеймен сауда-экономикалық қатынастың дамуын Германиядағы демократиялық күштер ГКП-сы мен жұмысшы табы қолдап отырды. Германия империалистік елдер арасында бірінші болып Кеңестік Ресеймен достық қатынас орнатқан ел болды. Рапалло келісімінен кейін 1925 жылы Герман-Кеңес сауда келісіміне қол қойылса, 1926 жылы екі ел арасында бейтараптық келісімге қол қойылды. Штреземан жүргізген екі жақты саясат Германияның экономика-сауда қатынасының дамуына, Еуропадағы бейбітшілікті сақтауға мүмкіндік жасады.

**Экономикалық дағдарыс жылдарындағы Германия (1929-1933 жж.).** 1929-1933 жылдардағы әлемде болып жатқан экономикалық дағдарыс Германияның экономикасына айтарлықтай ықпал етті: өнеркәсіп өнімдерін шығару азайды, инфляция күшейді; жұмыссыздық көбейіп, 7,5 млн адамды қамтыды; көптеген өнеркәсіп орындары жабылып қалды; еңбекші халықтың жалақысы 25-40%-ға азайды; 31 мың өнеркәсіп банкроттыққа ұшырады; ауыл

шаруашылығы құлдырап, 50 мың жеке ауыл шаруашылық фермерлері жерлерін сатуға мәжбүр болды; Германияның қаржы-несие жүйесі дағдарысқа ұшырады; мемлекеттік бюджет азайды. Соғыстан жеңілген Германия экономикасының дағдарыстан шығуы өте қиынға соқты. АҚШ экономикасының дағдарысқа ұшырауына байланысты Германияға бөлінген заем мөлшері қысқартылды. Әлемдегі экономикалық дағдарыс Германияда жаңа әлеуметтік-саяси ахуалға әкелді, саяси дағдарыс жаңа көзқарастарды пайымдап, милитаристік-фашистік күштер дағдарыстан шығу жолдары - Версаль бітімін жою, Еуропаны қайта бөліске салу, жаңадан өмір кеңістігін іздестіру деген талаптар қоя бастады.

Экономикалық дағдарыс Веймар Республикасының әлеуметтік-қоғамдық құрылымын түгел қамтыды. Үкіметтік дағдарыс барысында 1930 жылы Г.Мюллер отставкаға кетіп, оның орнына Центр партиясының өкілі Г.Брюнинг үкімет құрды. Г.Брюнинг үкіметі елдегі буржуазиялық демократияны жоюға бағыт алды. Экономикалық дағдарыс әсіресе орта таптарға өте ауыр соқты. Ұсақ буржуазия қайшылыққа ұшырады. Ұсақ және орта топтар республикаға қарсы күреске шыға бастады. ГКП-сы дағдарыстан революция арқылы шығуға болады деп түсінді. Қоғамдағы саяси дағдарыстан шығу мақсатында ұлтшыл-социалистердің ұраны тоталитарлық жол, жеке адам билігін орнатуға шақырды.

Экономикалық дағдарыс ірі буржуазия топтарына айтарлықтай ықпал етті. Ірі буржуазия дағдарыстан шығу үшін милитаристік кек алуға шақырып, Германияны қаруландыруға әрекет жасап, жеке әскери-патриоттық ұйымдар құра бастады. Экономикалық дағдарыс фашизм идеологиясын күшейтіп, А.Гитлер бастаған фашистік партия елдегі барлық әлеуметтік топтарды дағдарыстан шығарудың жолын фашизм деп түсіндірді. Елде әскери диктатура орнату қажет, сөйтіп А.Гитлер үкімет басына келетін болса, әлеуметтік дағдарыстан шығарады деген үгіт-насихат жұмысын күшейтті. Фашизм ірі саяси күшке айнала бастады.

Фашизм идеологиясын ұлтшыл шовинизм, тоталитарлық билік, Германия қоғамындағы барлық әлеуметтік топтар қолдай бастады. Фашистік партия НСДАП үкіметтік билікті алуға шақырды. Ірі монополия иелері Ф.Тиссен, Э.Кирдорф, Г.Стиннес фашистік партияға мүше болып, оларға ақшалай көмек көрсете бастады. Мысалы: «Болат трест» басшысы Ф. Тиссен партияға кіру жарнасы үшін 300 мың марка төлеген. Ірі монополияның көмегімен фашистік партия мүшелерінің саны 100 мыңнан 1927 жылы 300 мыңға жетті. 1930 жылы рейхстаг сайлауында НСДАП-сын қолдап

6,5 млн адам дауыс берді. Парламентте депутаттар саны жағынан екінші партияға айналды. Фашизм беделінің тез өсуіне не себеп болды? Соғыстан кейінгі Веймар Республикасының үкіметі орта және ұсақ буржуазияның жеке меншігіне қолдау көрсеткен жоқ. Ірі монополия үстемдігі басым болды. Орта және ұсақ буржуазияға салынатын салықтың мөлшері жоғары болды. Жеке меншік иелері қайшылықта өмір сүрді. Әлеуметтік қайшылыққа түскен орта және ұсақ топтар фашизмнің үгіт-насихат жұмысын қолдап, оның негізгі әлеуметтік қолдауына тірек бола алды. Фашизмнің әлеуметтік негізі – орта және ұсақ буржуазия кәсіпкерлерден тұрды. Фашистік партия НСДАП бұл топқа көмек көрсетіп, жағдайларын жақсартуға уәде берді. Тіпті кәсіпкерлерге дүкендер ашуға көмектесетінін де айтты. Ұсақ және орта шаруаларға ірі помещиктердің жерлерін тартып алып үлестіретінін, жер рентасын жоятынын айтып, уәде берді. Ұсақ буржуазия алдында Версаль шартын жойып, «Ұлы Германия» құруға шақырды. 1932 жылы орта және ұсақ кәсіпкерлерді қолдайтын «орта кәсіпкерлердің одағы» ұйымын құрып, ірі кәсіпкерлердің қолындағы иеліктерді ұсақ-орта кәсіпкерлерге алып беру туралы талап жасай бастады. Фашизмнің ұлттық-социализм идеологиясы орта буржуазия мен неміс аристократия мүддесін қолдады. Ұлттық социализм марксизмге қарсы болғанымен, фашистік идеологияның түпкі шыққан негізі социалистік қозғалыс болды. Социалистік идеяның солшыл қанатынан қалыптасты. Коммунистік идеяның негізі де социалистік қозғалыстың солшыл революциялық жолын қолдады. Қазіргі кезде фашизм және коммунистер арасындағы ұқсастық осыдан басталады. Фашизм дегеніміз – ірі монополияның қолдауынан туындаған шовинистік, тоталитарлық диктатура. Коммунистік партия жүргізген саясатқа тоталитарлық және ұлтшылдық тән болғандығына СОКП (Совет Одағы Коммунистік партиясының) КСРО-да жүргізген саясаты дәлел болды. Екі идеологияның негізі бір екені тарихта дәлелденіп отыр. Герман фашизмі негізінде үгіт-насихат, ұлттық және әлеуметтік уәде арқылы жүргізілді. Пролетарлық интернационализм жұмысы тобының мүддесін сатты, Антанта мемлекеттері Германияны тонауға қатысты, сондықтан немістерге соғыс, кек алу керек деп уағыздады.

Фашистер Германияда «ұлттық социализм» қоғамын құруға шақырды. Социализм барлық әлеуметтік топтарға жеңілдік әкеледі деді. Жұмысшы табы ірі өнеркәсіптерді национализациялауға, өндірісті басқаруға қатыстырылып, олар семья және баланы

қорғау, халыққа білім беру, халық армиясын құру және т.б. талаптар қойды. Фашистік партияның үгіт-насихат жұмысын жұмысшы табының 20%-ы қолдады.

Фашистік партия қоғамдағы әлеуметтік жағынан қорғалмаған жастар арасында жүргізілген үгіт-насихат жұмысын өте тиімді пайдаланды. Жастар арасында жұмыс жүргізу үшін «жастар одағы» ұйымын құрды. Бұл ұйымдар мектептерде, жоғарғы оқу орындарында, жастар клубтарында жұмыс атқарды. Жастарға арналған арнаулы кешкі клубтар ашылып, жастар таңға дейін көңілдерін көтеріп, ойын-сауық өткізді.

Фашистік партия - НСДАП жастар арқылы әскери-патриоттық ұйымдар құрып, әр уақытта күш көрсету арқылы көмек көрсетіп отырды. Оларға арнаулы әскери киімдер кигізіп, арнайы танылым белгілерін беріп отырды. Олардың ішінде СА (штурмовые отряды) және СС (охранные отряды) ұйымдары жұмыс істеді. Бұлардың саны тез өсіп отырды. 1929 жылы 280 адам болса, 1933 жылы 52 мың адамға жетті. Фашистердің ірі монополия мен аристократтардың қолдауымен өкіметтік билікті өз қолдарына алуы шындыққа айналды. Фашизм қаупі елде кең етек алды.

Германияда фашизм қаупіне қарсы күресуші саяси күштер де болды. Олар: Германия социал-демократ партиясы (ГСДП) және Германия коммунистік партиясы. Рейхстагта депутаттардың  $\frac{1}{3}$  бөлігі болды, бірақ та бұл екі саяси партия фашизмге қарсы күресте тактикалық қателіктер жіберді. Фашизм қаупіне онша сене берген жоқ, ұсақ және орта топтардан құрылған фашистік партияны социалистік қозғалыстың бір бөлігі ретінде қарады. ГПК-сы да осы тактиканы ұстап, фашизмге қарсы күресте біртұтас жұмысшы майданын құра алған жоқ. ГСДП-ын социал-фашистік партия деп бағалады. Сондықтан екі партия да фашизм қаупіне сене бермеді. Бірақ та ГКП фашизмге қарсы үгіт-насихат жұмысын жүргізіп, антифашистік акциялар ұйымдастырды. Ереуілдік қозғалысқа еңбекшілердің көбі қатысты. ГКП-ның беделі өсті. 1931 жылы ГКП-ның саны 195 мың болса, 1932 жылы 360 мың адамға жетті. 1932 жылы рейхстаг сайлауында ГКП-сы 6 млн сайлаушылар қолдады. Пролетариат диктатурасын орнату ұраны, сол кездегі ГКП-ның тактикалық қателігі болды. Антифашистік күрестің барысында ГСДП мен ГКП фашистік партияға қарсы шыққан ірі оппозициялық саяси күшке айнала алмады.

Гитлердің үкімет басына келуі. Экономикалық және саяси дағдарыс үкіметтің елді басқару қабілетін бұрынғыдан да

төмендетті. Фашистік партия және профашистік ірі монополия иелері Ф.Тиссен, Флик, Феллер тез арада фашистік диктатураның орнауын қалады. Германиядағы президенттік сайлау қарсаңында фашистер мен реакциялық күштер бірігіп күрес жүргізді. 1932 жылы сәуір айында президенттік сайлауда генерал Гинденбург 19,3 млн дауыс алып, жеңіске жетті. Ал Гитлер болса, 13,4 млн дауыс алып, жеңіліс тапты. ГСДП-сы Гинденбургті қолдады. Сайлаудан кейін елде саяси күштердің ара салмағы фашистік күштер жағына ауысты. 1932 жылы мамыр айында Брюнинг үкіметі отставкаға кетіп, Папен канцлер болып тағайындалды. Папен үкіметі елді саяси дағдарыстан шығара алмады, олар төтенше шаралар жүргізді. Саяси дағдарыс тереңдеген тұста, 1932 жылы шілде айында Пруссияда мемлекеттік төңкеріс болды. Пруссия үкіметінде социал-демократ министрлері қуылып, оның орнына профашистік реакциялық топтар жаңа үкімет құрды. Саяси дағдарыс жылдарында 1932 жылы шілде айының 31-і күні рейхстаг сайлауы өткізілді. Сайлауда 13,8 млн дауыс алған фашистік партия үкімет құру мүмкіндігін алды. Веймар Республикасы өзінің тарихында саяси дағдарыстың ең жоғарғы шыңына жетті. Парламентте Папен үкіметіне сенімсіздік білдірілді. Президенттің жарлығымен рейхстаг таратылып, А.Гитлерге жол ашылды. Бірақ Гитлер канцлер бола алмады. 1932 жылы қараша айында рейхстаг сайлауында фашистік партия 11,3 млн дауыс алды, яғни алдыңғы сайлаумен салыстырғанда 2,4 млн дауыс жоғалтты. НСДАП-сында ішкі дағдарыс күшейді. Антифашистік күштердің қарсы күресі де оған ықпал жасады. Канцлер болып генерал Шлейхер тағайындалды. Гитлерді үкімет басына жібермеді. Ірі монополия иелері Шахт, Тиссен т.б елдің президенті Гинденбургқа ультиматум-хат жолдап, Гитлерді рейхканцлер тағайындауын талап етті. Мұны ірі қаржы олигархиясы түгелдей қолдады. Президентке тікелей қысым жасау арқылы, 1933 жылы қаңтар айының 30-ы күні Гинденбург амалсыздан Гитлерді рейхканцлер етіп бекітті. Сөйтіп Германияда Веймар Республикасы құлап, фашистік диктатура орнады.

**Гитлер кезіндегі Германия (1933-1939 жж.).** Гитлер рейхканцлер болғаннан кейін Германияда құрама (коалиция) үкімет құрды. Үкіметтің құрамына 4 министр НСДАП-сынан, 11 министр буржуазиялық партиядан кірді. Алғашқы кезден Гитлер Конституцияны өзгеріссіз қалдырып, демократиялық жүйені өзгертеді. Рейхстагтағы саны аз болған НСДАП жеке үкімет құра алмады. Сондықтан Гитлер өзінің диктаторлық билігін орнату үшін жаңа

парламенттік сайлау күнін белгіледі. Рейстаг сайлауы 1933 жылы 5 наурызда өтетін болып белгіленді.

Сайлау қарсаңындағы үгіт-насихат жұмысы арқылы антифашистік күштерді әлсірету үшін үкімет көптеген шаралар жүргізді. Демократиялық күштерге қарсы әр түрлі арандатушылық шараларды іске асырды. Үкімет саясатына қарсы шыққан саяси күштерге тыйым салды. Ереуілге шыққандарды қару арқылы күшпен басып отырды. Антифашистік топтар Гитлерге қарсы күреске шығып, жалпыұлттық ереуілге шақырды. Антифашистік қозғалыстың басында ГСДП мен ГКП-сы болды. Гитлер үкіметі саяси күштердің әлі де болса басым екенін біле отырып, сайлау қарсаңында ерекше шараларға барды. Гитлердің тікелей нұсқауымен 1933 жылы ақпан айының 27-і күні Германияның парламент үйі Рейхстаг өртелді. Өртеніп жатқан Рейхстаг үйіне келген Гитлер «бұл коммунистердің жасаған ісі, сондықтан коммунистерді жою керек» деп баға берді. Осы күннен бастап Гитлер өзінің тап жауы коммунистерге қарсы террорға шықты.

Рейхстагтың өртенуін сылтау ете отырып, елде жеке билік орнату үшін билікті өз қолына алып, заңды құқығы бар декреттер шығара бастады. Веймар Республикасының Конституциясын тоқтату туралы заң қабылдады. Коммунистерді жаппай тұтқындау басталды. Наурыздың 3-і күні ГКП-ның мүшесі Э.Тельманды, 9 наурыз күні Коминтерннің басшысы, Болгар коммунистік партиясының мүшесі Г.Димитровты тұтқындады. Оған рейхстагты өртеген деп айып тағылып, 1933 жылы қыркүйек айында Лейпциг сот процесінде Г.Димитров өзін фашистік сот алдында ақтап шықты. Бұл антифашистік күштердің ірі жеңісі болды.

Гитлер үкіметі рейхстаг өртенгеннен кейін екі төтенше декрет қабылдады: «Мемлекеттік сатқындыққа қарсы», «Халық пен мемлекетті қорғау». Халықтың конституциялық құқығы тежелді. Бірақ та сайлауға дейін Гитлердің террор, арандатушылық және қорқыту секілді шараларды жүргізуіне қарамастан, парламент сайлауында демократиялық күштер айтарлықтай жеңіске жетті. Фашистік партияны 17,2 млн адам қолдап, 43,9% дауыс алды. Рейхстагта барлығы 647 депутаттық орын болатын. Басқа партияларды қолдап 22 млн адам дауыс берді. Террорлық әрекеттерге қарамастан, ГКП мен ГСДП-сын қолдап 12 млн адам дауыс берді. Төменде берілген кесте сайлау қорытындысын анықтауға мүмкіндік жасайды.

### 1933 жылғы 5 наурыз айындағы рейхстаг сайлауы

Партиялар	Дауыс беру пайызы %	Депутаттық мандат
ГСДП	18,3	120
ГКП	12,3	81
ЦЕНТР	14,0	92
НННП	8,0	52
НСДАП	43,9	288
Басқа партиялар	3,5	15

Парламент сайлауында ойдағыдай жеңіске жете алмаған Гитлер жеке билік арқылы парламенттің жұмысын тежеді. Конституция жұмыс істеген жоқ. Гитлер елді басқаруда төтенше билікті өз қолына алды. Сөйтіп, заң және атқарушы сот билігі бір кісінің қолына көшті. Сайлауда жеңіске жеткен 81 коммунистің парламенттегі мандатын заңсыз деп тауып, мандаттарын тартып алды.

Гитлер 1933 жылы желтоқсан айының 12-і күні «Партия мен мемлекеттің бірлігі» деген төтенше декрет шығарды. Мемлекеттік билікті тек қана НСДАП қана мойындады. Елде көсем (фюрер) идеясы кең етек алды. Мемлекеттік-әкімшілік басқару аппараттары фюрер алдында ант беріп қызмет атқаруға міндетті болды. Жергілікті парламент-ландтаг, жоғарғы палата Рейхсрат таратылды. 1934 жылы тамыздың 2-і күні қарт генерал, президент Гинденбург өлді. Осы күннен бастап Гитлер елдің фюрері (көсемі) және рейхканцлері болып өмірлікке тағайындалды.

Германияда фашистік тоталитарлық диктатура орнауы Мемлекеттік-монополиялық капитализм (ММК). Германия экономикасының даму ерекшелігі. Гитлер үкіметінің экономикалық саясатының негізгі мәні мемлекеттік-монополиялық капитализм түрғысында болды. 30-жылдардағы дағдарыс кезінде көптеген капиталистік елдер экономикалық-әлеуметтік дамуды мемлекет арқылы реттеу процесін іс жүзіне асыра бастаған болатын. Буржуазиялық реформа капитализмді, жеке меншікті сақтап қалудың бірден-бір жолы болды. Әлемдік капитализм КСРО еліндегі социализм қоғамын жою мақсатын іс жүзіне асыра бастады. АҚШ-тың президенті Ф.Рузвельттің «жаңа бағыт» саясаты мемлекеттік реттеудің дұрыс жол екенін көрсете алды.

Германия экономикасын мемлекеттік реттеу, тез арада дағдарыстан шығып, елдің экономикасын милитаризациялау (соғысқа дайындау), сөйтіп кек алуды тездету саясаты жүргізілді. Бұл шараларды іске асыру үшін Гитлер елдегі экономиканы бір орталыққа бағындырып, бірнеше төтенше реформа жүргізді. 1933 жылы шілде айында картель құру туралы заң шығарды. Бұл заң бойынша экономиканы басқару мақсатында «Неміс шаруашылық Бас кеңесі» мемлекеттік басқару мекемесі құрылып, оған «шаруашылық және өнеркәсіп орындарын біріктіретін» мекемелер бағындырылды. Мемлекеттік шаруашылық кеңесін басқаруға ірі монополия иелері мен финанс басшылары кірді. Империялық шаруашылық мекемесі 7 топтан тұрды: өндіріс, энергия, сауда, қолөнер, банк және қамсыздандыру. Әрбір топтың жергілікті жерлерде мекемелері құрылды. 1934 жылы қыркүйек айындағы төтенше заң бойынша сыртқы және ішкі сауда, валютаға мемлекеттік бақылау қойылды.

Ауыл шаруашылығын қайта құру үшін «Империялық әлеуметтік азық-түлік» мекемесін құрылды. Бұл ауыл шаруашылық мемлекеттік мекеменің басты мақсаты халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету болды. Ауыл шаруашылық жерінің мөлшері шаруаларға 7,5 га-дан 125 га-ға дейін бөлініп берілетін болды. Мұрагерлік жердің 21%, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу саласына жердің 38% берілді. Бұл шаралар шаруалар арасында әлеуметтік топты нығайту үшін жүргізілді.

Мемлекеттік реттеу әлеуметтік салада жүзеге асырыла бастады. Халықтың еңбек ақысы, зейнетақы, кәсіпкерліктерді қолдау шаралары жүргізілді. Экономиканы реттеу үшін 4 жылдық жоспар қабылданды. Гитлер экономиканы басқаруды Г.Герингке тапсырды. Германия экономикасының ауыр өнеркәсібі мен соғыс өнеркәсібін дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Сөйтіп, Германия экономикасы милитаризациялана бастады. Ауыр өнеркәсіп 1935 жылы 50% артты, соғыс шығыны (1935-1939 жж.) жалпыұлттық бюджеттің 58% тең болды. 1935 жылдан бастап жалпыға бірдей әскери міндет енгізілді.

Мемлекет ірі монополия иелеріне несие, субсидия (мемлекеттік тікелей акция көмегі) көмегін берді. «И.Г.Фарбениндустри» мемлекеттік кредит арқылы өндіріске қажетті технологияны жаңартып, химия ғылымының жаңалықтарын өндіріске тез қосып отырды. Субсидия арқылы химия өндірісіне қажетті өндіріс орындарын салды. Мемлекеттік көмектің нәтижесінде 1932-1938 жылдарда «И.Г.Фарбениндустри» концернінің таза табысы 4 есе

өсті. Крупн болса, соғыс өндірісін жедел дамытудың нәтижесінде өзінің жылдық кірісі 380 млн маркаға жеткізді. Мемлекет, сонымен қатар өндіріс пен капиталдың шоғырлануына көп көмек көрсетті.

1932-1938 жылдарда өндірістің  $\frac{2}{3}$  бөлігі 6 ірі банк пен 70 ірі акционерлік қоғамдастықтың меншігінде болды. Гитлер үкіметі мемлекеттік-монополия саясатының барысында Германияда жұмыссыздықты жойды. Мұндай жетістік басқа капиталистік елдерде болған емес.

Мемлекеттік-монополиялық реттеу Германияның экономика және әлеуметтік салаларын түгелдей қамтыды. Елдің барлық билік саласында ірі қаржы-өндіріс олигархиясы отырды. Экономикалық, әлеуметтік және әкімшілік-басқаруды қайта құру нәтижесінде тоталитарлық диктатура билік жүргізіп, Германия жаңа соғысқа бар күшін салып, кек алу үшін халықты жұмылдырды.

**Германияның сыртқы саясаты.** Гитлерлік Германия үкіметінің сыртқы саясатының негізгі мақсаты агрессиялық милитаристік бағыт болды. Бұл мақсатқа жету үшін Версаль-Вашингтон жүйесін әлсіретіп, жою қажет еді. Капиталистік елдер АҚШ, Франция және Ұлыбританиялардың профашистік топтарының қолдауымен Шығыс Еуропа елдерін жаулау саясатын қалыптастырды. Олар орта ғасыр заманындағы Пруссия корольдерінің жүргізген «Дранг нах Остен» саясатын жалғастырды.

Капиталистік елдер соғыс өндірісінің құрылымын өзгерте отырып, соғыс-теңіз кемелерін көбейту, соғыс самолеттерін көптеп шығаруды қолға алды. Сөйтіп, Ұлыбритания және Франция елдерімен бәсекеге түсті. 1936 жылы Локарно конференциясының шешімін бұзып, Рейн аумағына өз әскерлерін енгізу арқылы батыс шекарасын нығайта түсті. Шығыс саясатының бірінші кезеңіне Австрия мемлекетін қосып алу үшін аншлюс саясатын дайындады. 1936-1937 жылдарда Германияның агрессиялық саясатын қолдап, Берлин-Рим-Токио белдігі құрылды. Ол КСРО, Франция және Чехословакияның коллективтік қауіпсіздік саясатына қарсы тұрды. Германияның агрессиялық саясатын қолдаған АҚШ, Франция және Ұлыбритания «бейтараптық» саясат жүргізді. Бұл болып жатқан жағдайды біліп тұрып, көз жұмуымен пара-пар болды. Германия мен Италия өздерін Еуропада еркін сезінді.

1938 жылы 29-30 қыркүйекте Мюнхен қаласында болған конференцияда империалистік елдердің келісім беруімен Чехословакияның Судет облысын Германия өзіне қосып алды. Ал 1939 жылы 15 наурызда Чехословакияны толық жаулап алды. 1939

жылы Клайпед портын иеленіп, Балтық теңіз жағалауындағы елдерге қауіп төнгізді.

Германия империализмі Еуропадағы ең ірі әскери-өндірістік державаға айналды. Алты жылдың ішінде өнеркәсіп өнімдерін шығарудан Германия Еуропада бірінші орынға, ал дүниежүзінде АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шықты. Дүниежүзілік өнеркәсіп өндірудегі үлес салмағы 1932 жылы 8,2%, 1939 жылы 13,3% жетті. Шойын мен болат өндіруден Франция мен Ұлыбританияны қосқандағы деңгейде болды. Аллюминий өндіруден әлемде бірінші орынға шықты.

1935-1939 жылдарда Германияда 5,5 млн адам әскери дайындықтан өтіп, әскерінің саны 2,5 млн адамға жетті. 1939 жылы 23 тамызда Герман-Кеңес елдерінің арасында соғыспау туралы келісімге қол қойылды. Бұл пакті тарихта Молотов-Риббентрон пактісі деп аталды. Аталмыш келісім туралы екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынас тарихында кең түсіндіріледі. 1939 жылы «Италия мен Германия арасында достық» пактісіне қол қойылды. Бұл келісім арқылы екі ел арасында әскери одақ құрылды. Кейіннен белгілі болғандай, бұл пактіге Жапония қосылып, үштік әскери одақ құрылды. Ірі капиталистік елдердің қолдау саясаты Германияны шығысқа соғыс ашуға айдап салып отырды. Империалистік елдердің бұл саясаты өз нәтижесін бергенімен, кейіннен өздеріне қатты соққы болып тиді. 1939 жылы қыркүйек айының 1 күні таңғы сағат 4<sup>15</sup>-те Германия 1,6 млн адамнан тұратын әскерімен, 62 дивизия; оның ішінде 2,8 танк, 6 мың миномет пен артиллерия және 2 мың самолетпен Польшаға соғыс бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс XX ғасырдағы ең жойқын соғыс болды.

## §2. Франция

**Соғыстан кейінгі экономикалық және саяси жағдайы.** 1917 жылы қараша айында Францияның премьер-министрі болып 76 жастағы Клемансо тағайындалды. Клемансо (1841-1929) радикал партиясынан, сөзге өте шешен, алғыр, айтатын сөзін анық және батыл айтатын адам болған. XX ғасырдың бас кезіндегі Франция тарихындағы ірі саясаткер. Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен Француз халқы Клемансоны «жеңістің атасы» деп атады, оның отан алдындағы еңбегі жоғары бағаланып, халық алғысына бөленген адам болды. 1870 жылы Пруссия-Француз соғысында

жеңілген француздардың кегін алдық «біз жеңдік, енді дем алуға болады» деген сөздері халық арасында кең тарады.

1918 жылы қараша айының 11-і күні Ремонд орманында орналасқан Компьен қаласындағы темір жолда тұрған поезд вагонында Антанта әскерінің қолбасшысы француз генералы Фош Германия уәкілінің қатысуымен соғыстың аяқталғандығы туралы құжатқа қол қойды. Соғыстың жеңіспен аяқталуы елдің астанасы Париж қаласында, сондай-ақ бүкіл елде тойланды. Халық көшеге шығып, жеңіс шеруіне қатысты. Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жетуіне байланысты Франция Еуропадағы ірі державалы елге айналды. Бірақ төрт жылға созылған соғыс Франциядағы капиталистік қоғамды күйзеліске ұшыратты. Капитализм тұрақсыздығы басталып, демократия шектелді. Соғыс елдің экономикалық-әлеуметтік және саяси дамуын тежеді. Бірінші дүниежүзілік соғыс Францияға айтарлықтай ауыртпалық әкелді. 1,3 млн адам соғыста өліп, 2,8 млн адам жараланды. Франция экономикасы ауыр шығынға ұшырады. Германия жаулап алған Францияның өндіріс ауданында 10 мың фабрика және зауыт қирады. Экономикалық дағдарыс инфляцияны күшейтті. Франция одақтастарына 60 млрд франк қарыздар болды. АҚШ-қа қарызы 40 млрд франк болса, бұрынғы патшалық Ресейде 12–13 млрд франк капиталын кеңестік Ресей берген жоқ. Жалпы соғыс жылдарында Франция 134 млрд астам франк шығын көрді.

**1921-1924 жылдардағы дағдарыс.** 1913 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп 55%, ауыл шаруашылығы 74% өнім өндірді. Салық 4 есе өсті. Соғыстан кейінгі экономикалық дағдарысқа қарамастан, Францияда өндіріс пен капиталдың шоғырлануы тез қарқынмен жүргізілді. Ірі монополия де Вандел және Шнейдер Эльзас және Лотарингия өндіріс орындарын өз қолдарына алды. Мемлекет репарация төлем арқылы соғыс кезіндегі қираған аудандарды қалпына келтіре бастады. Ірі өндірістік бірлестіктер құрылып, оларға субсидиялық көмек берілді. Франция империализмі отар елдері арқылы өсімқорлық мәнін жоғалтқан жоқ. Финанс олигархиясы 200 семьяны біріктірді. «Комите де Форж» елдегі ірі өнеркәсіп салаларын өз қолына алды. Ауыл шаруашылығында соғыстан кейін де дағдарыс жағдайы сақталды. Халықтың 53,6%-ы ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. Ұсақ және орта буржуазия елдегі негізгі әлеуметтік тап болып қала берді.

Соғыстан кейінгі Францияның саяси дамуында екі бағыт сақталды. Біріншісі - Ресейдегі қоғам төңкерісінен кейінгі революциялық өрлеу, екіншісі - ұлтшылдық және шовинизм

болды. Франция буржуазиясы революциялық қозғалысқа қарсы ашық күреске шығып, буржуазиялық қоғамды сақтап қалу үшін бар күштерін салды. Революция өрлеу жылдарында Француз социалистік партиясының (СФИО - француз сөзінен қысқартылған) беделі жұмысшылар арасында өсті. Францияның қоғамында революциялық күштер кең етек алды. Осындай жағдайда 1919 жылы қараша айында парламент сайлауы өтті. Сайлауда реакциялық буржуазия және финанс олигархиясы жеңіске жетті. «Ұлттық блокқа» біріккен буржуазия үкіметі құрылды. Демократиялық альянс және Республикалық Федерация партиялары Ұлттық блоктың негізін құрады. «Ұлттық блок» үкіметіне қарсы шыққан тек қана Франция социалистік партиясы болды. Осының нәтижесінде Клемансо үкіметтен кетуге мәжбүр болды да, оның орнына А. Мильеран премьер-министр болып тағайындалды.

Мильеран басқарған үкімет жұмысшы және кәсіподақ ұйымына қарсы батыл күреске шықты. Сонымен қатар Кеңестік Ресейге қарсы антисоветтік саясат кең етек алды. 1920 жылы Мильеран үкіметінің саясатына қарсы шыққан жалпы ереуілдік қозғалысқа 20 мың теміржол жұмысшылары қатысты. Елде ұлтшылдық саясат кең қарқын алып, 1920 жылы соғыстың аяқталғандығының екі жылдық мейрамын атап өтуге шешім қабылданды. Қарашаның 11 күні жеңіс шеруі болып, Париж қаласындағы Триумфал аркасында (жеңіс монументі) Елисей даласында мәңгі от жағылды. Верден соғыс майданынан белгісіз солдат сүйегі әкелініп жерленді. Жеңіс француздардың ұлттық санасында мақтанбаш сезімін тудырды. Ұлттық блок үкіметінің сыртқы саясаты - Версаль бітімін нығайту, орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінде ықпалын күшейту, антисоветтік саясат арқылы бұрынғы Антанта елдерімен қатынасты жалғастыру болды. Германияның соғыста жеңілуі Францияның Еуропадағы ықпалын күшейтті.

**1918-1920 жылдардағы революциялық өрлеу.** Бұл жылдар арасында Францияда революциялық қозғалыс кең етек алды. Бұл қозғалыста жұмысшылар, шаруалар мен солдаттар, қызметкерлер белсенділік көрсетті. Ереуілге қатысқан жұмысшылар 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу, жалақыны көбейту, еңбекті жеңілдету туралы талаптар қойды. Ал саяси талаптары мыналар: саяси тұтқындарға амнистия жариялау, советтік Ресейге қарсы интервенцияны тоқтату.

1919 жылы сәуір айында Одесса және Севастополь қалаларында тұрған француз соғыс кемелеріндегі матростар ереуілге шығып, елге қайтуды талап етті. Француз матростары советтік Ресейдегі

жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесін қолдады. Француз үкіметі ереуілге шыққан кемелерді елге қайтаруға мәжбүр болды. 1919 жылы мамыр айында Париж жұмысшылары демонстрацияға (шеруге) шығып, 1 мамыр демонстрациясына 1 млн адам қатысты. Жалпыереуілдік қозғалысқа 3 млн адам шықты. «Ұлттық блок» үкіметі жұмысшылардың талаптарын орындауға мәжбүр болды. 1919 жылы сәуір айында 8 сағат жұмыс күні туралы заң шықты, кейбір жұмысшылардың жалақысы өсірілді, кәсіподақтар арқылы ұжымдық келісімдерге қол жеткізілді.

Советтік Ресейді қолдау қозғалысында «Тарт қолыңды Советтік Ресейден» ұйымдары құрылып, Франция үкіметінен әскерлерін кейін қайтару талап етіле бастады және еңбекшілер арасында Советтік Ресейге көмек көрсету ниетімен ақшалай және заттай қор жиналып, жіберіліп отырды. Бұл қозғалыстың алдыңғы қатарында француз жазушылары мен интеллигенция уәкілдері Анатоль Франс, Анри Барбюс және Ромен Роллан болды. 1920 жылы ақпан айында шаруалар ірі жер иелерінің озбырлығына қарсы күреске шықты. Олар арендаға (жалға) алған жерлерге ұзақ мерзімге жеңілдік жасауды, үкіметтен несие беруді талап етті. 3 мың шаруа қатысып, 44 департаментте шаруаларға несие беретін мемлекеттік банктер ашты. 1920 жылы мамыр айында революциялық күрестің алдыңғы қатарында белсенді күрес жүргізген теміржол жұмысшылары болды. Теміржол жұмысшыларын тау-кен, кемеге жүк тиеушілер және басқа да жұмысшылар қолдады. Теміржолды национализациялау туралы талап қойылды. Теміржол жұмысшыларының ереуілі мамыр айының 1-29-ы күндері тоқтаған жоқ. Теміржолдың жұмысшы-кәсіподақ ұйымының солшыл басшылары Монмуссо үкіметпен келісімге келіп, көтерілістің жеңіліс табуына ықпал етті. Үкімет ереуілге қатысқан 25 мың теміржолшыны жұмыстан шығарды. Бірақ елде революциялық қозғалыс жалғасып жатты. Революциялық өрлеу кезеңінде жұмысшы табының арасында бірлік болған жоқ. Саяси жұмысшы партиясы және кәсіподақ ұйымдары үкіметпен келісімге келіп, революциялық қозғалыстың жеңілуіне әкелді.

Социалистік партия мен кәсіподақ ұйымдарының беделі өсіп, СФИО (Социалистік партия) мүше саны 134 мың адамға, кәсіподақ ұйымының жалпы еңбек конфедерациясы ВТК (орысша сөзден қысқартылады) саны 2,5 млн адамға жетті. 1919 жылы социалистік партия құрамынан солшыл революция тобы бөлініп шығып, III интернацион комитеті ұйымын құрады. Социалистік партия мүшелерін 1919 жылы 3 наурызда Мәскеуде құрылған Коммунистік Интернационал ұйымы қолдан, оған мүше болуға шақырды.

Социалист-интернационал топтарының қатарында Марсель Кашен, Вайян Кутюрье, Пери Г.Монмуссо, Пьер Семарлар болды. Марсель Кашен бастаған Француз социалистері Мәскеуде өткен Коминтерннің II конгресінің жұмысына қатысады. Мәскеуден келгеннен кейін интернационалистер Францияда маркстік партия құруға белсенді түрде кіріседі. 1920 жылы желтоқсан айында Туре қаласында Француз социалистік партиясының съезі өтті. Съезд жұмысына қатысқан интернационалистер социалист партиясын Коминтернге кіруге шақырды. Көпшілік дауыс алған Марсель Кашен тобы жеңіске жетеді. Бұл шешімге қарсы болған социалистер тобы съезден бөлініп кетіп, дербес реформистік социалист партиясын құрып, халықаралық Социалистік жұмысшы Интернационал ұйымына мүше болады. Француз социалистік партиясын Туре съезінен кейін Леон Блют басқарды. Туре съезінен кейін Марсель Кашен бастаған интернационалистер Француз Коммунистік партиясын (ФКП) құрады. 1921 жылы желтоқсан айында Марсель қаласында ФКП-ның I съезі шақырылады. Съезд жұмысында ФКП-ның тактикасы мен стратегиясын анықтаған бағдарламасы мен уставын қабылдайды.

**«Ұлттық блок» үкіметінің сыртқы саясаты және Рур оқиғасы.** Франция буржуазиялық Еуропада өзінің гегемондық саясатын жүргізу мақсатында Ұлыбритания мен АҚШ-қа қарсы бақталастық саясаты, Советтік Ресейге қарсы интервенциясы жеңіліс тапқаннан кейін де антисоветтік саясатын жалғастырып, Советтік Ресейге қарсы экономикалық оқшаулау саясатын жалғастырды. 1921 жылы Польшамен келісімге келіп, Германияға қарсы одақ құру және 1920-1921 жылдары Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропа елдерінде ықпалын нығайту үшін Кіші Антанта саяси-соғыс одағын құрды. Кіші Антанта одағына Чехословакия, Румыния және Югославия кірді. Кіші Антанта одағының құрылуы Францияның бұрынғы одақтастарының қарсылығын күшейтті. АҚШ пен Ұлыбритания үкіметтері Францияның ықпалын әлсірету үшін репарациялық төлем мөлшерін қысқартуды ұсынды. Бұл Францияның соғыс кезіндегі қарызын төлеуді қиындата түсті. 1920 жылы Бельгияның Спа қаласында бұрынғы Антанта елдерінің қатысуымен конференция өтті. Бұл конференцияда АҚШ делегациясы репарациялық төлем мөлшерін азайту туралы ұсыныс жасады. Франция амалсыздан көнуге мәжбүр болды. Германия өз жағынан репарациялық төлемді өтеуден бас тартты. АҚШ пен Ұлыбритания үкіметінің Германияны қолдауы, Францияның Еуропадағы ықпалының әлсірей бастағанын көрсетті.

1923 жылы қаңтар айында Спа конференциясының шешімін қабылдамаған Франция үкіметі Бельгиямен бірігіп, Германияның Рур ауданына әскерлерін кіргізіп, жаулап алады. Рурды жаулап алуы Франция үкіметінің саяси жағдайын қиындата түсті. Пуанкаре үкіметінің саясатына АҚШ және Ұлыбритания үкіметтері өздерінің қарсылығын білдірді. Германия өз жағынан репарациялық төлемді тоқтатты. Рур ауданы Германияның өндірістік орталығы болатын. Рур ауданындағы еңбекшілер мен жұмысшылар жалпы ереуілге шықты. Рур көмірі Франция өндірісіне жіберілмеді. Франциядағы көмір дағдарысы экономикалық тоқырауға әкелді. Болат және шойын өндіру күрт төмендеді.

**Пуанкаре кезіндегі Франция.** «Ұлттық блок» үкіметі кезінде кейінгі Франциядағы экономикалық дағдарыс инфляцияға, бағаның өсуіне әкелді. Францияның мемлекеттік қарызы көбейді. Франк құнсызданды. Экономиканың құлдырауы еңбекші халықтың тұрмыс жағдайын бұрынғыдан да төмендетті. «Ұлттық блок» үкіметі дағдарыстан елді шығара алмады. Үкіметтік дағдарыстың барысында 1922 жылы «Ұлттық блок» үкіметіне Демократиялық альянс басшысы Раймон Пуанкаре тағайындалды. Пуанкаре 1934 ж. ірі адвокат, мемлекеттік қайраткер болды. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Германияны қолдап, профашистік саясат ұстанды және соғыс саясатын да қолдап отырды. 1923 жылғы Рур жеріне әскер кіргізу туралы шешім қабылдап, жаулап алды. Рур оқиғасы кезінде Пуанкаре саясатын елдегі саяси партиялар қолдады. Оған ФКП-сы және солшыл кәсіподақ ұйымы ғана қарсы күрес жүргізді. Пуанкаре өзінің саясатына «Германияны төлем төлеуге көндіру» ғана деп баға берді.

Рур оқиғасы Пуанкаре үкіметінің беделін түсірді. 1923 жылдың күзінде Францияда үкіметтік дағдарыс болды. Үкіметтің құрамындағы радикал буржуазиялық партия оппозицияға көшті. Парламентте оңшыл буржуазиялық партиялардың Рур оқиғасына қарсы шығуы, «Ұлттық блок» үкіметінің құлауына әкелді. Пуанкаре үкіметі Рур ауданынан әскерлерін өкетуге мәжбүр болды.

**Франциядағы кәсіподақ қозғалысы.** Францияда 1918-1920 жылдардағы революциялық қозғалыс кәсіподақ ұйымының арасында жік туғызды. Франциядағы ең ірі кәсіподақ ұйымы - жалпыфранциялық еңбек конференциясы (ВКТ) болды. Реформалық ағымды ВКТ ұйымының оңшыл буржуазиялық топтары қолдады. Ал солшыл топтары елдегі революциялық қозғалысты қолдады. Франция социалистік партиясындағы жіктің барысында кәсіподақ ұйымында екі ағым қалыптасты. Социал-реформистерге қарсы «революциялық» кәсіподақ топтары 1922 жылғы Лилле қаласында

және съезде екіге бөлінді. Пьер Семаар және Гастон Монмуссо революциялық топты басқарды. Съезден кейін ВКТ өз мүшелерінің 10%-нан айрылды.

1922 жылы шілде айында революциялық топтар ВКТ-ыдан бөлініп, Сент-Этьен қаласында өздерінің съезін шақырды. Кәсіподақ ұйымын унитарлық жалпы еңбек конфедерация (УВКТ) деп атады. Унитарлық (біртұтас) кәсіподақ ұйымының мүшелерінің саны 360 мың адам болды. Социал-реформистер өз алдына жалпы еңбек конфедерациясын (ВКТ) сақтап қалды. Оның мүшелерінің саны 373 мың адам болды. Францияда үш кәсіподақ ұйымы жұмыс істеді: Христиан католик еңбекшілер конфедерациясы, Жалпы еңбек конфедерациясы (ВКТ) және Унитарлық жалпы еңбек конфедерациясы (УВКТ).

**Капитализмнің уақытша тұрақтану кезіндегі Франция (1924-1929 жж.).** Францияның экономикалық дамуы біркелкі болған жоқ. Өнеркәсіптің тұрақтанып, дамуына Эльзас және Лотарингия жерінің Францияға берілуі, ауыр өнеркәсіпке қажет шикізаттың мол болуы айтарлықтай әсер етті. Өнеркәсіп өнімдерін шығару соғысқа дейінгі шығарылған өнімнен 40%-ға артты. Франция өнеркәсібінің тез қалпына келтіріліп, тез қарқынмен дамуына Германияның жыл сайын төлеп отырған репарациялық төлемі де әсер етті. Өнеркәсіптің даму қарқыны Германия мен Ұлыбритания елдерінен алда болды. Капитализмнің тұрақтану жылдарында өндірістің шоғырлануы жоғары болды. Ауыр өнеркәсіп салалары Шнейдер және Гочкис концерндерінің қолдарында болды. Елдегі 10 металлургия зауыты шойын және болат өндірудің 72%-ын шығарса, 17 көмір шахта бірлестігінде көмірдің 87%-ы өндірілді, ал автомобиль шығаратын Ситроен, Пежо және Рено фирмалары автомобильдің 75%-ын шығарды.

Францияда шет елге, оның ішінде отар елдеріне капитал шығару еселеп өсті. Шет елге шығарылған капитал ел бюджетіне 50% таза кіріс әкелді. 1928/29 жылдары жыл сайын 29-30 млрд франк таза табыс түсіп отырды. 1925 жылы құрылған мемлекеттік ұлттық экономикалық кеңес ұсақ және орта кәсіпкерлерді несие арқылы қолдап, өнеркәсіптің дамуына көмектесіп отырды. Сонымен қатар ауыр өнеркәсіп салаларына мемлекет субсидия арқылы көмектесіп отырды. Мемлекеттік реттеу елдің экономикасының тез дамуына айтарлықтай қолдау бола алды.

Францияның ауыл шаруашылығы капитализмнің тұрақтануы кезінде өте ауыр жағдайда дамыды. Ауыл шаруашылығында жер жетіспеді, ірі фермерлер салықтан шыға алмады. Инфляция жоғары болды.

Жыл сайын ауыл шаруашылығынан түсетін кіріс азайып отырды. 1913 жылы 23,3% болса, 1930 жылы 14,2%-ға азайды. Жердің көбі ірі жер иелерінің қолында шоғырланды. Шаруалардың 87,5%-ның қолында жердің 42,5%-ы болса, ірі жер иелерінің 12,5%-ның қолында жердің 57,5%-ы болды. Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу өндірісінің сұранысына байланысты техникалық өнімдер қант қызылшасы, жеміс-жидек, темекі, т.б. егіс көлемдері ұлғайтылып, арнаулы салаға бейімделді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы арзан болса, өнеркәсіп өнімдері қымбатқа сатылды. Ауыл шаруашылығында өндіріс пен өнімдердің сатып алу бағасы тұрақсыз болды. Капитализмнің уақытша тұрақтануы кезінде Франция өнеркәсіпті-аграрлы елге айналды. Өнеркәсіптің жылдық даму қарқыны 5%-ға жетті. Дүниежүзінде АҚШ-тан кейін екінші орында болды. Өнеркәсіптен жылына 10,5 млрд франк таза табыс түссе, бағалы қағаздан 28,3 млрд франк таза кіріс түсіп отырды.

**1924 жылғы сайлау. «Солшыл блок» жеңісі.** Рур ауданынан Француз әскерлерінің әкетілуі буржуазиялық топтардың «Ұлттық блок» үкіметіне наразылығын туғызды. Үкіметтің құрамында болып келген радикал-социалистер 1923 жылы үкіметтің құрамынан шықты. Радикалдар оппозицияға шығып, солшыл социалистермен бірлік құра бастады. Алдағы кезекті парламенттік сайлауға қарай «солшыл блок» оппозициясын құрды. «Солшыл блок» радикалдар мен социалистерден тұрды. «Солшыл блок» бағдарламасы националистік-демократиялық бағытта болды. Парламенттік сайлау қарсаңында «солшыл блок» біртұтас бағдарлама арқылы үгіт-насихат жүргізді. Ішкі саясатта солшылдар, революциялық өрлеу жылындағы саяси тұтқындарды босатуға, мемлекеттік қызметкерлерге кәсіподаққа бірігуге, 1920 жылғы жұмыстан шыққан теміржолшыларды қайтадан жұмыстарына алуға, әлеуметтік қамсыздандыру, 8 сағаттық жұмыс күні туралы жаңа заң шығаруға уәде берді.

«Солшыл блок» сыртқы саясатта бейбітшілік, қарусыздандыру, Ұлттар лигасын қолдау, АҚШ үкіметімен достық қатынасты орнату, сыртқы саясаттағы сайлаушылардың ойын білдіре отырып, антисоветтік саясаттан бас тартып, Советтік Ресеймен елшілік қатынасты қалпына келтіріп мойындау талаптарын қойды.

«Солшыл блокты» Франция коммунистік партиясы қолдаған жоқ. Коммунистер Ұлттық блок үкіметі мен солшыл блокты буржуазияны қолдаушылар деп түсінді. Бұл ФКП-ның сол кездегі сектанттық қателігі болды. Социалистік партияны қолдамауы жұмысшы табының арасында беделінен айрылып, В.И.Ленин

айтқандай. «ФКП-сы бұқара үшін күресте тактикалық қателік жіберді» деп бағалады.

1924 жылы мамыр айының 11-і күні Францияда парламент сайлауы өтті. Сайлаудың қорытындысы бойынша депутаттар палатасында солшыл блок партиялары жеңіске жетті. ФКП-сы парламент сайлауына тұңғыш рет қатысып, депутаттар палатасына 26 депутат өткізді. «Солшыл блок» үкіметін радикал партиясының жетекшісі Эдуард Эррио басқарды. Э.Эррио Премьер-министр және Сыртқы істер министрі қызметін атқарды.

Э.Эррио ХХ ғасырдың бас кезіндегі ірі саясаткерлердің қатарына жатады. Шаруа семьясынан шыққан офицердің баласы жас кезінен бастап республикалық көзқараста болған адам. 1922 жылы радикал партиясын басқарды. Э.Эррио өзінің қызметінде француз-орыс, кейіннен француз-совет қатынасын дамытуға көп күш жұмсады. 1922 жылы капиталистік елдерден Советтік Ресейге келген тұңғыш буржуазия қайраткері. В.И.Ленинмен кездесіп, француз-совет қатынасын дамытуға жол ашқан адам болды.

«Солшыл блок» үкіметінің бірінші жүргізген саясаты Советтік Ресеймен елшілік қатынас орнату болды. 1924 жылы қазан айының 28-і күні Франция Республикасы Советтік Ресейді мойындап, елшілік қатынас орнатты. Советтік Ресейдің Франциядағы тұңғыш елшісі ірі мемлекет қайраткері және дипломаты Л.Б.Крамен тағайындалды. Солшыл блок үкіметінің сыртқы саясатының негізгі мәні - халықаралық қатынастағы дау-жанжал мәселелерді бейбіт жолмен шешу, Ұлттар лигасының беделін арттыру. Олар Дауэс жоспарын мақұлдауға мәжбүр болды. Себебі, Ұлыбритания мен АҚШ өздерінің Германияны қолдау саясатына Францияны көндірді. Сөйтіп, Францияның Еуропадағы негізгі бақталасы - Германия күшейе бастады. Бұл саясат солшыл блок үкіметіне айтарлықтай абырой әкелмеді. Сыртқы саясаттағы келісімпаздық саясат радикал партиясында жік тууына әкеліп, оңшыл радикалдар Э.Эррио үкіметіне қарсы шығып отырды.

Ішкі саясатта Э.Эррио үкіметі солшыл блок бағдарламасын біршама орындады. 1920 жылғы революцияға қатысқандарға амнистия жариялады. Теміржол жұмысшыларын жұмысқа алды. Салық саясатында жеңілдік жүргізе алмады. Банк иелері бұл саясатқа қарсы болды. Шіркеу реформасын да аяғына дейін жүргізе алмады. Шіркеуді мемлекеттен бөлу саясатына Франция архиепископы және «Ұлттық католик федерация» ұйымы қарсы болды. Ішкі және сыртқы саясаттағы солшыл бағытты оңшыл радикал тобы да қолдамады. Сөйтіп, парламентте азшылық болды. Оңшыл

Жыл сайын ауыл шаруашылығынан түсетін кіріс азайып отырды. 1913 жылы 23,3% болса, 1930 жылы 14,2%-ға азайды. Жердің көбі ірі жер иелерінің қолында шоғырланды. Шаруалардың 87,5%-ның қолында жердің 42,5%-ы болса, ірі жер иелерінің 12,5%-ның қолында жердің 57,5%-ы болды. Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу өндірісінің сұранысына байланысты техникалық өнімдері қант қызылшасы, жеміс-жидек, темекі, т.б. егіс көлемдері ұлғайтылып, арнаулы салаға бейімделді. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы арзан болса, өнеркәсіп өнімдері қымбатқасатылды. Ауыл шаруашылығында өндіріс пен өнімдердің сатып алу бағасы тұрақсыз болды. Капитализмнің уақытша тұрақтануы кезінде Франция өнеркәсіпті-аграрлы елге айналды. Өнеркәсіптің жылдық даму қарқыны 5%-ға жетті. Дүниежүзінде АҚШ-тан кейін екінші орында болды. Өнеркәсіптен жылына 10,5 млрд франк таза табыс түссе, бағалы қағаздан 28,3 млрд франк таза кіріс түсіп отырды.

**1924 жылғы сайлау. «Солшыл блок» жеңісі.** Рур ауданынан Француз әскерлерінің әкетілуі буржуазиялық топтардың «Ұлттық блок» үкіметіне наразылығын туғызды. Үкіметтің құрамында болып келген радикал-социалистер 1923 жылы үкіметтің құрамынан шықты. Радикалдар оппозицияға шығып, солшыл социалистермен бірлік құра бастады. Алдағы кезекті парламенттік сайлауға қарай «солшыл блок» оппозициясын құрды. «Солшыл блок» радикалдар мен социалистерден тұрды. «Солшыл блок» бағдарламасы националистік-демократиялық бағытта болды. Парламенттік сайлау қарсаңында «солшыл блок» біртұтас бағдарлама арқылы үгіт-насихат жүргізді. Ішкі саясатта солшылдар, революциялық өрлеу жылындағы саяси тұтқындарды босатуға, мемлекеттік қызметкерлерге кәсіподаққа бірігуге, 1920 жылғы жұмыстан шыққан теміржолшыларды қайтадан жұмыстарына алуға, әлеуметтік қамсыздандыру, 8 сағаттық жұмыс күні туралы жаңа заң шығаруға уәде берді.

«Солшыл блок» сыртқы саясатта бейбітшілік, қарусыздандыру, Ұлттар лигасын қолдау, АҚШ үкіметімен достық қатынасты орнату, сыртқы саясаттағы сайлаушылардың ойын білдіре отырып, антисоветтік саясаттан бас тартып, Советтік Ресеймен елшілік қатынасты қалпына келтіріп мойындау талаптарын қойды.

«Солшыл блокты» Франция коммунистік партиясы қолдаған жоқ. Коммунистер Ұлттық блок үкіметі мен солшыл блокты буржуазияны қолдаушылар деп түсінді. Бұл ФКП-ның сол кездегі сектанттық қателігі болды. Социалистік партияны қолдамауы жұмысшы табының арасында беделінен айрылып, В.И.Ленин

айтқандай. «ФКП-сы бұқара үшін күресте тактикалық қателік жіберді» деп бағалады.

1924 жылы мамыр айының 11-і күні Францияда парламент сайлауы өтті. Сайлаудың қорытындысы бойынша депутаттар палатасында солшыл блок партиялары жеңіске жетті. ФКП-сы парламент сайлауына тұңғыш рет қатысып, депутаттар палатасына 26 депутат өткізді. «Солшыл блок» үкіметін радикал партиясының жетекшісі Эдуард Эррио басқарды. Э.Эррио Премьер-министр және Сыртқы істер министрі қызметін атқарды.

Э.Эррио XX ғасырдың бас кезіндегі ірі саясаткерлердің қатарына жатады. Шаруа семьясынан шыққан офицердің баласы жас кезінен бастап республикалық көзқараста болған адам. 1922 жылы радикал партиясын басқарды. Э.Эррио өзінің қызметінде француз-орыс, кейіннен француз-совет қатынасын дамытуға көп күш жұмсады. 1922 жылы капиталистік елдерден Советтік Ресейге келген тұңғыш буржуазия қайраткері. В.И.Ленинмен кездесіп, француз-совет қатынасын дамытуға жол ашқан адам болды.

«Солшыл блок» үкіметінің бірінші жүргізген саясаты Советтік Ресеймен елшілік қатынас орнату болды. 1924 жылы қазан айының 28-і күні Франция Республикасы Советтік Ресейді мойындап, елшілік қатынас орнатты. Советтік Ресейдің Франциядағы тұңғыш елшісі ірі мемлекет қайраткері және дипломаты Л.Б.Крамен тағайындалды. Солшыл блок үкіметінің сыртқы саясатының негізгі мәні - халықаралық қатынастағы дау-жанжал мәселелерді бейбіт жолмен шешу, Ұлттар лигасының беделін арттыру. Олар Дауэс жоспарын мақұлдауға мәжбүр болды. Себебі, Ұлыбритания мен АҚШ өздерінің Германияны қолдау саясатына Францияны негізгі Сөйтп, Францияның Еуропадағы негізгі бақталасы - Германия күшейе бастады. Бұл саясат солшыл блок үкіметіне айтарлықтай абырой әкелмеді. Сыртқы саясаттағы келісімпаздық саясат радикал партиясында жік тууына әкеліп, оңшыл радикалдар Э.Эррио үкіметіне қарсы шығып отырды.

Ішкі саясатта Э.Эррио үкіметі солшыл блок бағдарламасын біршама орындады. 1920 жылғы революцияға қатысқандарға амнистия жариялады. Теміржол жұмысшыларын жұмысқа алды. Салық саясатында жеңілдік жүргізе алмады. Банк иелері бұл саясатқа қарсы болды. Шіркеу реформасын да аяғына дейін жүргізе алмады. Шіркеуді мемлекеттен бөлу саясатына Франция архиепископы және «Ұлттық католик федерация» ұйымы қарсы болды. Ішкі және сыртқы саясаттағы солшыл бағытты оңшыл радикал тобы да қолдамады. Сөйтп, парламентте азшылық болды. Оңшыл

радикалдардың сенатта солшыл блокты қолдамауынан Э.Эррио 1925 жылы сәуір айының 10-ы күні отставкаға кетуге мәжбүр болды.

Э.Эррио үкіметтен кеткеннен кейін, үкіметтік тұрақсыздық кезеңі басталды. Бір жылдың ішінде бес рет үкімет ауысты. «Солшыл блок» үкіметінің Сыртқы істер министрі Аристид Брианның Франция тарихында алатын орны бөлек еді. 1925-1931 жылдар арасында солшыл блок үкіметінде премьер-министр және Сыртқы істер министрі қызметін атқарды. Табиғатында сөзге шешен, өрі ірі дипломат А.Бриан сыртқы саясатта бейбітшілік сүйгіш саясат жүргізген адам. Ол халықаралық қатынаста қарусыздандыру және бейбітшілік жолында күрес жүргізді. А.Бриан халықаралық қатынаста өзінің бейбіт бағыттағы ұсыныстарымен белгілі болды. 1929 жылғы «Бриан – Келлог» келісімі АҚШ пен Франция арасында қатынасты реттеуге жол ашты. Ұлттар лигасы арқылы Францияның беделін арттырды. Дау-жанжал мәселелерін арбитражды келісім арқылы шешуді ұсынып отырды. 1925 жылы Женева қаласында соғыс кезінде газ және биология, химиялық қаруды қолдануға бас тарту туралы хаттамаға қол қойған адам болды. 1925 жылы Локарно конференциясына қатысып «Рейн пактісіне» қол қойып, Германияның батыс шекарасының қауіпсіздігіне кепілдік берді. А.Бриан антисоветтік саясатты қолдап, Советтік Ресейге қарсы күрес жүргізді.

**Франция және отар елдер.** Солшыл блок үкіметінің сыртқы саясатындағы негізгі мәселе - Марокко және Сириядағы отарлық езгіге қарсы жүргізілген ұлт-азаттық соғыс болды. 1925 жылы көктемде Франция мен Испанияның отар елі Марокконның Риф облысында Эмир Абд-эль-Керим бастаған ұлт-азаттық соғыс басталды. Соғыстың барысында Риф республикасы құрылды. Риф республикасына қарсы Француз-Испан әскерлері қатысып, соғыс қимылдары жүрді. Ауыр зеңбірекпен, самолеттермен қаруланған француздардың 200 мың солдатты қатысты. Мароккоға жіберілген француз армиясын маршал Петэн басқарды. Ұлт-азаттық соғыс бір жылға созылып, 1926 жылы көктемде жеңіліс тапты. Абд-эль-Керим жау қолына түсіп Реюньон аралына жер аударылды, содан 1947 жылы оралып, содан Египетке қашып барып, 1963 жылы өз ажалынан өледі.

1925 жылы жаз айында Франция отары Сирияда ұлт-азаттық соғыс басталды. Ұлт-азаттық соғысты сұлтан Атраш басқарады. Ол Сирияға тәуелсіздік беру талаптарын қойды. Көтерілісшілер екі жыл бойына соғыс қимылдарын жүргізіп, ел астанасы Дамаск

қаласын басып алады. Француз үкіметі ұлт-азаттық соғысқа қатысқан Сирия халқын қарудың күшімен басып тастайды. 1927 жылы күзде ұлт-азаттық соғыс жеңіліс тапты. Марокко және Сириядағы ұлт-азаттық соғыс Францияның басқа отарларында да кең етек алды. Ұлт-азаттық күреске Алжир, Үндіқытай халықтары шықты. Ұлт-азаттық соғыс Францияның отарлық жүйесін әлсіретті. «Солшыл блок» үкіметі ұлт-азаттық соғыста елдегі халықтың қолдауына ие бола алмады. ФКП және басқа қоғамдық ұйымдар ұлт-азаттық соғысқа шыққан отар елдердің халқын қолдап, күрес жүргізді.

**«Ұлттық бірлік» үкіметі және оның саясаты.** Солшыл блок үкіметіндегі социалистер мен радикалдар арасында экономикалық-өлеуметтік саладағы келіспеушілік үкіметтік дағдарысқа әкелді. Пуанкаре мен Бриан үкіметі халыққа берген уәделерін орындай алмады. Ұсақ және орта буржуазия мүддесін қорғау ірі буржуазия мен қаржы иелерінің қарсылығын күшейтті. Елде франк құнсызданды, тауар бағасы өсті, халық жинақ банкіне салған ақшаларын алып, азық-түлік тауарларын көптеп сатып ала бастады. Экономикалық дағдарыс кең қанат жайды. Солшыл блок үкіметі Бриан, одан кейін қайтадан үкімет басына келген Э.Эррио отставкаға кетті.

Парламентте көпшілік болған оңшыл партиялар бірлік үкіметін құрды. Бірлік үкіметтің құрамына оңшыл партия мен радикалдар кірді. «Ұлттық бірлік» деп аталған үкіметтің премьер-министрі болып демократиялық альянс партиясының басшысы Пуанкаре тағайындалады. Сыртқы істер министрі радикал партиясынан А.Бриан болады. «Ұлттық бірлік» үкіметінің ішкі саясаты инфляцияны азайту және франконның құнын тұрақтандыру болды. Бұл үшін Пуанкаре үкіметі финанс реформасын жүргізді. Реформа арқылы еңбекші халыққа салынатын салық мөлшерін көбейтті. Мысалы: жолаушылар таситын көлікке салықтың мөлшерін 32,5%, жүк тасу саласында салық 11,5% өсірілді. Ірі буржуазия иелерінің табысына салынатын салық 50% азайтылды. Қаржы реформасы ұсақ және орта буржуазия үшін өте ауыр соқты. Жаңадан заем шығарылды, шетел капиталының елге келуіне жеңілдіктер жасалынды. Ірі монополия өндіріс иелеріне мемлекеттен субсидиялық көмек берілді. Франк тұрақтанып, елде өнеркәсіп өндірісі қайтадан жұмыс істеп, инфляция азайды. Франк құны 20%-ға өсті. 1926-1929 жылдары мемлекеттік бюджетте дефицит жойылды. Пуанкаре үкіметінің беделі тез өсті. 1929 жылы Пуанкаренің денсаулығының

нашарлауы оны қызметтен, саясаттан кетуге мәжбүр етті. Оның орнына премьер-министр болып А.Бриан тағайындалды.

«Ұлттық бірлік» үкіметі жылдарында халықаралық қатынас шиеленісе түсті. Антисоветтік науқан күшейіп, Ұлыбритания премьер-министрі Чемберлен КСРО елімен елшілік қатынасты үзді. 1929 жылы Жапония Қиыр Шығыста КСРО-ға қарсы арандатушылық саясат жүргізіп, Шығыс-Қытай теміржолын (КВЖД – орысшадан қысқартылып отыр) басып алуға әрекет жасады. Францияда антисоветтік науқан кең етек алып, маршал Фош КСРО-ға қарсы соғыс ашуға шақырды. Франция-Германия қатынасы жақсарды. 1926 жылы Германия Ұлттар лигасына мүше болды. Юнг жоспарын қолдап, Германияның Францияға төлеп келген репарациялық төлемінің мөлшерін азайтты. Жылдық төлем 2,5 млрд-тан 800 млн маркаға дейін қысқарды. Францияның соғыс министрі Мажиноның ұсынысымен Франция-Германия шекарасында Мажино қорғаныс бекінісін салу басталды. Бірақ бұл бекініс екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін аяқталмады. 1928 жылы Бриан-Келлог келісіміне қол қойылды. Франция мен АҚШ үкіметтері соғысқа қарсы шараларға қол қойып, соғыс - дау-жанжалды шешудің жолы емес, сондықтан соғыс саясатынан бас тартуға шақырды. Бірақ Бриан-Келлог келісімі жұмыс істемеді.

Көптеген елдердің және КСРО-ның қолдамауы 1929 жылы Францияның сыртқы істер министрі Брианның «Пан Еуропа» саясатын ұстауға мәжбүр етті. Оның негізгі қағидасы Еуропада федералды одақ құру болды. Олар «Пан Еуропа» одағын құра отырып, капиталистік елдерді антисоветтік саясат жүргізуге шақырды. АҚШ, Ұлыбритания сияқты елдер бұл ұсынысты қолдамады. Себебі, олар Францияның Еуропадағы беделінің өсуіне қарсы болды. Империалистік елдер арасында қайшылық, әлеуметтік экономикалық дағдарыс біртұтас Еуропа идеясының жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. Бұл идея екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана жүзеге асырылды. Бұл қазіргі замандағы Еуропалық одақ, «Еуропалық ортақ үй» идеясы. Экономикалық интеграция идеясы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін де Франция тарапынан бастау алып отырды. Бұған Шуманың 1951 жылғы «Көмір және Болат» ынтымақтастық идеясы, 1957 жылғы Еуропалық экономикалық ынтымақтастық (Ортақ рынок) ұйымының құрылуы дәлел бола алады. Кез келген идея өз уақытында қолдау тапқанда ғана іске асатыны белгілі. Брианның ұсыныстарын АҚШ және Еуропа елдері қолдамады. Бұл А.Брианның жеке басының жеңілісі еді. XX ғасырдың 30-жылдары Франция тарихында өзіндік орын алған

саясаткерлер саясаттан кетті. Клемансо – 1929 жылы; Бриан – 1932 жылы; Пуанкаре – 1934 жылы. Бұлар Францияның ұлттық тарихын қалыптастыруда тамаша қызмет атқарған саясаткерлер болды. XX ғасырдың 30-жылдарының аяғында Франция саясаткерлерінің жаңа легі келе бастады. Олардың жүргізген саясатына өз кезінде баға береміз. Бұлар 1927 жылы радикал партиясының басшысы Даладье, оңшылдар Тардье, Лаваль және маршал Петэндер болатын.

**Экономикалық дағдарыс жылдарындағы Франция (1929-1933 жж.).** Францияда экономикалық дағдарыс басқа капиталистік елдерге қарағанда кештеу басталды. Соғыста қираған экономиканы тез қалпына келтіру, өндірістің кейбір салаларына мемлекеттік көмек көрсету арқылы жүзеге асырылды. Германияның репарациялық төлемі де айтарлықтай тұрақтануға әсерін тигізген болатын. Бұл шараларға қарамастан Франция экономикасында 1930 жылдары дағдарыс басталды. Өнеркәсіп өнімдерін шығару азайды. Сыртқы сауда түсімі төмендеді. 1932 жылы өнеркәсіп өнімдерін өндіру 44%, сыртқы сауда 46% қысқарды. Мемлекеттік бюджет дефицитке ұшырады. Экономикалық дағдарыс әлеуметтік салада халықтың тұрмыс жағдайын төмендетті. Өндіріс орындарының жабылып қалуынан елде жұмыссыздардың саны 2,3 млн адамға жетті. Еңбекші халықтың жалақысы 1930-1934 жылдары 30%, қызметкерлердің табысы 15-18% қысқарды.

Ауыл шаруашылығы дағдарыс жылдарында өте ауыр жағдайда қалды. Ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасы күнсызданды, табыс азайды. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру 1913 жылғы деңгейде қалды. Астық, ет, жұмыртқа және шарап бағасы 2 есе арзандады. Шаруалардың ірі жер иелеріне және банкке қарызы өсті. Ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдер базарда өтпей, мал басын азайтуға мәжбүр болды. Өндірілген өнімдерді өртеп, жойып отырды. Азық-түліктің елде жетіспеуі қала халқының тұрмыс жағдайының төмендеуіне әкелді. Ұсақ және орта кәсіпкерлердің өндіріс орындары 1,5 есеге қысқарды. 100 мың кәсіпкер банкротқа ұшырады. Францияда ірі банктер жабылып, халықтың банкке салған жинақтары босқа жойылып кетті. Қаржы иелерімен монополиялар арасында ұрлық, жасырын келісімдер көбейді.

Ірі буржуазия мен өнеркәсіп иелері дағдарысқа қарамастан, мемлекеттің көмегі арқылы табыстарын азайтқан жоқ. Мемлекеттің «қорғау секторы» арқылы несие және мемлекеттік тапсырыстар алып отырды. Салық және кеден салығын азайту арқылы ірі монополия өздерінің өндірістерін сақтай алды. Ауыл шаруашылық өнімдерін азайтқан фермерлерге арнаулы кредиттер беріп отырды.

Франциядағы экономикалық дағдарыс, елде саяси үкіметтік дағдарыспен жалғасты. Бұл жылдары бірнеше үкімет бірінен соң бірі ауысып отырды.

**1932 жылғы парламент сайлауы.** «Солшыл блок» үкіметі. 1928-1930 жылдары үкімет 8 рет ауысты. Оңшыл партиялар үкіметі Тардьё және Лаваль кезектесіп басқарып отырды. Саяси тұрақсыздық кезінде 1932 жылы мамыр айында кезекті парламент сайлауы өтті. Сайлау қарсаңында солшыл блок құрылды. Оған радикалдар мен социалистер кірді. Сайлау қарсаңында солшыл блок топтары еңбекшілердің мұң-мұқтажын орындауға уәде берді. Оны ұсақ буржуазия толық қолдады. Француз коммунистері солшыл блокты тағы да қолдамады. Сайлаудың екінші турында (кезеңінде) фашистер ақгвардияшы Горгуловты пайдаланып, Франция президенті П.Думерді өлтірді. Президенттің өлтірілуі антисоветтік және антикоммунистік науқанның басталуына себепші болды. Сөйтіп, фашистер коммунистердің сайлауда жеңіп шығуына кедергі жасады. Бұл қастандықты оңшыл блок партиялары қолдайды. Сайлауда солшыл блок партиялары жеңіске жетеді. Франция үкіметінің премьер-министрі болып радикал Э.Эррио тағайындалады. Солшыл блок үкіметінің құрамына социалистер кірмейді. Бірақ парламентте үкіметті қолдап отырды. Парламентте елдің президентін сайлайды. Сенат палатасының төрағасы радикал А.Лебрен президент болып сайланады. Сайлауда оңшыл блок партиялары 1928 жылғы сайлауға қарағанда 1,4 млн дауыс аз алады. ФКП-сы 20% дауыс жоғалтып, 12 депутат коммунист парламентке сайланады.

Екінші солшыл блок үкіметі елді ішкі экономикалық дағдарыстан шығару жолдарын қарастырады. Парламент арқылы соғыс шығынын 2 млрд франкаға азайтады. Мемлекеттік қызметкерлердің санын азайтып, әкімшілікке бөлінген бюджет қысқарады. Жұмысшы табы мен еңбекші халықтың тұрмыс жағдайы бұрынғыдан төмендейді. Сыртқы саясатта Эррио үкіметі 1932 жылы қараша айында КСРО елімен бір-біріне шабуыл жасаспау туралы келісімге қол қояды. 1932 жылы Лозанна конференциясында Германияның репарациялық төлемін тоқтатуға келісім береді. 1932 жылы желтоқсанда Женева қаласында Франция, АҚШ, Ұлыбритания және Италия Германияның тең құқығын мойындайды. Бұл Версаль бітімінен бас тарту еді. Францияның Еуропадағы артықшылығы аяқталады. Бұл Еуропада Германияның экономикалық және әскери үстемдігінің артуына әкелді. АҚШ пен Ұлыбритания Германияны қолдай отырып, Гитлердің үкімет басына келуіне жол ашты.

Германияда фашистік диктатура орнады. Халықаралық қатынастың дамуында жаңа кезең соғыс және фашизмнің қаупі күшейді. Елдегі экономикалық дағдарыс, ірі буржуазияның фашизмді қолдауы солшыл блок үкіметін отставкаға кетуге мәжбүр етті. Францияда саяси аренада фашизм күш ала бастады.

**Франциядағы фашистік бүлік.** XX ғасырдың 30-жылдарының алғашқы кезіндегі экономикалық дағдарыс, оңшыл блок партияларының елді басқарудағы дағдарысы, Францияда 20-жылдарда пайда бола бастаған фашизм саяси ұйым ретінде демократиялық еркіндікке қарсы күресті күшейте бастады. Экономикалық және саяси дағдарыстың барысында фашистер жеке адам билігін орнатуды талап ете бастады. Ірі буржуазия солшыл блок үкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы күрес жүргізу үшін фашизмді қолдай бастады. Фашизмді елдегі ірі электротехникалық трест басшысы Мерсье, парфюмер фабрикасының директоры Коти, металлургия өндірісі және басқалар қолдап, қаржылай көмек көрсетіп отырды. Тардьё үкіметі фашистерге жасырын қор арқылы субсидия беріп отырды. Ал реакциялық офицерлер қару-жарак беру арқылы көмектесіп отырды.

Француз фашизмі бағдарламасының Италия, Германия және Испания фашистерінен айтарлықтай айырмашылығы жоқ еді. Олардың талабы «коммунизмге», парламенттік билікке қарсы күресіп, фашистік диктатура орнату арқылы өкімет басына келу болатын. Француз фашизмнің идеологиясы нәсілшілдік, антисемитизм, күш көрсету және әлеуметтік топтарға жалған уәде беруге негізделді. Еңбекші халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, ұсақ және орта буржуазияны қолдау, күйзеліске түскен шаруаларға көмек көрсету олардың ұстанған саясаттарының басты бағыттары еді. Фашизмнің әлеуметтік негізі қоғамдағы дағдарысқа ұшыраған осы топтар болды.

Франция фашизмінің өзіндік ерекшеліктері де болды. Біріншіден, Франция қоғамындағы демократиялық және социалистік дәстүрдің сақталуы. Франция фашизмінің халық алдында ашық үгіт-насихат жүргізуге батылдары бармады. Сондықтан француз фашизмі ұяң немесе «ұялшақ» деп аталды. Фашизм өздерінің ұлттық артықшылықтарын насихаттап, француздарды ұлттық санаға тәрбиелеуге шақырды. Ашық демократияға қарсы күреске шақыра алмады. Кейбір саяси билікті шектеуге, жеке билікті күшейту үшін күресті.

Соғыста жеңіп шыққан Франция қоғамында Италия мен Германиядағыдай күйзеліс, саяси дағдарыс терең болған жоқ. Себебі, француздар өздерінің жеңістерін мақтаныш тұтты. Француз

фашизмі Германия мен Италиядагыдай ірі саяси партия құра алмады. Бар болғаны жеке фашистік ұйымдар ғана жұмыс істеді. Елде 10-ға жуық әр түрлі фашистік лигалар болды.

Франциядағы негізгі фашистік ұйымдар: “Аксьон франсез” (Французское действие) клерикалық-монархиялық бағытты ұстады. Басшысы Шарль Моррас болды. Бұл ұйымды қолдаған әскери топтар мен генералдар Петэн, д’Эспере және Лиоте болды. Бұл ұйым құрамы жағынан қаруланған жастардан тұрды. Ұйымның 60 мың мүшесі болды. Ең ірі ұйымы “Боевые кресты” 1927 жылы құрылды. Мүшелерінің көбі соғыста “Боевые кресты” орденімен марапатталған соғыс ардагерлері еді. Урандары қатаң тәртіп пен әскери ынтымақ болды. “Еңбек, семья, отан” ұйымында 350 мың адам болды. Бұл екі ұйымнан басқа “Патриотическая молодежь” ұйым да өз саясатын жүргізіп жатты. Мүшесінің саны 90 мың адам болды. Барлық фашистік ұйымдардың әскери құрамдары елде демократиялық күштерге қарсы күресе отырып, өкімет билігін күшпен тартып алуға ұмтылды. Италия мен Германия фашистерін қолдап, оларға еліктеп әр түрлі спорттық ойындар, жастар кешін ұйымдастырып, халықты өз жағына шығаруға үгіт-насихат жұмыстарын белсенді түрде жүргізді.

30-жылдардың басында басталған фашистік қозғалыс Францияда демократиялық күштердің қарсы күреске шығуына әкелді. Антифашистік қозғалыстың басшылығында Француз Коммунистік партиясы және прогрессивтік күштер болды. 1930 жылы ФКП-ның Бас хатшысы болып, халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері Морис Торез сайланды. М.Торез (1900-1964) шахтер семьясында дүниеге келген. Коммунистік Интернационалдың атқару комитетінің мүшесі болды. Коминтерннің фашизмге қарсы күресінде тактикасын қалыптастырып, біртұтас жұмысшы майданын құру үшін күресті. М.Торездің төңірегіне ФКП-ның басқа да басшылары Жак Дюкло, Марсель Кашен, Пьер Сема, Поль Кутюрье т.б. топтасты.

1932 жылы А.Барбюс және Р.Ролланның басшылығымен Голландияның Амстердам қаласында Халықаралық соғысқа қарсы күресушілердің конгресі өтті. Конгресс жұмысына коммунистер, социалистер, кәсіподақ ұйымдарынан делегаттар қатысты. Амстердам конгресіне Еуропа елдерінен, АҚШ, Қытай, Үндістан және Үндіқытай делегаттары қатысты. Соғысқа қарсы күресу үшін Халықаралық күрес комитеті құрылды. Барлық елдерде Ұлттық комитеттер құрылатын болды. Француз комитетінің құрамына социалистер мен коммунистер және патриоттық ұйымдар кірді. 1933 жылы Германияда фашистік диктатураның орнауына

байланысты Парижде Плейвель залында Халықаралық фашизмге қарсы күресушілердің конгресі өз жұмысын бастады. Антифашистік конгресс Франциядағы барлық саяси және демократиялық күштерді фашизмге қарсы күреске шақырды.

Плейвель залында соғысқа және фашизмге қарсы күресушілер конгресінде біріккен «Амстердам–Плейвель» халықаралық ұйымы құрылды. Франция «Амстердам–Плейвель» ұлттық комитетін А.Барбюс, Р.Роллан басқарды. Ұлттық комитет француз халқын соғыс қаупіне және фашизмге қарсы күреске шақырған манифест қабылдады. «Амстердам–Плейвель» қозғалысы алғашқы біртұтас антифашистік қимыл ұйымы болды.

1934 жылдың қаңтар айында елде саяси дағдарыстың шиеленісуі өзінің жоғарғы деңгейіне жетті. Саяси жағдайдың тереңдеуіне сыртқы жағдай да әсерін тигізді. Германияда фашизмнің үкімет басына келуіне орай, халықаралық қатынаста жаңа соғысты жақтаушы Германия мен Италияның Еуропаны қайта бөлу саясатын қолдаушылар Францияда да күш ала бастады. Ақ эмигрант Стависскийдің ісі дау-жанжалға айналды. Стависский жалған ақша қағаз шығарып алып-сатарлықпен айналысқан. Стависский ісі үкімет мүшелерімен тығыз байланыста болған. Халық үкіметке қарсы көше шерулеріне шықты. Бұл шеруді фашистер де қолдап, олар да демонстрацияға шығып, «Үкімет қуылысын», «Ұрыны соғтау керек», «Депутаттарды қуу керек» деген ұрандар көтерді. Фашистер үкіметті күшпен тарағып, билікті өздері алуға тырысты. Саяси дағдарыс оңшыл радикал Шотан үкіметінің отставкаға кетуіне әкеліп соқты. Фашистер қозғалысы кең етек алып, конституцияны қайта қарау, парламентті тарату керек деген талаптарын күшейтті. «Отанға қауіп төнді» ұрандарымен тағы да шеруге шықты.

Фашистер үкіметке қарсы күреске шықты. 1934 жылғы 5-6 ақпанда Францияда фашистік бүлік басталды. 5-і ақпан күні Париж қаласының көшелеріне 50 мың адам қатысқан фашистер демонстрациясы Бурбон сарайына қарай бағыт алды. «Даладье үкіметтен кетсін» деген ұранмен парламент үйінің алдында полициямен қақтығысып, бірнеше адам өліп, жараланды. Бірақ фашистерді парламент үйіне жібермеді. 6 ақпан күні қарудың күшімен фашистік бүлікке қатысқандар кейін қайта бастады. 17 адам өліп, 2000 адам жараланды. Фашизмге қарсы тойтарыс бергенімен, 7 ақпанда Даладье үкіметі отставкаға кетуге мәжбүр болды. Үкімет басына оңшыл радикал Гастон Думерг келді. Үкіметтің құрамына профашистік оңшылдар Тардье, маршал Петэндер кірді. 1934 жылғы

ақпан айындағы фашистік бүлік Францияда солшыл күштерді антифашистік қимыл қозғалысына, фашизмге қарсы бірлікке шақырған қозғалыс ретінде кең етек алды. ФКП-сы және жалпы еңбек конфедерация кәсіподақ ұйымы 9-ы ақпан күні жалпы-франциялық ереуілге шығуға шақырды. Бұл шақыруды ФСП-сы да қолдады. 9-12 ақпан күндері Париж қаласының көшелеріне жалпыхалықтық ереуілдерге еңбекшілер шықты. Көшелерде фашистерге қарсы қақтығыстар болып жағты. Бірақ жеңіс халық жағында болды. Үкімет демонстрацияға тыйым салды. Оған қарамастан, антифашистік күштер демонстрацияны жалғастыра берді. 50 мың халық қатысқан ереуілшілерден үкімет полициясы 1200 адамды тұтқындады.

9-12 ақпандағы Париж қаласындағы антифашистік күресті бүкіл Франция халқы қолдады. 12 ақпан күні демонстрацияға 4,5 млн адам қатысты. Ал Париж қаласында 150 мың адам көшеге «Фашизмге жол берілмесін», «Бірлік үшін» деген ұрандармен шықты. Жалпы ереуілдік қозғалыс және демонстрацияға қатысқандар жеңіске жетіп, фашизм қауіпне тойтарыс берілді. Ақпан оқиғалары Франциядағы саяси партиялар арасында жаңа күштердің қалыптасуына, бірлік қимыл идеясының кең етек алуына негіз болды.

**ФСП мен ФКП-ның бірлік қимыл келісімі.** 1934 жылы мамыр айында Тулуза қаласында Франция социалист партиясының XXXI съезі өтті. Съезд жұмысында бірлік қимыл тактикасын қолдаған социалистік партияның солшыл күштері ФКП-мен фашизмге қарсы күресте бірлікке шақырды. Солшыл социалистер бөлініп шықты. Солшыл социалистерді Леон Блюм басқарды. 1934 жылы маусым айында Ивре қаласында ФКП-ның конференциясы өтті. Конференцияда М.Торез сөз сөйлеп, бірлік қимыл тактикасын қолдап, социалистердің ұсынысын қолдады.

1934 жылы маусымның 11-і күні солшыл социалистер мен коммунистер арасында келіссөздер басталды. Келісім барысында екі партия комиссиясы дайындаған бірлік бағдарламасын талқылап, жобасын бекітті. Сөйтіп, маусымның 27-і күні ФСП мен ФКП-лары бірлік қимыл пактісіне қол қойды. Фашизмге қарсы күресте бірлік қимыл тактикасын сол кезде Коминтерн қолдап, оның тарихи маңызын жоғары бағалады.

**Халық майдан кезіндегі Франция.** Халық майданы қозғалысы фашизмге қарсы күресуші күштерді біріктіріп, халық өкіметі үшін күрес жүргізіп жеңіске жетті. Халық майданы қозғалысының негізі - біртұтас жұмысшы майданын құру болды. Жұмысшы табының фашизмге қарсы күрестегі бірлігі туралы 1935 жылы Коминтерннің

VII конгресінде Г.Димитров баяндама жасап, фашизмге қарсы күрестің тактикасын жариялаған болатын. Халық майданы капиталистік елдердегі демократиялық күштерді біріктірді. ФСП мен ФКП-ның бірлік қимыл бағдарламасына Францияның радикал күштері де бірікті. Сөйтіп, Францияда халық майданы өкіметін құру мүмкіндігі жасалды. 30-жылдардағы Францияда үкіметтік дағдарыс профашистік топтар фашизммен сыбайласып, парламенттік жолмен келу қаупі болды. Халық майданы сайлау қарсаңындағы антифашистік күштердің бірігуіне себеп болды.

Халық майданы сөзін алғашқы рет ФКП демонстрация кезінде алып шықты. Сөйтіп, Халық майданы өкімет құру үшін басталған күрес ұранына айналды. Халық майданы қозғалысы сағысқа қарсы және антифашистік күштерді біріктіріп, әлеуметтік-экономикалық және саяси билік үшін күресті. «Халық майданы» – қоғамдық-саяси күштерді біріктіру. 1935 жылы шілденің 14 күні Бастилияны алған күнді тойлау демонстрациясы кезінде Халық майданының негізі қаланды. Францияда жергілікті жерлерде Халық майданының ұлттық комитеті құрылды. 1936 жылы қаңтар айында Халық майданының бағдарламасы жарияланды. Бағдарламада: буржуазиялық-демократиялық еркіндікті қолдау; фашистік лигаларды тарату; жалпыға бірдей амнистия; кәсіподақ ұйымына кіру бостандығы; соғыс өндірісін национализациялау; сыртқы саясатта: Ұлттар лигасы арқылы халықаралық ынтымақ; коллективтік қауіпсіздік; бейбітшілік үшін күрес, соғысқа тыйым салу мәселелері көрініс тапты. Әлеуметтік-экономикалық салада: халықтың сатып алу қабілетін өсіру; жұмыссыздарды қолдау үшін ұлттық қор құру; жалақыны өсіру, жұмыс жұмасын азайту; ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасын өсіру; төтенше жағдай шаруаларын жою; салық реформасын жүргізу мәселелері қамтылды. Бағдарламаның негізгі бағыты еңбекші халықтың тұрмыс жағдайын жеңілдету болатын.

Халық майданы қозғалысының бағдарламасы елдегі солшыл күштерден қолдау тауып, біртұтас майданға бірігіп, парламенттік сайлауға Халық майданы бағдарламасы бойынша дайындық жұмысына кірісті. Халық майданы бағдарламасы ФКП-ның 1936 жылғы қаңтар айында өткен VIII съезінде бір ауыздан мақұлданды. Халық майданы қозғалысының қызметі туралы М.Торез баяндама жасады. ФКП елде біртұтас жұмысшы майданын құру үшін күрес жүргізіп, кәсіподақ ұйымдарын біріктірудің маңызы зор болды. 1936 жылы наурыз айында ВКТ (жалпы еңбек конфедерациясы) мен УВКТ (унитарлық еңбек конфедерациясы) ұйымдарының

бірігу съезі өтті. Кәсіподақ ұйымы Жалпы Еңбек конфедерациясы деп аталды. Кәсіподақтардың біріккен съезінде ұйымның жарғысы қабылданды. Жарғы Амьен хартиясының негіздеріне сүйене отырып жасалды, кәсіподақтардың тәуелсіздігі толық сақталды. Кәсіподақ ұйымының басшылығына Б.Фрашон және Ж.Ракамон сайланды. Кәсіподақ ұйымының бірігуі жұмысшы табының дамуына зор әсер етті. Жалпы еңбек конфедерациясының мүшесі 900 мыңнан 5 млн адамға өсті.

**1936 жылғы парламент сайлауы.** 1936 жылы сәуірдің 29-ы мен мамыр айының 3-і күні Францияда парламенттік сайлау өтті. Сайлау екі турда өтіп, екінші турда (кезеңінде) Халық майданы блогын қолдап, сайлаушылардың 57%-ы дауыс беріп ірі жеңіске жетті. Жеке партиялар: Социалистік партия 1900 мың дауыс алып, 149 депутат өткізді; екінші орында радикал партиясы 1400 мың дауыс алып, 109 мандат; Француз коммунистік партиясы 1500 мың дауыс алып, 72 мандат өткізді. Коммунистердің аз депутаттық орын алу себебі, буржуазиялық сайлау жүйесіндегі кейбір тежеу саясаты ықпал жасады. Кейбір сайлау округтерінде коммунистер көп дауыс алғанымен депутаттар санын аз өткізді. Сонымен парламентте депутаттар палатасында барлығы 559 депутаттық орынның 337 орнын Халық майданы партиялары жеңіп алды. Палата төрағасы болып радикал Э.Эррио сайланды, оның орынбасары коммунист Жак Дюкло сайланды. Халық майданы бірлігінің жеңіске жетуі Француз халқының ұлттық санасының жоғары екенін, фашизмге Францияда орын жоқ екенін көрсетті. “Елде соғыстан кейін екінші рет бүкілхалықтық мейрам өткізіліп, халық қуанышында шек жоқ болды” – деп жазды сол мейрамның ортасында болған француз азаматы.

Парламенттік сайлаудан кейін үкіметті құру социалист 64 жастағы Леон Блюмге тапсырылды. Л.Блюм үкімет құрамын социалист, радикал және коммунистік партиялар құруға келісті. Сөйтіп, ФКП-сы үкімет құрамына кіруге мүмкіндік алды. Бірақ ФКП-ның Орталық Комитеті үкіметтің мүшелігіне кіруден бас тарту туралы шешім қабылдады. Бұл шешім туралы М.Торез «біз үкіметтен бас тартқанымызбен, Халық майданы бағдарламасын қолдаймыз» деп мәлімдеді. Кейіннен белгілі болғанындай, бұл сол кездегі Комитерн мен ФКП-ның тактикалық қателігі болды. Коммунистердің үкіметке кіруі, халықты компартияға қарсы қойып, арандатушылық жүргізеді – деп ойлады. ФКП Халық майдан бағдарламасына сәйкес қызмет жасау керек болатын. ФКП-

ның саясатын сайлауда қолдаған еңбекші халық дұрыс түсіне алмады. Компартия өзінің сайлаушылар алдында әлсіздігін білдірді.

Сайлаудан кейін Франция конституциясы негізінде үкімет бір айдан кейін құрылу керек болатын. Уақыт өтіп жатты, халық майданы үкіметі құрылмады. Халық көшеге шығып, Л.Блюмнен үкіметті тез құруға шақырды. Ереуілдік қозғалыс бүкіл елді қамтып, 2 млн адам қатысты. Компартияға қарсы сенімсіздік білдіріп, үкімет құрудың кешігуі «Коминтерн революция дайындап жатыр екен» деген өсекпен байланыстырылды. Буржуазия топтары, орта және ұсақ кәсіпкерлер де өздерінің Халық майданына сенімсіздігін білдірді.

1936 жылы маусым айының 4-і күні парламент депутаттары Л.Блюм бастаған жаңа үкімет құрамын бекітті. Үкімет құрамы социалистер мен радикалдар партиясының уәкілдерінен құрылды.

Радикал партиясының басшысы Даладьё соғыс министрі болып тағайындалды. Л.Блюм радио арқылы сөз сөйлеп «халықты тыныштыққа» шақырды. Жалпы Еңбек конфедерация басшысы Жюмен кездесіп, келісімге шақырды. Келісім 1936 жылы маусым айының 7-і күні Парижде Матиньон сарайында өтті. Бұл Франция тарихында маңызды жалпыхалықтық келісім болды. Кәсіподақ ұйымының талабы бойынша үкімет пен кәсіпкерлер жұмысшылардың жалақысын 7–15%-ға өсіруге келісті. Бұл ұжымдық келісімді барлық кәсіпкерлер міндетті түрде орындау керек болды. Матиньон келісімі Халық майданы қозғалысының ірі жеңісі болды.

Халық майданы үкіметі өздерінің сайлау алдындағы біріккен бағдарламасын іске асыруға кірісті. 1936 жылы Л.Блюм үкіметі парламент арқылы 133 заң қабылдады. Оның ішінде фашистік лигаға тыйым салу және амнистия туралы да батыл қадамдар жасалды. 1936 жылы маусым айында әлеуметтік бағдарлама бойынша да заңдар қабылдады. Олар: 40 сағаттық жұмыс аптасы, ұжымдық келісім, 2 жетілік еңбек демалысы, теміржол билеттерінің бағасын 40–60%-ға арзандату туралы заңдар еді. Тұңғыш рет еңбек адамдары еңбек демалысын алып, теңіз жағасында дем алатын болды. 1936 жылы 600 мың жұмысшылар мен қызметкерлер дем алды.

Халық майданы үкіметі соғыс өнеркәсібі орындарын жартылай национализациялады. Франция банктерін қайта құрды. Шаруаларға көмек ретінде «Ұлттық астық бюросы» мемлекеттік мекемесін құрды. Бұл мекеме шаруалардан тұрақты баға арқылы астық сатып алып отырды. Ұсақ тауар өндірушілерге көмек ретінде жеңілдікпен

несиелер бөлді. Ұсақ және орта кәсіпкерлердің мемлекеттік жеңілдіктер арқылы жағдайларын жақсартуға жол ашылды.

Халық майданы үкіметінің бағдарламасының іс жүзіне асырылуына ірі монополия және банк иелері кедергі жасап отырды. Олар үкіметтің шығарған жарлықтарын орындаудан бас тартты. Л.Блюм үкіметі ешқандай қарсы шараларға барған жоқ. Мысалы: Ірі өнеркәсіп иелері кәсіподақ ұйымдарымен ұжымдық келісімнен бас тартып, кәсіподақ басшыларын жұмыстан шығарып отырды. Сонымен қатар, ірі өнеркәсіп иелері өздерінің табыстарын шет елдердегі банктерге салып, ұлттық капиталдың азаюына ықпал етті. 1936-1937 жж. Франциядан шет елге 100 млрд франк әкетілді. Фашистік топтардың қарсылығы күшейіп, фашистік лигалар таратылмады. Фашистік лигалар бірігіп «Француз әлеуметтік партиясы» ұйымын құрды.

1936 жылы қыркүйек айының 29-ы күні франкты девальвация жасауға жарлық шықты. Елде азық-түлік тауарларының бағасы өсіп, еңбекшілердің жалақысы қысқартылды. Уақыт өткен сайын Халық майданы үкіметі өзінің әлеуметтік-экономикалық бағдарламасын толық орындай алмай, халық алдында беделі әлсірей берді.

Халық майданы үкіметі сыртқы саясатта да реакциялық, профашистік күштер алдында да әлсіздік жасап, Франция үкіметінің беделі түсті. А.Блюм үкіметі ұжымдық қауіпсіздік саясаттан бас тарта отырып, Ұлыбританиямен бірлесіп АҚШ-тың «араласпау» саясатын қолдады. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында «араласпау» саясаты Германия мен Италияның агрессиялық саясатын қолдау болды. Испаниядағы ұлттық революцияға қарсы ұйымдастырылған Герман-Италия интервенциясын қолдап, елдегі ФКП мен демократиялық күштердің Испания халқын қолдау қозғалысын Халық майданы үкіметі қолдамады. Франция үкіметінің сыртқы саясатына қарсы күрес жүргізген ФКП ғана болды. КСРО үкіметі Халық майданы үкіметімен ұжымдық қауіпсіздік принципі негізінде екі ел арасындағы 1935 жылғы келісімді әскери ынтымақ негізінде нығайту туралы ұсыныс жасаған болатын, Халық майданы үкіметінің соғыс министрі Э.Даладьё бұған қарсы болып, әскери келісім жасауға әлі уақыт жеткен жоқ деп мәлімдеді. Сөйтіп, Франция Еуропада өзінің одақтық саясатынан бас тартып, профашистік үкімет мүшелерінің ықпалымен фашистік Германия мен Италия елдерімен жақындаса түсті. Франция тәуелсіздігіне тікелей қауіп төнді. Халық майданы үкіметі 1937 жылы отставкаға кетті. А.Блюм үкіметінің орнына радикал партиясынан К.Шотан тағайындалды. К.Шотан үкіметі

бірінші күннен бастап Халық майданы үкіметінің бағдарламасынан бас тартты.

Ішкі саясатта франктың құнын үшінші рет арзандатты. Елде салық мөлшері өсті. Жұмыс аптасын ұзартты. Халық майданы үкіметі кезіндегі 40 сағаттың жеті аптасынан бас тартты. Жалпы Еңбек конфедерациясына қысым жасалды. Фашистік топтар елдегі арандатушылықты ашық жүргізіп, реакция күшейді. Елде төңкеріс қаупі болуы шындыққа айнала бастады. 1938 жылы наурыз айында Шотан үкіметі отставкаға кетіп, оның орнына қайтадан Л.Блюм үкіметі келді. Л.Блюм үкіметтің құрамына коммунистік партияны алуға ұсыныс жасады. ФКП-сы бұл ұсыныстан тағы да бас тартты. Үкіметтік дағдарыстың барысында Л.Блюм үкіметі 26 күн билік құрып, 1938 жылы сәуір айында таратылды.

Даладьё үкіметі және Мюнхен келісімі. Жаңа үкіметті радикал Эдуард Даладьё құрды. 1938 жылы сәуір айында құрылған үкіметтің құрамына радикал және Демократиялық альянс партия мүшелері кірді. Даладьё құрған үкімет профашистік және оңшыл бағытта болды. Халық майданы үкіметінің бағдарламасынан толық бас тартты. Елді қаржы дағдарысынан шығару үшін, мемлекеттік салықты 8%-ға өсірді. Шет елдегі француз капиталын қайтаруға көп көмек жасады. Екі жетінің ішінде 20 млрд франк қайтарылды. Франция экономикасы соғысқа бейімделе бастады. Үкімет әскери-өндіріс монополия иелерін қолдап, оларға мемлекеттік соғыс тапсырыстарын көбейтті.

Даладьё үкіметі сыртқы саясатта Германия мен Италияның агрессиялық саясатын қолдап отырды. Еуропада өзін еркін сезінген фашистік Германия 1938 жылы 15 наурызда Австрияны «Аншлюс» саясаты арқылы Германияға қосты. Франция үкіметі бұл саясатқа ешқандай қарсылық көрсеткен жоқ. Германия Шығыс Еуропа елдеріне қарсы жаулап алу саясатын жүргізе берді. Кезекте Чехословакия мемлекеті тұрды. Гитлер Чехословакия үкіметінен Судет облысында тұратын 3 млн немістерге автономия беру туралы талап қойды. Сөйтіп, Судет облысын бөліп алып, Германияға қосуды ойлады. Чехословак президенті Э.Бенеш және парламент мүшелері бұл талапқа қарсылық білдірді. Германия Чехословакияны көндіру үшін Франция премьер-министрі Э.Даладьё мен Ұлыбритания премьер-министрі Чемберленнің көмегіне сүйенеді. Гитлер 1938 жылы Рейхстаг депутаттарының алдында сөз сөйлеп «егер Судет немістерінің жері 1 қазан айына дейін Германияға берілмесе, мен неміс солдатты ретінде Судет облысын жаулап аламын» – деп қоқан-лоққы жасады. Яғни, бұл мәселе қазан айының 1 күніне

дейін шешілмесе, Германияның Чехословакияға соғыс ашуы айқын еді. Соғысқа жеткізбеу үшін 1938 жылы қыркүйек айының 19-ы күні Даладье және Чемберлен Чехословакия үкіметіне үзілді-кесілді мәлімдеме жолдайды. Бұл мәлімдемеге Чехословак президенті Бенеш 22 қыркүйекке дейін жауап беру керек еді. Жауап кешікті, Гитлер өзінің ойын жүзеге асыру үшін Даладье мен Чемберленге өктемдік жасап, мәселені тез шешуді талап етті. Чехословак халқы өз Отанын қорғауға дайындалып жатты. Э.Бенештің жауабы кешікті, қыркүйек айында халықаралық дағдарыс тереңдеп соғыс басталу қаупі жақындай түсті. Даладье үкіметі Бенешті көндіру үшін қорқытып, егер Судет облысын Германияға бермесе, Франция Чехословакияға көмек көрсетпейді – деп мәлімдеді. Қыркүйек дағдарысы шиеленісіп, Бенеш ешқандай жауап бермеді, осы кезде АҚШ президенті Ф.Рузвелт бұл мәселені шешу үшін халықаралық конференция ашып шешу керек екенін айтып ақыл береді. Қалайда Германиямен соғыспау керек болды. АҚШ президентінің ақылы жүзеге асып, 1938 жылы қыркүйек айының 28-30-ы аралығында Мюнхенде конференция ашылады. Конференцияға Даладье, Чемберлен, Гитлер және Муссолини қатысады. 29-ы күні конференцияға қатысушылар бір ауыздан Судет облысының Германияға берілуі туралы келісіп қол қояды. Э.Бенеш Мюнхен қаласына 30-ы күні шақырылып, бәрі кетіп қалғаннан кейін келіп қол қояды. Мюнхен келісімі – екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы империалистік елдердің ауыз жаласуы еді. Мюнхен келісімі Францияның тәуелсіздігінен айырылуының бастамасы болды. Франция үкіметі фашистік Германияның одақтасына айнала бастады.

### §3. Ұлыбритания (1918-1929 жж.)

#### Ұлыбританияның экономикалық және саяси дамуы.

Бірінші дүниежүзілік соғыста Антанга елдерінің жеңісі Ұлыбританияның беделінің өсуіне әкелді. Негізгі қарсыласы Германия жеңіліп, Версаль бітімі нәтижесінде Германия отарлары Ұлыбританияға берілді. Сонымен қатар, араб және басқа шығыс елдері де бағындырылды. Ұлыбритания бұрынғыша отарлық империя болып қала берді. 1918 жылы 11 қараша күні бітімге қол қою салтанатында Ұлыбританияның Сыртқы істер министрі Керзон сөз сөйлеп, «Империяның қасиетті туы бүкіл әлемде желбіреуде, біртұтас империя дүниежүзі халықтарының тағдырын шешуге бел байлап отыр» – деді. Ал, шын мәнінде ағылшын

буржуазиясының бұл мақтанышы ұзаққа барған жоқ. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Ұлыбританияның экономикалық дамуы әлсіреп, дүниежүзіндегі үлес салмағы азайып, экономикасының дамуы «ауру» адамға ұқсады. Бұған не себеп болды? Енді соған талдау жасап көрейік.

XIX ғасырдың соңғы он жылында Ұлыбритания экономикасы жедел дамыды. Оның негізгі себебі: 1. Өндірістік төңкеріс аяқталып, өнеркәсіп шаруашылығы жаңа құралдармен жабдықталып, өндіргіш күш тез өсті. Шет елде ағылшын қаржысы үстем болды. Ұлыбритания отарлық империя ретінде өз отарларында үстемдікке ие болды. Халықаралық сауда жүйесі ағылшын монополиясының қолында болды. Ұлыбританияның бақталас елдері болмады. Ұлыбритания дүниежүзіндегі бірденбір империя болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанда бұл процесс керісінше дамыды. Оған бірнеше себептер болды:

1. Дүниежүзіндегі жаңа капиталистік елдер Германия мен АҚШ экономикасы жедел қарқынмен даму жолына түсті. Экономикалық даму қарқыны Ұлыбританияны басып озды. Өндірісте жаңа технологиялық төңкеріс енгізілді. Өнеркәсіп орындары жаңа тауарларды көптеп шығарып, Ұлыбритания тауарларын ығыстыра бастады. XX ғасырдың 20жылдарында Ұлыбритания өнеркәсібіндегі технология ескірді. Германия мен АҚШтың дамуына қарқынды тойтарыс беру үшін, монополияға өте көп күрделі қаржы қажет еді. Ондай қаржы ағылшындарда болмады. Шет елге салған капиталы өсімді аз бере бастады. Ұлыбритания өз капиталын таза пайда табу үшін отар елдердегі өндіріске салды да, ал ішкі ұлттық өндіріс құрылымы өзгермей қалды, технология да жаңартылған жоқ. Ұлыбритания экономикалық дамуы Германия мен АҚШтан артта қала бастады.

2. Бірінші дүниежүзілік соғыс Ұлыбританияның экономикасына айтарлықтай әсер еткені сондай, ол АҚШ мемлекетінің алдында қарыздар болып шықты. Германия соғыста әлсірегенімен, АҚШ соғыстан байып шықты. Мысалы: Ұлыбританияның мемлекеттік қарызы 1914 жылы 645 млн ф.ст. болса, 1918 жылы 7,8 млрд ф.с. өсті. Ал, АҚШ-қа қарызы 1919 жылы 850 млн ф.ст. жетті. Ұлыбританияның өнеркәсіп салалары тозып, әлсіреді. Байырғы өнеркәсіп салалары: көмір, тоқыма, кеме жасау артта қалды.

XX ғасырдың 20-жылдарында Ұлыбританияның көмір өнеркәсібі 20%-ға жаңа технологиямен жабдықталса, АҚШ-та көмір өнеркәсібінің 70%-ы жаңа техникамен жабдықталды. Көмір шахталарында бұдан 50-60 жыл бұрынғы техника пайдаланылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жаңа экономикалық дағдарысқа әкелді. 1921 жылы өнеркәсіп өнімдерін шығару 1913 жылғы шығарылған өнімнің 61%-ын берді. Өнеркәсіптегі тұрақсыздық жұмыссыздықты көбейтіп, 1 млн адамға жетті. Дүниежүзілік өнеркәсіп өнімдерін өндірудегі үлес салмағы төмендеді. 1913 жылы 15% болса, 1921 жылы 10%-ға жетті. Жоғарыдағы айтылған мысалдар Ұлыбританияның беделінің түсуіне, «ауруға» ұшырауына әкеліп соқты.

3. Бірінші дүниежүзілік соғыс Ұлыбританияның дүниежүзілік қаржы саласында да күлдірай түскенін байқатты.

Елдегі экономикалық дағдарыс еңбекші халықтың тұрмыс жағдайының нашарлауына әкелді. Жұмысшы табы саяси және экономикалық күреске шықты. Тап күресінің күшеюі Ллойд Джордж үкіметін жеңілдіктер жасауға мәжбүр етті. 1918 жылы сайлау реформасын жүргізіп, 21 жасқа толған еркектер, 30 жасқа толған әйелдерге сайлау құқықтары енгізілді. 14 жасқа дейінгі мектеп оқушыларына міндетті білім алу енгізілді. Экономикалық дағдарыс ағылшын буржуазиясының бірігіп либералдық үкіметке қарсы топ құруына жағдай жасады. Консерваторлар саяси билік үшін күреске шықты. Лейбористік жұмысшы партиясының қатары өсіп, елдегі саяси партияға айнала бастады. Либерализм көзқарасы дағдарысқа ұшырады. Осындай саяси дағдарыс жағдайында 1918 жылы желтоқсанда парламент сайлауы өтті. Сайлауда консерваторлардың қолдауымен либералдар жеңіске жеткенімен, парламентте жұмысшы партиясы ірі оппозицияда болды. Лейбористер сайлауда өз бағдарламасымен қатысып, 62 депутаттық орынға ие болды. Лейбористерді 2,5 млн сайлаушылар қолдап дауыс берді. Сайлаудан кейін консерваторлар мен либералдар біріккен үкімет құрды. Ұлыбританияның премьер-министрі болып Ллойд Джордж тағайындалды. Бұл үкімет 1922 жылға дейін елді басқарды. 1922 жылы Ұлыбританияда үкіметтік дағдарыс болып, жаңадан консерваторлар үкіметі құрылды. Премьер-министрі Бонар-Лоу болды. Соғыстан кейінгі екі үкімет те реакциялық, халыққа қарсы саясат жүргізді. Елде саяси дағдарыс жалғаса берді. Екі үкімет те Ресейдегі большевиктер үкіметіне қарсы саясат жүргізді. Бұл саясат алдағы парламент сайлауында лейбористердің жеңіп шығуына негізгі себеп болды. Себебі, Ресейдегі қазан төңкерісі Ұлыбританиядағы саяси дағдарысты тереңдетті, жұмысшы табының Ресейдегі Кеңес үкіметінің саясатын қолдап, «Тарт қолыңды Кеңестік Ресейден» деген ұрандағы қозғалыстың кең етек алуына жол ашты, бұл қозғалыстың басында лейбористер тұрды.

Капитализмнің уақытша тұрақтану кезіндегі Ұлыбритания (1924–1929 жж.). Жаңа парламент сайлауы қарсаңында саяси күштердің ара салмағы реформалық жолды қолдаған Лейбористік партия жағына ауысты. Бұдан бұрынғы реакциялық бағыт ұстаған партиялардың халық арасында беделі түсті. Лейбористер сайлау қарсаңында өз бағдарламаларын жариялады. Онда біріншіден, елде әлеуметтік-экономикалық реформа жүргізу, яғни жалпы ұлттық бірыңғай жалақы, салық реформасы, жұмыссыздықты азайту, жол құрылысын жүргізу, тұрғын үй мәселесін шешу, әлеуметтік қорғау, жалшыға бірдей сайлау заңын жетілдіру сияқты мәселелер көтерілді. Сыртқы саясатта КСРО-ны елшілік деңгейде мойындау да маңызды мәселе ретінде қарастырылды. Лейборист партиясының жетекшісі Рамзей Макдональд «Таймс» газетіне берген сұхбатында: «Зандылықты сақтай отырып, реформа арқылы, еңбекші халықтың қолдауына сүйенген мұндай партия бұрын-соңды елде болған емес» - деді.

1923 жылы желтоқсан айының 6-ы күні кезектен тыс парламент сайлауы болды. Сайлауда лейбористер партиясы ірі жеңіске жетті. Оларды 4,5 млн сайлаушылар қолдап, парламентке 191 депутат өткізді. Сайлаудан кейін 1924 жылы қаңтар айының 22-і күні Ұлыбританияда тұңғыш рет лейбористік партия үкімет құрды. Бірінші лейборист үкіметінің премьер-министрі Рамзей Макдональд болды.

Жаңадан құрылған үкіметтің көбі оңшыл лейбористер болды. Сондықтан олар монополиялық буржуазияның мүддесіне сәйкес саясат жүргізе бастады. Солшыл лейбористер үкіметтің құрамына кіре алмай қалды. Олар үкіметті сайлау алдындағы әлеуметтік-экономикалық реформаны іске асыруға шақырды. Елде еңбекші халықтың қозғалысы етек алып, солшыл лейбористердің талабын қолдады. Р.Макдональд үкіметі сайлау алдындағы көптеген уәделерін орындаудан бас тартты. 1924 жылы ақпан айында КСРО-ны мойындап, екі ел арасында сауда жасау туралы келісімге қол қойылды. Зейнеткерлер мен мүгедектерге зейнетақы мөлшерін өсірді, жұмысшыларға арнап тұрғын үй салуды қолға алды.

Бірінші лейбористік үкімет халық алдында әшкереленіп, еңбекші халық үкіметтің ішкі саясатына қарсы күреске шыға бастады. Үкімет, сонымен қатар Ұлыбритания Коммунистік партиясының басшысы Кэмпбеллді қудалап, сотқа тартты. Ол «Workers» газетіне жазған мақалалары үшін айыпталды. «Кэмпбелл ісіне» жұмысшы табы қарсы шықты. Үкімет амалсыздан өз шешімінен бас тартты. Бірақ парламенттегі либерал мен консерваторлар Макдональд үкіметінің шешіміне қарсы шығып, лейборист үкіметіне сенімсіздік

жариялауға ұсыныс жасады. «Кэмпбелл ісін» сылтау жасап Р.Макдональд үкіметті таратты. 1924 жылдың 8-і қазан күні үкімет таратылып, 1924 жылы 29 қазанда парламент сайлауы өткізіліп, консерватор партиясы жеңіске жетті.

1924 жылы қазан айында консерватор үкіметі құрылып, премьер-министрі болып Стэнли Болдуин отырды.

**1926 жылғы жалпы халықтық ереуіл.** 1924 жылы Ұлыбритания экономикасы біркелкі тұрақтану жолына түсе бастады. Финанс саласы тұрақтанып ф.ст. алтын баламасы өсіп, ағылшын тауарлары шетелге көптеп шығарыла бастады. Алайда, өнеркәсіп өнімдерін шығару соғысқа дейінгі деңгейде қалды. АҚШ экономикасының жедел қарқынмен дамуы, ағылшын рыногын біртіндеп жаулап алып, дүниежүзінде өз үстемдігін арттыра түсті. Сонымен қатар АҚШ Еуропадағы Ұлыбританияның негізгі бақталасы Германияны қаржы жағынан қолдап, экономикасының жедел дамуына көмектесті. Консерваторлар үкіметі ішкі экономикалық тоқырауды тоқтата алмады. Еңбекші халық өздерінің тұрмыс жағдайларының нашарлауын консерваторлар үкіметінен көрді. Елде саяси дағдарыс күшейе түсті. Әсіресе, бұл кезде ағылшын көміршілерінің жағдайы төмендей бастады. Консерваторлар үкіметі көмір өнеркәсібіне мемлекеттік көмектер беруден бас тартты. Көмір өнеркәсібі жұмысшыларының үкімет алдындағы талабын лейбористер мен ағылшын кәсіподақ ұйымы Тред-юнионның Бас Кеңесі қолдады. Үкімет пен жұмысшылар арасында жекпе-жек басталды.

1925 жылы маусым айында шахта иелері үкіметтен жұмысшылардың жалақысын қысқарту туралы шешім қабылдауды сұрайды.

Үкімет көмір шахта иелерінің бұл талабын орындаудан бас тартады. Көмір шахтасының жұмысшылары бұл талапқа қарсы шығып, 1925 жылы 1 тамыз айында жалпыұлттық ереуіл жариялайды. Көмір шахтасы жұмысшыларының талабын елдегі теміржол, машина жасау, өнеркәсіп, кәсіподақ ұйымдары қолдады. 1925 жылы шілде айының 31-і күні көмір шахта иелерінің талабына қарсы жұмысшылар ереуілге шығып, елдегі көмір басқа елдерге жіберілмей қалады. Үкімет көмір жұмысшыларының талабын орындауға мәжбүр болды. Жұмысшылардың жалақысын тоғыз ай бойында сақтап тұру үшін 24 млн фунт қаржы бөлді. Сөйтіп, ағылшын жұмысшылары ірі жеңіске жетті, 1925 жылдың 31 шілдесі «қызыл жұма» күні болып тарихта қалды. Көмір шахталары жұмысшыларының жеңісі уақытша болды. Үкіметтің өз уәдесін толық орындамауы салдарынан 1926 жылы көмір жұмысшылары жалпыхалықтық ереуілге дайындала бастайды. Жұмысшылардың

бұл ойын күн бұрыннан білген үкімет те оларға қарсы дайындық шараларын жасайды. Тоғыз ай бойы көмір қорын дайындап, ереуілге шыққан жұмысшыларды ауыстыру үшін штрейкбрехерді әзірлейді. Егер ереуіл жүзеге асқан күнде, елде төтенше жағдай жариялауға дейін баратынын ескертеді. Үкімет жалпы халықтық ереуілге тойтарыс беру үшін дайындалып жатқанда, лейбористік партияның тред-юнион кәсіподақ ұйымы олармен келісім жасап, халықты үкіметпен келісімге келуге шақырады.

1926 жылы сәуір айының 29-ы күні тредюнион ұйымының Бас кеңесінің конференциясы өтті. Конференция жұмысшылар талабын ескеріп, мамырдың 1-і күні жалпыхалықтық ереуілді бастауға шешім қабылдады.

1926 жылы мамыр айының 4-і күні жалпыхалықтық ереуіл басталып, ереуілге 5 млн жұмысшы қатысты. Жалпыхалықтық ереуіл бүкіл елді түгелдей қамтыды. Көмір шахталары жұмысшылары басқа өнеркәсіп салаларының жұмысшылары мен қызметкерлері қолдады. Британ кәсіподақ ұйымының Бас кеңесі басшылары мұндайды күтпеген еді. Үкімет саяси дағдарысқа тап болып, келісімге келудің жолын іздестіре бастайды. 1926 жылы мамырдың 12-і күні Бас кеңес жұмысшыларды жалпы ереуілді тоқтатуға шақырады. Жұмысшылардың көбі Бас кеңестің шақыруына сене бастайды. Ереуілшілер арасында жік туды. Үкімет пен кәсіподақтың Бас кеңес басшылары жасырын келіссөздер жүргізіп, ереуілді тоқтатуға күш салады. Лейбористік партия басшылары да үкімет жағына шығады. Сөйтіп, жалпы ереуілді қолдаған кәсіподақ және лейбористік партияның сатқындығынан 12-і мамыр күні жалпы-халықтық ереуіл жеңіліс тапты.

1926 жылғы жалпыхалықтық көтеріліс жеңіліс тапқаннан соң, ағылшын буржуазиясы, еңбекші халыққа қарсы консервативтік бағыт ұстады. Болдуин үкіметі 1927 жылы ақпан айында парламент арқылы «өндірістік келіспеушілік және тредюниондар туралы» реакциялық заң қабылдады. Бұл заң бойынша жалпы ереуілге шығу қылмыспен теңестірілді. Жұмысшы табының ынтымақтастығына, көшеге шеруге шығуға тыйым салынды. Заңда ереуілге шығатындықтарын 2 ай бұрын үкіметке хабарлауы қажет делінген еді.

Ағылшын корпоративтік буржуазиясы жұмысшы табының сағын сындырғаннан кейін, кәсіподақ ұйымымен және лейбористік партиямен ынтымақ орната бастады. 1927 жылы тред-юнион конгресінің Бас кеңесі өнеркәсіп иелерін бірігуге шақырып «өндірісті жақсарту және ағылшын өндіріс тауарларының рынокке шығарудағы бақталастықты күшейту» туралы келісімге қол қойды.

Өндіріс иелері атынан Империялық химия трестінің басшысы Альфред Монд осындай келісімге келуге шақырды. Бұл келісімдік саясат «Мондизм» деп аталды. 1928 жылы тред-юнион конгресінің жиналысында баяндама жасаған кәсіподақ басшылары «тап күресінен бас тарту» керек екендігін айтты. «Мондизм» жұмысшы табына жақсылық әкелген жоқ. 1929-1933 жылдарда Ұлыбритания экономикасында дағдарыс күшейді еңбекші халықтың тұрмыс жағдайы нашарлады.

1929-1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс капиталистік елдер арасындағы қайшылықты күшейте түсті. Консерваторлар үкіметінің Еуропада беделі түсіп, АҚШ-тың қолдауымен Германия экономикасы жедел қарқынмен дами бастады. Франция үкіметінің сыртқы саясаты Еуропа елдерінде біршама әлсіреп, оқшаулана түсті. Болдуин үкіметі АҚШ-тың Германияны қолдау саясатын жақтады.

Сөйтіп, АҚШ және Ұлыбритания бірігіп, Германияны осы кезден бастап КСРО-ға қарсы соғысқа дайындай түсті. Консерваторлар үкіметінің антисоветтік саясаты елде кең етек ала бастады. У.Черчилль бұл кезде консерватор үкіметінің құрамында финанс министрі болатын. Ол КСРО-ға қарсы батыл шаралар жүргізуге шақырды. 1926 жылы маусым айында КСРО елін айыптаушы «Ақ кітап» деген жарық көрді. Британ компартиясының кеңесін тексергенде «Мәскеудің қолынан жасалған ағылшындарға қарсы құжаттар табылды» деп жала жабылады. Бұл кітаптан кейін парламентте КСРО-ға қарсы айып тағылып, КСРО елімен арақатынасты үзіп, елшілікті қайтару туралы талап қойылды.

1927 жылы Варшава теміржол вокзалында кеңес елшісі Войков қастандықпен өлтіріледі. Совет үкіметі бұл қастандықты ұйымдастырушы Болдуин үкіметі деп таниды. Сол жылы Лондонда кеңес-ағылшын сауда үйінде арандатушылық ұйымдастырылады. 1927 жылы мамыр айында консерваторлар үкіметі КСРО-ға нота жіберіп, елшілік қатынасты тоқтатады.

**Екінші лейбористтік үкімет.** Елдегі экономикалық дағдарыспен қатар консерваторлар үкіметінің реакциялық ішкі және сыртқы саясаты 1929 жылғы парламенттік сайлауда жеңіліске ұшырады. Парламенттік сайлау қарсаңында лейбористтік партия «Еңбек және ұлт» деген бағдарламасын алып шықты. Бұл бағдарламасында: жұмыссыздықты жою, капиталға салық енгізу, 1927 жылғы жұмысшы табына қарсы шығарылған заңды жою, көмір шахталарында 7 сағаттық жұмыс күнін енгізу, көмір, транспорт (көлік саласын), энергия және жерді национализациялауды қарастырды. КСРО-мен

елшілік қатынасты қалпына келтіру талаптарын қойды. Консерваторлар сайлау алдында сайлаушылар реформасын жүргізіп, әйелдерге 30 жастан емес, 21 жастан сайлауға қатысып дауыс беру құқығын енгізді. Бұл сайлаушылардың санын 8 млн көбейтіп, сайлауда дауыс берушілердің саны 29 млн жетті. Сайлау қарсаңында консерваторлардың сайлаушылар алдында беделі түсіп, лейбористердің сайлауда жеңіске жететініне ешқандай күмән келтірмеді.

1929 жылы мамыр айында парламенттік сайлау өтті. Лейбористер 287 депутаттық орынды жеңіп алды. Консерваторлар – 260, либералдар – 59 депутат өткізе алды. Лейбористер жаңа үкімет құрды. Премьер-министрі Макдональд болды. Үкіметтің құрамына Гендерсон, Сноуден, Мориссон т.б. кірді.

Парламенттік сайлаудан кейінгі құрылған лейбористтік үкімет өздерінің сайлау алдындағы сайлаушыларға берген уәдесін орындауға кірісіп, біршама қызмет атқарды. Алғашқы шаралары елдегі жұмыссыздықты жою үшін, қоғамдық жұмыс орындарын ашты, жұмыссыздарды Канадаға жіберді, бірақ оларға онда да жұмыс таба алмады. Жұмыссыздарға кішігірім жер бөліп берді. Жұмыссыздарға мемлекеттік көмек көрсету шараларын жүргізді.

1930 жылы жұмыссыздарға берілетін мемлекеттік жәрдем ақының мөлшерін өсірді. Бұл шаралар аяғына дейін жүргізілмеді. Жұмысшы табының негізгі талаптары орындалмады. 1927 жылғы заңды жоя алмады. Көмір шахталарында 7 сағаттың орнына, 7,5 сағат жұмыс уақыты белгіленді. Лейбористтік үкімет құрылған кезде басталған дүниежүзілік экономикалық дағдарыс елге ауыр зардаптар әкелді. Бірақ та үкімет ірі монополияға көптеген жеңілдіктер жасады. Капиталға салынатын салық мөлшері азайтылды, өнеркәсіптің көбі жеке меншіктің қолында сақталды. Сайлау алдындағы тағы бір уәделері орындалмады. Артта қалған көмір өнеркәсібі национализацияланбады. Ірі компаниялардың таза табысы өсті. Мысалы: 1929 жылы компаниялардың жылдық табысы 49,4 млн фунт болса, 1930 жылы 54,5 млн фунтқа артты.

Лейбористтік үкімет халық алдында әшкереленіп, өздерінің уәделерінен шыға алмады. Еңбекші халық өздерінің тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін күреске шығып, саяси-әлеуметтік талаптар қойып отырды. Олар КСРО елімен елшілік қатынасты қалпына келтіруді талап етті. 1929 жылы шілде айының 2-і күні лейбористтік үкімет бұл мәселені қарастырып жатқанын түсіндірді. Екі ел арасында келіссөздер басталды. 1929 жылы қазан айының 3-і күні ағылшын-кеңес келісімдердің нәтижесінде елшілікті қалпына келтіруге қол қойылды. 1929 жылы қараша айының 5-і күні елшілік

қатынас қалпына келтірілді. Сол күні кеңес-ағылшын сауда келісіміне қол қойылды.

**«Ұлттық» үкіметтің құрылуы.** Екінші лейбористік үкімет құрылғаннан кейін елдегі экономикалық дағдарыс тереңдей түсті. Жұмысшы партиясының еңбекші халықтың алдында беделі толық өшкереленді. Сайлаушылар алдындағы берген уәдесі сөз жүзінде қалды. Экономикалық дағдарыс лейбористер партиясында жік туғызды. Жұмысшы табына қарсы күрес күшейіп, еңбекші халық есебінен мемлекеттік бюджетті 120 млн ф.с. Қысқарту туралы мәселе күн тәртібінде тұрды. Үкімет жалақыны 20%-ға қысқартуға шешім қабылдады. Экономика шығынын үнемдеу туралы Мэя жоспарын қабылдау керек екенін айта бастады. Бұл жоспарға Ұлыбритания коммунистік партиясы және Британ кәсіподақ Конгресі қарсы шықты. Елді тағы да ереуілдік қозғалысқа шығуға шақырды. 1931 жылы ақша-қаржы дағдарысы күшейді. АҚШ заем беруден бас тартты. 1931 жылы тамыз айының 23-і күні Үкімет отырысы болып, елдегі ақша-қаржы дағдарысынан шығу туралы мәселе қаралды. Үкіметтің 21 мүшесінің 11 мүшесі жұмыссыздыққа бөлінетін төлемді қысқартуға қарсы дауыс берді. Үкіметтік дағдарыстан кейін премьер-министр Макдональд отставкаға кетуге шешім қабылдады.

Макдональд кеткеннен кейін «Ұлттық» бірлік үкіметі құрылды. Жаңа үкіметтің құрамы 10 адамнан тұрды. Макдональд бастаған топ «ұлттық лейбористер» үкіметі құрамына кірді. Либерал партиясынан екі адам кірді. Макдональд үкіметті басқара берді.

«Ұлттық» бірлік үкіметті дағдарыстан шығудың жолдарын қарастырып, біршама батыл шараларды қолға алды. «Үнемдеу» жоспарына сәйкес 85 млн ф.с. қаржы алынды. Салықтың жаңа түрлері енгізілді. Макдональд премьердің жалақысын 20%-ға қысқартты. Еңбекші халықты елдегі дағдарысқа байланысты түсінісуге шақырды. «Үнемдеу» саясаты елде халық қозғалысына өкелді. Лондон қаласында бірнеше мың адам қатысқан шерулер өтті. Шеруге қатысқандар «халықтан қолыңды тарт», «ұлттық үкімет жойылсын» деген ұрандар алып шықты. Инвергордан қаласындағы теңіз мұздықтары мен порт жұмысшылары ереуілге шықты. Олар жалақыны қысқартуға қарсы болған еді. Ағылшын үкіметінің тірегі болып келген теңізшілердің шығуы буржуазияны қатты қорқытты. Экономикалық дағдарыс аяқталғаннан кейін 1934-1935 жылдары елде саяси тұрақтану басталып, «ұлттық» үкіметтің беделі өсті. Өндіріс қайтадан жұмыс істей бастады. Жұмыссыздардың саны 2086 мың адамнан, 1937 жылы

1665 мың адамға азайды. Өнеркәсіп өнімдерін шығару 20%-ға өсті. Өнеркәсіптің жаңа салалары қайтадан жұмыс істей бастады. 1935 жылы қараша айында парламент сайлауында консерваторлар жеңіске жетті. 1935-1937 жылдары Болдуин премьер-министр болады. 1937 жылдың мамыр айынан 1940 жылдың май айына дейін Н.Чемберлен үкіметті басқарды. «Ұлттық бірлік» үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты реакциялық бағытта болды.

#### §4. Италия (1918-1939 жж.)

**Соғыстан кейінгі Италиядағы буржуазиялық-парламенттік жүйедегі дағдарыс.** Бірінші дүниежүзілік соғыстан Италия жеңген ел қатарында шықты. Италия соғыста өзінің негізгі бақталасы Австрия-Венгрияға соққы берді. Соғыста жеңген ел қатарында шыққанымен, Версаль бітімінде Франция мен Ұлыбритания Италияға толық еркіндік бермеді. Бірақ та соғыста жеңген ел ретіндегі Италия қозғалысында ұлы державалық саясат үстем болды. Италия буржуазиясы Балқан түбегінде және Жерорта теңізінде өзінің үстемдік саясатын жүргізуді көздеген еді. Балқан түбегінде Антанта елдері Италияның емес, Сербияның үстемдігін қолдады. Бірінші дүниежүзілік соғыс Италия буржуазиясын саяси дағдарысқа өкелді. Ұлы держава құру идеясы іс жүзінде аспады. Франция мен Ұлыбритания жеңген ел ретінде өздерінің Еуропадағы билігін нығайту үшін Италия буржуазиясын менсінгісі келмеді. Италияда ұлы державалық ойды жүзеге асыру үшін күрес жүргізетін буржуазиялық саяси партиялар жоқ болды.

Соғыстан кейін халықтың арасында беделді бірден-бір саяси партия - Италия социалистік партиясы (ИСП) болды. Италия парламенттік Республика болғанымен, ИСП-ы парламентте көпшілік болды да, ұсақ буржуазиялық (либерал, республика, радикалдар) парламентте айтарлықтай саяси күшке айнала алмады. Сондықтан Италия парламенті шынайы демократиялық институтқа айнала алмады. Италия парламенті ұсақ буржуазия алдында толық өшкереленді. Саяси дағдарыс ірі буржуазия мен католик шіркеуінің бірігуіне жол ашты. Бұдан былай елді басқара алатындай саяси партия құру қажет болды. Сөйтіп, 1919 жылы Италияда Халық партиясы құрылды. Бұл партияның әлеуметтік тірегі католик шіркеуі ықпалындағы буржуазия және шаруалар болды. XIX-ның құрылуы Ватиканның католиктерге саяси жұмысқа арналуына рұқсат беруін білдірді. Бірақ Ватикан мен Италия үкіметіндегі карама-қарсылық толық жойылған жоқ болатын. Либералдар

католик шіркеуіне деген сенімсіздігінен бас тартпай, антиклерикалық саясатын жалғастырып, ИХП-ына қарсы болды.

Соғыстан кейін Италия парламентіндегі саяси топтар демократиялық сайлау жүйесін енгізді. Парламенттегі депутаттар мандатының алған дауыс санына сәйкес бөлінуі принципі енгізілді. 1919 жылы жаңа сайлау заңы негізінде парламент сайлауы өтті. Сайлау барысында ИСП мен ИХП депутаттар палатасында 154 және 94 депутаттық орын алды. Ал либералдар және басқа ұсақ буржуазиялық партиялар 181 депутат өткізе алды. Саяси күштер сайлаудан кейін біріккенімен, ұсақ буржуазия мен соғысқа қатысқан әскери топтар Италияның соғыста жеңіп шыққанын малданып, өздерін жеңуші ретінде бағалап, содан ұлы державалық, шовинистік пиғылдағы адамдар саны көбейе бастады. Ұсақ буржуазия мен майданнан келген топтар арасында «ұлттық шовинизм» рухы жоғары болды. Сөйтіп, Италияда көптеген саяси-қоғамдық ұйымдар Италияны ұлы державаға айналдыруға бағыт ала бастады.

Саяси-қоғамдық ұйымдардың арасында фашистер әлдеқайда белсенді болды. Ұлттық шовинизм кең етек алып Версаль бітімінің шешіміне қарсы шығып, қайта қарауын талап етті. Италияның Фиулле аралын аннекциялау талабын Антанта елдері қолдамай, 1920 жылы аралды Югославияға бергізді. Антанта елдерінің мұндай шешімі фашистік ұйымдардың қарсылығына, ұлттың намысын оятуға негіз болды.

1919-1920 жылдардағы саяси дағдарыс, сыртқы саясаттағы сәтсіздіктер италияндықтардың шовинистік ойларын күшпен орындауға шақырды. Италия армиясында бүлікке шақырушылар көбейе бастады. Олар Адриат теңізінің жағасына, Албанияға әскер жіберуді талап етті, Италия әскерлерінің арасында бүлік шығып, либерал партиясы үкіметтен полиция мен жандармерияның санын көбейтуді талап етті.

1920 жылдан бастап Италияда саяси күштердің ара салмағы ұлтшыл шовинистік топтарға қарай ауысты. Елдегі буржуазия дәрменсіздік білдірді. ИСП-ы революциялық жолды қолдап, Кеңестік Ресейді қолдап, халықты революцияға шақырып жатты. Экономикалық дағдарыстар, революциялық толқулар Италия буржуазиясының террорлық саясатқа көшуіне жағдай жасады. Фашизмнің халық арасында беделі өсті. Фашизм Италияда ірі әлеуметтік күшке айналып, жанадан әскери ұйымдар мен құрылымдар құрып, Италияны дағдарыстан алып шығатын бірден-бір күш деп жарияланды. Елде саяси үкіметтік дағдарыс жалғасты.

**Муссолинидің үкімет басына келуі.** Либералдық үкімет революциялық толқулардан соң террорлық қимылға көшті. Буржуазия дағдарыстан шығудың жолын таба алмады, фашистік қозғалыс кең етек алып, халық арасында жаңа беделге ие бола бастады. Фашистік топтар күштерін біріктіріп, 1919 жылы «Әскери одақ» (fasci di combattimento) құрды. «Әскери одақ» фашистік ұйым ретінде құрылып, оның жетекшісі Бенито Муссолини болды. Фашистер елде өздерінің шовинистік, ұлтшылдық үгіт-насихатын кең түрде жүргізді. Италия үкіметінің дәрменсіздігін сынға алды. «Ұлттық мүдде», «Ұлы ұлт» идеясын таратты. Жұмысшы табының арасында таза экономикалық саясатты, ереуілдік қозғалысты қолдап, жұмысшы табының мүддесін қорғады. Шаруалар арасында «жерді кім өндесе, жер соныкі» ұранын тастады. Италияда фашизмді негізгі әлеуметтік топтар, халықтың кедейленген саласы қолдады.

Фашизмнің негізгі тірегі қалалық ұсақ буржуазия болды. Олар өз меншіктерін қорғау үшін үкімет қолдап отырған ірі буржуазияны қатты сынға алып, фашизмнің ұрандарын насихаттады. Фашизмнің шабуылы күшейген кезде халық арасында ықпалы бар дәстүрлі Италия Социалистік партиясы оқшауланып, тек қана социалистік идеяны уағыздаумен шектеліп қалды. Жұмысшы табы реакциялық буржуазия жағына шықты.

1920 жылдың аяғында Солтүстік және Орталық Италияда фашистер ашық террорға шығып, коммунистер ықпалындағы жергілікті ұйымдарды талқандап, большевиктерден елді құтқаруға шақырды. Жұмысшы табын әлсіретіп, ұсақ буржуазия ықпалын күшейту бағытын ұстанды. Италия үкіметі де біртіндеп фашизмді саяси жағынан қолдап, 1921 жылы соғыс министрі И.Бономи әскерлерді фашистік ұйымдарға көмекке жіберіп, фашизмнің қарулануына жол берді. Италия премьер-министрі либерал Дж. Джолити парламенттегі 35 фашистік депутаттармен бір блокқа кіріп, ИСП мен ИКП депутаттық тобына қарсы күресіп отырды. Италияның ірі буржуазиясы елдегі либерал-парламенттік саяси күшті сақтай отырып, фашизмді ашық қолдады. 1921-1922 жылдарда антифашистік күштер өте әлсіз болды. Италияның ұлылығын қалпына келтіретін бірден-бір саяси күш фашизм деп түсінді. Фашизмнің үкіметті өз қолына алуына жол ашылды.

1922 жылдан бастап фашистер парламентті таратып, диктатуралық билікті орнатуға шақырды. Фашизм Ватиканмен тығыз байланыс орнатып, католиктер де фашизмді қолдай бастады. Италияда саяси тұрақсыздықтан 1921 және 1922 жылдарда үш рет үкімет ауысты.

Италия социалистік партиясының реформалық тобы, үкіметті қолдап, елде фашизмге қарсы тойтарыс беру үшін жұмысшы тобын көтеріп, ереуілдер ұйымдастырып, Парме қаласында фашистердің қарулы құрамдарына қатты соққы берді. ИСП-ның максималистік тобы реформистерге қарсы шығып, партиядан бөлініп, Унитарлық Социалистік партия (УСП) құрды. Бұл жұмысшы табын әлсіретіп, олардың арасында жік туғызды. Фашизмге үкіметті өз қолына алуға толық жол ашылды. Олар 1922 жылы Неаполь қаласында өткен фашистер съезінде, үкіметке ашық ультиматум қойды. Фашистер әскерлерін мобилизация жасады. Сөйтіп, Неаполь қаласынан Римге жорық ұйымдастыруға кірісті. Үкімет амалсыздан отставкаға кетуге мәжбүр болды. Италияда төтенше жағдай жарияланды. Король үкіметтің кетуін қолдамай, Муссолиниді шақырып, үкімет құруға шақырды. 1922 жылдың 22 қазанда фашистік отряд салтанатты түрде Рим қаласына келіп, Муссолини үкімет басына отырды. Италияда фашистік диктатура орнады. Еуропада тұңғыш рет фашизм үкімет басына келді. Италияда соғыстан кейінгі либералдық-парламенттік жүйе тарайды. Саяси дағдарыс, революциялық күштердің жеңілуі, антифашистік қозғалыстың әлсіздігі, Италия буржуазиясының фашизмді қолдауы, Италияда демократияның жеңіліс табуына әкелді.

**Италиядағы «Маттеотти дағдарысы».** Италияда фашистік диктатураның құрылуы, буржуазиялық демократияның кейбір басқару жүйесінің уақытша сақталуына әкелді. Парламент сақталды, саяси партиялар ашық жұмыс істеді. Муссолини үкіметі құрамында либералдар да сақталды. Бірақ та фашистік диктатура біртіндеп өзінің саяси құрылымын өз қолдарына ала бастады. 1923 жылы жаңадан сайлау реформасын жүргізді. Бұрынғы демократиялық сайлау орнына, мажоритарлық жүйесін енгізді. Сайлауда 25% дауыс алған партия депутаттардың  $\frac{2}{3}$  орнын қамтамасыз ете алатын болды.

Италия парламентінің орнына құрылған Үлкен фашистік кеңес (ҮФК) заң шығарушы институтқа айналды. Оның төрағасы Муссолини болып тағайындалды. 1923 жылы Ұлттық қауіпсіздік милиция – ерекше фашистік қарулы ұйымға айналды. Олардың мүшелері Корольге және Муссолиниге таза жұмыс атқаруға уәде берді. Жергілікті басқару жүйесі префект әкімшілігінде фашистік партия өз бақылауын орнатты.

Фашистік үкімет буржуазияны қолдап, көптеген жеңілдікке барды. Ірі өнеркәсіп иелеріне субсидиялық көмектің мөлшерін

азайтқанымен, банктен кредит алуды жеңілдетіп, салық жүйесіне реформа жүргізді. Ұсақ буржуазия фашизмнің әлеуметтік тірегі болудан қала бастады. Экономикалық реформа ірі буржуазия мүддесіне сәйкес жүргізілді. Капитализмнің уақытша тұрақтану кезінде Италия экономикасы дами түсті. 1922-1924 жылдарда Италияда акционерлік қоғам саны 5951-ден 8822-ге жетті. Ұлттық капитал  $\frac{1}{3}$  өсті. Өнеркәсіп өнімдерін көптеп шығара бастады.

Еңбекші халықтың тұрмыс жағдайы біртіндеп жақсара түсті.

1924 жылы сәуір айының 6-ы күні Италияда парламент сайлауы болды. Сайлау мажоритарлық жүйе арқылы өткізіліп фашистік партия депутаттардың  $\frac{1}{3}$  орнын алды. Оппозициялық партиялар  $\frac{1}{3}$

орынға ие болды. Алғашқы парламент отырысында унитарлық социалистік партиясының депутаты Джакомо Маттеоти сайлау қорытындысын қатты сынға алып, фашистердің террорлық жолмен жеңіске жетіп отырғанын дәлелдеп сөз сөйледі. Бұл оның соңғы сөзі еді, оны 1924 жылы маусым айының 10-ы күні көшеде кетіп бара жатқан жерінен ұстап алып, өлтіріп тастады. Маттеотидың өлтірілуі елде саяси дағдарысты тереңдетті. Антифашистік қозғалыс кең етек алды. Парламенттегі оппозициялық партиялар депутаттары шығып кетіп, бөлек Авентиндік блок құрды. Ежелгі Римдегі плебей топтары кезінде патрицийлерге қарсы болып, Авентин жотасында жиналып, содан өздерін авентиндер деп атаған еді. Авентин блогы антифашистік қозғалыстың орталығына айналды. Бірақ та Авентин блогын социалистік партияның оң қанаты қолдамады.

Италия коммунистік партиясы да авентиндік блокты толық қолдамады. Оппозицияда бірлік болмады. 1925 жылдан бастап фашистер шабуылға шыға бастады. 1925-1926 жылдар аралығында фашистік диктатура ашық террорлық әдіспен, буржуазиялық демократияға қарсы шықты. 1926 жылы қараша айында төтенше заңдар қабылдады. Барлық оппозициядағы партияларға тыйым салды. Антифашистік баспасөзді жауып, цензура орнатты. Муссолини мен Король өміріне қастандық жасағандарға өлім жазасы қолданылатын болды. Төтенше заң шыққаннан кейін елде жаппай тұтқындау басталды. Италия коммунистік партиясының басшысы А.Грамши тұтқындалып, партияның ары қарай өмір сүруіне тыйым салынды.

1927 жылы Италияда жаппай қудалау жүргізетін Төтенше трибунал және жасырын полиция әкімшілік мекемелері құрылды.

Төтенше трибунал мемлекеттің қауіпсіздігін қорғап отырды. Премьер-министр Муссолини Король алдында ғана жауап беретін болды. Парламенттің беделі түсті.

1927 жылы Үлкен фашистік кеңес Еңбек Хартиясы деген заң қабылдады. Бұл заң экономиканы корпорациялауға негізделді. Мемлекет корпорациялау арқылы өнеркәсіп иелері мен жұмысшы арасында келісімге келу «ұлттық мүддені» көтермелеуге сәйкес өнеркәсіп салалары мемлекеттік қолдауға сүйеніп жұмыс істейтін болды. Италия да басқа елдер сияқты мемлекеттік-монополиялық жолға түсе бастады. Бұл, бір сөзбен айтқанда, экономиканы мемлекет арқылы реттеу деген сөз еді. Корпоративтік буржуазия үстем бола бастады.

1930 жылы үкіметтің шешімімен Ұлттық корпорация кеңесі құрылды. Бұл кеңестің міндеті елдегі экономиканы мемлекет арқылы басқаруға негізделді. Кеңеске 22 ұлттық корпорация кірді. Ол еңбек пен капитал арасындағы қайшылықты реттеп отырды. Еңбекші халықтың мүддесін қорғайтын корпорациялық кәсіподақ ұйымы өмірге келді. Италиядағы еңбек арасындағы дау жанжалды, өнеркәсіп иелерімен жұмысшы арасындағы келіспеушілікті реттеу үшін кәсіподақ федерациясы құрылды. Корпорациялық Кеңес 1933 жылы әлеуметтік салада көптеген шаралар енгізді. 8 сағаттық жұмыс күнін белгілеп, жұмыссыздықты азайтты. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін, астық тапшылығын жоюда көптеген шаралар жүргізді. Егіс көлемін көбейтіп, суармалы егіске көп көңіл бөлінді. 1929 жылы Италияда 81 млн тонна астық алынды. Сөйтіп, Италия өзін-өзі астықпен қамтамасыз етті. Бұл бұрын-соңды болмаған жеңіс еді, барлығы 4 млн га жер жаңадан игерілді.

Италияның саяси дамуына айтарлықтай ықпал жасайтын жағдай мемлекет пен Ватикан арасындағы қатынас еді. 1929 жылы Италияның фашистік үкіметімен Ватикан арасындағы Латеран сарайында келісім болды.

Бұл келісім бойынша: 1. Рим папасы Италия үкіметінен алатын 1750 млн лир компенсациясынан бас тартты. 2. Италия үкіметі Ватиканның тәуелсіздігін мойындап, қасиетті Петр шіркеуі айналасындағы ауданды мойындады. 3. Ватикан шіркеуінің жанұя және неке мәселесінде толық еркіндігін мойындады. Мектептерде католик шіркеуі өз ықпалын жүргізуге келісім алды.

Италияның фашистік диктатурасы бұл келісім арқылы өз идеологиясында католик ықпалын қалыптастырды. Мұның Италия қоғамы үшін маңызы өте зор болды.

**Италияның сыртқы саясаты.** Италияда фашистік үкімет орнағаннан кейін-ақ, сыртқы саясатта ұлтшылдық бағыт ұстады. Муссолини үкіметі жерорта теңізінде үстемдік орнату, Балқан түбегіндегі елдерге ықпал жасау саясатын іске асыру үшін күресті. 1924 жылы Италия мен Югославия арасындағы келісім бойынша Фиум аралын өзіне қайтарды. 1924 жылы қаңтар айында Италия Кеңестік Ресейді мойындап, елшілік қатынас орнатты.

30-жылдары Италия сыртқы саясатта империалистік бағытты ашық жүргізе бастады. Ел экономикасының тез дамуы жаңа соғысқа дайындалу үшін қару-жарақтың жаңа түрлерін шығарып, қарулануға мүмкіндік туғызды. Италияда фашистік үкімет соғысқа дайындалуды негізгі мақсат етіп қойды, империялық көзқарас идеологияның негізгі үгіт-насихатына айналды.

Мемлекеттік аппарат ұлы державалық сыртқы саясатты жүзеге асыру үшін жұмыс істеді. 1933 жылы Муссолини елдегі әскери басшылықты өз қолына алды. Халықты соғысқа дайындап, жаппай қарулану күн тәртібіне қойылды. Тіпті 1934 жылы Муссолини Австрияны жаулап алуға дайындалды. 1934 жылдың соңында стратегиялық маңызы зор, Африкадағы Эфиопия елін жаулап алуға дайындық жүргізе бастады. Франция мен Германия арасындағы келіспеушілікті пайдаланып, 1935 жылы қаңтар айында Италия мен Франция арасында жасырын келісімге қол қойылып, Франция үкіметі Италияның Эфиопияны жаулап алу ойын қолдап, сенім білдірді. 1935 жылы қазан айының 3-і күні 500 мың әскерімен Италия Эфиопияға соғыс жарияламастан шабуыл жасады. Италия – Эфиопия соғысы басталды. Италия өзінің агрессиялық саясатын тұңғыш рет жүзеге асырды. Әскери күш жағынан Эфиопиядан бірнеше есе көп әскерімен 1936 жылы ол елді жаулап алды. 1936 жылы мамыр айының 9-ы күні Муссолини Италияның Эфиопияны толық басып алып, жеңіске жеткендігін Венециан сарайының балконынан халыққа жариялады.

Италия – Эфиопия (Абиссиния) соғысын империалистік елдер Франция мен Англия қолдады. Эфиопия королі Хасан I Ұлттар лигасына хат жолдап, Италияның жаулап алуын айыптауға шақырды. Ұлттар лигасы 1935 жылы қараша айында Италияға экономикалық санкция жариялады.

Италияның агрессиялық саясаты 1936 жылы жаз айында Испания республикасына қарсы интервенция ұйымдастыруымен жалғасты. Испанияға қарсы соғыста Германиямен бірікті. Испанияға жіберген Италия әскерлері 1937 жылы наурыз айында Гвадалахар түбінде жеңіліске ұшырады. Фашистік Италия мен Германияның

агрессиясын империалистік елдер ашық қолдамағанымен, қару-жарақпен көмектесіп отырды. АҚШ, Франция және Ұлыбритания елдері бейтарап саясат ұстанды.

1936 жылы қазан айында Италияның сыртқы істер министрі Чиано Берлин қаласында саяси ынтымақ келісіміне қол қойды. Бұл келісімді Муссолини екі ел арасындағы ось (қазық) деп атап, басқа елдерді қосылуға шақырды. Сөйтіп, Берлин – Рим келісімі пайда болды. Германия өз жағынан Италияның Жерорта теңізі аймағындағы ықпалын мойындаса, Италия Германияның Орталық Еуропа елдеріне ықпал жүргізуін еркін мойындады. Екі фашистік мемлекет 1937 жылы «большевизмге» қарсы күресу үшін Германия мен Жапония қол қойған ынтымақ келісіміне қосылды. Берлин – Рим – Токио агрессиялық одағы құрылды. 1937 жылы желтоқсанда Италия Ұлттар лигасынан өз еркімен шықты.

1938 жылы қыркүйек айының 29-ы күні Мюнхен қаласында Муссолини Гитлерді қолдап, Чехословакияның Судет облысын Германияға беру туралы Мюнхен келісіміне қол қойды. Империалистік елдердің фашистік Италия мен Германияның агрессиялық саясатын ойланбастан қолдауы екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына жол ашты. 1939 жылы сәуір айында Италия, Албания королі Зогуге ультиматум қойып, ол орындалмаған соң Италия әскерлері Албанияны жаулап алды. 1939 жылы 22 мамырда Италия мен Германия «темірдей берік пактісіне» қол қойып, болашақта «жерде, теңізде және әуеде» бір-бірін қолдау туралы ант берді. Екі фашистік мемлекет арасында осылай әскери одақ құрылды. Италия екінші дүниежүзілік соғысқа дайындала бастады. Елдің экономикасы жаңа соғысқа бейімделіп автаркиялық саясатқа (өзін-өзі қамтамасыз ету) көшті. Соғыс өндірісіне қажетті стратегиялық шикізаттармен, азық-түлікпен қамтамасыз ету автаркиялық саясаттың негізгі бағыты болды.

## §5. Америка Құрама Штаттары (АҚШ) (1918-1939 жж.)

**Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы. Саяси-экономикалық дамуы.** Бірінші дүниежүзілік соғыс АҚШ-ты халықаралық қатынаста түбегейлі өзгеріске әкелді - АҚШ соғысқа Антанта жағында 1917 жылы сәуір айында кірді. 1918 жылы көктемде Америка әскерлері Еуропа құрлығына келіп, шілде-тамыз айларында соғыс майдандарына қатысты. Соғыс АҚШ-тың жерін қамтыған жоқ, экономикасы ешқандай зиян шекпеді. АҚШ-тың

соғыста адам шығыны өте аз болды. Соғыс майданында 50 мың адам өліп, 230 мың адам жараланды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында АҚШ-тың өнеркәсіп орындары тоқтаусыз жұмыс істеп Еуропа елдерінің соғыс тапсырмаларын орындап отырды. Сондықтан американдық корпорация иелері шексіз таза пайдаға кенелді. 1914-1918 жылдары АҚШ-тың таза кірісі 33,5 млрд доллар болды. Өнеркәсіптің дамуының дүниежүзілік саладағы үлес салмағы өсті. 1919 жылы АҚШ дүниежүзінде өндірілген өнеркәсіп өнімдерінің, оның ішінде көмірдің 50%, шойын мен болаттың  $\frac{3}{5}$ ; мұнайдың  $\frac{2}{3}$ ; автомобильдің 85% шығарды. Соғыстың қорытындысында АҚШ-тың экономикалық күш қуаты артты. Сонымен қатар, АҚШ қаржы саласында Еуропа елдеріне көптеп инвестиция арқылы көмектесіп, өндірісін дамытуда. Олар қаржы саласында АҚШ-қа тәуелді болды.

АҚШ инвестициясы Еуропа елдеріне:

- соғысқа қажетті заем 11 млрд долларға жетті;
- Канада мен Латын Америка елдеріне жеке инвестиция мөлшері 7 млрд доллар болса, 20 жылдарда дүниежүзі елдеріндегі АҚШ инвестициясының мөлшері 18 млрд долларға жетті.

Соғыстың АҚШ үшін қорытындысы, Еуропа елдеріне Америка капиталының көп мөлшерде шығарылуы, АҚШ қарыз беретін елге айналды. Соғыстың қорытындысында АҚШ дүниежүзіне өзінің саяси экспанциялық саясатын нығайта түсті. Дүниежүзілік рынокты өз қолына ала бастады. АҚШ президенті Вильсонның сөзімен айтқанда: «Біздің міндетіміз дүниежүзіне ақша беру болса, ақша берген ел әлемді билей білуі керек». Бұл саясаттың негізі – АҚШ-тың дүниежүзілік гегемондық билікке шығуы болды.

Соғыстан кейін АҚШ президенті Вудро Вильсон (1856-1924) болып қалды. Ішкі саясатта либерал-реформаторлық бағыт ұстап, Американың қаржы капиталының мүддесін қолдады. Сыртқы саясатта Латын Америкасы елдеріне қарсы экспанциялық саясат жүргізді. 1918 жылы қаңтарда атақты «14 пункт» бағдарламасын ұсынып, Париж конференциясына қатысты.

1920-1921 жылдарда АҚШ-та экономикалық дағдарыс кең етек алды. Елде ереуілдік қозғалыс күшейді.

1919 жылы елде 210 мың өнеркәсіп орындары болса, ол 1921 жылы 192 мыңға қысқарды. Жұмыссыздық 5-6 млн адамға жетті. Ереуілдік қозғалысқа қатысқан адамдар саны 4,5 млн жетті. 1921 жылы АҚШ-та екі коммунистік партия бірігіп, бір партияға айналды. АҚШ-та дағдарыс жылдарында демократиялық қозғалыс

кең етек алды. Ереуілдік қозғалысқа Америка Еңбек конфедерациясы (АЕК) кәсіподақ ұйымы басшылық жасады. Экономикалық дағдарыс президенттік сайлау қарсаңында демократиялық және республикалық партия арасында саяси күресті күшейте түсті. Вильсонның демократиялық партия үкіметінің, халықтың алдында беделі түсе бастады.

1920 жылы қараша айының 2-і күні АҚШ-та президенттік сайлау өтті. Сайлауда республикалық партияны қолдап 16 млн дауыс берсе, демократиялық партияны қолдап 9 млн сайлаушылар дауыс берді. 8 жыл елді басқарған демократиялық партия жеңіліс тапты. АҚШ президенті болып республика партиясынан Уоррен Гардинг (1865-1923) сайланды. Вице-президенті болып Калвин Кулидж болды. Республикалық партия үкіметі келгеннен кейін де елдегі экономикалық дағдарыс жалғасты. Ірі монополияға сенім артқанымен, Гардинг үкіметі қарсылыққа душар болды. 1923 жылы елді аралап жүрген кезде, аурудан Гардинг қайтыс болып, оның орнына вице-президент Кулидж тағайындалды.

**Капитализмнің уақытша тұрақтану кезіндегі АҚШ.** 1924 жылы АҚШ-та президенттік сайлау болып, республикалық партия екінші рет жеңіске жетіп, Кулидж президент болды.

1924 жылы АҚШ-та капитализм уақытша тұрақтану кезеңіне өтті. Буржуазияның саяси ықпалы күшейді. Ереуілдік қозғалыс жеңіліс тапты. Жалпы демократиялық қозғалыс сайлаудан кейін әлсіреді. Экономикалық өрлеу үшін АҚШ буржуазиясы қаржы бөлуге кірісті. Экономика құрылымын өзгертіп, ішкі өндіріске капиталды салып, жаңа технологияны енгізіп, өндіргіш күштің тез өсуіне жағдай жасады. Өнеркәсіптің жаңа салалары: ауыр өнеркәсіп, автомобиль, машина жасау, энергетиканың дамуына көңіл бөлінді. Өнеркәсіп өнімдерін өндіру тез өсті. Мысалы: 1923 жылмен салыстырғанда болат қорыту 45 млн т; 57 млн т артты; электр энергиясы 71 млрд квт сағ, 117 млрд кв сағатқа өсті. Жалпы өнеркәсіп өнімі 70% артты. АҚШ өнеркәсібі дүниежүзінде өндірілген өнімнің 48%-ын шығарды. Сөйтіп, капиталистік елдердің арасында бірінші орынға шықты. Ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерінің өндіріске тез енгізілуі автомобиль шығару Америка қоғамының мақтанышына айналды. Автомобиль өндірістің негізін қалаушы Генри Фордтың атымен шықты. Жаңа конвейерлік жүйенің енгізілуі, өндірістің үздіксіз жүргізілуі өндіргіш күштердің артуы, АҚШ-ты автомобиль шығарудан дүниежүзінде бірінші орынға алып шықты. Мысалы: 1913 жылы 485 мың, ал 1921 жылы, 1.6 млн, 1929 жылы 5,4 млн автомобиль шығарылды. Форд

автомобиль заводында кейбір кезде күніне 25 мың автомобиль шығарылатын болды. Өнеркәсіптің химия, самолет жасау, радиотехника салалары қарқынды дамыды. 1928 жылы капитализмнің тұрақтануы өзінің ең жоғарғы деңгейіне жетті. «Американдық гүлдену заманы басталды» деп түсіндірді АҚШ президенті Кулидж.

1928 жылы АҚШ-та кезекті президенттік сайлауда республикалық партия жеңіске жетіп Герберт Гувер елдің президенті болып сайланды. Гувер үкіметі сайлаушылардың үмігін ақтай алмады. АҚШ экономикасындағы дағдарыстан шығудың жолын іздеген «миллионер үкіметі» одан еңбекші халық арқылы шығудың жолын тандады. «Қатал индивидуализм» идеясы елдің дағдарыстан мемлекеттік қолдау арқылы шығуынан бас тартты. Еңбекші халықты әлеуметтік жағынан қолдауға және жұмыссыздарға көмек көрсетуге қарсы болды. Гувер үкіметі реакциялық саясат ұстады. АҚШ фермерлерінің талабын орындау үшін 1929 жылы маусым айында конгресс арқылы «Ауыл шаруашылық тауарларын өткізу туралы» заң қабылдады. Жаңа заң бойынша федералдық фермерлерді басқару басқармасын құрды. Фермерлердің өнімдерін сатып алу және рыноктағы артық астықтың мөлшерін азайту үшін мемлекет фермерлерге 500 млн доллар бөлді. Фермерлерден сатып алынған ауыл шаруашылығы тауарлары мемлекеттік қоймаларда сақталды. Қоймаларға 257 млн т. бидай, 1,3 млн т. мақта жиналды. Халыққа қажетті азық-түлік тауарларын базарға шығаруды тежеді. Халық арасында аштық басталды. Ұсақ және орта фермерлердің жағдайы нашарлады. Мемлекеттік қолдау саясаты уақытша ғана қолданылып, көп кешікпей тоқтатылды.

Гувер үкіметі ішкі саясатта миллионерлерді қолдап, ірі монополия иелеріне жеңілдіктер жасады. Жеке меншік компанияларына жеңілдетілген несие берсе, корпорация иелеріне салық мөлшерін азайтты. Шет елдің тауарларына баж салығын өсіріп, ірі өнеркәсіп монополиясы тауарларының бағасын көтерді. Ірі монополияларды мемлекеттік субсидия (көмек) арқылы қолдап отырды. Гувер үкіметі дағдарыс жылдарында мемлекеттік-монополиялық саясатты жүргізуге мәжбүр болғанымен, оған шектеу қойып отырды. Бұл саясатты АҚШ-та кейіннен Рузвельт үкіметі толық жолға қоя алды.

Гувер үкіметінің сыртқы саясаты 20-жылдары басталған экспанциялық бағытта жүргізілді. Қаржы-ақша саясаты АҚШ-тың халықаралық қатынастағы орнын нығайтты. Шет елдерге АҚШ инвестициясы көптеп шығарылды.

1929 жылы шет елге шығарылған инвестиция мөлшері 16,5 млрд доллардан 27 млрд долларға өсті. Американ капиталы Латын Америкасы елдеріне көптеп шығарылды. Бұл АҚШ монополистеріне шексіз пайда әкелді. Экономикалық экспансия саясаты бұл елдерде әскери бақылауын күшейтті.

АҚШ үкіметі Қиыр Шығыста Жапонияның ықпалын әлсіретіп, Вашингтон конференциясынан кейін Қытайда өз беделін көгеруге қол жеткізді. Бұл саясат Қытайда 1924-1925 жылдарда халық көтерілісінің басталуына әкеліп соқты. 20-жылдарда АҚШ-тың Еуропа елдерінде беделі нығая түсті. Оған 1924 жылғы Дауэс жоспарының Германияның экономикалық дамуын күшейтуі әсер етті. Германияға АҚШ-тың займы, несие, қаржы-ақша көмегі берілді. Еуропада Германия арқылы АҚШ-тың гегемондық саясаты басталды. 20-жылдарда АҚШ өзінің антисоветтік саясатын жалғастыра берді.

**Экономикалық дағдарыс жылдарындағы АҚШ.** 1929 жылы АҚШ-та экономикалық дағдарыс басталады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ең бай ел АҚШ-та дағдарыстың басталуына не себеп болды? Бұл сұраққа жауап беру үшін дағдарыстың қалай басталғанына және АҚШ экономикасының даму ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Экономикалық дағдарыстың басталуына 1929 жылғы Нью-Йорк қаласындағы қор биржасындағы оқиға себеп болды. Бұл былай болған еді. 20-жылдарда Нью-Йорк қор биржасында дүниежүзінде сатылатын акция (қағаз ақшаның) мол қоры болды. Оның мөлшері 1927 жылы 27 млрд болса, 1929 жылы 87 млрд долларға жетті.

1929 жылы қазан айының 24-і күні қор биржасында 12,4 млн акция сатылса, бес күннен кейін 16,4 млн акция сатылды. Қағаз ақша құны күнсызданып, акция иелері 32 млрд доллар жоғалтты. Сөйтіп, 1933 жылы Нью-Йорк қор биржасында 19 млрд доллар қалды. Бұл процесс АҚШ-тың экономикасының дағдарысқа ұшырауына әсер етті. Сөйтіп, дүниежүзілік капитализм дағдарысы басталды.

Ол АҚШ-тың өнеркәсіп салаларын түгелдей қамтыды. Өнеркәсіп өнімдерін шығару 54% қысқарды. 1932 жылы болат өндіру мен автомобиль шығару 15-16% төмендеді. 285 темір қорыту пештерінің 1932 жылы 46-сы ғана жұмыс істеді.

Экономикалық дағдарыс еңбекші халықтың тұрмыс жағдайын төмендетті. Әлеуметтік қайшылық өсті. 1929-1932 жылдарда жұмыссыздардың саны 17 млн адамға жетті. Жұмыссыздық 30-

жылдардағы АҚШ-тың күнделікті өміріндегі қалыпты көрініске айналды. Жұмысшылардың жалақысы 60% -ға қысқарды.

АҚШ-тың ауыл шаруашылық саласы дағдарыс жылдарында көп зардап шекті. Ауыл шаруашылық өнімдері артық шығарылып, өтпей қалды. Ауыл шаруашылық тауарларының бағасы үш есе арзандап кетті. Бұл фермерлердің жағдайын күйзелтті. Дағдарыс жылдарында 900 мың фермерлік шаруашылық қысқартылды.

1929-1933 жылдарда АҚШ-тың банк жүйесі айтарлықтай дағдарысқа жетті. Осы жылдарда 5800 банк жабылды. Миллиондаған американдықтар өздерінің банкке салған жинақтарынан айрылып, қайыршылық жолға түсті. Экономикалық дағдарыс американ халқының психологиясына айтарлықтай әсер тигізді. Ең бай елдің қайыршылыққа душар болуы халықтың молшылыққа деген үмітін үзе бастады. Американың гүлдену дәуіріне сенімсіздік күшейді. Индивидуализм идеясына байланысты әрбір американ азаматы өз күшіне сену керек екеніне көздері жете бастады. Мемлекет халықты әлеуметтік жағынан қорғаудан бас тартты. Әлеуметтік қайшылықтың тереңдеуі, бұқара халықтың күреске шығуына әкелді. 1930 жылы 183 мың жұмысшы ереуілге шықты. 1932 жылы Вашингтон қаласында 25 мың соғыс ардагерлері жиналып, өздерінің тұрмыс жағдайларын жақсартуын үкіметтен талап етті. Мұндай қозғалысқа фермерлер де белсене қатысты. 1932 жылы тамыз, қыркүйек айларында Батыс штаттағы фермерлер қозғалысы бірнеше айға созылды. Халықтың бұқаралық қозғалысы барлық әлеуметтік топтарды қамтыды. Үкімет бұларға қарсы полицейлік күштерді жіберіп, басып жаншып отырды. Елде репрессия кең етек алды.

АҚШ-тағы дағдарыс жылдарында кезекті Президент сайлауына дайындық басталды. Президенттік сайлау қарсаңында республикалық партия Гувердің ел алдындағы атқарып жатқан қызметін мақтаумен ғана шектелді. Елдегі экономикалық дағдарыс әрбір сайлаушының көз алдында өтіп жатты. Күн санап республикалық партияның беделі түсе берді.

Демократиялық партияның сайлау қарсаңындағы үгіт-насихат жұмысы халық арасында жандана түсті. Олар экономикалық дағдарыс жылдарындағы республикалық партияның саясатын күн санап өшкерелеп жатты. Демократиялық партияның сайлау бағдарламасы еңбекші халық алдында жаңа реформалық бағытты ұсынды. Демократиялық партия АҚШ президенттігіне Нью-Йорк штатының губернаторы Франклин Делано Рузвельттің кандидатурасын ұсынды.

Ф.Рузвельт сайлау алдында өзінің жаңа экономикалық реформасын ұсынды. Реформаның негізгі бағыты миллиондаған кедейленген халықтың мүддесін қорғау деп түсіндірді. Реформаның жаңа ұраны тарихта «жаңа бағыт» деп аталды. Ф.Рузвельттің жаңа бағытын американ қоғамы онша түсіне алған жоқ. Сондықтан бірден саяси қайраткерге айнала алмады. Бірақ та сайлау қарсаңындағы үгіт-насихат жұмысының барысында, экономикалық дағдарыстан шығудың жолы мемлекеттік тұрғыдан реттеу екенін түсіне бастады. Мемлекеттік реттеу – экономиканы дағдарыстан шығарудың бірден-бір жолы екенін сайлаушылар да түсініп, Ф.Рузвельттің саяси беделі өсе бастады. Сайлаушылар алдында сөйлеген сөзінде Ф.Рузвельт елдегі азаматтық құқықтың сақталуын, оған мемлекеттік жауапкершілікті күшейтуі керектігін айтып отырды. 1932 жылы қыркүйек айының 23-і күні Сан-Франциско қаласында сөйлеген сөзінде «экономикалық жоспарлау» идеясын ұсынды. XX ғасырда американдықтар үшін тәуелсіздік Декларациясына өзгерістер енгізудің қажеттілігін айтты. «Әрбір адам өмір сүруге құқықты, сондықтан үкімет әрбір адамға еңбек етуге, еңбегінің нәтижесін көре білуге көмектесуі керек, қоғам байлығы халық үшін қызмет жасауы қажет» – деді. Америка мемлекеті халықтың әлеуметтік мақсаты үшін жұмыс атқаруы керек, әрбір адамды қорғау үшін мемлекеттік әлеуметтік жүйе қалыптасуы қажет екенін айтып отырды. Жаңа бағыт саясатының негізгі мәні - халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реформа жүргізу екенін сайлаушылар алдында сөйлеген сөздерінде әр уақытта ескертіп отырды. Республикалық партияның сайлау бағдарламасы халық алдында сенімсіздік тудырып, демократиялық партияның өкілі Ф.Рузвельттің беделі өсті. Ол либералдық реформа саясатын батыл жүргізуді талап етті.

1932 жылы қазан айында АҚШ-та президенттік сайлау өтті. Сайлау қорытындысында демократиялық партия өкілі Ф.Рузвельтті қолдап 22,8 млн сайлаушылар дауыс берді, республикалық партия өкілі Гуверге 15,8 млн сайлаушылар дауыс берді. Ф.Рузвельт жеңіске жетті. Демократиялық партия АҚШ конгресінің екі палатасында да көпшілік орын алды. 1933 жылы наурыз айының 4-і күні Ф.Рузвельт президенттік қызметіне кірісті.

Рузвельттің «жаңа бағыт» саясаты. 1933 жылы наурыз айының 9-ы күні Рузвельт үкіметі АҚШ парламентінің арнаулы сессиясын шақырып, «жаңа бағыт» саясатын жүзеге асыру үшін жаңа заңдарды қабылдады. Жаңа бағыт саясатының бірінші кезеңі 1933-1934 жылдарда жүзеге асуы қажет болды. Бұл кезеңнің негізгі

мақсаты АҚШ-тың қаржы-экономикалық дамуында корпоративтік құрылымын нығайту болды. Капитализмнің әлеуметтік негізіне өзгерістер жасау арқылы, либералдық реформалар жасауға кірісті. Жаңа бағыт саясатының алғашқы күнінен бастап АҚШ-та қаржы-банк жүйесінде қайта құру шаралары жүргізілді. Мемлекет қаржы-банк жүйесін өз қолына алу үшін қаржы корпорация мекемесін құрды. Мемлекеттік қаржы корпорациясы (МФК) арқылы банктер заем алу құқына ие бола алды. Ол үшін тек қана ірі банктердің мүмкіндіктері болды. Мемлекет банктерге субсидия беру үшін 5 млрд доллар бөлді. Бірақ мемлекеттің көмегін кез келген банк алу құқына ие бола алмады. Банк жүйесін ірілендіру арқылы жүзеге асыра алды. Сөйтіп, АҚШ-та банк жүйесіндегі реформа арқылы 25 мың банктен, бар болғаны 15 мың банк қалып, мемлекеттен көмек ала бастады. 1934 жылы доллардың алтын баламасын 40% арзандатты. Банк жүйесінде мемлекеттің ықпалын күшейтіп, қаржылық қорды нығайтты. Мемлекет толық қаржы-банк жүйесін өз қолына алды. Коммерциялық банктердегі халық салымын биржаларда сатуға тыйым салды. Банктердің акцияларына мемлекет қатал бақылау жасады. Сөйтіп, қаржы-банк жүйесі толық мемлекеттің бақылауына көшті.

Әлеуметтік-экономикалық салада 1933 жылы маусым айының 16-ы күні жаңа заң қабылдады. Бұл ұлттық өнеркәсіпті қайта құру заңы (НИРА) деп аталды. Жаңа заң бойынша өнеркәсіпті қайта құру үшін мемлекет бақылау жасап, өндірілген өнім мөлшері мен бағасын анықтап отыратын болды. Өнеркәсіп иелері корпоративтік бизнес жасауға еркіндік алды.

НИРА заңдарының негізгі бағыты жұмысшы табының әлеуметтік саласын қорғау болды. Бұл заңның 7а-бабында жұмысшылар кәсіподақ ұйымдарына бірігуге болатынын, сонымен қатар ұжымдық бірлестік келісімдерін жасауға толық құқықтарын белгіледі. Өнеркәсіп иелерімен келісім-шарттарын жасап, жалақы және жұмыс күнін белгілеуге мүмкіндік алды.

Өнеркәсіпті қалпына келтіру НИРА заңы жұмыссыздықты азайту туралы да шаралар жүргізді. Бұл шараларды жүргізу үшін қоғамдық жұмысты әкімшілік реттеу (РВА) заңын қабылдады. Мемлекет бұл саладағы жұмыстар үшін 3,3 млрд доллар қаражат бөлді. Жаңа бағыт саясатының алғашқы айларында жұмыссыз жүрген 4 млн адамға жұмыс тауып берді. Жұмыссыз жүрген жастарға арнаулы мекемелер құрып, Оңтүстік Америка штаттарында жер қазу, жерді суландыру үшін каналдар қазып, тас жолдар салатын ауыр қол күш еңбегі арқылы жұмыс тауып берді. Сөйтіп,

дағдарыс жылдарындағы 12 млн. адам жұмыссыз болса, жұмыссыздықтың санын 25% азайтты. Буржуазиялық реформа барысында АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық саласында алға басушылық жүзеге асып, дағдарыстың бәсеңдегені байқалды. Өндірісті реттеу реформасынан кейін, Рузвельт әкімшілігі ауыл шаруашылық саласында жаңа бағыт саясатын жүргізуге кірісті. 1933 жылы мамыр айының 12 күні фермерлерге көмек заңын қабылдады. Бұл заң бойынша ауыл шаруашылық тауарларының бағасын өсірді. Фермерлер мемлекеттен ақша алу үшін егіс көлемін, мал басын азайту арқылы мемлекеттен арнаулы ақшалай сыйлық алу құқына ие бола алды. Ауыл шаруашылығын қалпына келтіру (AAA) бағдарламасын қабылдады.

1933 жылы жаз айында фермерлер егіс көлемін және мал санын азайтуға кірісті. Елде азық-түлік тауарлары жетіспей жатқанда, фермерлер ақша алу үшін өздерінің өндірген тауарларын жойып, ірі фермерлер ақшалай сыйлық алып жатты. Батыс штаттарында егіс көлемі 80% қысқартылды. Оңтүстік штатында мақта және темекі плантацияларында егіс көлемі қысқартылды. Бұл шаралар кішігірім фермерлерге тиімсіз болды. Азық-түліктің жетіспеуіне қарамастан, көптеген ауыл шаруашылық тауарлары шіріп, мұхит суларына тасталып жатты.

Фермерлердің мемлекетке қарызы кешіріліп, көмек ретінде 1,5 млрд доллар көмек көрсетілді. Ұсақ фермерлер мемлекетке қарыздарын өтей алмай, шаруашылықтарын сатып, қалаға кетуге мәжбүр болды. Сөйтіп, 1933-1934 жылдарда АҚШ-та 600 мың фермер шаруашылығы қысқартылды. Бұл барлық фермердің 10%-ын қамтыды. Жаңа бағыт бағдарламасы алғашқы жылдары халықтың қолдауына ие болса, 1934 жылдан бастап бұл саясатқа қарсы оппозиция күшейе түсті. Жалпы капитализм дағдарысы халықтың жағдайын жақсартуға мүмкіндік бере алмады. Сондықтан еңбекші халықтың наразылығын күшейтті. 1933 жылы елде 1 млн адам ереуілге қатысты. 1934 жылы ереуілге 1,5 млн адам шықты.

Рузвельттің «жаңа бағыт» саясатының негізгі қорытындысы қалай аяқталды? Мемлекеттің өнеркәсіп саласында белсенді араласуы дағдарыстан шығуға мүмкіндік жасады. Өнеркәсіп өнімдері 1929 жылғы өндірілген деңгейдің 80% жетті. 1933 жылы өнеркәсіп өнімдері 63% жеткен болатын. Жұмыссыздықты азайтқанымен, ол толық жойылған жоқ. 1935 жылы АҚШ-та 7 млн адам жұмыссыздар қатарында болды. «Жаңа бағыт» саясаты қалай десек те АҚШ-тың экономикалық дағдарыстан шығуына көмектесті. XX ғасырдың 30-жылдарындағы АҚШ-тағы «жаңа

бағыт» капитализмді сақтап қана қойған жоқ, мемлекеттік реттеу арқылы капитализмнің жаңа жолмен дамуына мүмкіндік жасады. Буржуазиялық реформа капитализмнің жаңаша дамуына жол ашты. Ал Еуропа елдері - Германия мен Италия корпоративтік жолмен дамуға көшті. Мемлекеттік реттеу идеясы жаңа бағыт саясатының негізгі бағыты болды.

**АҚШ-тың сыртқы саясаты 1933-1939 жылдарда.** Ф.Рузвельт үкіметі сыртқы саясатта жаңа бағыт ұстады. Экспанциялық саясаттан толық бас тарта алмағанымен, 30-жылдардағы Еуропадағы фашистік үкіметтердің агрессиялық саясаты АҚШ үкіметінің сыртқы саясатына біршама өзгерістер жасауға мәжбүр етті. Бұрынғыға қарағанда өте сабырлы саясат жүргізуге тырысты. Ең алғашқы қадамдарының бірі - антисоветтік саясаттан бас тартуы болды. Сөйтіп, 1933 жылы 16 қарашада АҚШ үкіметі КСРО-ны мойындап, елшілік қатынас орнатты. Бұл сол жылдардағы сыртқы саясаттағы ірі жеңісі, Ф.Рузвельттің көрегендік ақыл-ойының нәтижесі еді.

30-жылдардағы АҚШ-тың Латын Америка елдеріне бағытталған экспанциялық саясаты бәсеңдеді. АҚШ үкіметі бұл елдермен «көршілік» саясатын жүргізе бастады, яғни басқыншылық саясатынан бас тартуға тура келді. Еуропа елдеріндегі фашистік бірліктің құрылуы АҚШ үкіметін ойландыра бастады. Себебі, олар фашизм қаупі дүниежүзілік қауіп екенін түсіне бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында АҚШ үкіметінің негізгі бағыты «бейтараптық» саясат болды. Бұл саясаттың негізгі бағыты фашистік елдердің агрессиялық саясатын қолдай отырып, КСРО үкіметінің соғыс қарсаңындағы коллективтік қауіпсіздік саясатын қолдамау еді. 1937 жылы қазан айының 5-і күні Чикаго қаласында сөйлеген сөзінде Ф.Рузвельт «қазіргі уақытта бүкіл әлем фашизмге қарсы күресте бірігуіміз қажет» — деді. Бейтараптық сыртқы саясат АҚШ үкіметін оқшаулауға әкелді. Бірақ та екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы АҚШ-тың сыртқы саясаты Германияны шығысқа қарай соғыс ашуға, яғни КСРО-ны күшпен жоюға итермелеп отырды.

#### **§6. КСРО – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы (1917-1939 жж.)**

**Петроградтағы қарулы көтеріліс. II Бүкілресейлік кеңес съезі.** Қарулы көтерілістің басталуына «Рабочий пункт» және «Солдат» газеттерінің беттерінде қарулы көтеріліске шақырған мақалалардың жариялануы себеп болды. Уақытша үкіметтің

бұйрығымен 23 қазан түні екі газет жабылды. Сонымен бірге Керенский Петроград әскери округінің басшысы Г.Полковниковке большевиктердің әскери-революциялық комитеті мүшелерін тұтқындауға бұйрық шығарды. Қазан айының 24-і күні таңертең большевиктердің Орталық Комитеті баспахананы қорғауға әскер жіберуге шешім қабылдады. Уақытша үкімет пен большевиктер партиясы қарулы күштері арасында қақтығыстар басталып, большевиктер қаладағы маңызды мекемелерді өз қолдарына ала бастайды. Уақытша үкімет қаладағы жағдайды өз қолдарына алу үшін, солтүстік теңіздегі матростардан көмек сұрайды. Қаладағы жағдай бұрынғыдан да шиеленісіп, Қысқы сарай, соғыс министрі және Петроград әскери округ үйлері уақытша үкіметтің қолында қалды. Уақытша үкіметке қарсы большевиктер күші көбейіп, 25 қазан күні таңертең В.И.Ленин «Ресей азаматтарына арнап» үндеу таратады. Ресейде уақытша үкімет құлап, Петроградта билік Петроград кеңесі мен әскери-революциялық комитеттің қолына алғандығын жариялайды. Керенский уақытша үкіметінің қарсылық көрсетуге қосымша күштер келіп жетпеді, Қысқы сарайды қорғауға бірнеше жүз юнкерлер және үш жүздей казактар, барлығы 900 адам ғана қалдырылды.

Большевиктер Қысқы сарайға шабуыл жасау үшін 11-20 мыңдай солдаттарды дайындады. Петроград әскери округінде сол кезде 160 мың адам болған. Әскерлердің көбі «бейтараптық» саясат ұстап, екі жақты қолдамағанын көреміз. Қазан айының 25-і күні түске жақын большевиктер Маршен сарайын, округтің бас штабын өз қолдарына алады. Петроград әскери округ әскерлері қарулы көтерілісшілер жағына шыға бастайды. Қысқы сарайды күшпен алу керектігін И.Сталин мен Л.Троцкий қолдамайды. Бірақ, В.И.Лениннің Смольныйға келуі Қысқы сарайды қарудың күшімен алуды тездетті. Қысқы сарайдағы уақытша үкімет мүшелерімен келісім өз нәтижесін бермеді. Большевиктер «Аврора» кемесінен оқ атып, Қысқы сарайға шабуыл бастады. Бұл кезде уақытша үкіметті қорғап тұрған азғантай юнкер мен казактар айтарлықтай қарсылық көрсете алмады, қызыл гвардияшылар Қысқы сарайды алды. Сөйтіп, қарулы көтерілістің бірінші кезеңі Қысқы сарайды алып, уақытша үкімет мүшелері тұтқындалып, Петропавл түрмесіне қамалды. Сол кездегі газеттерде Қысқы сарайды алу барысында 6 адам өліп, бірнеше адам жараланды деп жазды.

25 қазан күні кешкі 10 сағат 40 минутта Смольныйда жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкілресейлік II съезі ашылды. Съезд жұмысында В.И.Лениннің «Ресей азаматтарына

арнаған үндеуі» бүгіннен бастап өкімет билігі советтердің қолына көшкенін жариялады. «Сондықтан, - деді советтер съезінің қаулысында, - жергілікті жерлерде бүкіл өкімет жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтеріне көшеді, Советтер нағыз революциялық тәртіпті қамтамасыз етуге тиіс».

26 қазан күнгі съезд жұмысында Совет үкіметін құру туралы мәселе қаралды. Солшыл эсерлер «барлық партия өкілдерінен үкімет құру» туралы ұсыныс енгізді. Большевиктер советтерде көпшілік болды, сондықтан солшыл эсерлер үкіметтің құрамына кіруден бас тартты, осының өзі таза большевиктік үкіметтің құрылғандығын айғақтады. Үкімет Халық комиссарлар Советі (СНК), ал үкіметтің мүшелері – халық комиссарлары деп аталды. Советтер съезі Советтердің съездер аралығында елдегі өкіметтің жоғарғы органы – Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетін (ВЦИК) сайлады. ВЦИК-те 101 мүшесінің 62-сі большевиктер, 29-ы солшыл эсерлер, қалғаны басқа партиялардың өкілдері болды.

Съезде В.И.Ленин бітім туралы баяндама жасады. Бітім туралы декретте Совет өкіметі барлық соғысушы елдермен аннексиясыз, контрибуциясыз әділ бітім жасасуды ұсынды. Декретте құпия дипломатияны жою, құпия шарттарды жариялау. Бітім туралы декретте совет мемлекетінің сыртқы саясатының принциптері: пролетарлық интернационализм, барлық халықтардың бостандығы, тәуелсіздігі мен теңдігі үшін күресі қолдау табатыны айқындалды. Соғысты тез арада тоқтату, соғысқа қарсы күрес, бейбіт қатар өмір сүру, қоғамдық және мемлекеттік құрылысы әр түрлі мемлекеттердің араларында туатын дау-жанжалды бейбіт келісім арқылы шешу туралы мәселелер көтерілді.

Съезде жер туралы мәселе қаралды. 625 депутат бір ауыздан эсерлердің дайындаған 242 аманатын қабылдады. Бұл аманатты В.И.Ленин бастаған большевиктер де қолдады. Декрет жерге помещиктік жер иеленушілікті дереу және түбірімен жоюды талап етті.

Заң жерге, жер қойнауына, орман, суларға жеке меншік жойылады, яғни национализацияланады. Жерге жеке меншіктің жойылуы, декреттен кейін аграрлық мәселедегі заңдар шаруалар мен помещиктер арасында наразылық туғызып азамат соғысына әкелді. Помещиктер мұра жерлерін совет өкіметіне бергісі келмеді. Совет өкіметі кейіннен помещиктердің жер иеліктерін күшпен тартып алып, шаруаларға бөліп беріп, қоғамдық шаруашылық ұйымдастыру үшін, жеке меншіктің тамырына балта шапты.

Съезд жаңа құрылған Совет үкіметінің мүшелерін бекітті. Халық комиссарлар Советінің төрағасы В.И.Ульянов (Ленин), ішкі істер халық комиссары А.Рыков, жер халық комиссары В.Милютин, еңбек комиссары А.Шляпников, соғыс және теңіз істері жөніндегі комитет В.Овсеенко (Антонов), Н.Крыленко және П.Дыбенко, сауда және өнеркәсіп В.Ногин, халыққа білім беру А.Луначарский, финанс И.Скворцов (Степанов), сыртқы істер Л.Бронштейн (Троцкий), Заң Г.Оппоков (Ломов), тамақ жөніндегі И.Теодорович, пошта және телеграф Н.Авилов (Глебов), ұлттар істері жөнінде И.Джугашвили (Сталин) сайланды. Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті (ВЦИК) төрағасы Л.Каменев (Розенфельд) сайланды. Съезд жұмысы 27 қазан күні таңғы сағат 5.00-те аяқталды.

**Большевиктердің елде жеке билік орнатуға көшу саясаты.** Советтердің II съезінде жеке-дара көпшілік дауыс алу кезеңі ұзаққа созылмады. Саяси билікті нығайту үшін басқа партиялармен келісімге келу қажет болды. Большевиктердің билігі уақытша болды. Социалистік бағыттағы эсерлер мен меньшевиктер большевиктердің билікті күштеп алуына қарсы шықты. Советтердің II съезінен кейін меньшевиктер мен оңшыл эсерлер «Отанды құтқару» комитетін құрып, большевиктерге қарсы бүлік ұйымдастыра бастады. А.Керенский болса, казактардың басшысы генерал Красновқа сүйеніп, Петроградқа шабуыл жасауға дайындалды.

Москва, Петроград жұмысшылары социалистік партиялардан біртұтас үкімет құруды жақтап, ереуіл өткізуге шақырды. Үкіметтік дағдарыс жағдайында жұмысшылар арасында беделді кәсіподақ ұйымы, яғни Теміржол кәсіподақ ұйымы комитеті (ВИКЖель) 700 мың мүшесі арқылы ереуілге шақырып, большевиктерден біріккен үкімет құруды талап етті. Большевиктердің Орталық комитеті (ЦК РСДРП(б)) теміржолшылармен келісімге келуге келісті. В.И.Ленин бұл келісімді Керенский мен Корниловқа қарсы «елшілік келісім» ретінде түсінсе, Зиновьев, Рыков, Ногин социалистік партиялар арасындағы келісім, көппартиялық демократиялық үкімет құру деп түсінді.

Теміржол кәсіподақ ұйымы комитеті мен большевиктер арасындағы келісім барысында жаңа үкімет құруға уағдаласты. РСДРП(б) Орталық комитетінен Каменев, Атқару комитеті (ВЦИК) атынан Рязанов қол қойып, 18 адамнан жаңа үкімет құруға келісті. Бірақ, 1918 жылы қараша айында елдегі саяси ахуал большевиктер жағына ауысты. Москвада Совет өкіметі жеңді, Корнилов бастаған казактардың Петроградқа шабуылы жеңіліс тапты. В.И.Ленин уақытша келісімге келгенімен, большевиктердің билікті өз қолына

алып күшеюі, 1918 жылы қараша айында біріккен үкімет құрудан бас тартуға негіз болды. Каменев, Рыков, Милютин, Ногиндер В.И.Лениннің саясатына наразылық ретінде РСДРП(б) Орталық комитетінен, халық комиссариаты мүшелігінен бас тартып, большевиктер арасында ашық жік туды. Оңшыл эсерлер мен меньшевиктер большевиктерге қарсы күрес жүргізе берді. 1918 жылы желтоқсан айында большевиктер солшыл эсерлермен келісімге келіп біріккен үкімет құрды. Үкіметтің құрамында: Заң (И.Штейберг), пошта және телеграф, (П.Прошьян), жергілікті басқару (В.Трутовский), Республика мүлік меншігі (В.Карелин), жер мәселесі (А.Коллегаевтар) кірді. Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы өкіметтік дағдарыстан большевиктер солшыл эсерлер партиясының қолдауы арқылы шықты.

Үкіметтік билікті жеке-дара толық алу үшін большевиктер партиясына Құрылтай жиналысын шақыруды мақсат етіп отырған меньшевиктер мен оңшыл эсерлерге қарсы күресу керек болды. Сондықтан күн тәртібінде екі мәселе тұрды. Большевиктер В.И.Ленин бастаған топ демократияның жоғарғы сатысы Советтерді қалдыру керек десе, меньшевиктермен басқа да социалистік бағытты ұстаған саяси партиялар Құрылтай жиналысын шақыруды талап етті. Құрылтай жиналысын жұмысшы табы мен шаруалар да қолдады. Большевиктер сол кездегі саяси жағдайды түсініп, Құрылтай жиналысын шақыруға келісім берді. Жалпы Құрылтай жиналысын шақыруды қазан төңкерісіне дейін уақытша үкімет 1917 жылғы қараша айының 12-іне белгілеп қойған болатын. Сайлау уақытында өтіп, Құрылтай жиналысын қолдаған партиялар эсерлер 40,7%, меньшевиктер 2,7%, большевиктер 24% дауыс алды. Эсерлердің жеңіске жетуінің негізгі себебі, ұсақ буржуазия мен шаруалар қолдады. Сөйтіп, Құрылтай жиналысына сайланған 715 депутаттың 412 эсерлер, ал 183-і большевиктерден болды. Елде демократиялық қос өкіметтік билік орнады. Кімді-кім жеңеді деген мәселе тұрды. В.И.Ленин большевиктер партиясының ұсынысымен Құрылтай жиналысы туралы қарар дайындап жариялады. В.И.Ленин: «Біз буржуазиялық революциядан пролетарлық революцияға көшуіміз керек, Құрылтай жиналысы арқылы кадеттер халықты парламенттік қиялмен алдап келеді, сондықтан Құрылтай жиналысын қайта қарап, билікті Советтердің қолында қалдыру керек» – деді. Билік жолындағы күрес революциялық жолмен шешілуі мүмкін деп, елді азамат соғысына шақырды.

1918 жылы қаңтар айының 3-і күні В.И.Лениннің жазған «Еңбекші және қаналушы халық құқықтарының декларациясын»

ВЦИК бекітті. Декларация бойынша Бүкілресейлік жұмысшы, солдат және шаруалар Республикасы болып жарияланды. Бұл шешім Құрылтай жиналысында қаралып бекітілуі қажет болды. Сонымен қатар Құрылтай жиналысы Советтерді мойындап, өзінің қызметін аяқтау керек болды.

1918 жылы қаңтардың 5-і күні Петроград қаласындағы Таврия сарайында Құрылтай жиналысы өз жұмысын бастады. Құрылтай жиналысында Я.Свердлов «Декларация туралы» баяндама жасады. Декларацияны депутаттар қабылдамады. Жиналыстың төрағасына ұсынған М.Спиридоновтың кандидатурасы өтпей, жиналыстың төрағасы болып оңшыл эсер В.Чернов сайланды. Құрылтай жиналысы Бүкілресейлік Советтердің II съезінің шешімдерін де бекітпеді. Жиналыста большевиктер партиясы жеңіліс тапты. Бұл сол кездегі Ресейдегі шын мәніндегі саяси ахуал болатын. Большевиктер партиясы Халық Комиссариаты Орталық комитеті Құрылтай жиналысын тарату туралы шешім қабылдады. Құрылтай жиналысының депутаттары Таврия сарайынан кетуге мәжбүр болды. Ресейде парламенттік демократия кезеңі аяқталып, тоталитарлық терроризм кезеңі басталды. Россия тарихында бір-біріне қарсы тұрған тап күресі басталды. Үкіметтік билік күш арқылы шешілуі қажет болды. Бұл елде азамат соғысының басталуына әкелді. Большевиктер партиясы Советтерді сақтап қалу үшін жеке саяси күш ретінде күреске шықты. Ресей қоғамы екіге бөлінді.

1918 жылы большевиктер үкіметтік басшылықты күшейту үшін Бүкілресейлік Советтердің III съезін 10-18 қаңтарда шақырды. ВЦИК төрағасы Я.Свердлов және Халық Комиссарлар кеңесінің басшысы В.И.Ленин сөз сөйлеп, елдегі саяси билік Советтерге көшкенін, контрреволюцияға қарсы күресте қарулы күштерді барынша пайдалану құқығы Советтерге берілуі керек екенін айтты. Большевиктер пролетариат диктатурасының жүргізіп отырған қарулы шараларына қарсы болды. Троцкий жаңа билікті орнату үшін Советтердің жүргізіп отырған күш көрсетуіне қарсы шықты. Съезд өз шешімімен жұмысшы, солдат және шаруалар советтерін біріктіріп, ұсақ буржуазия мен шаруаларды қолдап отырған эсерлердің елеуметтік тірегін әлсіретті. Жергілікті Совет органдарынан эсерлерді біртіндеп шығара бастады. Бұл процесс елде террорды бұрынғыдан да күшейтті. В.И.Лениннің «Федералдық құрылымы туралы» қарарын бекітті.

Ең жоғарғы өкіметтік билік Бүкілресейлік Советтер съезі болды. Съезд аралығында қызметті Бүкілресейлік Атқару Комитеті (ВЦИК) атқаратын болды. Ресей Федерациясы үкіметі болып

Халық Комиссарлар Советі бекітілді. Съезд Бүкілресейлік Атқару Комитетінің 306 мүшесін бекітті. Оның 160 – большевиктер, 125 – солшыл эсерлер, 7 – оңшыл эсер т.б. Сөйтіп, В.И.Ленин бастаған большевиктер елде жеке билік орната отырып, тап күресіне дайындалып жатты. 1918 жылғы шілде айының 6-7 күндердегі Москва және Шығыс майдандағы солшыл эсерлердің бүлігі Ресейдегі қос партиялық жүйенің аяқталып, бір партиялық биліктің орнауына әкелді.

**Азамат соғысы (1918-1920 жж.).** 1918 жылдың алғашқы айларында Советтік Ресей шет ел империалистерінің қоршауында қалды. 1918 жылы Германия өзінің бітім келісімін бұзып, Петроград қаласына қарай соғыс қимылдарын бастады. Псков және Нарва қалаларының маңында қызыл әскерлер жауға қарсы соғыста жеңіске жетіп, ақпан айының 23 күні В.И.Лениннің қол қоюымен жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясын құрды. Патшалық Ресейдің ескі армиясын таратып, оның орнына жаңа адамдар шақырып, 1918 жылы қыркүйек айында жалпыға бірдей әскери міндеткерлік енгізді. Жаңадан қарулы күштерді құруда бұрынғы патша армиясының әскери басшыларын пайдалануға В.И.Ленин келісті. Олар: И.Вацетис, С.Каменев, А.Брусиллов, Е.Снесарев, В.Альтфатер т.б.

Соғыс Халық Комиссары болып Л.Троцкий тағайындалды. Жергілікті жерде Қызыл Армия құру үшін халықтық әскери комиссариаттар жұмыс істей бастады. Азамат соғысы басталар алдында Қызыл Армияда 6 армия және 54 дивизия, 450 мыңдай адам болды.

1918 жылы Советтік Ресейдің ішінде тап күресі шиеленісе түсті. Елде бір-біріне қарама-қарсы үш саяси топ қалыптасты. Біріншісі, большевиктерді қолдаған жұмысшы және шаруалар; екіншісі, құлатылған өкімет уәкілдері (офицерлер, казактар, өндірістік буржуазия); үшінші, ұсақ буржуазия (орта шаруалар, саудагерлер мен қолөнершілер). Азамат соғысының алғашқы айларында халықтың арасында ауытқушылар көп болды. 1918 жылы большевиктерге қарсы ескі тәртіпті қалпына келтіру үшін демократиялық контрреволюциялық саяси топтар күрес жүргізді. Олардың көбі эсерлер мен меньшевиктер болды. Елдегі контрреволюциялық күштерді біріктіре отырып, азамат соғысын бастауға негіз болды. Бұл саяси күштер шет ел империалистерінен қолдау тапты. Ал азамат соғысының басталуына негізгі себеп болған 1918 жылғы мамыр айында Сібір теміржол бойында басталған чехословак бүлігі болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Австро-Венгрия қол астында болған чех және словак

халықтары Ресейге қарсы соғысуға мәжбүр болды. Кейіннен соғыс майданына қатысқан чех және словактар өз еркімен Ресей жағына түтқынға түсіп, Ресей жағында соғыс майданына қатысты. 1918 жылы Ресейде 200 мың чех және словактар болды. Оның 50 мыңдайы соғысқа қатысты.

Брест бітімі бойынша чехословак корпусы қарусызданып, еліне қайтуы керек болатын. Совет үкіметінің шешімімен Владивосток арқылы теңізге шығып Францияға баруы қажет болды. Бүлік 25 майда басталып тез арада Пензадан Владивостокқа дейінгі зор территорияны қамтыды, осы жолда чехословак корпусының эшелондары тұрған болатын. Францияның Ресейдегі елшісі Нуланс 1918 жылғы майда: «Одақтастар интервенция бастауға ұйғарды... және чехословак армиясын одақтас армиялардың авангарды деп қарайды» – деп мәлімдеме жасады.

Чехословак корпусының бүлігі Волгада (Еділде) Уралда және Сібірде кулактардың көтерілісін бастау үшін қағылған дабыл болды. Бұған оңшыл эсерлер мен меньшевиктердің ықпалындағы орта шаруалар да қатысты. Самарада меньшевиктердің Құрылтай жиналысын қолдаған контрреволюциялық үкімет «Комуч» құрды. Дәл осындай үкіметтер Омскі мен Екатеринбургте де пайда болды. Совет үкіметіне қарсы халық қозғалысы кең етек алды. Қызыл Армия жеңіліс тауып жатты. Осындай ауыр кезеңде большевиктер қызыл террорға көшті. Соғыс комиссары Л.Троцкий соғыс майдандарында әскери трибунал құрып, өз эмиссарларын жіберіп, ешқандай сотсыз жазықсыз адамды ату жазасына беріп жатты. Петроград полкінің 27 қызыл әскерлерін атып тастады. Муром, Арзамас, Свято қалаларында тұңғыш концлагерлер құрылды. 1918 жылы қыркүйек айынан бастап Советтік Ресей «соғыс лагеріне» айналды. Революциялық әскери совет құрылып, оны Троцкий басқарды, уақытында меньшевиктер мен эсерлер Троцкийдің бұл іс-әрекетін сынап, әскери басшы бола алмайтынын айтқан болатын. Бірақ В.И.Ленин тыңдамай, Соғыс Халық Комиссарының басшысы етіп тағайындаған еді. Кейін Қызыл Армияның бас қолбасшысы Н.Вацетис тағайындалды. 1918 жылы қыркүйек айынан бастап Қызыл Армия күш жинап, шабуылға шығып Қазан қаласын алды.

**Шығыс және Оңтүстік майдандағы соғыс қимылдары.** Совет үкіметінің тағдыры Шығыс майданда шешілуі тиіс еді. 1919 ж. Шығыс майданда Колчак 400 мың әскер жинақтап, Еділ өзені бойындағы Қазан және Самара қалаларына қауіп төндіріп, Мәскеу қаласына жақындай түсті. Екінші қауіп, егер Шығыс майданды

жоймаса, оңтүстік майдандағы Деникин армиясымен бірігу қауіпі төнді. 1919 жылы В.И.Лениннің айтуымен революция тағдыры Шығыс майданда шешілуі керек деп танылып, ол үшін барлық күш Колчак армиясын талқан-дауға шақырылды. Қызыл Армияға еріктілер келіп, 800 мың әскер жинақталды. Жаңа күштердің келуімен 1919 жылы сәуір айында Колчак армиясы алғаш рет жеңіліс тапты. Бугуруслан, Белебей және Уфа қалаларында М.Фрунзе бастаған Қызыл Армия күштері жеңіске жетіп, Колчак армиясы Орал тауынан асырып тасталды. Совет үкіметі Колчак жеңілгеннен кейін Чехословак корпусымен келісімге келіп, Владивосток арқылы Еуропаға кетулеріне мүмкіндік берді.

1919 жылы шілде айында Совет үкіметіне оңтүстіктегі Деникин армиясының шабуылы қауіп төндірді. Деникин армиясына Антанта елдері көмек көрсетті. Черчилль: «Біз Деникин армиясына 250 мың мылтық, 200 пушка, 30 танк бердік» – деп мойындады. Сол жылы мамыр айында Деникинге Украин ұлтшылдары айтарлықтай көмек көрсетті. Дон өзенінің бойындағы казактар, 6-Украин дивизия әскерлері көмекке келді. Олардың құрамында 20 мың адам, 50 пушка, 700 пулемет және 6 бронепоезд болды. 1919 жылы маусым айында Деникин армиясы Тавр, Екатеринослав, Харьков, Донецк, Воронеж, Царицын, Астрахань және Дон облыстарын басып алды. Врангель армиясы Царицын қаласын алды. Деникиндер Курск және Воронеж қалалары арқылы Мәскеуге қауіп төндірді.

В.И.Ленин халықтың барлық күшін «Деникинге қарсы күресуге» шақырды. Деникинге қарсы жаңадан 40 мың коммунистер мен 30 мың комсомолдар шақыруға үн қосты. 1919 жылы шілде айында Қызыл Армия құрамында 157,6 мың мылтық, 25,8 мың атты әскер, 4094 пулемет, 55 бронепоезд болса, Деникин армиясында 104,5 мың мылтық, 50,9 мың атты әскері, 1212 пулемет, 28 бронепоезд болды. Деникиннің атты әскері 2 есеге көп болды. Атты әскер азамат соғысы жылдарында негізгі әскери күшке айналды. Деникиннің Мәскеуге шабуылы сәтті болып Тамбов, Козлов, Елец, Воронеж қалаларын басып алып, 20 қыркүйекте Курск қаласын алды.

1919 жылы қазан айында Қызыл Армия қарсы шабуылға шықты. Оңтүстік майданда атақты С.Буденный бастаған атты армия корпусы шешуші роль атқарды. Орел, Воронеж қалаларының маңында атты корпус ірі жеңіске жетіп, Деникин армиясы оңтүстікке қарай шегіне бастады. 1920 жылы Деникин армиясы Украинаны тастап, Новороссийск қаласы арқылы Түркияға қашып

кетті. Өзінің орнына генерал Врангельді қалдырды. Деникин армиясының жеңілуі азамат соғысындағы шешуші кезең болды.

1920 жылы қыркүйек айының 1-і күні Совет үкіметі Врангель армиясын талқандау үшін М.В.Фрунзе (1885-1925 жж.) бастаған Оңтүстік майдан құрды. Врангель армиясында 50 мың адам болды. 1920 жылы Оңтүстік майдан әскерлері шабуылға шығып, Донбасс, Днепрдің оң жағалауы, Таврия және Қырым азат етілді. 1920 жылы қараша айында Қызыл Армия қиындыққа қарамастан, Сиваш және Перекопты азат етіп, Қырымға шықты. Соғыс майданында 2 атты армия басшысы Ф.Миронов, 51 дивизия басшысы В.Блюхер ерекше ерлік көрсетті.

Врангель армиясын талқандап Қызыл Армия Қырымды азат етті. Қырымды азат еткеннен кейін облыстың әскери революциялық комитеті қызыл террор жүргізіп, Қырымды ақтардан тазарту жүргізді. Бұл шараларды жүргізгендер Қырым облревкомының төрағасы Бела Күн мүшелері Р.Землячка, Оңтүстік майданның төтенше бөлімінің бастығы Е.Евдокимовтар болатын. Бұлардың қолдарынан ешқандай жазықсыз 8 мың офицер сотсыз атылды.

**Совет-Польша соғысы.** 1920 жылдың көктемі мен жазында Қызыл Армия Польшаға қарсы соғыс қимылдарын жүргізуге мәжбүр болды. 1920 жылы сәуір айының 17-і күні Польша генералы Пилсудскийдің бұйрығымен Польша әскерлері Киевке шабуыл бастады. Пилсудскийдің ойы Речь Посполитаяның құрамында болған Белоруссия, Украина, Литваны қосып алып, 1772 жылғы Польша мемлекетінің шекарасын қалпына келтіру болды. Польша әскерлерін Украинадағы ақтар үкіметі Симон Петлюр қолдап, мамырдың 6-ы күні Киев қаласын қолдарына алады. 1920 жылы жазда Қызыл Армия қарсы шабуылға шығып, маусымның 12-і күні Киев қаласын азат етті. РКП(б) Орталық Комитетінде Польша әскерлерін «Керзон сызығы» деп аталатын шекараға дейін қуып апарғаннан соң, соғыс қимылдарын Польша жерінде жүргізге беруге шешім қабылдау туралы мәселе қаралды. Троцкий соғысты тоқтатып келісімге келуге шақырса, В.И.Ленин соғысты жалғастырып, Польша жұмысшы табының қолдауымен Совет үкіметін орнату керек деп шешті. Бұл сол кездегі қате шешім болды. Поляктар Совет үкіметін орнатуға қарсы болды. Бұл басқа елдің қаруымен дүниежүзілік революция орнату идеясы болатын.

1920 жылы тамыз айында Тухачевский басшылығымен Қызыл Армия Висла өзенінен өтіп, Варшава қаласына жетті. Қызыл Армияның Польша жеріне кіруін поляктар қолдамады. Пилсудский 80 мың армия жинап, Шығыс-Пруссия шекарасында жеңіске жетті.

Қызыл Армия тылдан алыс қалып, жаңа күштердің келіп жетпеуінен жеңіліске ұшырады. Варшава, Львов маңында Қызыл Армия жеңіліп, 30 мың Қызыл Армия әскерлері тұтқындалды, олардың тағдыры күні бүгінге дейін белгісіз болып қалды. Қызыл Армияның жеңілу себептері: біріншіден, соғыс қимылдарына аса тиянақты дайындық болмады. Батыс және Оңтүстік-Батыс майдан әскерлерінде өзара байланыс болмады. Польша әскерінің күшін дұрыс бағаламады. Екіншіден, большевиктер Польша жерінде социализм орнату ниетінде болды. Польша халқы ғасырлар бойына Германия, Австро-Венгрия және Ресейге қарсы азаттық күресін жүргізіп, 1918 жылы 11 қарашада өз тәуелсіздігін жеңіп алып, Польша Республикасын құрған болатын.

Азамат соғысының аяқталуына Қызыл Армияның Қиыр Шығыста жапондарға қарсы күресі де себеп болды. 100 мың жапон әскерлерімен бірге Колчак армиясының қалдықтары мен Г.Семенов бастаған казактар шығыста Қызыл Армиямен соғысты. Байкал көлінің маңында Қызыл Армия ақгвардияшыларды талқандап, Қиыр Шығыс Республикасын құрды. Ол РСФСР мен Жапония арасындағы демократиялық республика болды. 1921 жылдың соңында Қызыл Армия Қиыр Шығыс Республикасының армия басшысы В.Блюхердің көмегімен Хабаровск қаласын азат етті. Волочаевка станциясында болған үш күн соғыстан кейін ақгвардияшылардың әскери күштері талқандалып, 1922 жылы қазан айының 25-і күні Қызыл Армия Владивосток қаласын алады.

1922 жылы Қиыр Шығыста азамат соғысы аяқталды. Азамат соғысы жылдарында Совет үкіметінің алғашқы әскери басшылары: М.Фрунзе, М.Тухачевский, В.Блюхер, С.Буденный, Г.Котовский, П.Якир айтарлықтай ерлік көрсетіп, өз әскери таланттарымен танылды.

Азамат соғысы тарихта адамзат баласына ауыр қасірет әкелген соғыс болды. Оның себебі, бір елде бір-біріне қарсы тап соғысы, ағайын-туыстардың бір-біріне қарсы соғысы, әке мен бала, бірге туған ағайындардың соғысы, Ресей халықтарына өте ауыр зардап шектіріп, материалдық және рухани жағынан халыққа ауыр шығындар әкелді. Екі жаққа да, өздерінің түсінігінше, әділетті соғыс болып көрінді. Екі жақ та ерлік көрсетті. Большевиктер өздерінің революция идеясы арқылы халықты алдап, өкіметті жеңіп алды. Соғыс майданында қызылдар мен ақтар, қызыл және ақ террор, аштық пен ауру 13 млн адамның өмірін алып кетті. 1917 жылмен салыстырғанда Ресей халықтарының саны 23 млн адамға азайды.

**«Соғыс коммунизм» саясаты.** Совет өкіметінің экономикалық саясатының негізі, азамат соғысы мен шет ел интервенциясы жылдарында халықты азық-түлікпен, тауар-ақша қатынасын қалыптастыру, өнеркәсіпті национализациялау, салғырт арқылы халықтан азық-түлікті тартып алу, алынған азық-түлік тауарларын карточка арқылы үлестіру болды. «Соғыс коммунизм» саясатын идеологиялық догмаға айналдыру арқылы, капитализмнен социализмге өтуді қамтамасыз ету керек болды. Соғыс пен аштыққа қарамастан, халықтан соңғы жеп отырған нанын, күн көріп отырған малын тартып алып отырды. Совет өкіметінің «жауларын» өте ауыр қудалау арқылы, зорлық пен зомбылық арқылы жеңіске жетіп отырды. «Соғыс коммунизм» саясатының негізін қалаушы Бухариннің сөзімен айтқанда, бұл «халық жауларын көндіру үшін ату және зорлап, күштеп көндіру» саясаты еді. Бұл шараларды іске асыру үшін елде төтенше шаралар жүргізді. Халықтың қолындағы артық астықты тартып алу үшін азық-түлік отрядтарын құра бастады. Азық-түлік отрядтарына В.И.Ленин және Цурюпа басшылық жасады. Бүкілресейлік Советтердің VI съезінде 1918 жылы қарашада Зиновьев сөз сөйлеп: «ауылдағы кулактар мен ұсақ буржуазияның қолындағы артық тауарларын тартып алып, қарсылық жасаған жағдайда өлтіруге дейін барып, ауылда пролетарлық революцияның жеңісін қамтамасыз жасай аламыз» – деді. «Соғыс коммунизм» саясатын большевиктер партиясы осылай жүзеге асыруға кірісті. Бұл саясат көп кешікпей-ақ ауылдарда шаруалар арасында жік туып, совет өкіметінің саясатына қарсы күрес күшейді. 1919 жылы қаңтар айының 11-і күні В.И.Лениннің қол қоюымен «Астық және тұқым салғыртын енгізу туралы» декретке жарияланды. Астық қорын жинақтау үшін мемлекет шаруаларға белгілі мөлшерде салғырт өткізіп, қалған өнімдерін өздерінің керегіне жаратуға мүкіндік берді. Бірақ мемлекеттік салғырт мөлшері өте жоғары болды, сондықтан шаруалар өздерінің қажетіне астық пен тұқымын қалдырмай түгел өткізіп отырды. Шаруалар мүддесі толық ескерілмеді. 1919 жылы Совет өкіметі тұрақты жеке базарларды жауып, көтерме саудаға тыйым салды. Шаруалардың артық тауарларын сататын базарларды жауып тастап, жеке меншікке шектеу жасады. Қағаз ақша құны төмендеп, 3136 есе арзандады. Елде біртүгас ақша жүйесі жойылды.

1919 жылы ақпанның 19-ы күні ВЦИК-тің «шаруаларды жерге орналастыру және социалистік жер шаруашылығы» туралы қарары шықты. Шаруалар жерді өңдеу үшін бірігіп коммуна құруы қажет болды. Бұл қарардан кейін шаруалар Совет өкіметіне ашық қарсы

шыға бастады. 1919 жылы наурыз айында өткен РКП(б) VIII съезінде В.И.Ленин өзінің ұсақ буржуазияға деген көзқарасын өзгертіп, орта шаруалармен келісімге келуге шақырды. 1920 жылдарда большевиктер жүргізген аграрлық саясат күштеп жүргізілді. Орта шаруалар совет өкіметін онша қолдамады. Соның нәтижесінде елде 5 мың совхоз және 6 мың коммуна құрылды. «Соғыс коммунизм» саясаты жылдарында өнеркәсіп саласы құлдырап, 80% жұмыс істемеді. 2522 өнеркәсіп орындары национализацияланды. Үнеркәсіп орындарына қажетті шикізат жетіспеді. Өнеркәсіп соғысқа бейімделіп жұмыс істеді. Жұмысшылардың еңбек ақысы күн көрісіне жетпеді. Азық-түлік жетіспеуінен жұмысшылардың 80% уақыты кезекте тұруға кетті. Жұмыссыздықтың саны шексіз өсті. Москва және Петроград қалаларында 400 мың жұмысшы жұмыстарын тастап кетуге мәжбүр болды. 1920 жылы наурыз-сәуір айында өткен РКП(б) IX съезінде «Шаруашылықты қайта құру туралы» қарар қабылдады. Бұл қарардың негізінде бүкіл советтік шаруашылықты қайта құру үшін жоспарлы жүйені енгізу қажет деп танылды. Капитализмнен социализмге ешқандай өтпелі кезеңсіз күшпен өту қажет деп шешім қабылдады. 1921 жылы «Соғыс коммунизм» саясатының ең жоғарғы нүктесі мемлекеттік банктерді жапты. Халыққа тегін азық-түлік, киім, транспорт, тұрғын үй, жалақы натуралды (заттай) төлем арқылы беруге көшті. Міне, Соғыс коммунизм дегеніміз осындай болды.

**Саяси жүйедегі өзгерістер.** Азамат соғысы жылдарында Совет өкіметінің саяси құрылымы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Совет мемлекетінің азамат соғысы мен шет ел интервенциясы жылдарындағы жеңісін большевиктер партиясының іскерлік және ұйымдастыру қабілетінің жетістігі деп түсіндірді. Сөйтіп, партияның басшылығы қоғамда жетекші рольге айналды. Азамат соғыс майдандарында көптеген өз еріктерімен большевиктер партиясына кіріп, соғыс майдандарында айтарлықтай ерлік көрсетті. 1920 жылдың соңында РКП(б) мүшесінің саны 700 мың адамға жетті. Ұйымдастыру саласында РКП(б) VIII съезінің шешіміне сәйкес партияда қатал әскери тәртіп, бір орталықтандырылған жүйесі, партияның жоғарыдан шыққан қарарын мұлткісіз орындау партияның төменгі ұйымдарының міндеті болды. Партияның Орталық комитеті (ЦК) 19 адамнан құрылды. Партия басшылары әскери тәртіп принципі бойынша басқарды. Демократиялық централизм принципі – партияның бақылауымен алмастырылды. Коллективтік басқару принципі – авторитарлық өкімшілік-өктемдікпен ауыстырылды. Большевиктер партиясы осы кезден бастап, В.И.Лениннің тірі кезінде-ақ

авторитарлық-әкімшілік, тоталитарлық партияға айналды. Партия тек қана мемлекеттік құрылымда емес, қоғамдық ұйымдардың басшылығын өз қолдарына алды. Совет өкіметінің жергілікті губерния мен уезд советтерінің басшылығын бақылап қана қойған жоқ, олардың басшыларын тағайындап, жұмысын бақылап отырды. 1918 жылы Твер қаласының РКП(б) партия конференциясының шешімінде «Партия – совет өкіметінен де жоғары» деп саналды.

1918 жылы Тамбов губерниясында өткен советтердің сайлауында, 411 совет басшыларының 398-і коммунистерден сайланды. Партия елдің саяси басшылығын өз қолына осылай алды. Советтік демократия қағаз жүзінде, РКП(б) съезінің қарарларында ғана жазылды, ал іс жүзінде партиялық диктатура үстем болды. Елде бюрократизм ауруға айнала бастады. В.И.Ленин елде партия басшылығындағы бюрократизмнің кең жайылуының себебі: біріншіден, халықтың сауатсыздығынан, екіншіден, ескі патшалық мемлекеттік жүйеден қалған мұра – деп түсіндірді. Бюрократияны есіктен қусаң, терезеден кіруге тырысты. Бюрократизмнен құтылудың жолы халықты елді басқаруға жұмылдыру екенін айтса да, партия бюрократизмді жоюды сөз жүзінде айтты, ешқандай күрес жүргізе алмады. Мемлекеттік және партиялық аппарат совет өкіметінің жауларымен күресіп, революцияның авангарды болған пролетариатқа қарсы жазалау, қудалау саясатын жүргізді. Пролетариат диктатурасы – пролетариатқа (жұмысшы табына) қарсы болды.

**1921-1927 жылдардағы КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық дамуы.** 1921 жылы наурыз айында Москвада РКП(б) X съезі болды. Съезде қаралған өзекті мәселе ауыл (деревня) жөніндегі саясат болды. Съезд «Салғыртты заттай салықпен ауыстыру туралы» Лениндік қарарды бірауыздан қабылдады. Бұл қарар «соғыс коммунизмінен» жаңа экономикалық саясатқа (НЭП) көшудің негізін салды. Партияның X съезі аяқталғаннан кейін Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті (ВЦИК) азық-түлік салғыртының орнына азық-түлік салығын енгізу туралы декрет шығарды. Азық-түлік салығының барлық ауыр салмағы ауыл кулактары мен байлардың мойнына түсті. Орта шаруаларға салық шамалы ғана салынды, ал кедейлер азық-түлік салығын төлеуден мүлдем босатылды. Салықты өтегеннен кейін шаруа өзі өндірген азық-түлігінің артығын базарда еркін сата алатын болды. Сауда қала мен ауыл арасындағы шаруашылық байланыстың негізгі формасы болды. Жекеменшік сауда тез тарай бастады. Сонымен қатар, мемлекеттік және кооперативтік базар саудасын ұйымдастыруға

рұқсат етті. Елде бұрынғы жабылған базарлар Ирбит, Нижегород, Москва т.б. ашылды. 1921 жылы маусымда Саратов қаласында тауар биржасы ашылды. 1922 жылы 24 тауар биржасы болса, 1924 жылы – 96 биржа жұмыс істеді.

Ауыл шаруашылығын қалпына келтіруді жеңілдету және оның өнімдерін өндіруді арттыру үшін шаруалардың жерді жалға (арендаға) берулеріне, жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат етілді. Ауылда кооперацияның түрлі формаларын (тұтынушылар, ауыл шаруашылық, кредит т.б.) дамытуға көңіл бөлінді. Коллективтік өндіріске (колхоздарға) өз еркімен көшуіне көмектесті. Өнеркәсіп саласында жаңа экономикалық саясатқа көшудің мәні, халықты күнделікті тұтыну тауарларымен қамтамасыз ету үшін мемлекет ірі және орта өнеркәсіпті өз қолында ұстай отырып, кооперативтік бірлестіктер мен жеке адамдарға арендаға берді. Жеке меншіктегі шағын кәсіпорындардың жұмыс істей беруіне де рұқсат етілді. Көптеген завод пен фабрикалар шаруашылық есепке (өз шығынын өзі ақтау) көшірілді. Өнеркәсіп кәсіпорындарын жұмысшымен қамтамасыз ету үшін елде еңбек биржалары жұмыс істей бастады. Сауданы өрістету, шаруашылық есепті енгізу, еңбек ақыны ақшалай төлеуге көшуді нығайтып, сомның (рубльдің) құнын арттыру шараларын ұсынды. Мемлекеттік шығындарын қысқартып, кірістерді арттыру шараларын жүзеге асырды. 1921 жылдан бастап халыққа тегін қызмет көрсету қысқартылды, транспортты пайдаланғаны үшін ақы төлеу, поштаның, телеграф, коммуналдық мекемелердің көрсеткен қызметі үшін ақы төлеу тәртібі енгізілді.

Жаңа экономикалық саясат капитализмнен социализмге өту кезіндегі өтпелі реформалық кезең болды. В.И.Ленин РКП(б) X съезінде сөйлеген сөзінде: «азамат соғысы жылдарындағы «соғыс коммунизм» саясаты, қателік болды» – деді. Жаңа экономикалық саясат елдің экономикалық дамуына, кәсіпорындардың құрылымын өзгерту арқылы, мемлекет экономикасына донор ретінде жаңа күш қуат беруіне мүмкіндік жасады.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында совет мемлекеті ақша реформасын жүзеге асырды. Азамат және шет ел интервенциясы жылдарында рубльдің алтынға баламасы күнсызданып, елдің алтын қоры талан-таражға ұшыраған болатын. 1917 жылы қазан айында Ресейдің алтын қорының мөлшері 1,713 млн рубль болды. Айналымда 1 млрд, 10 млн рубль болды. 1922 жылы шілде айының 25-і күні Халық Комиссарлар Советі ақша реформасы туралы декретке қол қойды. Реформа барысында жаңа ақша банкноты шығарылып, 1921 ж. ақша ауыстырыла бастады.

Ескі 1 млн рубль жаңа советтік 1 рубльге ауыстырылды. Банктерде (10, 25, 50 және 100) червон банкноты шығарылып, халық шаруашылық кәсіпорындарына таратылды. Совет үкіметі сыртқы сауданы өз меншігінде ұстап, сыртқы саудадан түскен шет ел ақшасы арнаулы банк есебінде сақталды. 1923 жылдан бастап жұмысшылар өздерінің жалақыларын жаңа советтік банкнот арқылы ала бастады. Қалаларда азық-түлік дүкендерінде тауарлар көбейді. 1924 жылы елде бюджеттік дефицит жойылды. Ақпан айында айналымға 1, 3 және 5 рубль ақшасы шыға бастады. Жаңа ақша реформасы ауыл мен қала арасындағы байланысты нығайта түсті. Бірақ ауыл шаруашылық тауарлары мен өнеркәсіп тауарлары арасындағы қайшылық өте жоғары болды.

Жаңа экономикалық саясат жылдарында жекеменшік саласының қалыптасуы, кіші және орта меншік иелері кәсіпорындарының жұмыс істей бастауы экономиканың қалпына келуіне жол ашты. Кішігірім өндірістің қолөнер, аренда, акционер және кооперативтік түрлі жұмыс істей бастады. Ауылдарда мал шаруашылығының өнімдерін өндейтін кіші және орта кәсіпкерліктер пайда бола бастады. Сүт өндейтін, астық тартатын, ет өндейтін және темекі кәсіпорындары дами бастады. Кіші және орта кәсіпкерлер сол кезде 3,1 млн адамды тамақпен және жұмыспен қамтамасыз етсе, мемлекеттік кәсіпорындар 1,6 адамды жұмыспен қамтамасыз етті. 1924-1925 жылдарда елде 325 мың жеке меншік иелері болды. Бірақ жеке меншікке рұқсат бергенімен, олар әр уақытта мемлекеттің қатал бақылауында болып отырды. Сондықтан біртіндеп жеке меншік иелерінің өз кәсіпорындарын дамытуға ынтасы кеми берді.

НЭП жылдарында ауыр өнеркәсіптің жұмысын жаңарту үшін 1933 жылы сәуір айында ВЦИК пен СНК-нің «Мемлекеттік өнеркәсіп» туралы декреті шықты. Бұл заң бойынша өнеркәсіп орындарына жеке меншікті жүргізуге еркіндік берді. Өнеркәсіп орындарын басқару үшін коммерциялық трест мекемелерін құрды. Кәсіпорындарға шаруашылықты жүргізуге еркіндік берілді. Ресейде тұңғыш трест жеңіл өнеркәсіп орнында құрылды. 1921 жылы шілде айында «Льноуправление» тресті құрылды. Трест құрамына 17 фабрика кірді, 20 мың жұмысшы жұмыс істеді. 1921 жылы 23 трест, оның 9 тресті тоқыма өнеркәсібінде құрылды. Фабрика және заводтар тресттердің құрамына кірді. 1923-1924 жылдарда 79 Бүкілодақтық трест жұмыс істеді. 300 жуық кішігірім өнеркәсіп орындары жергілікті басқарудың қолында болды.

Мемлекеттік меншіктегі өнеркәсіп орындары толық жұмыс істей алмады. Елде өнеркәсіпке қажет шикізат жетіспеді. Соның

салдарынан Москва және Петроград қалаларындағы өнеркәсіп орындары бар болғаны 30% жұмыс істеді. 1928-1929 жылдарда ауыр өнеркәсіп орындары ұлттық табыстың 4% ғана берді.

**Аграрлық саясаттағы жаңа бағыт.** Азамат соғысы аяқталғаннан кейін ауыл шаруашылық саясатын қайта құру кезеңі басталды. Бірақ елде 1921 жылы ашаршылық басталды. Аштық Ресейдің 28 губерниясын, 36 млн адамды қамтыды. 1922 жылы қазан айының 30-ы күні РСФСР-де советтердің IX съезінде Жер туралы заң қабылдады. Жаңа заң бойынша болыстар мен ауылдарда жер бөлуді теңестіруден бас тартты. Заң бойынша жер бөлу еркіндігі жойылды. Ауылдарда жерді жекеменшіктік жер тек қана ауыл төңірегінде азғантай мөлшерде бөлінді. Совет өкіметі жерді национализациялап, жерге жекеменшікті жойды. Жерге меншіктің 4 түрін бекітті. Бірінші меншік — мемлекеттік, жерге қоғамдық меншік, шаруалар мен коллективтік және жеке азаматтардың меншігі.

Жер туралы заң шыққаннан кейін шаруаларды жер аудару күшейді. Ресейдің орталық аудандарында шаруалардың тығыз орналасуы, шаруаларды басқа жерге аударуды күшейтті. Жер бар, бірақ жерді өндейтін шаруалар жетіспеді. Шаруалардың қалаға көшуі күшейді. 150 мың шаруа қалаға ауысты. Қалада жұмыссыздардың саны көбейіп, 1,300 мың адамға жетті. 1924-1925 жылдарда 114553 мың адам ауыл шаруашылығында жұмыс істеді.

20-жылдарда Совет өкіметі мемлекеттік шаруашылықты кең қолдап отырды. 1927 жылы бұрынғы помещиктерден 38,6 мың га жерді тартып алып, оның 60% жеке шаруаларға берілді де, 30% мемлекеттік меншікке алынды.

Мемлекет коллективтік шаруашылықты қолдағанымен, шаруалардың 1,2% ғана мүшелікке кірді. Шаруалардың жері болғанымен, жерді өндейтін құралдары болмағандықтан, алған жерлерінен бас тартты. Жерді пайдалана алмағандықтан, 1924-1925 жылдары бөлінген жердің 38% бос қалды. 1927 жылы 24-25 млн шаруалардың жеке меншігіндегі егістен 7-8 центнерден өнім алынды. Егіс жақсы шыққан 1926 жылы 116,4 млн центнер астық жиналды. 1927 жылы барлығы 105 десятина жерге егін егілді, бұл 1917 жылғы дейінгі көрсеткіштен аз болды. 1913 жылы Ресейде 109 млн десятина жерге егіс егілген болатын. Аграрлық реформа айтарлықтай нәтиже бере алмады. Ұсақ шаруашылықтың тауарлық өнімі бар болғаны 20% болды. Ауыл шаруашылығы құрал-саймандар мен мал санының өсуі жағынан 1913 жылдың 60-80% деңгейіне зорға жетті.

**Кеңес Социалистік Республикалар Одағының құрылуы (КСРО).** Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Ресей жерінде Ресей, Украин, Белорус, Әзербайжан, Армян, Грузин алты кеңестік социалистік республика құрылды. Олардың арасында тығыз саяси, шаруашылық және мәдени байланыстар орнатып, жаңа социалистік қоғам орнату жолында ортақ мақсатта бір-біріне көмектесті.

Кеңес Республикалары азамат соғысы мен шет ел интервенциясы жылдарында өзара әскери одақ құрды. Олар сыртқы және ішкі жауларға қарсы бірлесіп күресу үшін өздерінің қарулы күштері мен материалдық ресурстарын біріктірді.

Бейбіт құрылысқа көшуге байланысты Кеңес Республикалары шаруашылық байланыстарын нығайтып, халық шаруашылығын қалпына келтіруде бір-біріне көмектесе бастады. Ресей Федерациясы басқа республикаларға айтарлықтай көмек көрсетіп, ірі құрылыстар салды. Мысалы: Баку – Тбилиси мұнай құбыры салынды. Кеңес Республикалары арасындағы байланысты күшейте отырып: олар теміржолдарын, бірыңғай бюджет саласын біріктіріп, бір орталыққа бағына бастады. Республикалар арасында мәдени байланыстар өсіп, нығая түсті.

1921–1922 жылдары Кеңес Республикалары дипломатиялық одақ қалыптастырып, халықаралық конференцияларда бірыңғай саясат ұстап отырды. Мысалы: 1922 жылғы ақпанда Генуя конференциясына барлық республикалар атынан РСФСР делегациясы қатысты. 1922 жылы Әзербайжан, Армения және Грузия Закавказье Социалистік Федеративтік Кеңес Республикасы (ЗСФСР) болып бірікті.

КСРО мемлекетін құру өте күрделі жағдайда жүрді. Барлық республикалар РСФСР құрамында болса, басқа халықтарға өктемдік жүргізуі мүмкін деген пікірлер болды. И.В.Сталин бұл мәселеде РСФСР-дың құрамына «автономиялық» негізде бірігуді ұсынды. Ал кейбір топтар республикалар конфедерация – өзінің тәуелсіз (суверенді) өмір сүруін сақтайтын, бірақ бір немесе бірнеше жалпы органдармен біріктірілген мемлекеттер одағы ретінде болуын қолдады. Көп таластан кейін И.В.Сталиннің «автономиялық» пікірі өтпей, В.И.Лениннің барлық кеңестік социалистік республикалар, соның ішінде РСФСР-де терезесі тең, тең құқықты тәуелсіз республикалардың ерікті бірлестігі ретінде жаңа одақтық мемлекет Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын (КСРО) құруға деген ұсынысы жеңіске жетіп, И.В.Сталин бұған келісуге мәжбүр болды.

Әрбір республиканың КСРО-дан өз еркімен шыға алатын құқығы да сақталатын болды. Одақтық мемлекетті басқаруға Кеңестің одақтық Орталық Атқару Комитеті құрылып, оған барлық республикалардың өкілдері кіруі тиіс болды. Одан кейін Одақтық үкімет құру қажет болды.

1922 жылы қазанда Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясы (РК(б)П) Орталық Комитетінің Пленумы РСФСР, ЗСФСР, УССР және БССР-ді Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына (КСРО) біріктіру туралы Лениннің ұсынысын қабылдады. 1922 жылы желтоқсанда барлық республикаларда халық съездері болып өтті. КСРО кеңестерінің 1 съезіне өздерінің делегаттарын сайлады.

1922 жылы 30 желтоқсанда Мәскеу қаласында КСРО халықтарының 1 кеңесінің съезі өтті. Съезд төрт республикадан – РСФСР-ден, ЗСФСР-ден, УССР және БССР-ден Кеңес Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) мемлекетті құрылсын деп қаулы қабылдады. КСРО-ның құрылғандығы туралы Декларациямен Шарт қабылдады. Съезд КСРО Орталық Атқару Комитетінің төрағаларын сайлады. Бүкіл Одақтық Атқару Комитетінің төрағасы – М.И.Калинин, Украина Орталық Атқару Комитетінің төрағасы – Г.И.Петровский, Белорусс Орталық Атқару Комитетінің төрағасы – А.Г.Червяков, ЗСФСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып Н.Н.Наримановтар сайланды.

1924 жылы 31 қаңтарда Бүкіл Одақтық Кеңестердің II съезі КСРО-ның Конституциясын қабылдады. Конституция бойынша КСРО өкіметінің жоғарғы органы Кеңестердің Бүкіл Одақтық съезі болды. Ол екі палатадан Одақтық Кеңес және Ұлттар Кеңесінен тұрды. КСРО Орталық Атқару Комитетінің атқарушы және басқару органы КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі болды.

**Орта Азия республикаларының КСРО құрамына кіруі.** КСРО құрылған кезде Орта Азиядан РСФСР құрамына кірген Түркістан АССР-і және Бұхара Хорезм халықтық кеңес республикалары болды. 1923-1924 жылдары Бұхара Социалистік республикасы және Хорезм социалистік республикасы деп аталды. Орта Азия республикаларын КСРО құрамына біріктіруге мүмкіндік туды. 1924 жылы Орта Азия және Қазақстанда ұлттық мемлекеттік шекара белгілеу жұмысы жүргізілді. Қарақалпақстан 1929 жылға дейін Қазақ АССР-ының құрамында болды. 1924 жылы жаңа ұлттық мемлекеттер құрылды. Өзбек ССР-і, Түркмен ССР-і, Өзбек ССР-ының құрамына Тәжік АССР-і кірді. Қырғыз автономиялық облысы құрылды. 1925 жылы ақпанда Орта Азия республикалары РСФСР-дың құрамына кірді. Қазақ АССР-да РСФСР-дың құрамында

болды. 1929 жылы Тәжік Кеңес Социалистік Республикасы болып құрылып, КСРО-ның құрамына енді.

**КСРО бесжылдық жылдарында (1928–1937 жж.)** Социалистік қоғамның экономикалық негізі және дамуы жоспарлы бағытқа негізделді. Сондықтан мемлекет әр жылғы жылдық жоспар, ал ұзақ мерзімге – перспективалық жоспар жасады. Ол жоспар ГОЭЛРО деп аталды. 1926 жылы БКП(б) XIV съезінде КСРО халық шаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспарын жасау ісі қолға алынды. 1929 жылы сәуір айында XVI партия конференциясы КСРО халық шаруашылығын өркендетудің 1928–1932 жылдарға арналған бірінші бесжылдық жоспарын мақұлдады. Ал мамыр айында Кеңестің Бүкілодақтық V съезі жоспарды бекітті. Кеңес халқы бес жыл ішінде орасан зор міндеттерді жүзеге асыруға: халық шаруашылығын индустрияландыру ауылшаруашылығын машина техника негізінде дамыту, шығыс аудандардағы шаруашылықты қайта құру, халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін көтеруге, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға тиісті болды. Халық шаруашылығын өркендету мақсатына 65 млрд сомдай қаржы жұмсау белгіленді.

1934 жылы қаңтарда БКП(б) XVII съезі халық шаруашылығын дамытудың екінші бесжылдық жоспарын бекітті. Екінші бесжылдық 1933–1937 жылдарда жаңа міндеттерді қойды. Халық шаруашылығының барлық салаларын техникалық жағынан қайта құруды аяқтау, шаруалар шаруашылығында коллективтендіруді бітіру, ауылшаруашылығын механикаландыруды, халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруді жеделдету басты мақсат етіп қойылды. Екінші бесжылдықтың міндеттерін орындау КСРО-да социализмнің негізінен орнатылуын қамтамасыз етуге тиіс болды.

БКП(б)-ның XIV съезінен кейін КСРО-да индустрияландыру кең етек алды. Бірінші бес жылдықта кеңес халқының қажырлы еңбегі жаңа өнеркәсіп орындары мерзімінен бұрын салынған жұмыс істеді. Олар: Сталинград трактор заводы, 1500 шақырымға созылған Түркістан – Сібір теміржолы, ДнепроГЭС, Магнитогорск және Кузнецк металлургия заводтары, Қиыр Шығыста Амур өзені бойында салынған Комсомольск қаласы бар. Бірінші бесжылдықтың индустрияландыру міндетінің негізгі мақсатының бірі маман жұмысшылармен инженерлерді дайындау болды. Бірінші бесжылдықта 450 мың маман жұмысшылар дайындалды. Бесжылдықта 1500-ден аса ірі кәсіпорын салынды. 1932 жылы Кеңес өнеркәсібі машиналарды 1913 жылғымен салыстырғанда 10 есе көп шығарды. Орта Азия республикаларында Ташкентте ауылшаруашылық

машиналарын жасау заводы, Ашхабадта мақта-мата фабрикалары, Қазақстанда 40-қа жуық кәсіпорын іске қосылды. Қарағандыда КСРО-да үшінші көмір базасы құрылды.

Екінші бесжылдық елді индустрияландыру зор қарқынмен жүрді. Өнеркәсіпке қажетті кадрлар даярланды. Ең жаңа техникамен жабдықталған кәсіпорындар іске қосылды. Краматорск ауыр машина жасау заводы, Челябинск трактор заводы, Харьковтағы бұрғылау станок заводы және басқа да көптеген кәсіпорындар бірінен соң бірі іске қосылып жатты. Екінші бесжылдықта 4500 өнеркәсіп орындары салынды. Электр қуаты 2,5 есеге өсті. 1935 жылы 15 мамырда Мәскеу метросы іске қосылды. Ұлт республикалары екінші бесжылдықта индустрияландыруда шешуші табыстарға жетті. Мысалы: Қазақстан қорғасын өндіруден КСРО-да бірінші орынға, мұнайдан - екінші орынға, тас көмірден – үшінші орынға шықты.

**Ауылшаруашылығын социалистік жолға түсіру.** Социалистік қоғамға өтудегі күрделі мәселенің бірі аграрлық сала болды. Ауылшаруашылығындағы жекеменшікті коллективтік меншікке айналдыру, шаруаларды колхоздарға біріктіру міндеті тұрды. Ауылшаруашылығының өнімділігі мен тауарлығын шұғыл арттыра отырып, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету керек болды. Кооперативтік жоспарды кеңінен жүзеге асыру үшін, 1927 жылы желтоқсанда БКП(б) XV съезі өтті. Съезд қарарында мынадай міндет жүктелді: «Қазіргі кезеңде ұсақ жекеменшік шаруа шаруашылықтарын біріктіру және оларды коллективтерге айналдырып қайта құру міндеті партияның деревнядағы негізгі міндеті ретінде қойылуға тиіс».

1930 жылы 5 қаңтарда БКП(б) Орталық Комитеті «Коллективтендірудің қарқыны және колхоз құрылысына мемлекеттің көмек көрсету шаралары туралы» қаулы алды. Қаулыда партия мен Кеңес өкіметінің деревнядағы жаңа саясаты – шаруалар шаруашылықтарын жаппай коллективтендіруді жүзеге асыру және осының негізінде кулактарды тап ретінде жою саясаты белгіленді. Жаппай коллективтендіруді негізінен бірінші бесжылдықтың аяғында аяқтау белгіленді. Астықты аудандарда 1931 жылы, қалған аудандарда 1932 жылғы көктемде аяқтау міндет қойылды. 1930 жылы колхоз құрылысына 500 млн сом қаржы бөлінді. Жаппай коллективтендіру ісі шиеленіскен тап күресі жағдайында өтті.

Коллективтендіру қарқынын шектен тыс тездету және орта шаруалар жөнінде асыра сілтеушіліктер ең алдымен орта шаруаның колхозға бетбұрысын өзгертті. Орта шаруалар мен кулактар

коллективтендіруге қарсы шықты. Орта шаруаларға зорлық жасалып, олардың малдарымен мүмкіндіктерін тартып ала бастады. 1927–1928 жылдарда орта шаруаларға салынатын салықтың мөлшері өте жоғары болды. Күш көрсету мен алым-салықтың ауырлығынан адамдардың көбі шет елге кетуге мәжбүр болды. ұжымдастырудың төтенше сипаты осынау шара кулактарды құртудың мемлекеттік бағытын жүзеге асыру кең етек алды. Тәркілеу саясаты шаруаларға келгенде кең көлемдегі қуғын-сүргінге айналды. 1929–1933 жылдар аралығында саяси Бас Басқарма өкімет үштігінің толық емес мәліметтеріне қарағанда, 9805 іс қаралды да, 22933 адам жөнінде шешім қабылданып, 3386 мың адам ату жазасына кесілді, 13151 адам жер аударылып, 10 жылға сотталды.

Бұл саясатқа бүкіл елдегі сияқты Қазақстанда да ашықтан-ашық наразылық туады. 1929–1931 жылдарда Қазақстанда 372 көтеріліс болып, 80 мың адам қатысты. 1931–1932 жылдардағы асыра сілтеушіліктен Қазақстан халқы жаппай ашаршылыққа ұшырап қырылды да, көбісі шекара асып, басқа елдерге, оның ішінде Қытайға, Иранға, Ауғанстанға өтіп кетті. Жалпы алғанда күштеп ұжымдастыру кезінде Қазақстанда 100 мыңнан астам адам жазаланды.

БКП(б)-ның Орталық Комитеті колхоз құрылысында жіберілген бұрмалаушылықтарды жоюға бағытталған шаралар қолданды. 1930 жылы ақпан-наурыз айларында БКП(б) Орталық Комитетінің пленумында қабылдаған қаулыға сәйкес, барлық партия және кеңес ұйымдарына коллективтендіру барысындағы кемшіліктерді түзетуге, қателікке жол берген партия және кеңес ұйымдарының басшыларын орындарынан алуға нұсқау беріледі.

1930 жылы наурыз айында ауыл шаруашылық артелінің Үлгі жарғысын (уставын) жариялады. Бұл жарғы бойынша шаруалардың үлестік жерлері колхоздың бірлесіп пайдалануына алынып, жұмыс көлігі, құрылыстар, құрал-саймандар қоғамдастырылды. Колхоздарды нығайтуға көмектесу үшін мемлекет оларға жәрдем берді: мал үшін салық төлеуден екі жылға босатты, несие-қаржы көмегін күшейтті, тұқымды қарызға берді. Машина-трактор станциясының (МТС) құрылысы жедел қарқынмен жүргізіле бастады. Мемлекет деревняға (ауылдарға) көпшілі тракторлар, комбайндар басқа ауылшаруашылық машиналарын жіберіп жатты. Мемлекет қаржысына колхоз кадрлары даярланды. Бірінші бесжылдық жылдарында 210 мың шаруа колхозға бірікті. 1932 жылы колхоздар мен совхоздар елге ауыл шаруашылығының бүкіл тауар өнімінің 84% берді. Кулактар

тап ретінде жойылды. КСРО ірі социалистік ауылшаруашылықты елге айналды. 1932 жылы 150 мыңға жуық трактор жер өңдеді, 2,5 мыңға жуық МТС құрылды.

Екінші бесжылдықтың ауыл шаруашылығы саласындағы аса маңызды қортындысы шаруалар шаруашылықтарын коллективтендіруді аяқтау болды. Бес жыл ішінде ауыл шаруашылығы 300 мыңнан астам трактор, 114 мың комбайн, 132 мың жүк машиналарын және басқа көптеген техникалар алды.

Бес жыл ішінде егістік жерлердің көлемі 5,6 млн гектар ұлғайды. Астық және егіншіліктің басқа да өнімдерін өндіру артты. Сөйтіп, 1935 жылы азық-түлікті нормалап, карточкамен беру тәртібін жойып, осы азық-түліктің кең саудасын ашуға мүмкіндік берді. Бұл еңбекшілердің тұрмыс дәрежесінің артуына жағдай жасады. 1937 жылы капитализмнен социализмге өтпелі кезең аяқталып, КСРО да социализм негізінен орнатылды.

**1936 жылғы КСРО Конституциясы.** 1935 жылы ақпанда БКП(б) Орталық Комитеті елдегі болған үлкен өзгерістерге сәйкес сол кезде қолданып жүрген Конституцияға өзгерістер енгізу және дауыс жасырын берілетін жалпыға бірдей тең сайлауға көшу қажет деп тапқан болатын. Кеңестердің Бүкілодақтық VII съезі бұл ұсынысты бір ауыздан қолдады. И.В.Сталиннің төрағалық етуімен Конституциялық комиссия құрды. Конституцияның жобасын жасап, 1936 жылы маусым айында мақұлдап, бүкіл халықтың талқысына салуға, баспасөз бетінде жариялауды ұйғарды. Жарты жылға уақыт созылған талқылауға 50 млн-нан астам адам қатысты. Бүкіл халықтық талқылаудың барысында көптеген түзету толықтыру, редакциялық жөндеулер ұсынылды. 1936 жылы 5 желтоқсанда КСРО Кеңестерінің Төтенше VIII съезі жаңа Конституцияны бекітті. Бұл қабылдаған Конституция «Сталиндік конституция» деп халық арасында кең аталды. Жаңа конституция социализмнің жеңісі мен оның негізгі принциптерін бекітті. Конституцияның бірінші бабында: «Кеңес Социалистік Респуб-ликалар Одағы жұмысшылар мен шаруалардың социалистік мемлекеті болып табылады» делінген. КСРО-ның саяси негізі – еңбекшілер депутаттарының кеңестері, ал экономикалық негізі – жоспарлы социалистік меншік, оның екі формасы – мемлекеттік және колхоз – кооперативтік түрлері көрсетілді. Конституцияда адамды адамның қанауына тыйым салды.

Конституция еңбек ету - еңбекке қабілеті бар әрбір кеңес азаматының абыройлы ісі деп жариялады. Конституция «Әркімнен – қабілетіне қарай, әркімге – еңбегіне қарай» деген социализм

принципін бекітті. Конституцияда КСРО тең құқықта кеңес социалистік республикалардың өз еріктерімен бірігуі негізінде құрылған одақтық мемлекет болып табылады деп жазылды. Одақтас республикалардың саны көбейіп 11-ге дейін жетті. Закавказье федерациясы таратылып Әзербайжан, Армян, Грузин одақтас республикалар ретінде КСРО-ның құрамына тікелей енді. Бұрын РСФСР құрамында болып келген Қазақ және Қырғыз автономиялық республикалары дербес Қазақ ССР болып, одақтас республика ретінде КСРО-ның құрамына кірді.

1936 жылғы Конституция КСРО азаматтарының еңбек ету, білім алу, тынығу, қартайғанда зейнетке шығуға құқықтарын бекітті. Әйелге еркекпен тең құқық берілді. Ұлты, нәсілі қандай болуы бұлжымайтын заң болды. Азаматтардың жеке басына, үй-жайына ешкімнің қол сұқпауы, сөз, баспасөз, жиналыс пен митингтер өткізу бостандығы, қоғамдық ұйымдарға бірігу бостандығы Социалистік Отанды қорғау, заңдарды орындау міндеттері жүктелді.

1937 жылы 12 желтоқсанда кеңес халқы жаңа сайлау жүйесі бойынша КСРО мемлекеттік өкіметінің жоғарғы кеңесіне сайлау өтті. КСРО Жоғарғы Кеңесіне 1143 депутат сайланды, оның 42% жұмысшылар, 29,5% шаруалар, 28,5% қызметшілер мен интеллигенция өкілдері. КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасына М.И.Калинин сайланды. КСРО-да социализмнің толық жеңіп шыққанын бекітті.

**1937–1938 жылдардағы Сталиннің қуғын-сүргін саясаты.** XX ғасырдың 30-жылдарында кеңес халқының социалистік қоғамдағы жетістіктері ірі жеңіс болды. Бірақ сол жылдардан бастап, КСРО-да тоталитарлық өкімшілік билік заңды құбылысқа айналды. Елдегі саяси, экономикалық саясатта БКП(б) өктемдік-өкімшілік саясаты елдің барлық жүйесіне тарала бастады. И.В.Сталиннің жеке басын мадақтау, барлық жетістіктер бір кісінің атымен атала бастады. И.В.Сталин кеңес халқының көсемі болды. Жеке адамға табыну дәстүрге айналды. 1937 жылдан бүкіл елде қуғын-сүргін басталды. Оның себептері неде? Біріншіден, И.В.Сталин төңірегіндегі адамдардан қорқып, оларға жау ретінде қарады. Екіншіден, елдегі социализм құрудағы қиыншылықтарды партия мен мемлекет аппаратындағы басшылардан көріп, партия және мемлекетті халық жауларынан тазарту ұранын алып шықты. Шет аймақтағы республикалардың да партия және мемлекет басшыларын, алдыңғы қатардағы білімді зиялыларды халық жауы деп жариялады. 1937–1938 жылдарда БКП(б) Орталық Комитеті «жоғарыдан тазарту» саясатын жоспарлы түрде жүргізуге арнайы

шешім қабылдаған. Тазартуды жүргізу үшін БКП(б) Саяси бюросы жергілікті жерлерде «үштік» ұйымын құрады. Олардың негізгі міндеті жергілікті жерлерде «Халық жауларының» тізімін жасау, тез арада шешім қабылдап ату немесе жер аудару шараларын жүргізу болды. БКП(б) Саяси бюросының шешімімен Ішкі Істер Халық Комиссариаты (НКВД) «кеңес өкіметінің жауларын» жою туралы жасырын ұйымдар құрады. Солардың бірі Төтенше кеңес ұйымы (ОСО) қуғын-сүргін жүргізу үшін ОГПУ ұйымы құрылды. 1937 жылы партияның қуғын-сүргін саясатын адал жүргізген НКВД басшысы Ежов, одан кейін 1939 жылы Л.Берия болды.

1937–1938 жылдарда қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды ұстап тұру үшін, оларға халық шаруашылығында тегін жұмыс істеу үшін ерекше мекемелер салды. Қазақстан жерінде Карлаг (Қарағанды қаласының маңында еңбек-түзету лагері) Ақмола қаласының маңында, КСРО территориясында Сахалин, Чукотка, Иркутск, Хабаровск, Алтайда концлагерьлер жұмыс істеді. КСРО жері өз халқының қуғын-сүргіндер лагеріне айналды. Бұл кезең күні бүгінге дейін КСРО тарихында «ақ таңдақ» жылдар деп аталады.

1937–1938 жылдарда қуғын-сүргінге кеңес халқының алдыңғы зиялылары бірінші болып ілікті. Кеңес өкіметі үшін күрескендер, партия және мемлекет қайраткерлері, ғалымдар әдебиетшілер, ақындар, әскери-теңіз қолбасшылары, ішкі милиция және қоғамдық ұйым басшылары атылды, жер аударылды. 1957 жылы Н.С.Хрущев СОКП-ның маусым Пленумында И.В.Сталин басшылығы кезінде 1,5 млн адам тұтқындалып, 680692 адам атылған – деп көрсетті. И.В.Сталин БКП(б) XVII съезд делегаттарын тұтқындап, 1961 делегаттың, 1108 делегаты атылған. Орталық Комитеттің 198 адамының 98-іне ату жазасын берген.

Ресей қауіпсіздік министрлігінің дерегі бойынша 1917–1990 жылдар арасында бұрынғы КСРО аумағында мемлекеттік қылмыстар жасады деген айыппен 4 000 000 адам жазаға тартылып, оның 827995-і атуға кесілген. Әлі де нақты қанша адам жазықсыз, қуғын-сүргін көріп жаза шекті, ол жағы белгісіз.

1937–1938 жылдардағы қуғын-сүргін саясаты БКП(б)-ның атымен, оның ұзақ жылдар бойында партия және мемлекет көсемі болған адам И.В.Сталин (1879–1953 жж.) атымен тікелей байланысты болды.

И.В.Сталиннің жеке басының кемшіліктерімен қатар жетістіктері де бар еді. Кеңес халқы И.В.Сталиннің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қызметіне дұрыс баға берді. Әсіресе, Ұлы Отан

соғысына тікелей қатысқан ұрпақтар оны әлі күнге қадір тұтады. Оның 1937–1938 және 1951–1953 жылдардағы қуғын-сүргін саясаты диктатор ретінде бағаланды.

1959 жылы 21 желтоқсанда ХХ ғасырдың саясаткері У.Черчилль Британ парламентінде И.В.Сталиннің 80 жылдығына арнап сөйлеген сөзінде: «Ол біздің заманымыздың ұлы саясаткері. ...Сталин дүниежүзіндегі ұлы диктатор, ол соқалы Ресейді атом бомбалы державаға айналдырып кетті» – деп баға берді.

Францияның көрнекті саяси, мемлекет және әскери қайраткері Шарль де Голль естелігінен «...Менің алдымда айлакер, қатыгез, адам отырғандай пікір қалыптасты. Сталиннің ерік күші орасан зор адам еді. Ол өз мақсатына жету жолында маркстік ілімнің негізін пайдалана отырып, біреулерді бағындырса, келесі біреулерді күрбандыққа шалды ... ол зымиян диктатор, риясыз кейінтегі жаулап алушы. Сталин әрқашанда қарсыласын адастыруға, тығырыққа тіреуге тырысатын... ». Міне, Сталинді ақтап алу мүмкін емес. Қарсыластарын басып-жанпуга большевиктік догманы пайдаланды. Жаппай қуғын-сүргінге алып келген де, міне, осы саясат еді.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда КСРО халықтары бейбіт өмірде халық шаруашылығын дамытудың үшінші бесжылдық (1937–1942 жж.) жоспарын мерзімнен бұрын орындау жолында еңбек етіп жатты.

## III-ТАРАУ

### ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІ (1918–1939 жж.)

#### §1. Польша

Польша буржуазиялық мемлекетінің құрылуы. 2 – Речь Посполитая. 1918 жылы қараша айында бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталды. Соғысқа дейін Польша жері үш мемлекеттің қол астында болып келді. Батыс Польша жері Пруссияның, Шығыс Польша Ресейдің, Силезия мен Гомиция Австро-Венгрияның отары болды. ХVІ ғасырдың соңындағы Речь Посполитаяның үшке бөлінуі поляк халқын тәуелсіздігінен айырды. Бірақ поляк халқы ұзақ жылдар бойына тәуелсіздік үшін күрес жүргізіп келді. Соғыста Германия мен Австро-Венгрия жеңіліп, Польша халқы қайтадан мемлекетін құруға мүмкіндік алды. Бұл тарихи оқиға поляк халқына тәуелсіздікті алуға жол ашты. Поляк халқының адал ұлдары Юзеф Пимудский, Роман Димовский, Игнацы Падеревский, Игнацы Дашинскийлер зор үлес қосып, тәуелсіздіктің баянды болуына еңбек етті.

1917 жылы 25 қазанда Ресейде қарулы көтеріліс болып, Петроград қаласында жаңа кеңес үкіметі құрылды. Кеңестік Ресей соғыстан шықты. 1918 жылы ақпанда кеңес үкіметі Польшадан бас тартатынын мәлімдеді. 1918 жылы 29 тамыз күні Польшаның тәуелсіздігін мойындаған декретке қол қойылды.

ХХ ғасырдың алғашқы жылдарындағы саяси-қоғамдық өзгерістер Польшаның өз алдына қайтадан мемлекет болуына жол ашты. 1918 жылы қараша айының 11-і күні Варшава қаласында Регенттік Кеңес елдегі әскери билікті Магдебург түрмесінен шығып келген Юзеф Пилсудскийге берді. Юзеф Пилсудский жаңа үкімет құрды. Үкімет басшысы болып социалист Енджеем Морачевский тағайындалды. Польша буржуазиялық демократиялық мемлекет болып жарияланды. Екінші Речь Посполитая Республика болды. Бірінші Речь Посполитая 1569 жылғы Люблин униясынан кейін құрылған. Бұл уния негізінде Польша корольдігі мен Ұлы Литва княздігі қосылып – мемлекет біртұтас Речь Посполитая деп аталған. Речь Посполитая – көп ұлтты мемлекет болды.

1919 жылы қаңтар айында Польша мемлекетінің парламенті (Заң шығарушы органы Сеймге) сайлау өтті. Сеймге сайлау

жалпыға бірдей, тең негізде өтті. Сайлаудан кейін Польша мемлекеті құрылуының бірінші кезеңі аяқталды. 1919 жылы ақпан айында бірінші рет Сейм шақырылды. Сеймде Юзеф Пимудский сөз сөйледі. Ол: «Бір жарым ғасырға созылған күрес жеңіспен аяқталып, халық жаңа демократиялық Речь Посполитая мемлекетінің қайтадан өрлеуіне толық сене бастады. Бүгін біз үшін Ұлы жеңіс мейрамы» – деді.

Сеймде елдің жаңа конституциясын жазу үшін арнайы комиссия құрды. Комиссия екі жыл жұмыс істеп, 1921 жылы наурыз айында жаңа конституция қабылдады. Бұл конституция 1721 жылғы 3 мамырдағы конституция негізінде жасалынып, Еуропадағы ең демократияшыл конституция болып қабылданды. Польша буржуазиялық мемлекетінің құрылуы аяқталды.

**Польшаның антисоветтік саясаты.** 1919 жылы ақпан айында Польша әскерлері Кеңестік Ресей жеріне кіріп, Ковель, Брест, Вильнюс (Вильно), Минск, Житомир және Батыс Украина жерлерін басып алды. 1920 жылы мамыр айында Киев қаласын алады. Большевиктер партиясы мен кеңес үкіметі Киев қаласын азат ету үшін соғыс қимылдарын жүргізді. Польша әскерлеріне қарсы Буденный басшылығындағы атты әскер қатысып, Киев қаласын азат етті. Польша әскері кейін шегінуге мәжбүр болды. Кеңес әскерлерінің соғыс қимылдарына генерал Михаил Тухачевский басшылық жасады. Соғыстың барысында Буч озенінен өтіп, Белосток қаласын азат етіп Варшава қаласына жетті. 12–18 тамызда Варшава үшін соғыстар жүрді. Қаланы қорғау генерал Тадеуш Розвадовскийге тапсырылды. 16 тамызда Польша әскерлері қарсы шабуылға шығып Радзимиң, Непоренто және Осково қалаларын Қызыл әскерлерден азат етті. Маршал Пимудский соғыс қимылдарына өзі басшылық жасады. Қызыл Армия кейін шегінуге мәжбүр болды.

1920 жылы қазан айында Польша – Кеңес келісімі болып, соғыс қимылдары тоқталды. Соғыс аяқталғаннан кейін 1921 жылы 18 наурызда Рига қаласында Польша – Кеңес келісіміне қол қойылды. Келісім бойынша Польша – Кеңес шекарасы белгіленіп, Польшаға Батыс Украина мен Батыс Белоруссия территориясы Речь Посполитаяға берілді.

**Капитализмнің уақытша тұрақтану кезеңіндегі Польша.** Польша мемлекетінің жер көлемі 388 мың км<sup>2</sup>, 1921 жылғы халық санағы бойынша 27 млн адам, оның 65% поляктар болды. 20 жылда Польша халқының саны 35 млн адамға жетті. 1922–1924 жылдарда елде экономикалық қайта құру реформалары жүргізілді. Реформа

айтарлықтай нәтиже бермеді, елде экономикалық дағдарыс кең етек алды. Шет елге мемлекеттік қарыз мөлшері 2 млрд злотых болды. Көмір өндіру – 68%, болат қорыту 37,5% кеміді. Шет ел капиталы өндірістің негізгі салаларына ие бола бастады.

1926 жылы Польшаның экономикалық дамуына қолайлы жағдай әсер етті. Елде егіс көлемі өсіп, жазда егіннен мол өнім түсті. Сыртқы саудада бидай (астық) көптеп шығарылды. 1926 жылғы мамыр айындағы Англиядағы көміршілердің жалпы ереуілі нәтижесінде ағылшын көмірінің орнына Польша көміріне сұраныс өсті.

1924 жылы тамыз айында үкімет ақша реформасын жүргізді. Осы кезге дейінгі неміс маркасының орнына польша злотасы енгізілді. Ұлттық ақша беделі өсіп, шетелге тәуелділік азая бастады. 1925 жылы Польша сеймі аграрлық реформаны аяқтады. Реформа бойынша Батыс Польшада 180 гектардан артық жер бөлінуі қажет болды, ал шығыста 300 гектардан артық жер бөліске түсті. Себебі, Шығыс Польшаның жері егіс егуге қолайлы болатын. Өндіріс пен жеке өнеркәсіп иелеріне 700 гектар жер берілді. Бұл бөліс екі жылда аяқталуы керек, екі жылдан кейін жері бөліске түскен жер иесі мемлекеттен арнайы банк арқылы несие алатын болды. 1921 жылғы мәлімет бойынша, халықтың 60% шаруалар болды. Реформа бойынша, ірі помещиктерден алынған жер үлесі шаруаларға берілді, олар шаруашылықтарын жүргізу үшін банктен ақшалай несие алды. Кепілділікке жерлерін қойды. Реформа толық жүргізілмеді. Шаруалардың жеріне салық мөлшері көп салынды. Халықтың көп бөлігі қайыршылықта күн көріп жатты.

**1926 жылғы мамыр айындағы төңкеріс.** 1922 жылы сейм сайлауында Пилсудскийді қолдаған саяси партиялар жеңіліс тауып, Пилсудский елдегі саяси жұмыстан кетеді. Парламент елді басқару ісінде белсенділік танытады. Бірақ халық үкімет пен парламентті сынап қарсы шығады. Саяси партиялар конституцияға өзгерістер енгізуді талап етеді. Атқарушы билікті күшейтуге, жеке билікті Пилсудскийге беруді талап етеді. Армия арасындағы беделін пайдаланып Пилсудский төңкеріс арқылы ел билігін қолына алуға дайындық жасап жатқанда, 1926 жылы мамыр айында үкімет дағдарысы басталады. Президент Войцеховский үкіметті ауыстырады. Пилсудский мамыр айының 12-і күні елде төңкеріс жасайды. Үш күннен кейін армияның қолдауымен Пилсудский елдегі билікті өз қолына алады. Парламент таратылмайды, Польшаның жаңа президенті болып Игнацы Мосицицкий сайланады. Конституция мен парламент сақталғанымен, Пилсудский мемлекеттің басшысы болды.

Жаңа үкімет басшысы болып Бартель тағайындалады. Үкімет елді дағдарыстан шығару үшін санация бағдарламасын жариялайды. Санация – аурудың алдын алу деген сөз. Мектеп балаларының тіс ауруын болдырмас үшін дәрігерлер мектепте санация жүргізеді. Экономиканы көтеру үшін санация арқылы біршама реформалар жүргізілді. Маршал Пилсудский конституцияға өзгерістер енгізуді, президенттің жарлығы заң күші ретінде пайдалануды талап етті. Бартель үкіметі елде өнеркәсіптің жаңа салаларын дамытуға, Гдын қаласындағы кеме жасау портын жаңадан салуға көп қаржы бөлді. Ұлттық ақша беделі өсіп, аграрлық реформа жалғасты. Елдің экономикасы дами бастады. Әсіресе, көмір өнеркәсібі көп өнім шығарды.

1928 жылы 4 наурыз күні сейм сайлауы өтті. Сайлауда Пилсудский жағы жеңіске жетті. Бірақ парламентті тарата алмады. Елде санация диктатурасына қарсы оппозиция әлі де болса күшті болды. Бірақ 1929 жылы Польшада экономикалық дағдарыс басталды. Экономикаға шет ел капиталы көп келе бастады. Халық наразылығы күшейді. Олар санация диктатурасын қолдаған саяси күштер конституцияны өзгертіп, жеке билікті күшейтуді талап ете бастады.

**Экономикалық дағдарыс жылдарында.** Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс Польша экономикасының барлық саласын қамтыды. 1929 жылы өнеркәсіп өнімдерін шығару 15,2% азайды, ауыл шаруашылық өнімдерін шығару 4,7 млрд злотаға, 1,5 млрд злотаға кеміді. Елде 500 мың жұмыссыз болды. Санация үкіметіне қарсы ереуілдің қозғалыс күшейіп, оған 1934 жылы 400 мың жұмысшы қатысты. Украина мен Батыс Белоруссия шаруашылығының жағдайы өте ауыр болды. Вольн және Краков воеводтарында шаруалар көтерілісі кең етек алды. Польшада 1934 жылы Березе-Картуда концентрациялық лагерь (концлагерь) пайда болды.

Экономикалық дағдарыс санация диктатурасы кезінде саяси билік саласын да дағдарысқа әкелді. 1934 жылы билеуші топтар конституцияны өзгертуді талап етті. Пилсудский парламент арқылы жаңа конституцияны бекітті. 1935 жылы сәуір айының 23-і күні президент Мосьцицкий жаңа конституцияға қол қойды. Сәуір конституциясы бойынша, елдегі басшылық Пилсудскийдің қолына көшті. Ол «құдай мен тарих» алдында ғана жауапты болды. Президент 7 жылға сайланады. Президент үкіметті тағайындауға және алып тастауға, парламентті таратуға, елде төтенше жағдайды жариялауға құқылы, сонымен бірге жоғарғы әскери қолбасшы

болды. Сенат депутаттарының  $\frac{1}{3}$  президент тағайындай алады. Конституция азаматтардың құқын тежеді. Халықтан мемлекетті жоғары санады. Польшада жеке адам диктатурасы орнап, демократия шектелді.

Конституция қабылданғаннан кейін бірнеше жетіден кейін маршал Пилсудский қайтыс болды. Маршал Краков қаласында Ваел костелінде (шіркеуінде) Речь Посполитая корольдерінің қасында жерленді.

Осыдан кейін Польшада жаңа конституция бойынша сейм (парламент) сайлауы болды. Сайлауда санация диктатурасын қолдаған саяси партиялар жеңіске жетті.

Польша мемлекетінің басшысы болып генерал Эдварда-Смигло тағайындалды.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Польша мемлекетінің сыртқы саясаты Германия мен КСРО арасында тепе-теңдікті сақтауды қолдады. Польшаның сыртқы істер министрі, полковник Юзеф Бек болды. 1932 жылы КСРО мен бір-біріне соғыспау туралы келісімге қол қойылды. 1934 жылы осындай келісім Германиямен де жасасылды. 1939 жылы Гитлер Польшадан Данциг қаласын және «Польша коридорын» Германияға беруді талап етті. «Польша коридорымен» Польша жерінен Шығыс Пруссияға бару үшін темір жол мен автомобиль жолдарын салу үшін жер бөлуді ұсынды. Польша үкіметі Германия ұсынысын қабылдамады. Сөйтіп, 1934 жылғы келісім бұзылды. 1939 жылы тамыздың 23-і күні Молотов-Риббентрон пактісіне қол қойып, Батыс Украина, Батыс Белоруссия, Финляндия, Латвия және Бессарабия КСРО-ға берілетін болды да, Литва Германияға өтетін болды. Соғыс басталмай тұрып-ақ Гитлер мен Сталин Польшаны осылай бөлісті.

1939 жылы қыркүйектің 1-і күні Германия Польшаға соғыс ашты. Польша халқы ерлікпен өз отанын қорғап, соғыс қимылдарын жүргізіп жатты. Варшава қаласын екі жеті бойына қорғап, күштің тең болмауына байланысты Германия Польшаны жаулап алды.

1939 жылы қыркүйектің 17 күні КСРО Батыс Украина мен Батыс Белоруссия жеріне басып кірді. Молотов – Риббентрон пактісінің жасырын ықпал жасау келісіміне сүйеніп, КСРО Польшаға соғыс ашты. Германия мен КСРО қыркүйек айында Польшаны толық жаулап алды.

## §2. Чехословакия

**Буржуазиялық Республиканың құрылуы.** 1918 жылы қазан айының 28-і күні Австро-Венгрия өзінің АҚШ үкіметіне жіберген нотасында соғыстан шығатынын және бітімге қол қоюға дайын екенін жазды. Австро-Венгрия империясы құлады. Бұл қуанышты хабар жеткеннен кейін эмиграцияда жүрген Чехословак ұлттық комитеті елдегі өкімет билігін өз қолдарына алатынын жариялады. 1918 жылы қазан айының 30-ы күні Турчанский Мартин қаласында Словак ұлттық комитеті арнайы декларация қабылдап, өздерін чех халқының бір бөлігі ретінде санап, бір мемлекетке қосылатынын білдірді.

1918 жылы қараша айының 16-ы күні Чехословак ұлттық комитеті уақытша конституция жариялайды. Жоғарғы заң шығарушы Ұлттық жиналыс (парламенті) болып қабылданады. Ұлттық жиналыстың бірінші отырысында елдің тұңғыш президенті болып Т.Г.Масарик (1886–1918 жж.) сайланады. Чехословак үкіметін ұлттық-демократиялық партия жетекшісі К.Краларис басқарады. Чехословак сыртқы істер министрі Э.Бенеш тағайындалады. Э.Бенеш (1884–1949 жж.). 1918–1935 жылдарда сыртқы істер министрі. 1935–1948 жылдарда Чехословак Республикасының президент қызметін атқарады.

Чехословак Республикасының шекарасы Версаль, Сен-Жермен және Трианон келісімдері арқылы шешілді. Чехословакия мен Польша арасындағы Тешин облысы Антанта елдерінің қолдауымен 1919 жылы ақпан айында екі ел келісімі арқылы бейбіт жолмен шешіледі. Тешин облысы екіге бөлінеді. Бұл бұрыннан екі ел арасында талас туғызып келген мәселе болатын. Ользе өзенінің оңтүстік-батысында Тешин Силезиясындағы жер болатын. Осымен Чехословак буржуазиялық Республикасының құрылуы аяқталды.

1918–1920 жылдарында Чехословак үкіметі елде экономикалық-әлеуметтік шаралар жүргізді. 1920 жылы аграрлық реформа қабылдады. Мемлекет ірі жер иелерінен 150 га жерден артық жерді сатып алып, оны шаруаларға берді. Шаруалардың жерді сатып алуы үшін аграрлық банктерден несие алуларына рұқсат етілді. Аграрлық реформа ұзақ уақытқа созылды. Елде революциялық қозғалыстар кең етек алды. Оған себеп біріншіден, Ресейдегі қазан төңкерісі, екіншіден, 1919 жылғы Венгриядағы революция болды. 1919 жылы маусым айының 16-ы күні Словакияның Преснове қаласында революция жеңіп, Словак кеңес Республикасы құрылды. Кеңестік өкімет үш апта ғана өмір сүрді.

1920 жылы ақпан айында Ұлттық жиналыс жаңа конституция қабылдады. Конституция буржуазиялық демократиялық кеңшілік жариялады. Азаматтардың құқықтарын және жеке меншікті қорғады. Жоғарғы заң шығарушы органы екі палатасын Ұлттық жиналыс бекітті. Президент парламент арқылы жеті жылға сайланды. Жергілікті басқару мекемелері айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. 1920 жылы сәуір айында Чехословакияда тұңғыш парламент сайлауы өткізілді. Сайлауда социал-демократ партиясы мен социалистер жеңіске жетті. Қызыл-жасыл коалициялық үкімет құрылды. Масарик президент болып қалды. Үкімет басшысы болып Тусар тағайындалды. Еңбекші үкіметі аталған Тусар үкіметі халықтың әлеуметтік және тұрмыс жағдайын жақсартпа алмады. Елде жұмыссыздық өсті. Қымбатшылық, азық-түліктің жетіспеуі революциялық қозғалысқа әкелді. 1920 жылы желтоқсан айында жұмысшы қозғалысы кең етек алды. Тусар үкіметтен кетіп, оның орнына Я.Черный тағайындалды. 1921 жылы мамыр айында солшыл социал-демократтар Прага қаласында өздерінің съездерін өткізіп Чехословак Коммунистік партиясының құрылғандығын жариялады.

1918–1921 жылдарда Чехословак үкіметінің сыртқы саясаты антисоветтік бағытта болды. Сыртқы саясатта Антанта мемлекеттеріне арқа сүйеді. Оның ішінде Франция үкіметінің сыртқы саясатын қолдау арқылы жүргізді. Францияның тікелей айтуымен антисоветтік саясатты қолдап Орталық Еуропада Кіші Антанта әскери одағы құрылды. Кіші Антанта Югославия корольдігінің қатысуымен құрылды. 1920 жылы 14–15 тамызда Чехословак – Югославия, Чехословак – Румыния келісімдеріне қол қойылды. Кіші Антанта одағының міндеті біріншіден, советтік Ресейге қарсы тұру, екіншіден, Австро-Венгрия империясының қайтадан құрылуына жол бермеу болды. 1921 жылы қыркүйек-қазан айларында Карл Габсбург екі рет монархияны қалпына келтіру үшін төңкеріс ұйымдастырды. 1921 жылы қазан айында төңкерісшілдер жеңіліс тауып, Карл тақтан түсті. Габсбург монархиясын қайта құруға тыйым салынды.

**Капитализмнің уақытша тұрақтану кезіндегі Чехословакия.** Чехословакия капитализмнің уақытша тұрақтану кезінде 1924–1929 жылдарда экономикалық дамуда айтарлықтай жеңіске жетті. 1926 жылы өнеркәсіп өнімдерін шығару 1913 жылмен салыстырғанда 20% артты. Ауыл шаруашылық өнімдерін шығару 1913 жылғы деңгейге жетті. 1927 жылы өнеркәсіп өнімі 108%, ал 1927 жылы 113% өсті. Чехия мен Моравия аудандарында ауыр өнеркәсіп қаржы олигархиясының қолдауымен тез дамыды.

Өнеркәсіп-қаржы иесі Живностен банкі өз қолына алды. Словак ауданы аграрлы болып қала берді. Өнеркәсіптің 20% шет капиталының қолында болды. 1930 жылы 494 ірі өнеркәсіп орындарында жұмысшылардың 21,7% жұмыс істеді. XX ғасырдың 20-жылдарында ұлттық буржуазия жеңіл өнеркәсіпте айтарлықтай табысқа жетті. Змине қаласындағы аяқ киім фабрикасы елдегі аяқ киім өнімдерін шығарудың 90% өз қолына алды. 1924–1930 жылдарда Бати концерні 3 млн-нан 22,5 млн пар аяқ киім шығарды. Чехословакия экспортқа аяқ киім шығарудан дүние жүзінде бірінші орынға шықты. Чехословак шет елге капитал шығарып отырды. Австрия, Венгрия, Югославия, Румыния және Польша ұзақ мерзімге несиеге Чехословакия тауарларын алды.

Аграрлық реформа Чехословакияда 1929 жылы аяқталды. 1927 жылы 4881 ірі жер иесінің үлесінде 1 млн 166 мың га жер болса, 1 млн 67 мың шаруалардың үлесінде 2 млн 30 мың га жер болды. Әрбір ірі жер иесінде 238 га жер болса, әр шаруада 2 га жер болды. Техникалық дақылдардың егіс көлемі артты. Қант қызылшасының көлемі 2 есеге жуық өсті.

Жұмысшы табының әлеуметтік жағдайы ауыр болды. Елде қымбатшылық кең етек алды. Жұмысшы ереуілдері жиі-жиі болып жатты. 1924 жылы мамыр айында Жилин қаласында тоқымашылар ереуілге шықты. Қыркүйек айында Прага қаласындағы демонстрацияға 10 мың адам қатысты. Қымбатшылыққа қарсы ереуіл 19 қыркүйекте Братиславада, 30 қыркүйекте Остров қаласында өтті.

1924 жылы қазан айында парламент әлеуметтік қауіпсіздендіру туралы заң қабылдады. 1925 жылы жұмыссыздарға төленетін көмек туралы заң шықты. Кәсіподақ ұйымы жұмыссыздарға үш айға дейін көмек төлейтін болды. Мемлекет кәсіподақ ұйымына қайтарым төлем төлейтін болды.

1922–1926 жылдарда Шведлы үкіметі еңбекші халықтың мүддесіне сай жұмыс атқара алмады. Елде үкіметтік дағдарыс қалыптасты. 1925 жылы парламент сайлауы өтті. Сайлауда бірлік үкімет партиялары жеңіске жетті. Социал-демократ, Аграрлық ұлттық-демократиялық партиялары 146 мандатқа ие болса, оппозициялық партиялар 141 мандат алды. Чехословак коммунистік партиясы екінші орын алып 40 мандат жеңіп алды. Социал-демократ партиясы 19 мандатқа ие болды. Жаңа үкіметті Шведлы басқарды. 1926 жылы мамыр айында үкіметтің құрамынан социал-демократтар шықты. Үкіметті Ян Черны ауыстырды. 1927 жылы әскерлер сайлау құқынан айрылады. Елде әкімшілік басқару реформасы жүргізілді.

1930 жылы Чехословакияда дүниежүзілік экономикалық дағдарыс басталды. 1930 жылы өнеркәсіп өнімдерін шығару 30% қысқарды. Өнеркәсіп орындарының 15% жабылды. Елде 1,3 млн адам жұмыссыз қалды. 1929 жылы парламент сайлауында Аграрлық партия жеңіске жетті. Үкіметтің құрамына социал-демократ партиясы кірді. Жаңа үкімет дағдарыстан шығудың жолын еңбекші халыққа салынатын салық мөлшерін көбейту арқылы жүргізді. Дағдарыс әлеуметтік қайшылықты тереңдетті. Жұмыссыздар өздерінің жағдайын жақсарту жолында шерулер ұйымдастырды. 1930 жылы наурыз айының 6-ы күні 100 мың адам қатысқан шерулер болды. 1932 жылғы ақпан айында осындай шерулерге 400 мың адам қатысты. Жұмыссыздардың шерулерін Чехословак коммунистік партиясы басқарды. 1932 жылы наурыз айында жұмысшылардың саяси ереуілі жалпы халықтық сипатқа ие болды.

Солтүстік Чех ауданындағы Мостец көміршілерінің ереуілі кең етек алды. Бұдан басқа 400-дей саяси ереуілдер өткізілді. Экономикалық дағдарыс жылдарында күйзеліске ұшыраған Закарпат Украин шаруаларының қозғалысы да өрши түсті. Экономикалық дағдарыс Чехословакияда 1937 жылға дейін созылды. Еңбекші халықтың тұрмыс жағдайы нашарлай берді. Елде саяси дағдарыс күшейе түсті. 1939 жылы Германияда фашистік диктатураның орнауы, елде фашистік партиялар құрылып, Судет облысында Генлейн бастаған «неміс судет» партиясы құрылды. Чехословакияның тәуелсіздігіне тікелей қауіп төнді.

1935 жылы желтоқсан айында президенттік сайлау өтті. Масарик президенттік биліктен бас тартуына байланысты, сайлауда көпшілік дауыс алған ұлттық-социалистік партия ұсынған Э.Бенеш жеңіске жетті. 1935–1938 жылдарда Германия мен Италия елдерінің агрессиялық саясаты Чехословакияның сыртқы саясатта жаңа бағыт ұстауына әкелді. Франция мен КСРО елдерінің коллективтік қауіпсіздік саясатын қолдау арқылы антисоветтік саясаттан бас тартуға мәжбүр болды. 1935 жылғы мамырдың 2-і күнгі Кеңес – Француз келісімін қолдап, 1935 жылы мамырдың 16-ы күні Мәскеу қаласында бір-біріне шабуыл жасаспау және өзара көмек көрсету туралы Совет – Чехословак келісіміне қол қойылды. Бұл саясат Чехословакияның тәуелсіздігіне уақытша болса да кепілдік бере алды.

**Мюнхен келісімі.** 1938 жылы 12 наурызда фашистік Германия Версаль бітімін бұзып Австрияны аншлюс саясаты негізінде Германияға қосты. Чехословак тәуелсіздігіне тікелей қауіп төнді.

1938 жылы 23–24 сәуірде Карлово-Вары қаласында Судет немістер партиясының съезі болып, өздерінің талаптарын қойды. Біріншіден, Судет облысына автономиялық құқық беру, екіншіден, неміс ұлтшылдарына еркін үгіт-насихат жүргізуге рұқсат ету, КСРО – Чехословак келісімінен бас тарту сияқты саяси талаптар қойды. Генлейннің съезде сөйлеген сөзі Германия радиосы арқылы толық берілді. Мамыр айында Судет облысында арандатушылық, үгіт-насихат жұмысы күшейді. 1938 жылы мамырдың 22-і күні Судет облысында өткен жергілікті басқару органдарың сайлаудан бас тартқан Судет немістерінің бүлігі болды. Судет немістерін қолдаған Германия Чехословакияға қарсы соғыс ашу үшін «Грюн» жоспарын жасады. Мамырдың 21-і күні Чехословакия үкіметі елде мобилизация жариялады. Чехословак халқы отанын қорғауға дайындалды. Мамыр дағдарысы қыркүйек айына дейін созылды.

Франция мен Англия үкіметтері Гитлердің Чехословакияны басып алу саясатын қолдап, Судет облысын Германияға беруге көндіру үшін 1938 жылы 19 қыркүйекте Чехословакияға ультиматум табыс етті. Чехословак президенті Э.Бэнеш екі күннің ішінде жауап беру керек болды, егер жауап болмаса Германия соғыс ашады деп қорқытты. Чехословак үкіметі ультиматумнан бас тартты. Гитлер: «Егер Судет облысы 1 қазан айына дейін берілмесе, мен вермахт солдаттары ретінде Чехословакияға соғыс ашамын» – деп радио арқылы сөз сөйледі. Чехословакияда мобилизация жалғасып, 1,5 млн адам әскер қатарына шақырылды. Гаджи үкімет отставкаға кетуге мәжбүр болды. Қыркүйек дағдарысы 26 күнге дейін жалғасты. АҚШ президенті Ф.Рузвельт «Чехословак мәселесін» бейбіт жолмен шешуге болатынын айтты. Соғыс болса Еуропада саяси құрылымның өзгеруі мүмкін, сондықтан бұл мәселені бейбіт түрде шешу үшін АҚШ президенті халықаралық конференция шақыру керек деген ұсыныс жасады.

29–30 қыркүйек айында Мюнхен конференциясы ашылды. Конференция жұмысына Гитлер, Муссолини, Даладье және Чемберлен қатысты. Конференцияның күн тәртібінде «Чехословак мәселесі» қаралғанымен, Чехословак президенті Э.Бэнеш қатыстырылмады. Мюнхен келісімі бойынша Судет облысы Германияға берілді. Судет облысында 5 млн халық тұрса, соның 3 млн халқы немістер болатын. Судет облысында Чехословакия өнеркәсібінің 40% орналасқан еді. Мюнхен келісімінен кейін Германияның шекарасы Прага қаласынан 40 шақырым жерде болды. Мюнхен келісімі екінші дүниежүзілік соғыстың бастауы болды. Мюнхен

келісімінен кейін Гитлер Венгер сыртқы істер министрі Чакимен кездескенде былай деген: «Неслыханное достигнуто. Вы думаете, что я сам полгода назад считал возможным, что Чехословакия будет мне как бы поднесена на блюде ее друзьями? Я не верил, что Англия и Франция вступят в войну, но я был убежден, что Чехословакия должна быть уничтожена военным путем: то, что произошло, может произойти лишь раз в истории» (1939 год. Уроки истории. М., 1990.–144 с.).

Мюнхен келісімінен кейін Чехословакия жері екіге бөлінді. Чехословакия 1939 жылдың 15 наурызына дейін Екінші Республика деп аталды. 1938 жылы 5 қазан күні Бенеш биліктен кетті. Чехословакия президенті болып реакциялық топтардың басшысы Э.Гаха сайланды. Үкімет басшысы Р.Беран болды. 1939 жылы наурыздың 14 күні Гаханы Берлинге шақырып Гитлер Чехия мен Моравияны Германияның протектараты деп жариялады. 15 наурызда Германия Чехословакияны толық жаулап алды. 1939 жылы наурыз айының 21 күні Гаха Ұлттық жиналысты таратып, елдің билігін неміс әкімшілігіне өткізді.

1938 жылы қарашаның 2-і күні Вена арбитраж заңынан сәйкес, Словакия дербес мемлекет болып жарияланды. Германияның бақылауындағы «қуыршақ» Словак мемлекетін Тисо басқарды. Словак жеріне неміс армиясы орналастырылды. 1941 жылы маусым айының 24-і күні Словакия КСРО-ға соғыс жариялады.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Франция, Англия және АҚШ мемлекеттерінің ұсынысымен Мюнхен келісті. Чехословак мемлекетінің жойылуына байланысты чех және словак халқы өздерінің тәуелсіздігінен айырылды. Чехословак халқы 1939–1945 жылдарда фашизмге қарсы ұлт-азаттық күрес жүргізді.

1939–1945 жылдарда Бенеш басқарған Чехословак эмиграциялық үкіметі Лондон қаласында антигитлерлік бірлік елдері жағында фашизмге қарсы күресті.

### §3. Австрия (1918–1939 жж.)

**Австрия Республикасының құрылуы.** 1918 жылы қазан айында Австро-Венгрия соғыста жеңілді. Габсбург мұрагерлік империясы өмір сүруін тоқтатты. Империя құлағаннан кейін Орталық Еуропада тәуелсіз мемлекеттер құрылды. Олар: Австрия, Венгрия, Чехословакия, Польша. 1918 жылы қазан айының 30-ы күні Вена қаласында еңбекші халықтың қатысуымен ірі демонстрация ұйымдастырылып, халық республиканың жариялануын талап етті.

Социал-демократ партиясының басшысы Карл Реннер үкімет құрды. Уақытша ұлттық жиналыс (парламент) шақырылып, конституцияның жобасын қабылдады. 1918 жылы қарашаның 12-і күні парламент Австрия Республикасының құрылғандығын жариялады.

Австрияның экономикалық дамуында дағдарыс басталды. Экономикалық дағдарыс елде үкіметке қарсы наразылықты күшейтті. 1920 жылы маусым айында социал-демократ үкіметі отставкаға кетуге мәжбүр болды. 1920 жылы 1 қазан айында жаңа конституция қабылданды. Австрия демократиялық Республика болып жарияланды. Парламент екі палатадан: Ұлттық кеңес және Федералдық кеңестен құрылды. Конституция жалпыға бірдей сайлау, сөз бостандығы, ұждан, баспасөз және әлеуметтік құқықтарды жариялады. 1920 жылы 17 қазанда парламент сайлауы өтті. Сайлауда негізгі буржуазиялық христиан-әлеуметтік партиясы жеңіске жетті.

Жаңа үкіметті реакциялық бағыттағы И.Зейпель басқарды. Ол алғашқы күннен бастап фашистік ұйымдарды қолдап, Австрияны Германияға қосуға шақырды. Экономикалық дағдарыстан шығу үшін Австрия үкіметі Ұлттар лигасынан қаржы көмегін сұрауға мәжбүр болды. 1922 жылы қазан айында Женева конференциясына қатысқан елдер Австрияға 650 млн крон заем беруге келісті. 1922 жылы Австрияда ақша реформасы жүргізіліп, қазіргі Австрия ақшасы - шиллинг енгізілді. Шет ел капиталының қолдауымен Австрияда капитализм уақытша тұрақтану кезеңіне аяқ басты.

1924-1929 жылдарында Австрия экономикасы тұрақтанып, халықтың тұрмыс жағдайы жақсара бастады. Буржуазия өндірісті дамытып, жұмысшылардың әлеуметтік талаптарын ескеріп, жалақыны өсірді, тұрғын үй мәселесін шеше бастады. Вена қаласының басшысы 1931 жылы тұрғын үй салу бағдарламасын жасап, қалада жаңадан 45 мың пәтер салды. Жергілікті жерлердің бюджетіне түсетін арнаулы салықтар жүйесі енгізілді. Бірақ елде реакция мен фашизм кең етек ала бастады. 1927 жылы парламент сайлауы өтті. Сайлауда христиан демо-кратиялық партиясы жеңіп, премьер-министр Зейпель үкімет басына келді. Зейпель бастаған үкімет реакция мен фашизмді қолдау саясатын жүргізді. Сыртқы саясатта Германияны қолдап, антисоветтік саясат ұстанды. 1927 жылы шілде айында жұмысшы табының реакция мен фашизмге қарсы қарулы көтерілісі болды. Қарулы көтерілістің жеңіліс тапты, 140 адам өліп, 1500 адам жараланды. Әйтсе де бұл реакция мен фашизмге тойтарыс берген алғашқы үлкен соққы еді.

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жылдарында Австрияда өнеркәсіп өнімдерін шығару қысқарды. 1929 жылы 462 мың т шойын, 632 мың т болат шығарылса, 1933 жылы 88 мың т шойын, 226 мың т болат өндірілді. 1932 жылы елде 500 мың жұмыссыз болды. Әлеуметтік қайшылық күшейіп, халықтың тұрмыс жағдайы ауырлады. Австрияда фашизм қайтадан күш ала бастады. Фашизм қозғалысында екі ағым болды. Біріншісі, Италияны қолдағандар – **хеймверлер**, екіншісі, Германияны қолдағандар – **нацистер** болды. Үкімет басында отырған христиан-демократтар демократияға шабуыл жасай бастады. Мұны Австрияның социал-демократтар партиясы қолдады. 1929-1930 жылдарда Шобер үкіметі конституцияны өзгертуге шешім қабылдады. 1929 жылы желтоқсанда конституцияға өзгерістер енгізді. Сайлауға 20 жастан емес, 21 жасқа толған адамдар қатыса алатын болды. Президентті 7 жылға жалпы-халықтық сайлау арқылы сайлады. Президент парламентті таратуға, үкіметті парламент келісімінсіз тағайындауға құқықты болды. Конституция бойынша парламент 3 палатадан тұрды: Ұлттық кеңес және Федеративтік кеңестен құрылса, үшінші палата Ұлттық кеңес екі палатаға бөлінді. Біреуі Австрияның жергілікті басқару өкілдерінен, екіншісі мұрагерлік кеңес мүшелерінен (совет сословий) тұрды. Жоғарғы палата жер және сословия кеңесі болып қайта құрылды.

Конституциядағы саяси-әлеуметтік құқықтың баптары қысқартылып, демократиялық кеңшіліктер шектелді. 1929-1933 жылдардағы экономикалық дағдарыс кезінде Австриядағы ең бір ірі банк «Боденкредитанштальт» банкрот болды. Ірі өнеркәсіп орындары жабылды. Жұмысшылардың 53%-ы қысқартылды. Донавиц қаласындағы «Альпинс Монгангезелль-шафт» металлургия заводы тоқтатылды. 1932 жылы ағаш өңдеу заводтарының 60% жұмыс істемеді.

1934 жылы ақпан айында жұмысшы табы реакция мен фашизмге қарсы қарулы көтерілісті бастады. Қантар айында Тирол қаласында хеймверлар (фашистер) террор ұйымдастырып елде фашистік төңкеріске дайындалды. Австрия үкіметті фашизмге қарсы күрес жүргізіп, қару-жарақтарын тартып алып, тұтқындап жатты. Бірақ фашистік ұйымдардың қарсылығы күшті болды. Вена, Линц, Грац қалаларында халық көтеріліске шықты. Фашизмге қарсы қарулы көтеріліс 15 ақпанға дейін жалғасты. Көтеріліске қатысқандар арасында бірлік болмады, социал-демократ партиясы мен коммунистік партия біртұтас жұмысшы майданын құра алмады. Фашизм жеңіске жетті. Көтерілісшілер жеңілді. 1000 адам

өліп, 5 мыңдай адам жараланды. 10–11 мың адам тұтқындалып, Вемерсдорф концлагеріне жіберілді.

**Фашистік диктатураның орнауы.** 1934 жылы мамыр айында фашистік күштерді қолдаған Дольфус үкіметі жаңа фашистік конституция қабылдады. Австрияда барлық саяси партиялар мен кәсіподақ ұйымдарына тыйым салынды. Италия мен Ватиканның ықпалы күшейді. Дольфус үкіметінің бұл саясаты Германияға жақпады. 1933–1934 жылдарда Дольфус Муссолинимен бірнеше рет кездесулер өткізді. Германия өзінің аншлюс саясатын жүзеге асыру үшін күрес жүргізіп, Дольфус үкіметін құлатудың жолын қарастырды. 1934 жылы шілде айында Германия Австрияда мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырып, Дольфусті өлтірді. Жаңа үкіметке католик шіркеуін қолдаушы Шушинг тағайындалды. Германия Австрияны басып алуға дайындала бастады. Аншлюс саясатын жүзеге асыруға кірісті.

1936 жылы шілде айында Австрия Германиямен келісімге қол қойды. Австрия қағаз жүзінде ғана дербес мемлекет болғанымен, мен өзін «Германияның бір бөлігі» деп қарастырды. 1938 жылы қараша айында Австрия – Германия жасырын келісіміне қол қойылды. Германия Австрияны экономикалық жағынан тәуелді жасай бастады. Гитлер Австрия премьер-министрі Шушингтен фашистерді қолдау, үкіметтің кейбіреулерін жұмыстан алуға дейін талап етті. Олардың орынына нацист-министрлер тағайындалды. Қауіпсіздік министрі болып, нацист Зейс-Инквартты қойды. 1938 жылы наурыздың 11-і күні Гитлер Австрияны жаулап алу туралы нұсқауға қол қойды. Зейс-Инкварт Шушингпен тікелей телефон арқылы сөйлесіп, Берлиннен Гитлердің нұсқауларын жеткізіп отырды. Наурыздың 13-і күні Шушинг Австрияда плебисцит өткізуге шешім қабылдайды. Сол күні Берлиннен Геринг Зейс-Инквартқа телефон соғып плебисцитті тоқтатуды талап етеді. Екі сағаттан кейін Зейс Берлинге телефон соғып, Шушинг плебисцитті тоқтатқанын айтады. Шушинг отставкаға кетуге мәжбүр болады. Үкіметті Зейс-Инкварт өз қолына алып, Австрияда мемлекеттік төңкеріс жүзеге асады. Зейс үкіметі Германиядан әскери көмек сұрайды. 1938 жылы наурыздың 13-і күні аншлюс саясаты жүзеге асып, Австрия Германияға қосылады. Орталық Еуропада Австрия тұңғыш рет фашистік Германияның агрессиялық саясатының құрбанына айналды. Англиядағы Германияның бұрынғы елшісі, әрі Германияның сыртқы істер министрі Риббентроп Англия премьер-министрі Чемберленмен жолығып толық қолдау алғандығын айтып, Герингке телефон соғады. 17 наурыз күні КСРО үкіметінің

сыртқы істер министрі Германияның Австрияны жаулап алуына байланысты үндеу таратады. «Совет үкіметі агрессорларға қарсы бірігіп күресу керектігін айта келіп, келесі қауіп Чехословакияға төніп отырғандығын ескертіп, Ұлттар лигасы арқылы коллективтік қауіпсіздік саясатын қолдау таппаса, ертең кеш болатындығын ескертеді» делінді. 15 наурыз күні таңертең Гитлер өзінің туған елі Австрияға келеді. Бірнеше мың адам қатысқан жиында Гитлер сөз сөйлеп, өзінің арманының орындалғанын айтады. Вена қаласының тұрғындары Гитлердің сөзін зор қуанышпен тыңдап, қолдау тапқандарын білдіреді.

Австрия жері 7 облысқа бөлініп, Германияның «шығыс марка жері» деп аталады. Австрияны рейхкомиссар басқарады. Аншлюс саясатын елдегі реакция, фашистер, католик шіркеуі оңшыл социал-демократтар қолдады.

#### §4. Венгрия (1918–1939 жж.)

**1918 жылғы буржуазиялық-демократиялық революция.** 1918 жылы қазан айында Австрия–Венгрия соғыста жеңілді. Венгрияда саяси күрес кең етек алды. 29 қазанда Будапешт қаласында тәуелсіздік алу жолында саяси шерулер басталды. Буржуазиялық-демократиялық революция барысында реакциялық Хадики үкіметі құлады. Үкіметті Ұлттық Кеңес өз қолына алды. Оның құрамына буржуазиялық және социал-демократ партиялар кірді. 16 қарашада жұмысшы-солдат Кеңесі жеңіске жетіп, Халық Республикасын жариялады. 24 қарашада Будапешт қаласында Венгр коммунистік партиясы құрылды. ВКП-ның сайлауы болды. Венгрияда қос өкімет орнады. Буржуазия үкіметті өз қолына алып, буржуазиялық республика жариялап, Венгрия тәуелсіздікті жеңіп алып, Габсбург империясының құрамынан шықты. Буржуазиялық үкіметті граф М.Кароль басқарды. Социал-демократ партиясы үкіметтің құрамына кірді. Соғыстан кейін елдің экономикасы өте ауыр жағдайда болды. Жұмысшы тобы өз тұрмыс жағдайларын жақсартуды үкіметтен талап етті. Елде ашаршылық басталды. Еңбекші халық көтеріліске шықты, буржуазиялық үкімет ешқандай экономикалық шараларды жүргізуге шамасы келмеді. Венгрияда жергілікті жерде басшылықты кеңестер қолына ала бастады. ВКП-ның беделі өсті. Революциялық дағдарыс жалғасты. Қос өкіметтің билігін солшыл күштер өз қолдарына ала бастады. 1919 жылы 19 наурызда Антанта елдері буржуазия үкіметтік билікті өз қолдарында ұстай алмаса, әскер жіберетінін ескертіп жатты.

Социал-демократ партиясы революцияны қолдамады. ВКП-ның басшысы Бела Кунді және басқаларын тұтқындады. Антанта әскерлерінің елді басып алу қаупі күшейді.

**Пролетарлық революция.** 1919 жылы 21 наурыз күні Будапешт қаласында социал-демократ партиясы мен Венгр коммунистік партиясы үкіметті өз қолдарына алу үшін келісімге келді. Будапешт қаласында жаңа үкімет құрылды. Венгр Кеңес Республикасын жариялады. Революциялық Кеңесті үкіметтің жұмысшы табы қолдады, буржуазиялық үкімет амалсыздан көнуге мәжбүр болды. Венгр Кеңес Республикасы 133 күн өмір сүрді. Кеңес өкіметі саяси кеңшіліктер жариялады (шерулер, жиналыс, сөз бостандығы, баспасөз). 18 жасқа толған азаматтар сайлау құқығына ие болды. Кеңес үкіметін қорғау үшін ескі полиция мен жандармерияны таратып, Қызыл Армия құрды. Экономика саласында көптеген шаралар жүргізді. Өнеркәсіп пен жерді национализациялады. Еңбекші халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін жеңілдіктер берді. 1919 жылы маусымда жалпывенгрлік кеңес съезінде Венгр Кеңес Республикасының конституциясы қабылданды. Бұл шаралардың көбі толық жүзеге аспады. Антанта елдері, оның ішінде Францияның тікелей басшылығымен Венгр Кеңес Республикасына интервенция ұйымдастырылды. Француз әскерінің генералы Фош басқарған чехословак және румын әскерлері Қызыл Армия қарсылығын баса отырып, шет ел әскерлерімен бірігіп, Венгр жерін жаулап алды. Венгр Кеңес үкіметі жалғыз өзі көмек көрсете алмады, себебі Антанта елдерінің интервенциясымен азамат соғысын жүргізіп жатты. Венгрияның буржуазиясы мен социал-демократиялық партиясы Антанта интервенциясын қолдады. Сөйтіп, 1919 жылы 1 тамызда Венгр Кеңес Республикасы құлады. Үкімет отставкаға кетті. Оңшыл социал-демократ Пейдл үкімет құрды. Жаңа үкімет Венгр Кеңес Республикасының барлық декреттерінің күшін жойды. Буржуазия жеңіске жетті.

**Хорти үкіметінің ішкі контрреволюциялық қызметі.** Венгр Кеңес Республикасы құлағаннан кейін реакция мен террор кең қанат жайды. Тибор Самуэли, Отто Корвин, Ене Ласло т.б. тұтқындалып, өлім жазасына кесілді. Одан басқа бірнеше мың адам тұтқындалып, сотталды. 1919 жылы қараша айында Антанта әскерлерінің қолдауымен адмирал Миклош Хорти үкіметті өз қолына алды. Венгрияда контрреволюциялық үкімет құрылды. 1920 жылы қаңтарда Венгрияда парламент сайлауын өткізіп, Хорти диктатурасын қолдаған саяси күштер жеңіске жетті. Венгрияда монархиялық билік қайтадан қалпына келтіріліп, Регент Хорти

сайланды. Хорти диктатурасын ірі қаржы монополиясы, кейіннен ұсақ және орта буржуазиясы қолдады. Ұлттық фашистік ұйымдары құрыла бастады.

1920 жылы маусымда Трианон келісіміне қол қойылды. Келісім бойынша бұрынғы Венгр жерінің  $\frac{2}{3}$ , халықтың 60% Чехословакия, Румыния мен Югославияға берілді. Венгрия өте көп мөлшерде репарациялық төлем төлеуге мәжбүр болды. Хорти үкіметі антисоветтік саясатты кең түрде жүргізді. Польша – совет соғысы жылдарында австро-венгро-польша антисоветтік одақ құру көзделді. 1920–1921 жылдарда контрреволюциялық үкімет елдің экономикасын қалпына келтіре бастады. Буржуазия жеңіске жетіп, елде бейбіт өмір басталды. 1921 жылы үкіметті граф Иштван Бетлен басқарды. Басқа Еуропа елдері сияқты Венгрия экономикасы капитализмнің уақытша тұрақтану кезеңіне өтті.

**Капитализмнің уақытша тұрақтануы кезеңіндегі Венгрия.** XX ғасырдың 20-жылдарында барлық капиталистік елдердің экономикасы уақытша тұрақтану кезеңіне өтті. Еуропа елдеріндегі жұмысшы табының революциялық қозғалысы жеңіліс тапты. Буржуазиялық үкімет капитализмді сақтау үшін реформалар арқылы экономиканы қалпына келтіріп, дамытуға шараларын жүргізді. Дүниежүзілік капитализм бір-біріне қаржылай көмек көрсете бастады. Франция үкіметі Венгрияның Хорти үкіметіне ақшалай көмек көрсетіп, өндіріс саласын дамытуға қолдау көрсетті. Венгрия 1924 жылы Ұлттар Лигасына мүше болып, 250 млн крон заем алды. Хорти үкіметі салықтың мөлшерін өсірді. Еңбекші халықты қанау арқылы экономиканы көтеруге қол жеткізді. Өндірісте капиталдың шоғырлануы күшейді. 1929 жылы өндірістің өсімі 1913 жылмен салыстырғанда 19,3% өсті.

Ауыл шаруашылығында 1920 жылдары жүргізілген реформа айтарлықтай нәтиже бере алмады. Халықтың 95,6% ауыл шаруашылығына тәуелді болды. Өңделетін жердің 37%-ы ғана шаруалардың меншігінде болды. Ірі жер иеліктерінде 1000 хольда жер болды. 1 хольд – 0,75 га. Ірі помещиктік жер иеліктері сақталды.

Капитализмнің уақытша тұрақтануы жылдарында Хорти үкіметі фашистік елдерімен жақындасты. 1927 жылы Италия – Венгрия достық келісіміне қол қойылды. Ірі капиталистік елдердің қолдауымен Венгрия қарулана бастады. 1939 жылы Гитлер үкіметімен келіссөздер жүргізе бастады. Венгрия сыртқы саясатта агрессиялық фашистік елдерді қолдап отырды.

Венгрияда экономикалық тұрақтану ұзаққа созылмады. Елдегі аграрлық дағдарыс күшейіп, өндіріс орындары жабылды, 1929 жылы экономикалық дағдарыс басталды. 1930–1932 жылдары егіс көлемі азайып, астық өндіру кеміп, шет елге астық шығару 5,5 млн центнерге қысқарды. Ішкі рынок экономикалық тоқырауға ұшырады. Шаруалар күйзеліске түсіп, мемлекеттің қарызы көбейді. Мал саны қысқарып, азық-түлік азайды. Кедейшілік бүкіл елді қамтыды.

Дағдарыс өндіріс салаларын да кең түрде қамтыды. 700-ге жуық өнеркәсіп орындары жабылды. Жұмыссыздық 800 мыңдай адамды қамтыды. Ауыл шаруашылық машина жасау саласы 18% кеміді. Ауыр машина жасау, металл өңдеу, жеңіл өнеркәсіп өнімдері 65% қысқарды. 1929–1932 жылдары жұмысшылардың жалақысы 81% қысқарды. Жұмыс уақыты 9–11 сағаттан 14 сағатқа ұзартылды. Венгрияда тұрмыс жағдайының нашарлауы мен жұмыстағы ауыр еңбек салдарынан туберкулез ауруы кең етек алды.

Венгриядағы экономикалық дағдарыс жылдарында саяси жағдай шиеленісе түсті. 1931 жылы Бетлен үкіметі отставкаға кетті. 1932 жылы үкімет дағдарысы жалғасып, жаңа күшті билік үкіметі генерал Гембеш тағайындалды. Демократия шектелді, елде фашизм кең етек алды. Буржуазияның қолдауымен Гембеш үкіметі Германиямен жақындасты. Венгриядағы дағдарыс жылдарында халық қозғалыс кең етек алды. ВКП-сының ұйымдастыруымен 1930 жылы Будапешт қаласында 100 мың адам қатысқан демонстрация өткізілді. 1931 жылы қыркүйек айында үкімет елде төтенше жағдай жариялады. Ньйртуре, Балмазуйарош қалаларындағы жұмысшы ереуіліне қатысқандарға үкімет зеңбіректен оқ атқылады. ВКП-ның басшылары Имре Шаллай мен Шандор Фюреттерді тұтқындап, өлтірді.

1933 жылы маусым айында Гембеш бірінші болып Берлинге барып, Гитлермен кездесті. Венгрия Германияның экономикалық жағынан тәуелді болды. Гембеш үкіметі 1936 жылы отставкаға кетті. Оның орнына Кольмона Дараньи (1936–1938) үкіметті басқарды. 1937 жылы Венгрияда сайлау заңы шығарды. Жаңа сайлау заңы бойынша 1 млн адам сайлау құқығынан айрылды. Ұлттық-социалистік партия мен фашистік партияның реакциялық террор саясаты күшейді. Венгр еврейлерін қудалау басталады. Хорти диктатурасының билігі елде толық орнады. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Гитлер Чехословакияны жаулап алғаннан кейін Венгрияға сыйлық ретінде оңтүстік Словакия мен Закарпат Украинасын берді. 1939 жылы қаңтарда Венгрия

«антикоммитерн» пактісіне қол қойылды. Закарпат Украина жерін Венгрия толық жаулап, екінші дүниежүзілік соғыста Венгрия Германия жағында соғысқа қатысты.

## §5. Румыния

**Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Румынияның саяси-экономикалық дамуы.** Румыния Антанта елдері жағында соғысты. Соғыс жылдарында еңбекші, халықтың тұрмыс жағдайы өте ауыр болды. Елдің көп жерін Германия әскерлері жаулап алды. Өнеркәсіп өнімдерін шығару 2 есеге азайды. Егіс көлемі 25% қысқарды. 1918–1919 жылдар аралығында Румыниядағы халық қозғалысы кеңінен етек алды. 1918 жылы Румыния үкіметі кеңестік Ресейге қарсы соғыс бастап, Бессарабия жерін уақытша басып алды. Кейін 1918 жылғы Бухарест бітімі бойынша Бессарабия Румынияның құрамында қалды. 1918 жылы желтоқсан айында Трансильвания жергілікті халықтардың талабына сәйкес Румынияға қосылды. 1919 жылы Париж конференциясының шешімімен Солтүстік Буковина, Тиссе өзенінің жағалауындағы венгерлер тұрған жер, Батыс Баната, Оңтүстік Добрудже жерлері Антанта мемлекеттерінің қолдауымен Румынияға берілді. Румынияның жер көлемі 138 мыңнан 295 мың кв км өсті, 7,8 млн халықтан, 1920 жылы 16 млн адамға жетті. Сөйтіп Антанта мемлекеттерінің қолдауымен, Францияның тікелей басшылығымен 1921 жылы Орталық Еуропада Румыния – Чехословакия – Югославия келісімдері өтіп, «Кіші Антанта» саяси-әскери одағы құрылды. Румыния үкіметі Орталық Еуропадағы антисоветтік саясатты жүргізуші елдер қатарында болды. 1918–1922 жылдар арасында Румынияда буржуазиялық-помещиктік үкімет жеті рет ауысып, саяси тұрақсыздық ұзаққа созылды.

1922 жылы Румынияда революциялық қозғалыс бөседеп, ел экономикасы қалпына келтіріліп, тұрақтану кезеңіне өтті. 1924–1929 жылдар арасында өндірістің дамуы соғыс алдындағы даму деңгейіне жетті. Өндіріс пен капитал шоғырланып ұлттық буржуазия капиталы өсті. Шетел капиталы мұнай өндірісіне көптеп тартыла бастады. 1924 жылы жер байлығын игеріп пайдалануда шет ел мен ұлттық капитал 50% теңестірілді. Өнеркәсіпте жұмысшылардың жағдайы бұрынғыша ауыр жағдайда болды. Жұмысшылар 10–12 сағат жұмыс істеді. Жалақы 2 есеге қысқарды. Капитализмнің уақытша тұрақтануына байланысты ұлттық-либерал партиясы (1922–1926 жж.) үкіметі аграрлық реформа

жүргізді. 1921 жылғы заң бойынша жер алу құқығына ие болған 1369 мың шаруа жер алды. Бұл шаруалардың 60% болатын. Ал жердің 30% помещиктердің қолында болады. Аграрлық реформа жылдарында ауыл шаруашылығы капиталистік жолмен тез дами түсті.

Ұлттық либерал үкіметі елде ішінара саяси қайта құрулар жүргізді. 1923 жылы наурызда жаңа конституция қабылданды. Румыния біртұтас мемлекет болып жарияланды. Барлық азаматтар заң алдында бірдей құқыққа ие болды. Елде еркіндік жарияланғанымен, коммунистік партия және басқа демократиялық күштерге қарсы террор мен реакция күшейді. Румыния коммунистік партиясы 1921 жылы 8 мамырда құрылған болатын. Үкімет профашистік ұйымдарды қолдап, оларды жұмысшы табына қарсы қойып отырды. Капитализмнің уақытша тұрақтануы жылдарында еңбекші халық өз тұрмыс жағдайын жақсарту үшін күресін жалғастыра берді. 1922-1924 жылдарда Лупен, Ароде, Бухарест, Тимишоар, Браиле қалаларында ірі жұмысшы қозғалыстары болды. 1924 жылы Бессарабияның Татарбунар ауданында шаруалар қозғалысы кең етек алып, кейбір жерлерде кеңес өкіметін орнатып, Молдава Кеңес Республикасын құрды. Көтерілісшілерді басу үшін әскер жіберіп, көтерілісті басып, Кеңес республикасын құлатты. 3 мың көтерілісші өлтіріліп, Татарбунар ауданы талқандалды.

Румынияда саяси билік үшін күрес күшейіп, ұлттық партия мен Царанистік (шаруалар) партиялары арасында өкімет үшін бақталастық кең етек алды. Бірақ, 1926 жылы екі партия бірігіп Ұлттық-Царанистік партия болып аталды. 1928 жылы парламенттік сайлауда ұлттық-царанистік партия 77,9% дауыс алып, ұлттық партия басшысы болған Ю.Маиу премьер-министр болып тағайындалды. Жаңа үкімет жүргізген реформалар нәтижесінде кулактардың жағдайы жақсарды, жаңа жерлер сатып алынып, жерсіз қалған шаруалардың көбі жұмыс іздеп қалаларға кетуге мәжбүр болды. Аз ұлттар румындардың езгісіне түсіп, ұлттық қақтығыстар күшейе түсті. «Ашық есік» саясаты ұлттық өндіріске француз, ағылшын және америка капиталының көптеп келуіне жол ашты.

1922-1924 жылдарда Румынияның ұлттық-царанист үкіметі сыртқы саясатта «Кіші Антанта» ұйымына арқа сүйеді, сол арқылы Францияның беделі өсті. Италия өзінің ықпалын нығайту үшін, Румыниямен келіссөздер жүргізе бастайды. 1926 жылы мамыр айында Румыния мен Италия арасында «достық және ынтымақтастық» келісіміне қол қойылды. Бұл келісім «Кіші Антанта» ұйымының

өлсіреуіне жол ашты. Франция болса өз жағынан «Кіші Антанта» ұйымын нығайту үшін 1926 жылы маусымда Румыниямен келісімге келіп, Бессарабия мәселесін Румыния пайдасына қалдыруды қолдайды. Бұл келісімге Кеңес үкіметі өз қарсылығын білдіреді. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін орталық Еуропада Кеңес елімен елшілік қатынас орнатпаған жалғыз Румыния болды.

**Экономикалық дағдарыс жылдарындағы Румыния (1929-1933 жж.).** 1927-1928 жылдарда Румынияда дағдарыс басталды. Көмір, металлургия, тоқыма өнеркәсіп орындарында өнім шығару қысқарды. Жұмыссыздық тез өсті. 1929 жылы экономикалық дағдарыс кең етек алды. Өнеркәсіптің көптеген салалары тоқтатылды. Егіс көлемі 30-40% қысқарды. Азық-түлік жетіспеді. Теміржолдан түскен табыс 30% кеміді.

1928-1931 жылдарда қаржы саласындағы дағдарысқа байланысты ірі банк жүйелері банкроттыққа ұшырады. Румыниядағы «Мараморан Бланк және К<sup>о</sup>» өз жұмысын тоқтатты. 1928 жылы үкімет басына келген ұлттық-царанисттік партия елді дағдарыстан шығару үшін шет елдің қаржы көмегіне сүйенді. Бұл шара Румынияның шет елге тәуелділігін күшейте түсті. Дағдарыс жылдарында еңбекші халықтың тұрмыс-жағдайы нашарлай түсті. Елде халықтың үкіметке қарсы күресі күн санап көбейе түсті. 1927 жылы ереуілге - 60 мың адам шықса, 1930 жылы - 120 мың адамға жетті. 1929 жылы Лупен көміршілерінің көтерілісі кең етек алды. Жұмысшылар 8 сағаттық жұмыс күнін, жалақыны өсіруді сұрады. Үкімет көміршілердің ереуілін қарумен басты. 1930 жылдары Бухарест, Буковина, Тимишоар, Галац, Клуже, Констанце қалаларында ереуілдер жалғасты.

Экономикалық дағдарыс жылдарында үкіметке сенімсіздік күшейіп, бірнеше рет ауысты. Ұлттық-царанистік үкімет дағдарыстан шығу үшін 1930 жылы елден қуылған Фердинанд корольдің баласы Карлды шақырып, таққа отырғызды. 1930 жылы маусымда Карл II таққа отырды. Ол елдегі монархияшыл реакциялық саяси күштердің қолдауына сүйенді. Ұлттық-царанистік үкіметтің басшысы Маниу бұрынғыша америка, француз және ағылшын заемдарына сүйене отырып, дағдарыстан шығуға талпынды. Шет елдердің қарызына белшеден батқан Румыния экономикасы оларға бұрынғыдан да тәуелді бола берді. 1932 жылы Маиу үкіметі Ұлттар лигасынан көмек сұрады. Бұл шаралардың барлығы экономикалық дағдарыс жылдарындағы еңбекші халықтың тұрмыс жағдайын жақсартпа алмады. Экономикалық дағдарыс жалғаса берді.

Экономикалық-саяси дағдарыс әлеуметтік қайшылықты күшейтті. Румынияда Карл II билігі реакция мен фашистік күштерге сүйенгендіктен, буржуазиялық-помещиктік топтар күшейе түсті. 1934 жылы Румыния экономикалық дағдарыстан шыға бастады. Ұлттық монополия мемлекеттің қолдауымен өндірісті дамыта бастады. 1934 жылы өнеркәсіп орындарында өнім шығару 1,5 есе өсті. Мұнай өндіру 4,8 млн т – 7,3 млн т жетті. Болат өндіру мен химия өндірісі жедел дамып отырды. Ауыл шаруашылығында аграрлық реформа толық аяқталмады. 2,5 млн шаруа жерсіз қалды.

1934–1937 жылдарда ұлттық-либерал партиясының басшысы Г.Татареску үкімет басына келді. Жаңа либералдық үкімет фашистік Германиямен жақындаса бастады. 1935 жылы наурыз айында Румын – Герман келісім болды. 1934 жылы маусымда Румыния КСРО елімен елшілік қатынас орнатты. Мұндай саясатты жүргізуде Румын сыртқы істер министрі Н.Титулескудің жеке басының рөлі күшті болды.

1937 жылы желтоқсанда Румынияда парламент сайлауы өтті. Сайлау мажоритарлық жүйе негізінде жүргізілді. Ұлттық-либералдық партия 40% дауыс жинап, парламентте көп орын ала алмады. Бұл елде диктатураның орнауына жол ашты. Сайлаудан кейін 1938 жылы ақпан айында Карл II жаңа үкімет құрды. Үкіметтің құрамына бірде-бір саяси партиялар кірмеді. Үкімет тікелей монархқа бағындырылды. Карл II елде жеке билікті өз қолына алды. Ол Конституцияға өзгерістер енгізді. Парламенттің шешімінсіз-ақ заңдарға қол қоя алды. Елде фашистік ұйымдар өз жұмыстарын қайта жоспарлап, жаңа фашистік партия құрылды. Ол «Ұлттық өркендеу майданы» деп аталды. Сыртқы саясатта Германияны қолдап, екі ел арасында экономикалық-сауда келісіміне қол қойылды. 1939 жылғы наурыз айындағы келісім нәтижесінде Румыния экономикасы Германияның шикізат көзіне айналды.

**Румын – КСРО қарым-қатынасы.** Екінші дүниежүзілік соғыстың бірінші кезеңінде екі ел арасында Бессарабия мәселесі шешімін таппады. Румын үкіметі КСРО-ның бейбіт жолмен шешу жолындағы ұсынысын қабылдамады. 1940 жылы 26 маусымдағы КСРО-ның соңғы ұсынысына, румын жағы 27 маусымда «Бессарабия мәселесі» бейбіт жолмен шешуге келісім беретінін хабарлады. 28 маусым күні Кеңес армиясының оңтүстіктегі әскерлері армия генералы Г.К.Жуковтың бұйрығымен Днестр өзенінен өтіп, Бессарабия мен Солтүстік Буковина жеріне кірді. Румын жағы қарсылық көрсетпеді, оның себебі Германия Румын үкіметін алдын ала көндірген болатын. КСРО өзінің батыстағы

шекарасын 200 шақырымға кеңейтті. Бұған 1939 жылғы тамыздағы кеңес – герман пактісіндегі жасырын келісімнің тікелей қатысы болғаны кейіннен белгілі болып отыр. Бессарабия мен Солтүстік Буковинаның қайтарылған жер көлемі 5 мың кв. км, халқының саны 4 млн адам. Азат етілген аудандарда кеңес өкіметі орнады.

1940 жылы 2 тамызда КСРО Жоғарғы Советінің жетінші сессиясы Молдава Совет Республикасының құрылғандығын жариялады. Украин ССР-ының құрамына Солтүстік Буковина, Хотин, Аккерман және Измаил уездері Бессарабиямен қоса кірді. Бұл жерлерде украиндар көп тұрған болатын. «Бессарабия мәселесі» шешімін тапқанымен, Румыния КСРО-ға қарсы саясатын жалғастырып, Германияның одақтасына айналды. 1940 жылы қараша айында Герман – Румын келіссөздері жүргізіліп, 22 қарашада Румыния үштік одаққа кірді. Фашистік Германия әскерлері Румынияға кіргізіліп, жаңа соғысқа бірігіп дайындала бастады.

## §6. Болгария

**Болгарияның экономикалық және саяси дамуы.** Бірінші дүниежүзілік соғыста Болгария үштік одақ мемлекеттері жағында соғысты. Болгария өз одақтастары сияқты бұл соғыстан жеңіліп шықты. Соғыс елдің экономикасын күйзеліске әкелді. Болгария соғыс жылдарында Германияны азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды. Соғыстың ауыртпалығы халықтың мойнына түсті. Өнеркәсіптің 70%-ы тоқтатылды. Ауыл шаруашылығы күйзеліске ұшырап, егіс көлемі 25–30% қысқарды. Елде қымбатшылық болып, азық-түлік жетіспеді. 1915–1918 жж. нанның бағасы 4 есе, ет – 5 есе, қант – 3 есеге қымбаттады. Солдаттарға қару-жарақ, азық-түлік жетіспеді. Соғыстан қажыған солдаттар үйлеріне қайтуды талап етіп, соғыс майдандарында үкіметке қарсы қозғалыс кең етек ала бастады. 1918 жылы 26 қыркүйекте Владай селосындағы болгар солдаттары көтеріліске шығып, София қаласына бет алды. 29 қыркүйекте Владай көтерілісі жеңіліс тапты. 30 қыркүйекте Болгария соғыстан шықты. 3 қазан күні Болгария патшасы Фердинад тақтан түсіп, елдің билігін баласы Бориске берді.

1918 жылы 17 қазанда Болгарияда ұсақ буржуазиялық үкімет құрылды. Үкіметтің құрамына социалистер мен БЗНС (Болгарияның жер, халық одағы) партиясы кірді. Елде саяси дағдарыс шиеленісіп, революциялық ахуал күшейді. Жаңа үкімет кейбір жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. Біріншіден, елде кешірім (амнистия) жариялады, екіншіден, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізді. Бірақ бұл

шаралар елдегі саяси дағдарысты жоя алған жоқ. 1919 жылы наурыз айында Болгар социал-демократиялық (тесняктар) партиясының XXII съезі болды, бұл съезд партияның атын өзгертіп, Болгар Коммунистік партиясы деп атады. Оған БКП басшылары Васил Коларов, Георгии Димировтар сайланды. 1919 жылы жаз айларында революциялық қозғалыстар кең етек алды. БКП басшылық жасап, халықтың арасында беделі өсті. 1919 жылы тамыз айында халық жиналысына (парламент) сайлау өтті. Сайлауда БЗНС ұсақ буржуазия партиясы жеңіске жетсе, екінші орынды БКП жеңіп алды. Парламентте 47 депутаттық орынға ие болды. Сайлаудан кейін бір партиялық БЗНС үкіметі құрылды. Үкімет басшысы болып БЗНС партиясынан Стамболийский тағайындалды. Болгария монархиялық-буржуазиялық ел болды. Болгар патшасы Борис орнында қалды. Стамболийский үкіметінің ішкі және сыртқы жағдайы өте ауыр еді.

1919 жылы 27 қарашада Нейи-Сюрсенде Антанта елдері мен Болгария арасында келісімге қол қойылды. Нейи келісімі бойынша, Болгария Грецияға Фракияны қайтарды, Югославияға 2500 кв км жері, Кула, Цариброд, Струлиц қалалары берілді. Сонымен бірге, Румыния Добрудж жерін алды. Болгария 2250 млн франк төлем төлеуге келісті. Греция, Югославия мен Румынияға 70 мың мал, 50 мың тонна көмір беруге тиісті болды. Нейи бітімі Болгария үшін өте ауыр соқты.

1920 жылы наурыз айында Болгарияда парламент сайлауы болды. БЗНС партиясы жеңіске жетіп, А.Стамболийский жеке үкімет құрды. Елде бірпартиялық билік орнады. Стамболийский елде бірталай өзгерістер жүргізді. Болгарияда экономикалық даму байқалды. Егіс көлемі өсіп, картофель, қант қызылшасы, темекі өнімдері мол өндіріле бастады. Мал басы өсті. Өнеркәсіп саны артып, капитал шоғырланып, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар көбейді. Француз капиталы еркін кірді. Болгария аграрлы ел болып қала берді. Шаруалар партиясы бола отырып, аграрлық реформа жүргізді. Ірі жер иеліктерінің меншіктерін тежеп, «жерді кім өңдесе, жер соныкі» деген принципті жүргізді. 1923 жылы мажоритарлық сайлау жүйесін енгізді. Сәуір айында өткен парламент сайлауында БЗНС 87% дауыс алып, парламентке көп депутат өткізді. Бірпартиялық жүйе нығая түсті. Парламент арқылы конституцияға өзгеріс енгізуді ұсынды. Елде Стамболийскийге қарсы буржуазия мен патша төңірегіндегі әскери топтар үкіметтік төңкеріс дайындап жатты. «Халық бірлігі» атты фашистік партия құрылып, мемлекеттік

төңкеріс жасауды қолдады. Саяси дағдарыс жылдарында БЗНС партиясы жалғыз қалып, БКП-ны қолдамады. Әскери топтар мен фашистер бірігіп, 1923 жылы маусым айында төңкеріс ұйымдастырды.

**Болгариядағы маусым төңкерісі.** 1923 жылы 8 маусымнан 9 маусымға қараған түні мемлекеттік төңкеріс жүзеге асты. А.Стамболийский тұтқындалып, үкімет мекемелерін басып алды. Мемлекеттік төңкерісті фашистік «Халық бірлігі» партиясы, офицерлік топтар және патша Бористің өзі қолдады.

Монархиялық-фашистік билік орнады. Жаңа үкіметке «Халық бірлігі» партиясының басшысы А.Цанков тағайындалды. Стамболийскийді қолдаған топтар өте әлсіз болды. БКП мен халық Стамболийскийді қолдамады. БКП мемлекеттік төңкеріс арқылы келген үкіметті, ұсақ буржуазиялық топтарды қолдады. Бірақ бұл реакциялық буржуазиялық топтар болатын. А.Цанков үкіметі елде қарсыластарына қарсы террор ұйымдастырып, БКП-ның қызметіне тыйым салды.

1923 жылы 5–7 тамызда БКП-ның Орталық комитетінің отырысында өздерінің тактикалық қателіктерін мойындап, елде фашизмге қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастыруға шешім қабылдады. 12 қыркүйекте елде жаппай террор кең етек алды. 2,5 мың коммунист тұтқындалды. БКП халықты көтеріліске шақырды. 19–20 қыркүйекте Старозаор округінде антифашистік қарулы көтеріліс басталды. Қарулы көтерілісті басқару үшін әскери-революциялық штаб құрылды. Жалпыхалықтық көтерілісті В.Коларов, Г.Димитров және Г.Геновтер басқарды.

23 қыркүйекте көтеріліс Болгарияның Врачан, Видин округтерін түгел қамтыды. Фердинанд қаласы көтерілістің орталығы болды. Оңтүстік Болгарияда халық көтерілісі кең етек алды. Бірақ округ ауылдарындағы көтеріліске қатысқан шаруаларда бірлік болған жоқ. Көтерілісшілерді қаладағы жұмысшылар қолдамады.

А.Цанков үкіметі көтерілісті басу үшін жақсы дайындалды. Сондықтан округтердегі аздаған қарулы топтарды бірінен соң бірін басып отырды. 1923 жылы 30 қыркүйекте Болгариядағы антифашистік көтеріліс жеңілді. Еуропада Италиядан кейінгі орнаған фашистік диктатураға қарсы халық көтерілісін басқарған БКП әлі де тәжірибесінің аздығын көрсетті. 30-жылдардағы Еуропа елдеріндегі фашизмге қарсы күресте тәжірибесіздік, біртұтас жұмысшы майданын құра алмау олардың жеңілуіне әкеліп соқты. Франция мен Испаниядағы фашистік бүлікке қарсы күресте «Халық Майданын» құру арқылы ғана жеңіске жете алды. Коммунистік

Интернационалды басқарған Г.Димитров 1935 жылы Коминтерннің VII конгресінде баяндама жасап, өз қателіктерінен сабақ ала отырып, антифашистік күштерге Коминтерннің стратегиясы мен тактикасын белгілеп берді.

**Капитализмнің уақытша тұрақтануы кезіндегі Болгария.** 1923 жылғы қыркүйек айындағы антифашистік көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін, Болгарияда буржуазия жеңіске жетті. Реакциялық топтар солшыл күштерге қарсы террор ұйымдастырып, БКП мен БЗНС партияларын қудалап жеңіске жетті. 1923 жылы қараша айында өткен «Халық жиналысына» сайлауда буржуазиялық топ Демократиялық бірлік партиялары жеңді. Олар депутаттық орынның 60%-ын қолдарына алды. БКП бар болғаны 8 депутат өткізді.

Сайлаудан кейін, 1924 жылы қаңтарда «Мемлекетті қорғау» туралы заң шығарды. БКП-ның жұмысына тыйым салды. БКП-ның басшылары В.Комаров, Г.Димитровтар шет елге кетті. Елде коммунистерге қарсы ақ террор басталды.

Экономика саласында тұрақтылық басталды. Болгар ақшасы левтің құны өсті. Өндіріс пен құрылысқа көп көңіл бөлінді. Өндіріс пен қаржы салалары жаңа өнеркәсіп орындарын ашып, өндіріс тауарлары көптеп шығарылды. Темекі монополиясы нығайды. Шетел капиталының үлесі артты. Ауыл шаруашылығында егіс көлемі өсті. Қант қызылшасы мен темекі плантациясында мол өнім жиналды.

1926 жылы реакциялық үкімет басшысы А.Цанков отставкаға кетті. Жаңа үкімет басшысы болып А.Лянчев тағайындалды. Оның алғашқы жүргізген шараларының бірі - «мемлекетті қорғау» заңы арқылы сотталғандарға амнистия жариялады. Буржуазия реакциялық ішкі саясаттан бас тарта бастады. 1928 жылы отандық буржуазия өнеркәсібін қолдап, көптеген жеңілдіктер жасады. Шет елден алған заем арқылы, несие бөлу арқылы ұлттық өндірістің дамуына жағдай жасады. Ауыл шаруашылығының капиталистік жолмен дамуына көмектесті.

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс 1929 жылы Болгарияда да басталды. Ауыл шаруашылығы айтарлықтай күйзеліске душар болды. Ауыл шаруашылығының өндірген тауарларының бағасы 2 есеге арзандады. Ұсақ шаруалардың жағдайы өте ауыр болды.

Өнеркәсіп өнімдерін шығару 40% азайды. Елде жұмыссыздық кең етек алды. Ұсақ және орта өнеркәсіп орындары банкроттыққа ұшырады. Экономикалық дағдарыс әлеуметтік қайшылықты күшейтті. Халықтың тұрмыс жағдайы төмендеп, елде үкіметке

қарсы оппозиция күшейді. «Халық блогы» бірлігі құрылды. 1931 жылы халық жиналысына өткен сайлауда оппозициялық «Халық блогы» жеңіске жетті. Бірақ жаңа үкіметтің бұрынғы Лянчев жүргізген саясаттан айырмашылығы аз болды. Экономикалық дағдарыс тереңдеп, Болгарияда жаңа мемлекеттік төңкеріс дайындалып жатты.

**Монархиялық-фашистік төңкеріс.** 1932 жылы Болгарияда профашистік «Звено» партиясы құрылып, әскери және монархиямен бірлесіп, мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырады. Мемлекеттік төңкеріс 1934 жылы мамыр айының 19-ы күні жүзеге асты. «Халық блогы» үкіметі құлатылып, оның орнына К.Георгиев басқарған әскери-фашистік жаңа үкімет құрылды. Үкіметтің алғашқы шараларының бірі - парламентті таратты. Саяси партиялардың қызметіне тыйым салынды. Әскери адамдарға арқа сүйеген монархия 1935 жылы қаңтарда монархиялық төңкеріс жасады, К.Георгиев үкіметі отставкаға кетті. Болгарияда монархиялық-фашистік диктатура орнайды. Үкіметке патша сарайына жақын адам Г.Кюсейванов тағайындалады. Болгария патшасы Бористің қолдауына сүйеніп, Германия мемлекетімен достық қатынас орнатады. 1936 жылы қараша айында Борис Германияға барып Гитлермен кездеседі. Болгария мен Германия арасында экономикалық-сауда келісіміне қол қойылады. Неміс капиталы Болгария экономикасының  $\frac{2}{3}$  өз қолдарына алады. Ауыл шаруашылығы

дамып, егіс көлемі мен мал саны өседі. Темекінің, жеміс-жидектің егіс көлемі артты. Болгарияда мал етін өңдейтін ет комбинаттары мен ірі тоназытқыштар салынып, еттің 85% Германияға тасылады. Болгария темекісін өңдейтін темекі фабрикалары салынып, темекі өнімдерінің 90% Германияға жіберілді. Болгария Германияның шикізат өнімдерін шығаратын вассалына (тәуелді) айналды.

1938 жылы екі ел арасындағы жасырын келісім бойынша Германия Болгарияға қару-жарақ беріп, әскерлерін неміс қаруымен жабдықтайды. Германия Болгарияға теміржол вагондарының 100%, жүк таситын автомобильдің 90%, тыңайтқыштың 100%, паровоздың 80%-ын беріп отырды.

1937 жылы Болгария үкіметі Югославиямен «мәңгілік достық» келісіміне қол қояды. 1938 жылы шілде айында Грециямен достық қатынас туралы Самолника келісімі болды. Екінші дүниежүзілік соғыстың бірінші кезеңінде Болгария өзінің профашистік саясатын жасырып, бейтараптық саясат ұстайды деп жариялады. 1940 жылы халық жиналысын таратып, елде жаңа үкіметті Б.Филов басқарады. «Ұлтты қорғау» заңын шығарып, террорлық саясат басталады.

Фашистік жастар ұйымы құрылады. Германияға жұмысшылар жіберіліп, соғысты жақындата түсуге көмектеседі. Елдің экономикасы толықтай соғысқа дайындалды.

1941 жылы наурыз айының 1-і күні Вена қаласында Болгария «үштік одаққа» кіру туралы келісімге қол қояды. Фашистік Германия әскерлері Болгария жеріне кіргізіліп, Югославия мен Грецияны жаулап алу плацдармына айналдырады. Болгария мен Германия бірігіп, Македония мен Францияны жаулап алады. Монархиялық фашистік Болгария үкіметі және патша Борис Германияның одақтасына айналып, 1941 жылы маусымда Германия Кеңес одағына соғыс ашқанда, Болгария антисоветтік саясатын жалғастырды. 1944 жылы 5 қыркүйекте КСРО Болгарияға соғыс жариялап, Кеңес Армиясы Болгарияны азат етті.

### §7. Югославия (1918-1939 жж.)

**Серб, Хорват және Словен корольдігінің құрылуы.** 1915 жылы Корф аралында Югослав (СХС) жеріндегі халықтар бірігуі үшін және біртұтас мемлекет болып құрылуы үшін декларация қабылдайды. Ұлт-азаттық қозғалыстың барысында, Антанта мемлекеттерінің қолдауымен 1918 жылы Женева қаласында мемлекетті біріктіруге декларация қабылданады. Оған Серб, Хорват, Словен буржуазиясы қол қояды. 1918 жылы 1 желтоқсанда Белград қаласында Серб, Хорват, Словен корольдігі құрылады. Корф декларациясының негізінде Балқан түбегінде буржуазиялық, демократиялық мемлекет құрылады. Жер көлемі 248 мың кв км, халқының саны 12 млн адам болды. 1919 жылғы Версаль бітімі негізінде СХС корольдігінің Истрия жері - Триест қаласы, Долмат аралы Италияға берілді. Задар (Зара) қаласы Италияның протектораты болады.

СХС корольдігі ауыл шаруашылықты ел болатын. Бірінші дүние жүзілік соғыста Австро-Венгрия жаулап алғаннан кейін, экономикалық дамуы күйзеліп, артта қалған еді. СХС корольдігі көп ұлтты мемлекет болды. Халықтың 39% - сербтер, 24% - хорваттар, 9% - словендер, 2% - черногорлар, 26% - македондар мен албандардан құрылатын. Серб, черногорлар мен македондар - православие, хорват пен словендер - католик, Боснияктар мен Герцеговина, Косово-Метохиялар - мұсылман діндерін ұстанады. Серб буржуазиясы СХС корольдігінде өздерінің үстемдігін орнатты. Елде серб буржуазиясы шовинистік ұлтшылдық саясат

жүргізді. Олар «Ұлы Сербия» мемлекетін құру үшін күресті. СХС корольдігі Қарагеоргиев династиясынан бастау алып, сербтер корольдікте басшылық рөл атқарды.

СХС корольдігін серб радикал партиясының басшысы Пашич басқарды. Серб, Хорват, Словен королі Александр таққа отырды. 1920 жылы СХС корольдігінде 100-ден аса жалпы ереуілдік қозғалыс болып, оған 30 мыңдай жұмысшы қатысты. Пашич үкіметі 1919 жылы 27 ақпанда аграрлық реформа жүргізді. Реформа помещиктік жер иеленушілікті азайтып, жерді шаруаларға үлестірді. 500 гектардан артық жер конфискацияланды. Словен, Хорват және Воеводинде бұрынғы австро-венгер помещиктерінің жері тартып алынды. Ұсақ шаруашылықты жер иеленушілер саны көбейді. Аграрлық реформа өте ұзаққа созылып, аяқталмады. Қандай дегенімен реформа шаруалардың жағдайын жақсартуға себебін тигізді.

1920 жылы СХС корольдігінде парламент (скупщина) сайлауы өтті. Сайлауға елдегі барлық саяси партиялар қатысты. Белград қаласында ЮКП-сы жеңіске жетіп, Белград қаласының мэрі (әкімі) болып Ф. Филипович сайланды. ЮКП скупщина сайлауында айтарлықтай жеңіске жетіп, оларды 200 мың сайлаушылар қолдап, 59 депутатын өткізді.

1920 жылы елде реакциялық күштер күшейіп, ЮКП-ны таратты, Хорват шаруалар партиясы (ХРКП) бөлініп шығу үшін күрес жүргізді. Скупщинаны таратты, СХС королі Александрға қастандық жасалды. Пашич үкіметі елдегі реакцияны басу үшін, скупщинаны қайтадан шақырып, 1921 жылы Косово шайқасы болған маусымның 28-і күніне орайлап, қасиетті Вида күні конституция қабылдады. Бұл конституцияны Видовдан деп атады. СХС корольдігі буржуазиялық-монархия болды. СХС үкіметі корольге бағындырылды. Король Александр парламентті таратуға, үкіметті тағайындауға құқықты болды. Ұлы Серб буржуазиясының үстемдігі толық орнады. Жекеменшік конституция арқылы қорғалды. СХС корольдігі басқару-әкімшілік жағынан 33 жупанға (облысқа) бөлінді. Әр жупанды губернатор басқарды. Әйелдер мен әскери адамдардың сайлау құқы жоқ болды.

СХС корольдігі құрылған күнінен бастап, сыртқы саясатта Францияның ықпалында болды. Антисоветтік саясат кең қолдау тапты. 1920 жылы тамыз айында Чехословакия мен СХС корольдігінің арасындағы келісім бойынша Кіші Антанта саяси-әскери одағына бірікті, бұл келісімге кейіннен Румыния кірді.

Францияның тікелей қолдауымен 1920–1922 жылдары Кіші Антанта одағы құрылды.

**СХС корольдігі капитализмнің тұрақтану кезінде.** Капитализмнің уақытша тұрақтану кезеңінде де елдің экономикасы дағдарыстан шыға алмады. Бұрынғыша аграрлы ел қалпында қалды. Ауыр өнеркәсіп саласы болмады. 2 мыңдай ауыл шаруашылық өнімдерін өндейтін өнеркәсіп жұмыс істеді. 10 мыңдай ұсақ колонер шеберханалары болды. Тау-кен өндірісінде шет ел капиталы үстем болды. Мемлекеттің шет елге қарызы 30 млрд динарға жетті. Ұлттық табыстың  $\frac{2}{3}$  ауылшаруашылығы құрады. Жердің 70% ірі жер иеленушілердің қолында болды. Шаруалардың жер мөлшері 5 га артпады. Жердің  $\frac{1}{4}$  шаруалардың меншігінде болды. Жарты миллион шаруада жер болмады. Ауыл шаруашылығы да дағдарыстан шыға алмады. Ауыл шаруашылығындағы жерсіз шаруалар күн көру үшін қалаларға немесе шет елге жұмысқа кетуге мәжбүр болды. 10 жыл ішінде, яғни 1928 жылға дейін 250 мың шаруа шет елге кетті.

СХС корольдігінде 1924–1929 жылдарда саяси дағдарыс кең етек алды. Ұлт саясаты шешілмеді, Серб буржуазиясының шовинистік саясаты күшейді. Хорват Республикалық шаруалар партиясы (ХРКП) 1924 жылы скупщина сайлауында жеңіске жетті. Үкіметті Радич басқарды. ХРКП-сының үкіметі серб буржуазиясына қарсы күрес жүргізді. 1928 жылы Радич оппозицияға кетті. Серб буржуазиясы оппозицияға қарсы күрес жүргізіп, елде террор ұйымдастырды. 1928 жылы скупщинадағы хорват депутаттары Басаричск пен П.Радичқа қарсы оқ атып, Степан Радич өлді. Хорватияда халық қозғалысы кең етек алды. Жаңа үкіметті словен халық партиясының уәкілі А.Корошец басқарды. СХС корольдігінде саяси дағдарыстан шығу үшін король мен серб буржуазиясы мемлекеттік төңкеріс ұйымдастыруға дайындала бастады.

**1929 жылғы мемлекеттік төңкеріс.** 20-жылдардың соңында СХС корольдігінде буржуазиялық демократизм дағдарысқа ұшырады. Әлеуметтік және ұлттық дағдарыс күшейді. Ұлттық буржуазия саяси дағдарыстан шығудың жолы диктатуралық билік орнату деп түсінді. Бұл жолды монархия қолдап, елде ашық мемлекеттік төңкеріске дайындық жүргізілді. Король Александр Франция қолдауына сүйену үшін Париж қаласына барды. 1929 жылы қаңтардың 6-ы күні Белград қаласында төңкеріс жүзеге асырылды. Елдегі билікті король өз қолына алды. Видовдан конституциясының қызметі тоқтатылды. Парламент таратылып, саяси партияларға

тыйым салынды. Үкімет басшысы болып генерал П.Живкович тағайындалды. СХС корольдігінде төңкерістен кейін террор кең етек алды. Төтенше соттар мен цензура құрылды.

Біртұтас мемлекет идеясын құру үшін король Александар СХС корольдігінің атын Югослав корольдігі деп өзгертті. Әкімшілік басқару реформасын жүргізді. Жупандардың орнына 9 бановтар құрды. Облысты король тағайындаған банов басқарды. Басқа жергілікті басқару жүйесін таратты. Әрбір облыс басшылығын серб буржуазиясы басқарды. Ұлы серб идеясы кең түрде енгізілді. Бұл саясат басқа ұлттардың наразылығын туғызды. Монархия террор мен реакцияны қолдау үшін «мемлекетті қорғау» заңын шығарды. Арнайы диктатураны қолдау үшін Мемлекеттік сот құрылды. Елде монархиялық-фашистік диктатура құрылды. Ақ террор саясатының құрбаны ЮКП басшысы Д.Джакович 1929 жылы сәуір айында өлтірілді. ЮКП-сының көптеген басшылары шет елге кетуге мәжбүр болды.

Монархиялық төңкерістен кейін Югославияда экономикалық дағдарыс басталды. Ауыл шаруашылығының жағдайы өте ауыр болды. Шаруалар күйзеліске ұшырады. 1932 жылы шаруалардың мемлекетке қарызы 3,5 есеге көбейді. Ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасы арзандады. Югославия өндірісі де дағдарысқа ұшырады. Өнеркәсіп өнімдерін шығару 50% қысқарды, Орта және ұсақ өнеркәсіп банкротқа ұшырады. Ұлттық табыс азайды. Өнеркәсіп орындарының 70% жұмыстарын тоқтатты. Елде жұмыссыздың саны 300 мың адамға жетті. Үкімет шет елдің капиталына сүйенді. Франция көмек ретінде 3 млрд динар заем берді. Неміс және Италия капиталына қысым жасалды.

1931 жылы қыркүйектің айының 3-і күні жаңа конституция қабылданды. Парламент қалпына келтірілді. Халық скупщинасы мен сенатқа жалпыға бірдей сайлау арқылы депутаттар сайланды. Бірақ король елдің билігін өз қолында ұстады. Бұрынғы төтенше заңдар сақталды. Парламенттік жүйенің қалпына келтірілуін саяси партиялар қолдағанымен, профашистік күштер ұнатпады. Германия мен Италияның арандатуымен 1934 жылы қазан айының 9-ы күні Марсель қаласында Югославия королі Александр мен Францияның сыртқы істер министрі Луи Барту өлтірілді. Кейіннен белгілі болғандай, бұл қастандықты Германияның арнаулы барлау ұйымдары ұйымдастырғаны белгілі болды. Ол «Тевтон қылышы» атты арнаулы операция арқылы жүзеге асты. Германия мен Италияның мақсаты Балқан түбегінде Францияның ықпалын әлсірету болды.

Александр өлтірілгеннен кейін, оның орнына регенттік кеңестің басшысы принц Павел елді басқарды. 1935 жылы мамыр айында парламент сайлауы өтті. Сайлауға саяси партиялар белсенді қатысты. «Югослав радикалдық одағы бірлігі» жеңіске жетті. Оппозициялық партиялар жеңіліс тапты. Үкіметті финанс буржуазиясынан М.Стоядинович басқарды. Стоядинович басқарған үкімет принц Павелмен бірігіп профашистік саясат ұстады. Оларды ұлттық және фашистік ұйымдар (Борбаш, Збор) қолдады. Үкіметтің бұл саясатын көптеген буржуазиялық партиялар қолдамады. ЮКП елде фашизмге қарсы күресте халық майдан құру үшін күрес жүргізді. 1937 жылы ЮКП-ның басшысы болып Иосит Броз Тито тағайындалды.

30-жылдарда Югославия үкіметі сыртқы саясатында фашистік Германияға қолдау көрсетті. Стоядинович үкіметі «Кіші Антанта» одағынан шықты. 1937 жылы қаңтарда Болгариямен «мәңгі достық» келісіміне қол қойды. Көп кешікпей, 1937 жылы наурыз айында Италиямен байтарап және достық келісімін жасасады. 1937–1938 жылдарда Стоядинович Рим мен Берлин қалаларына барып келіссөздер жүргізді. Югославияда фашизм кең етек ала бастады. 1939 жылы Стоядинович үкіметтен кетуге мәжбүр болды. Өйткені халықтың қарсылығы күшейе түсті. Жаңа үкіметті Цветкович басқарды. Хорватияда Югославиядан бөліну қозғалысы кең етек алып, автономия беруді талап ете бастайды.

1939 жылы тамыз айының 26-ы күні Цветкович Хорват крестьян демократиялық партия басшысы Мачекпен келіссөз жүргізіп, Цветкович–Мачек үкіметін құрады. Соғыс қарсаңында хорват мәселесі осылай өз шешімін табады.

1941 жылы наурыздың 25-і күні Вена қаласында Югославия үштік одаққа мүше болып кірді. Бұл саясат Югославияда халықтың наразылығын туғызды. Елде ірі шерулер мен қарсылық қозғалысы кең етек алды. Демократиялық қоғам құру үшін күрес басталады. Югославияда диктатураға тікелей қауіп төнеді. 27 наурызда Югославияда мемлекеттік төңкеріс болып, Цветкович – Мачек үкіметі құлайды. Сол күні генерал Душан Симович бастаған үкімет билік басына келеді. Ол үштік одақты қолдамайды. Бұл Германияға қарсы құрылған үкімет болды. Югославиядағы мемлекеттік төңкерісті естіген Гитлер Кеңес өткізіп, Югославияны жою үшін тез жоспар жасау керектігін айтады. Шын мәнінде, кейіннен белгілі болғандай, Гитлер «Барбаросса» жоспарын іске асыру үшін дайындалып жатқан болатын. Күтпеген жағдай «Барбаросса» жоспарын, яғни КСРО-ға шабуылды бір айға кешіктіруге әкеп соқты.

КСРО үкіметі Югославиядағы мемлекеттік төңкерісті қолдап, көмек көрсетуге дайын екенін білдірді. Сәуір айының 5-і күні Мәскеу қаласына Симович үкіметінің уәкілі М.Гаврилович келеді. Сәуірдің 6-ы күні Кеңес – Югославия келіссөздері болып, бір-біріне шабуыл жасаспау және достық келісіміне қол қойылады. Келісімде атап көрсетілгендей, КСРО Югославияға көмек беруді өз мойнына алады. Сол күні түнде, яғни 6 сәуір күні фашистік Германия Югославияға шабуыл жасайды. Күштің тең болмауына байланысты 15 сәуірде Югославия жеңіледі. Югославия халқы жауға қарсы ұлт-азаттық күресті бастайды. 1941–1945 жылдарда Балқан түбегінде Югославия халқының ерлік күресі екінші дүниежүзілік соғыс тарихында ерлікке толы күрес жылдары боолды. Югославия халқының фашизмге қарсы күресін ЮКП басшысы Иосип Броз Тито басқарды. Югославия халқы қарулы күрес арқылы жауға қарсылық көрсетті.

## IV-ТАРАУ

### ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС (1939–1945 жж.)

#### §1. Герман – Польша соғысы

Соғыстың алғашқы кезеңі (1939–1941 жж.). 1939 жылы тамыз айының 31-і күні Германияның Польша шекарасы маңындағы Глейвиц (Гливице) қаласында поляк әскерлерінің киімін киген эсэсшілер Гитлердің нұсқауымен қалалық радио үйіне шабуыл ұйымдастырды. Эфир арқылы поляк тілінде сөз сөйлеп, Германияға Польша шабуыл жасап, радио үйін басып алды деген хабар таратты. Шын мәнінде бұл Польшаға қарсы ұйымдастырылған арандатушылық болатын. Осыдан кейін Гитлер өзінің Польшаны басып алу үшін жасаған «Вайс» соғыс жоспарын іс жүзіне асыруға кірісті.

1939 жылы 1 қыркүйек күні фашистік Германия Польшаға баса-көктеп кірді. Польша халқы бірінші болып фашистік Германияға қарсы өз Отанын қорғауға шықты. Әскери күш тең емес еді. Себебі, бұл соғысқа Германия жақсы дайындықпен келді. Германия Польшаны жаулап алу үшін 1,6 млн адам, 62 дивизия, оның ішінде 7 танк дивизиясы, 2,8 мың танк, 6 мың әр түрлі зеңбіректер, және 2 мың самолет дайындады. Ал Польшаның соғыс басталған кезде 1 млн әскері, 24 жаяу әскер дивизиясы және 12 бригада құрамы, сонымен бірге 4300 әр түрлі зеңбірек, 220 жеңіл танк, 800 самолеттері бар еді.

Фашистік Германия әскерлері кең түрде шабуыл бастады. Польша әскерлері өз жерін айтарлықтай ерлікпен қорғап, қарсылық көрсетіп жатты. Қыркүйектің 7-і күні Польша әскерлерінің азғантай тобы Вестерплатте түбегінде айтарлықтай ерлік көрсетіп, неміс әскерлерінің шабуылына тойтарыс берді. 8 қыркүйекте фашистік Германия әскерлері Варшава қаласын қоршауға алды. Байырғы Польша мемлекетінің астанасының тұрғындары асқан қайсарлықпен күресті. Варшава қаласы үшін шайқас 20 күнге созылды.

Польша халқы ерлікпен күресіп жатқанда, 17 қыркүйек күні еті Сталиннің бұйрығымен Кеңес үкіметінің әскерлері Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның халқын азат етеміз деген сылтаумен Польшаға соғыс жариялап, жаулап алды. Сонымен қатар, Кеңес үкіметі Германиямен арақатынасты жақсартуға тырысты. 18 қыр-

күйекте КСРО мен Германия Польша жеріндегі біріккен соғыс қимылдары 1939 жылғы 23 тамыздағы Герман–Кеңес келісіміне ешқандай қайшы келмейді деп мәлімдеді. Польша мемлекеті Германия мен КСРО-ға қарсы соғысуға мәжбүр болды.

27–28 қыркүйекте Варшаваны қоршаған неміс-фашист әскерлері қаланы аяусыз бомбалап, жауған оқтың астына алды. Ежелгі Варшава толық қиратылды. 60 мың адам өлді. 28 қыркүйек күні Варшава гарнизоны құлады. Герман–Польша соғысының нәтижесінде Польша үкіметі жеңіліске ұшырады.

Польша үкіметі амалсыздан шет елге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 1939 жылғы қыркүйектен 1940 жылдың маусымына дейін генерал Сикорский бастаған Польшаның эмиграциялық үкіметі Парижде болды. Германия Францияны басып алғаннан кейін Польша үкіметі Лондон қаласына көшті. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында польша халқы неміс-фашист оккупациясына қарсы қарулы күрес жүргізді. Антифашистік одаққа қосылған Польшаның эмиграциялық үкіметі Польша халқының фашизмге қарсы күресіне басшылық жасап, фашистік Германияны талқандауға айтарлықтай үлесін қосты.

**Ғажайып соғыс саясаты.** Екінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін Франция мен Англия үкіметі 3 қыркүйек күні өздерінің Польша мемлекетімен келісімі негізінде Германияға соғыс жариялады. Бұл соғыс тарихта «ғажайып соғыс» деген атпен аталды. Себебі, бұл соғыс қандай да бір әскери іс-қимылдың болмауымен сипатталған еді. Француз армиясы мен Франция жерінде тұрған британдық экспедиция корпусының күші басым болғанымен, олар Германияға қарсы шабуыл бастауға әрекет те жасаған жоқ.

Ағылшын-француз командованиясі Германияға қарсы титықтатуға бағытталған созылмалы соғыс жүргізуді және теңіз блокадасын жүргізу арқылы біртіндеп басым түсуді көздеген болатын. Сонымен қатар, ағылшын-француз империалистері Германия агрессиясын шығысқа – Кеңес үкіметіне қарай бағыттау үмітінен де бас тартқан жоқ еді.

Германияның батысында Франция мен ағылшындардың 110 дивизиясы шабуылды күтіп жатты. Ал, Германия бұған қарсы бар болғаны 23 дивизиясын ұстады. Франция мен Англия үкіметтерінің «ғажайып соғыс» саясаты Польша жеңілгеннен кейін де жалғасты. Фашистік Германия бұл саясаттың өзіне тиімді екенін білгеннен кейін, Франция мен Англиядан өш алу саясатын іс жүзіне асыру үшін, яғни Франция мен Англияны жаулап алу мақсатымен «Гельб» («Желтый») атты жоспарға қол қойды. Бұл жоспардың

мақсаты - «Англияны тізе бүктіру, Францияны талқандау» болатын. Сол кезде Шарль де Голль Франция үкіметінің саясаты туралы былай деді: «Франция үкіметі үшін Гитлерден гөрі, Сталин негізгі жау». Бұл саясаттың мәні антисоветтік еді. Бұған 1939–1940 жылдарда болған Кеңес–Фин соғысы кезінде Франция мен Англия үкіметінің Финляндияны қолдауы дәлел бола алады. Кеңес–Фин соғысы 1940 жылы 12 наурызда аяқталды. Бұл соғыс Кеңес әскерлерін көп шығынға ұшыратып, Кеңес үкіметінің соғысқа дайын еместігін көрсетті.

**Германияның Францияны жаулап алуы.** 1940 жылы 5 маусымда неміс-фашист әскерлері Дюнкерк қорғанындағы француз әскерлерін талқандаған соң, ешқандай қарсылық көрместен Парижге бағыт алды. 1940 жылдың 6 маусымында астыртын жұмыста жүрген Франция Коммунистік партиясының Орталық комитеті Франция астанасына қатерлі жағдай төніп тұрғанын ескере отырып, үкіметке өз мәлімдемесін тапсырды. Мұнда: «Коммунистік партия Париждің неміс басқыншыларына берілуін сатқындық деп санайды. Ол Парижді қорғауды ұйымдастыру бірінші кезектегі ұлттық міндет деп есептейді» деп жазылған. Компартия «соғыс сипатын өзгертуді, оны бостандық пен отанның тәуелсіздігі үшін ұлт-азаттық соғысқа айналдыруды» талап етті. Үкімет бұл ұсыныстарға жауап қайтармады. Ол 1940 жылдың 10 маусымында Парижден Оңтүстік Батыстағы Бордо қаласына қашып кетті. Сол күні фашистік Италия Францияға соғыс жариялады.

1940 жылы 16 маусымда Францияның премьер-министрі Петэн Германия алдында жеңілгендігін мойындап, келісімге шақырды. Бұл күн Франция тарихындағы қаралы күндердің бірі болып қалды. Үкіметтің мұндай қимылы Франция халқының ұлттық намысын көтерді. 1940 жылы 22 маусымда Компьен орманындағы 1918 жылы бірінші дүниежүзілік соғыста жеңген Франция, жеңілген Германия қол қойған тарихи теміржол вагонында жиырма екі жылдан кейін жеңген Германия мен жеңілген Франция арасында француздар үшін масқара келісімге қол қойылды. 25 маусымда Рим қаласында Италия–Франция келісіміне қол қойылды. Бұл «ғажайып соғыс» саясатының қорытындысы болатын.

Гитлер Францияны жаулап алғаннан кейін Англияны тізе бүктіру үшін 1940 жылдың 16 шілдесінде «Теңіз арыстаны» атты соғыс жоспарына қол қойды. Бұл жоспар бойынша Англияны әлсірету үшін теңізде соғыс қимылдарын жүргізе отырып Англияны өуеден шабуыл жасап үрейлендіру еді. 1940 жылы 15 қыркүйекте Лондон және басқа қалаларды бомбалауға немістердің 1000-ға

жуық самолеттері қатысты. Англия премьер-министрі У.Черчилль халықты Отан қорғауға шақырып, айтарлықтай қарсылық көрсетті. Әуе соғысы барысында немістер 1700 самолетінен айрылды. Теңізде ағылшындар немістердің бірнеше соғыс кемелерін жойды. Гитлер Англияны тізе бүктіре алмағаннан кейін, КСРО-ға қарсы соғысқа дайындыққа кірісті. 1939–1940 жылдардағы Еуропадағы соғыс қимылдары барысында Германия көптеген елдерді жаулап алып, өз үстемдігін толық орнатты.

Еуропада Германияның жаулап алған елдері: Польша, Дания, Нидерланды, Люксембург, Франция, Греция, Югославия, Албания, Чехословакия. Германияның одақтастары: Италия, Болгария, Румыния, Венгрия. КСРО-ның құрамына кірген елдер: Латвия, Литва, Эстония, Батыс Украина және Батыс Белоруссия, Солтүстік Буковина.

## §2. Ұлы Отан соғысы (1941–1945 жж.)

**Германияның КСРО-ға шабуылы. 22 маусым, 1941 ж.** Гитлер Батыс Еуропа елдерінің көбін жаулап алғаннан кейін, КСРО-ны (Кеңес Социалистік Республикалар Одағы) жаулап алуға дайындыққа кірісті. 1940 жылы 18 желтоқсанда КСРО-ны қысқа мерзімде басып алу мақсатында дайындалған «Барбаросса» жоспарына қол қойды. Бұл жоспар бойынша Германия КСРО-ға қарсы негізінен үш бағытта шабуыл жасап, 8–10 апта ішінде соғысты аяқтау керек болды. Бірінші бағыт - Ленинград, екінші бағыт - Мәскеу, үшіншісі - Киев қалалары. Соғыстың түпкі мақсаты - социалистік ел КСРО-ны жою еді. 1941 жылы «Барбаросса жоспарын» жүзеге асыру үшін КСРО шекарасына 190 дивизия, оның 153 дивизиясы Германиядан, 5,5 млн адам, 47 мың зеңбірек, 4300 танк және 5 мың әскери самолеттер шоғырландырылды. Мұндай қарулы күшті жинақтау адамзат баласының тарихында бұрын-соңды болмаған. Кеңес үкіметі Фин соғысынан кейін ғана әскери күштерді қайта құрып, жаңа қару-жарақтармен жабдықтауға кірісе бастаған еді.

Соғыс қарсаңында КСРО-ның әскер қатарында 5,3 млн адам болды. Батыс шекарада 2,7 млн адам, 170 дивизия, 147 танк және 1510 самолет, 375 әр түрлі зеңбіректер болды. Осы кезде Кеңес Армиясының қатарын тазарту мен репрессия кең етек алды. Кеңес Армиясының қатарындағы 5 маршалдың үшеуі репрессияға ұшырап (М.Н.Тухачевский, В.К.Блюхер, А.И.Егоровтар), атылды. 1937–1938 жылдардағы репрессия барысында 40 мың әскер

басшылары тұтқындалды. 1941 жылы соғыс басталарда әскери және саяси басшылардың 70–75%-ы жаңадан келген, тәжірибелері жоқ жас адамдар болды.

Сталин Ұлы Отан соғысы қарсаңында көптеген қателіктер жіберді. Біріншіден, Гитлер КСРО-ға шабуыл жасайды деп ойламады. Екіншіден, соғыс қарсаңында шет елден келіп жатқан ақпарат мәліметтеріне сенімсіздікпен қарады. Соғыстың басталуына бір апта қалғанда 1941 жылғы 14 маусымда ТАСС-тың «Германия КСРО-ға соғыс ашады деген өсек ешқандай шындыққа жатпайды» деген мәлідемесі жарияланды. Кеңес Армиясының батыс шекарадағы бөлімдері толық әскери дайындыққа келтірілмеді. Гитлер Сталиннің сеніміне толық кіріп алғаннан кейін, соғысты бастауға кірісті.

1941 жылы 22 маусымда таңертеңгі 3 сағат 30 минутта, Германия шабуыл жасаспау туралы Кеңес–Герман шартын бұзып, соғыс жарияламастан, КСРО жеріне опасыздықпен басып кірді. Баренц теңізінен Қара теңізге дейінге аралықта орасан зор шайқас басталды.

Жау соққысына бірінші болып шекарадағы 485 застава қарсы тұрды. Бұл застава Белоруссияның батысында орналасқан болатын. Жау күштерінің басымдығына қарамай, олардың бірде-біреуі бұйрықсыз өз орындарын тастап кетпестен, соңғы қарулары қалғанын шайқасты. Олардың бәрі қаза болды. Брест қаласының қорғанысы кеңес жауынгерлері ерлігінің жарқын мысалы болды. Жан-жақтан түгел қоршауда қалған олар азық-түліксіз, сусыз бір ай неміс-фашист әскерлерінің шабуылдарын тежеп тұрды. Олар: майор П.М.Гаврилов, капитан Зубачев, полк комиссары Е.М.Фомин, қазақстандық Ф.Жұматов пен Е.Фурсовтар еді. Кеңес әскерлері кескілескен табанды күрес жүргізе отырып, шегінуге мәжбүр болды.

22 маусым күні күндізгі сағат 12-де еліміздің барлық радиостанциялары Кеңес үкіметі атынан сөйлеген В.М.Молотовтың кеңес халқына үндеуін таратты. Үндеуде фашистік Германияның тосыннан соғыс ашқанын, оның түпкі мақсаты кеңес халқын құлдыққа көндіру екенін айта келіп, «Біздің ісіміз адал, жау жеңілуі керек, жеңіс біздікі» деп аяқтады. Елдің батыс бөлігінде соғыс жағдайы енгізілді. КСРО халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП(б) Орталық Комитеті 1941 жылы 29 маусымдағы мәлідемесінде кеңес халқын еліміздің әрбір сүйем жерін қорғап қалуға, майдандағы әскерлерге жан-жақты көмек ұйымдастыруға шақырып, елдің бүкіл өмірін майдан мүдделеріне бағындыру керек екенін

айтты. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген үндеу бүкіл көпұлтты кеңес халқының жауынгерлік ұранына айналды.

1941 жылы 30 маусымда КСРО-ның соғыс жылдарындағы барлық өкімет билігі шоғырландырылған мемлекеттік төтенше жоғарғы органы - Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті (МҚК) құрылды. Бұған И.В.Сталин (төрағасы), В.М.Молотов (төрағасының орынбасары), К.Е.Ворошилов, Г.М.Маленков, Л.П.Берия, Л.М.Каганович кірді. Кейін Н.А.Булганин, Н.А.Вознесенский, А.И.Микоян енгізілді. МҚК қарулы күреске стратегиялық басшылықты Жоғарғы Бас қолбасшы Ставкасы арқылы жүргізілді. Бас Ставканы И.В.Сталин басқарды.

1941 жылы 3 шілде күні И.В.Сталин радио арқылы сөз сөйлеп, соғыстың алғашқы күндеріндегі қиындықтарды, кеңес әскерлерінің шегіну себептерін түсіндірді. Елдің экономикасын соғыс жағдайына көшіру үшін 1941 жылы 24 маусымда БКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының шешімі бойынша батыс аудандардағы өндірісті шығыс аудандарға көшіру (эвакуация) жөніндегі Кеңес құрылды, оның төрағасы болып Н.М.Шверник тағайындалды. 27 маусымда БКП(б) Орталық Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі «Адам құрамы мен бағалы мүлікті көшіру және оларды ұйымдастыру тәртібі туралы» қаулы қабылдады. 1942 жылдың қаңтар айында шығыс аудандарға 1523 өнеркәсіп орындары, оның ішінде 1360 соғыс өнеркәсіп орындары көшірілді. Осы өнеркәсіп орындарының көбі Қазақстанға да көшірілді. 1941 жылы желтоқсан айында Луганск қаласынан көшірілген өнеркәсіп орындарының негізінде құрылған Алматы ауыр машина жасау заводы алғашқы өнімдерін соғыс майданына жөнелтті.

БКП(б) Орталық Комитеті 1941 жылы шілдеде «Жау әскерлерінің тылында күрес ұйымдастыру туралы» арнаулы қаулы қабылдады. Осы қаулы негізінде жау басып алған барлық аймақтарда астыртын ұйымдар мен партизан құрамдарының кең жүйесін құру жөнінде үлкен ұйымдастырушылық жұмыс кең етек алды. Жау тылында бүкілхалықтық соғыс өрістеді.

Кеңес халықтарының жауға қарсы күресте Отан сүйгіштік сезімін тудыратын плакаттар мен әндер көптеп шығарылды. Сондай плакаттың бірі – И.Тойдзенің «Отан-ана шақырады» («Родина-мать зовёт»), композитор А.Александров пен ақын В.Лебедев-Кумачев шығарған және халық гимніне айналған «Қасиетті соғыс» («Священная война») әні кеңес халықтарын жеңіске шақырып, жаңа рух беріп отырды.

**Антигитлерлік бірлік.** Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін КСРО өз жағынан фашистік Германияны жеңу үшін одақтастар табуға күш салды. АҚШ және Ұлыбритания басшылары егер Фашистік Германия соғыста жеңген күнде, өз елдеріне тікелей қауіп төніп, Германияның жаулап алуы мүмкін екенін түсінді. Сондықтан Германия мен оның одақтастарына қарсы бірігіп, соққы беру арқылы дүниежүзін фашизм қаупінен сақтап қалу керек екенін түсінді. Антигитлерлік бірлік құру алдында АҚШ және Ұлыбритания басшылары Ф.Рузвельт пен У.Черчилль КСРО халықтарының Германияға қарсы соғысына «бұл соғыс азаттық және антифашистік соғыс» деген анықтама берді. Мұндай анықтама беру антигитлерлік бірліктің құрылуына әкелді. У.Черчилль 1941 жылы 22 маусымда радио арқылы сөз сөйлеп, «Коммунизмге қарсы болған адамның бірі мен болатынмын... бірақ қазіргі соғыс менің ойымды кейінге қалдырды, Ресейге төніп отырған қауіп ертең АҚШ пен Ұлыбританияға төнеді. Орыс халқының батыл қарсылығы Отан үшін болып жатыр. Ал Отанның қорғау әрбір адамның ерікті және азаматтық борышы, бұл барлық халықтардың басынан өтетін қасиетті іс» десе, АҚШ президенті Ф.Рузвельт 24 маусым 1941 жылы «Гитлерден қорғану біздің елдің алдындағы қасиетті міндет, тәуелсіздікті қорғау фашизмге қарсы соғысып жатқан елдердің ғана қасиетті борышы болып қоймай, барлығымыздың мақсатымыз болуы тиіс...» деген болатын. Олар АҚШ және Ұлыбритания үкіметтерінің атынан КСРО-ға көмектесуге дайын отырғандарын білдірді.

1941 жылдың 12 шілдесінде Ұлыбритания Германияға қарсы соғысып жатқан КСРО-ға көмектесу үшін ағылшын-кеңес келісіміне қол қойды. 1941 жылы 2 тамызда АҚШ өз жағынан КСРО-ға экономикалық көмек көрсетуге келісті. Сөйтіп, антигитлерлік бірлік құрылды. Бұл бірлікке Чехословакия мен Польшаның Лондондағы эмиграциялық үкіметтері қосылды. Олар КСРО жерінде Германияға қарсы бірігіп күресу үшін өз әскерлерін құруға келісті.

**Атланттық хартия.** 1941 жылы тамыз айында Атлант мұхитының Канада жағасындағы бір қалада АҚШ президенті Рузвельт пен Ұлыбритания премьер-министрі Черчилль кездесті. Екі ел басшылары өз елдерінің соғысқа көзқарасы туралы біріккен мәлімдеме жасады. Онда АҚШ және Ұлыбритания «...басқа елдердің жерін басып алуға еш уақытта бармайды, сонымен қатар басқа халықтардың егемендік құқықтарын сыйлайды, әр ел өзін-өзі басқару құқықтарын сақтай отырып, демократиялық мемлекет құруға құқылы» – делінген.

АҚШ және Ұлыбритания үкіметтері «соғыс аяқталғаннан кейін дүниежүзінде бейбітшілік орнату, фашизмді талқандау, ол үшін антигитлерлік бірлік құру мақсатында бар күштерін салады» деп сендірді. Атлант жағасындағы кездесудегі АҚШ және Ұлыбритания басшыларының мәлімдемесін КСРО үкіметі қолдады. Сөйтіп, Атланттық хартия мәлімдемесіне үш ұлы держава қосылып, антигитлерлік бірлік құрылды. Соғыс жылдарындағы фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы күрестегі мәселелерді үш ұлы держава елдерінің басшылары Рузвельт, Черчилль және Сталин ақылдасып, шешіп отырды. Кейіннен Атлантикалық хартияға, антифашистік, антигитлерлік бірлікке басқа елдер де кірді.

1941 жылы 27 қыркүйекте КСРО Шарль де Голль бастаған Францияның қарсылық ұйымын мойындады. КСРО гитлерлік Германияға және оның одақтастарына қарсы күресте француздарға жан-жақты көмек көрсететінін білдірді. Францияның тәуелсіздігін қалпына келтіру үшін фашистік Германияға қарсы бірігіп, күресті жалғастыратынына сендірді. Шарль де Голль бұған жауап ретінде КСРО және оның одақтастары жағында ортақ жауды толық жеңгенге дейін күресіп, КСРО-ға жан-жақты көмек көрсетіп отыратынын айтты. 1941 жылдың күзінде антигитлерлік бірлік жағында КСРО, АҚШ, Ұлыбритания және Франция фашистік Германияға қарсы күреске шықты. Антигитлерлік бірліктің жалғасы ретінде және КСРО-ға нақты көмек көрсету қақында 1941 жылы қыркүйек-қазан айларында Мәскеу қаласында АҚШ, Ұлыбритания және КСРО сыртқы істер министрлерінің конференциясы өтті. Мәскеу конференциясында АҚШ және Ұлыбритания үкіметі ленд-лиз туралы заң бойынша КСРО-ға 3500 самолет, 4500 танк және азық-түлік көмегін көрсетуге келісті. КСРО ленд-лиз туралы заң бойынша 1941 жылдың 7 қарашасынан бастап көмек ала бастады. АҚШ пен Ұлыбританиядан көмек үш жолмен жеткізілді. Біріншісі, Солтүстік мұзды мұхит арқылы Мурманск және Архангельск қаласына, екіншісі, Оңтүстіктен Иран арқылы, үшінші жол Қиыр шығыстан Владивосток қаласына жеткізілді.

**Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ірі шайқастар.** Ленинградты басып алуға гитлершіл неміс әскерлерінің басшылығы айрықша саяси мән берді. Ленинград Ресей тарихында орны ерекше қала болғандықтан, оны қорғау кеңес басшылары үшін де аса маңызды еді. Жүздеген мың ленинградтықтар қысқа мерзімде жауынгерлермен қосылып, қаланы алынбас қамалға айналдырды.

1941 жылы 8 қыркүйекте Шлиссельбургті басып алған жау Ленинградты қоршап алды. Қала 900 күндік қоршауда қалды. Ұзаққа созылған қоршау қала халқын өте қиын жағдайда қалдырды. Қалада аштық басталды. 1941 жылы қараша-желтоқсан айларында қалада азық-түлік қоры бітті. Нанның бір күндік мөлшері жұмысшыларға 250 г болса, басқа қала халқына 125 г мөлшерінде берілді. Нанның сапасы адам айтқысыз болды, оған әр түрлі қосындылар араластырылып пісірілетін. Аштықтан, жалаңаштықтан, жау бомбасынан, атқылаудан Ленинградтың 600 мың астам тұрғыны қаза болды.

Кеңес халқы қоршауда қалған ленинградтықтарды әр уақытта қолдап отырды. Бірақ көмек беруге ешқандай мүмкіндік болмады. Осындай қиын жағдайда қоршаудағы қала халқына «Ленинградтық ерендерім» атты өлеңхат жолдаған Қазақстанның халық ақыны Жамбыл Жабаев өзінің қолдау ой-сезімін білдіреді. Кеңестік шығыс қыздарының ішінде бірінші рет Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған қазақтың аяулы қыздары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова ерлікпен шайқасып, қаза тапты.

Неміс-фашист әскерлерінің жазғы және күзгі үш бағыттағы стратегиялық шабуылы жүзеге аспай қалды. Гитлердің кеңес елін тез әрі оп-оңай жеңеміз деген ойы мәресіне жетпеді. Жау әскерлері Мәскеу қаласына жақындай түсті. Халық бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін ұранымен Мәскеу қаласын қорғауға шықты.

**Мәскеу қаласы үшін болған шайқас.** Смоленск шайқасынан кейін гитлершіл неміс әскерлерінің бас штабы Мәскеуге шабуыл жасаудың жасырын «Тайфун» деп аталатын жоспарын жасады. Фашистік Германия әскерлері Мәскеу қаласына шабуыл жасауға зор дайындықпен келді. Олар Мәскеу түбіне 1 млн 800 мың солдатты мен офицерін, 1700 танкісін, 14 мың зеңбірек, 1390 самолетін шоғырландырды. Ал Кеңес әскерлерінде 1 млн 250 мың жуық адам, 7600 зеңбірек, 990 танк, 677 самолет болды. Күш жағынан басымдық жау жағында болды. Фашист армиясының шабуылы 1941 жылы 30 қыркүйекте басталды. Мәскеуді қорғау бүкілхалықтық майданға айналды. «Бәріміз сүйікті Мәскеуді қорғауға аттанайық» деген үндеу-шақыру негізгі ұранға айналды. Мәскеуді қорғау Батыс майдан қолбасшысы Г.К.Жуковқа тапсырылды.

Жау өте көп шығынға ұшырай отырып, қазан, қараша айларында Мәскеуге жақындай түсті. Жау тым жақындап қалса да, 6 қараша күні Мәскеудегі Маяковский метросында Ұлы Қазан

Социалистік революциясының 24 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. 7 қарашада Қызыл алаңда әскери парад өткізілді. Әскерлер алдында И.В.Сталин сөз сөйледі, оның сөзі радио арқылы берілді. Парадтан кейін оған қатысқан әскер бөлімшелері Мәскеуді қорғау үшін бірден майданға аттанды. Мәскеуге тікелей қауіп төнгенімен, И.В.Сталин қаладан кеткен жоқ. Үкіметтің кейбір мекемелері Куйбышев қаласына көшірілді.

Фашистік әскерлердің Мәскеуге шабуылы 15–18 қарашада басталды. Мәскеу үшін шайқас Волоколам түбінде айрықша болды. Қазақстанда ұйымдастырған генерал И.В.Панфилов бастаған 316 дивизиясының әскерлері айтарлықтай соғыс қимылдарын жүргізіп 28 панфиловшылар ерлік көрсетті. Қазақ халқының батыр ұлы Бауыржан Момышұлы, политрук В.Г.Клочковтар Дубосеково разъезі маңында ерлікпен қарсылық көрсетті. Клочковтың «Ресей кең-байтақ, ал шегінерге жер жоқ, артымызда – Мәскеу» деген сөздері тарихта қалды. 28 батыр-панфиловшылар ерлікпен қаза тапты, бірақ жауды Мәскеуге жіберген жоқ.

1941 жылы 5–6 желтоқсанда Кеңес әскерлерінің қарсы шабуылы басталды. Қарсы шабуылды Г.К.Жуков, И.С.Конев, маршал С.И.Тимошенколар басқарды. Кеңес әскерлерінің қуатты соққыларына тойтарыс беруге неміс-фашист әскерлерінің шамасы келмеді. Жау Мәскеуден 100–250 шақырымға дейін аласталды. Мәскеуге төнген қауіп жойылды. Фашистік басқыншыларды Мәскеу түбінде талқандау - соғыстың барысында түбегейлі бетбұрыс болды.

**Тынық мұхит аралдарындағы соғыс қимылдары.** Мәскеу қаласын қорғау үшін шайқас қызып жатқан кезде, Жапония басшылары АҚШ-қа қарсы соғыс бастауға жасырын дайындалып жатты. 1940–1941 жылдардағы Американың Жапон келіссөздері нәтиже берген жоқ 1941 жылы 7 желтоқсан күні Жапонияның әскери-теңіз күштері тосыннан, ешқандай соғыс жарияламастан, Американың Тынық мұхиттағы Перл Харбор әскери-теңіз базасына шабуыл бастады. АҚШ жағы 18 ірі кемесінен, 8 линкор және 200 самолетінен айырылды. 7 желтоқсан АҚШ тарихында қаралы күн деп жарияланды. 1941 жылы 8 желтоқсанда АҚШ жапондарға соғыс жариялады. 1941 жылдың желтоқсан айынан 1942 жылдың наурыз айына дейін Жапония әскерлері Филиппин, Таиланд, Бирма, Малайзия, Сингапур, Индонезия елдерін жаулап алды. Сөйтіп, Жапония Тынық мұхит аумағындағы елдерді жаулап алып, 3800 мың шаршы шақырым жерді, 150 млн адамды бағындырды.

Екінші дүниежүзілік соғыс барысында антигитлерлік бірлік нығайып, кең етек алды. 1942 жылы 1 қаңтарда Вашингтон

қаласында 26 елдің қатысуымен конференция өтті. Конференцияға қатысушылар «Біріккен ұлттар декларациясын» бір ауыздан қабылдады. Соғыс жылдарында бірігіп күрес жүргізе отырып, жеңіске жету міндеттерін қойды. 1942 жылы 26 мамырда Лондон қаласында Кеңес-Ағылшын, 11 маусымда Вашингтон қаласында Кеңес-Америка келісімдеріне қол қойылып, КСРО, АҚШ және Ұлыбритания елдері антигитлерлік бірлікті нығайтып, фашистік Германия мен Жапонияға қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. 1942 жылы маусым айында КСРО, АҚШ және Ұлыбритания елдері Еуропада екінші майдан ашуға келісімге келді. Бірақ екінші майдан ашу туралы уәделерін орындай алмады, КСРО халқы фашистік Германияға қарсы соғыс қимылдарын жалғыз жүргізіп жатты.

**Сталинград шайқасы.** 1942 жылы 23 шілде неміс-фашист әскерлері Сталинград қаласына шабуыл бастады. 27 қыркүйекте қалаға кіріп, қала көшелерінде ұрыстар жүреді. Сталинград шайқасына 80-нен аса дивизия қатысты. Екі жақтан 2 млн адам қатыстырылды. Сталинград қорғанысын 62 және 64 армия басшылары генерал-лейтенант В.И.Чуйков және генерал-майор М.С.Шумиловтар басқарды. Кеңес әскери басшылары «Уран» атты шартты түрде жоспар жасап, қарсы шабуылға дайындалады. Бұл соғыс операциясы Бас Ставканың шешімімен армия генералы К.Г.Жуков және генерал-полковник А.М.Василевскийлерге жүктелді. Оңтүстік Батыс майдан қолбасшысы – генерал-лейтенант Н.Ф.Ватутин, Дон майданы қолбасшысы – генерал-лейтенант К.К.Рокоссовский, Сталинград майданы қолбасшысы – генерал-полковник А.И.Еременко қатысты. Бұлардың ойы жау әскерлерінің негізгі күштерін қоршап алып, құртып жіберу.

Кеңес әскерлерінің тарихи қарсы шабуылы қуатты артиллериялық өзірліктен кейін 1942 жылы 19 қараша Оңтүстік Батыс және Дон майдандарының әскер құрамалары берген соққылармен басталды. 20 қарашада Сталинград майданының әскерлері де шабуылға шықты. 23 қарашада Оңтүстік Батыс пен Сталинград майдан әскерлері Калач-Советский ауданында тоғысты. Жаудың 330 мың адамнан тұратын топтарын қоршауға алды. 1943 жылы 10 қаңтарда кеңес әскерлері шабуылға шықты, 2 ақпан күні қоршауда қалған генерал-фельдмаршал Паулюс әскерлерімен қолға түсті. Сталинград шайқасы кеңес әскерлерінің жеңісімен аяқталды.

Сталинград шайқасы Герман фашизмінің аса ірі әскери-саяси жеңілісі болды. Ол Ұлы Отан соғысындағы түбегейлі бетбұрысты жүзеге асыруда шешуші роль атқарды және екінші дүниежүзілік соғыстағы түбегейлі бетбұрыс болды. Сталинград шайқасы

Еуропаның немістер басып алған елдерінде қарсылық қозғалысын өрістетті. Қызыл Армия әскерлері барлық майданда шабуыл жасап, қоршау бұзылды, Ленинград жауға төтеп беріп жеңіп шықты.

**Курск шайқасы.** 1943 жылдың ортасында Кеңес – Герман соғысының майдандары Курск – Орел – Белгород бағытына ауысты. Германия басшылары кеңес әскерлеріне шешуші соққы беру үшін «Цитадель» жоспарын жасайды. Бұл жоспар бойынша неміс-фашист әскерлері кеңес әскерлерін Курск бағытында қоршап жеңіске жету болды. Орел және Харьков бағытында шабуылға пығуды көздеді. Германия осы бағытта 50 дивизия, 900 мың адам, 10 мың зеңбірек және 2700 танк, 2 мың самолет шоғырландырды. Немістердің жаңадан жасалған «Тигр», «Пантера» танкілері қатысты.

Кеңес әскери басшылары К.К.Рокоссовский, Н.Ф.Ватутин, М.М.Попов және И.С.Конев Курск иініндегі шайқастарға қатысты. Орталық, Воронеж, Брянск және Далалық майдандардың әскерлері терең тізбектелмелі қорғаныс шептерін жасады.

Фашистердің шабуылы 1943 жылы 5 шілдеде бастады. Бұл мерзімді білетін кеңес басшылығы жаудың шабуылы басталуға 10 минут қалғанда, таңғы 4 сағат 50 минутта артиллериямен үсті-үстіне атқылап, есінен тандырды. Кеңес әскерлерінің ерлігі бұқаралық сипат алды. Әуе шайқастарына француздардың «Нормандия» авиациялық полкі де қатысты.

12 шілдеде жау барлық майдан бойынша тоқтатылды. Бұл күні Прохоровка төңірегінде екі жақтың біріне-бірі қарама-қарсы шыққан ең күшті танк шайқасы болды, ұрысқа екі жақтан 1500-ге жуық танк қатысты. 1943 жылы 5 тамыз кеңес әскерлері Орел мен Белгородты азат етті. Осы жеңістің құрметіне дәл сол күні Мәскеуде бірінші рет артиллериядан салтанатты салют берілді. 1943 жылы 23 тамызда Харьков қаласы жаудан түпкілікті азат етілді.

Курск түбіндегі жеңіс Ұлы Отан соғысының және екінші дүниежүзілік соғыстың барысында болып жатқан түбегейлі бетбұрысты тиянақтап, бекіте түсті. Фашистік Германияның стратегиялық ірі қарсы шабуылға шықпақ болған соңғы әрекеті толық сәтсіздікпен аяқталды. Курск түбіндегі шайқаста фашистік Германияның одақтасы фашистік Италия әскерлерінің жеңіліс тауып, Италия соғыстан шықты. 1943 жылы 10 шілдеде АҚШ және Ұлыбритания әскерлері Сицилияға түсіп, Италия әскерлері ешқандай қарсылық көрсете алмай жеңіліс тапты. 1943 жылы 25 шілдеде Муссолини үкімет басшылығынан түсті. Оның орнына

маршал Бадольо тағайындалды. 1943 жылы 13 қазанда Италия Германияға соғыс жариялады. Фашистік блок елдері өлсірей түсті.

**Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы халықаралық конференциялар.** 1943 жылы 19–30 қазан айында Мәскеу қаласында алғашқы рет АҚШ, Ұлыбритания және КСРО елдерінің сыртқы істер министрлерінің қатысуымен конференция өтті. Соғыстан кейінгі қауіпсіздікті қамтамасыз ету және фашизм одақтастарын толық жеңгенге дейін соғыс қимылдарын жүргізу мәселелері талқыланды.

Конференция жұмысына Қытай сыртқы істер министрі қатысып, Ұлттар Бірлігі арқылы ынтымақты дамытуға келісті. Конференцияда «Австрия туралы» декларация қабылдады. Үш ұлы держава елдері Германияның Австрияны жаулап алуын ешқашан мойындамайтындығын, тәуелсіз Австрия мемлекетін құруға келісетінін білдірді. «Италия туралы» декларацияда «фашизмді жеңгеннен кейін демократия негізінде Италия мемлекетін қайта құруға келісті».

Конференцияның соңғы күні Біріккен Ұлттар Ұйымы атынан декларация қабылдады. Германияны талқандағаннан кейін соғыс бастаған фашистерді, оның басшыларын халықаралық трибуна арқылы соттауға шешім қабылдады. АҚШ және Ұлыбритания сыртқы істер министрлері өздерінің үкімет басшылары атынан 1944 жылдың жазында Еуропада екінші майдан ашуға ниет білдіргенін мәлімдеді. АҚШ делегаттарының басшысы Сталинге Жапонияға қарсы соғыста көмек көрсете алады деген сенім білдірді. Сталин Жапонияны талқандауға толық көмек көрсететінін айтты. Герман мәселесі де конференцияда сөз болды. АҚШ және Ұлыбритания Шығыс Еуропада федерация құру туралы ұсыныс енгізді. КСРО делегациясы мұны қолдамады. 1943 жылы қараша-желтоқсан айында Тегеран қаласында тұңғыш рет АҚШ, Ұлыбритания және КСРО үкімет басшылары Рузвельт, Черчилль және Сталиннің қатысуымен конференция өткізуге шешім қабылдады.

**Тегеран конференциясы.** 28 қараша–1 желтоқсанда Тегеран қаласында АҚШ (Рузвельт), Ұлыбритания (Черчилль) және КСРО-ның (Сталин) қатысуымен конференция өз жұмысын бастады.

Черчилль екінші майдан ашуды Балқан түбегінен бастау керек деген ойын білдірді. Ондағы ойы Қызыл Армия әскерлері Еуропа елдерін азат еткенге дейін екінші майдан әскерлерін енгізу болды. Рузвельт пен Сталин бұл ұсынысты қолдамады. Тегеран конференциясында екінші майданды 1944 жылы мамыр айында

Солтүстік Францияның Нормандия жеріне десанттар түсіріп, Германияға қарсы американо-ағылшын әскерлері соғыс қимылдарын бастауға келісті. Екінші майданның біріккен Бас штабын АҚШ генералы Эйзенхауэр басқаратын болды.

Соғыстан кейінгі Германия туралы Рузвельт пен Черчилль ұсынысы қабылданбады. Сталин Еуропаны бөлшектеуге қарсы болды. Польша мәселесі қаралды. Польшаның шығыс шекарасын Керзон сызығы арқылы жүргізуге келісті, ал Батыс шекарасы Одер өзені арқылы өту керек деп мақұлданды. Батыс Польша жері Польшаға қайтарылуы керек, бірақ Польша мәселесі кейбір келіспеушіліктерге байланысты кейінге қалдырды. Тегерандағы конференцияға қатысушы үш елдің басшылары антигитлерлік бірліктің нығайтып отырғанын, Германия мен Жапонияны жеңгенге дейін біртұтас майдан арқылы күрес жүргізуге бел байлап отырғандықтарын паш етті.

Тегеран конференциясы аяқталғаннан кейін, Рузвельт пен Черчилль Каир қаласына келіп, Қытай үкіметінің басшысы Чан Кайшимен кездесті. Бас қосуда Жапонияға қарсы соғыста бірігіп, күресетінін білдірді. Жапонияны жаулап алған елдерден кетуге мәжбүр ететінін, Қытайға Жапонияның басып алған жерлерін қайтаратынына келісті.

**Қырым (Ялта) конференциясы.** 1945 жылы 4–11 ақпанда Ялта қаласының Ливадий сарайында өтті. Қырым (Ялта) конференциясына АҚШ (Рузвельт), Ұлыбритания (Черчилль), КСРО (Сталин) қатысты. Соғыстан кейін Германия демократияландыру, демилитаризациялау және денацификациялау жүргізу келісілді. ДДД формуласы пайда болды. Біріккен Ұлттар Ұйымын құру туралы мәселе қаралып, оның құрылымын бекітілді. БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесі дауыс беру арқылы шешіліп, оның мүшелеріне «вето» дауыс беру құқығы берілетін болды. Қырым конференциясы БҰҰ-ның құрылуын 1945 жылы 25 сәуірде Сан-Франциско конференциясына қалдырды.

Сонымен қатар, Ялта конференциясында Польша мәселесі де қаралды. Польшаның шекара мәселесі Тегеран конференциясындағы келісімге тоқталды. Польша уақытша үкіметінің құрамына эмиграциялық үкіметтің басшылары да кіретін болды. АҚШ пен Ұлыбритания Польша уақытша үкіметін мойындайтын болды. Үш елдің басшыларының, бұдан бұрын келісілгендей, Германияны талқандағаннан кейін Жапонияға соғыс жариялайтынын бір ауыздан мақұлдады. КСРО өз жағына Сахалин, Куриль аралдары қайтарылған күнде, Жапонияға соғыс жариялайтынына сендірді.

Антигитлерлік бірлік елдері фашистік Германияның жеңіліс табатынына ешқандай күмән қалмағанын түсінді. Еуропада жеңіс күні жақындап қалды.

**Берлин (Потсдам) конференциясы.** Фашистік Германия талқандалғаннан кейін, 17 шілде – 2 тамызда Берлин (Потсдам) халықаралық конференциясы ашылды. Конференцияға АҚШ (Трумэн), Ұлыбритания (Эттли), КСРО (Сталин) және осы елдердің Сыртқы істер министрлері АҚШ (Дж.Бирнс), Ұлыбритания (Иден, Бевин), КСРО (Молотов) қатысты. Мұндағы басты мәселе Германия болды. Қырым конференциясында үш елдің басшыларының келісімі бойынша, Германия дағдарысын шешу Еуропалық консультативтік комиссия мен Бақылау кеңес ұйымына тапсырылды. Германия демократиялық біртұтас мемлекет болып құрылу керек еді. Неміс халқы өз мемлекетін құру құқығын алу керек. Ол үшін денацификация және демилитаризациялануы қажет. Берлин конференциясында соғыс қылмыскерлерін соттау, қарулы күштерін және соғыс өнеркәсіп орындарын одақтас елдердің бақылауына өткізу туралы мәселе қозғалды. Германия жерін төрт оккупациялық бөлікке бөліп, әр бөлікті төрт елдің қарулы күштерінің басшылығына беру жөнінде айтылды. АҚШ, Ұлыбритания, КСРО және Франция оккупациялық бөліктерде болашақ Германия мемлекетін құру үшін келісім бойынша Бақылау кеңес ұйымы жұмыс атқару керек. Батыс Германия жері үш зонаға бөлінді, яғни АҚШ, Ұлыбритания және Франция, ал Шығыс Германия – КСРО-ның оккупациялық зонасына бөлінді.

Соғыстан кейін Германия репарациялық төлем төлеу мәселесі қаралып, КСРО Шығыс Германия жерінен репарациялық төлемге тиісті өнеркәсіп құрал-жабдық арқылы 25%, оның 10% қайтармайтын, 15% азық-түлік есебінен болып келісті. Польшаға КСРО өз есебінен беруге келісті.

Польша – Герман шекарасы туралы мәселеде, көп талас-тартыстан кейін, КСРО-ның ұсынысы жеңіп шықты. Берлин конференциясының шешімімен Польшаның батыс шекарасы Одер – Батыс Нейсе өзені арқылы өтетін болып шешілді. Батыс Польша жеріндегі немістер Германияға көшірілетін болды. Сонымен қатар денацификация шараларын жүргізу барысында фашистік ұлттық-социалистік партияға тыйым салуға, соғыс қылмыскерлерін анықтап, халықаралық трибунал арқылы соттауға шешім қабылдады.

Берлин (Потсдам) конференциясында АҚШ, Ұлыбритания және КСРО басшылары Жапонияға соғыс ашуға келісті. КСРО (Сталин) өз жағының Жапонияға соғыс жариялайтынына тағы да

сеңдірді. Конференцияның соңғы күні АҚШ президенті Трумэн өз елінде атом бомбасын жасағанын және оның 21 шілдеде АҚШ-та сынаудан ойдағыдай өткенін хабарлады.

Атом бомбасы туралы хабарлай отырып, АҚШ президенті Трумэн өзінің күш көрсету ойын білдіріп отырды. Бұл хабарды АҚШ соғыс министрі Г.Стимсоннан естігеннен кейін, Черчилль «бұл жаңалықты Сталинге хабарлау керек» – деді. 24 шілдеде Трумэн Сталинге АҚШ-та атом бомбасы дайын екенін, оны Жапонияға пайдаланатынын айтқанда, Сталин «бұл жаңалыққа ешқандай мән берген жоқ», – деп мойындайды Трумэн. АҚШ-тың «атом дипломатиясы» осылай пайда болды. Бұл дипломатия соғыстан кейін АҚШ-тың КСРО-ға қарсы «суық соғыс» және «күш көрсету» саясатын бастауға әкелді.

**Сан-Франциско конференциясы.** Қырым конференциясының шешіміне сәйкес, 1945 жылы 25 сәуірде Сан-Франциско қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының конференциясы ашылды. Конференция жұмысына 46 елден 300 делегат қатысты. Украина ССР мен Белорусс ССР-ының делегаттары да қатысты. 26 сәуірде БҰҰ-ның жарғысы (уставы) қабылданды. «Біріккен Ұлттар Ұйымы - делінді жарғыда - дүниежүзінде бейбітшілік және қауіпсіздік орнату, соғысқа қарсы бірігіп күресу, халықаралық құқықты сақтай отырып әділеттік пен ынтымақты дамыту, халықаралық дау-жанжал мәселелерді бейбіт жолмен шешу; адамдардың құқығын қорғау, барлық адамдарға еркіндік, тілге және дінге бостандық беру, ұлттардың тең өркендеуіне келісімге жетуді қолдайды».

БҰҰ-ның құрылымы бекітілді. БҰҰ-ның толық мүше елдерінің қатысуымен жалпы жиналысы – Бас Ассамблея. БА-ның жыл сайын сессиясы өткізіледі. БҰҰ-ның тұрақты ұйымы - Қауіпсіздік Кеңесі. Қауіпсіздік Кеңесінің шешімін барлық мүше елдердің орындауы міндетті. Қауіпсіздік Кеңеске тұрақты мүше бес ел - КСРО, АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Қытай. Бес мүше елдің жеке дауыс беру құқығы (вето) бар. БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік кеңесі, Халықаралық сот, Секретариат және басқа комитеттер, комиссиялар, арнаулы ұйымдары бар. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы дүниежүзі қауымдастықтарының ірі жеңісі болды.

**Фашистік Германияның тізе бүгуі.** 1945 жылы 16 сәуірде Берлин қаласына таңертеңгі сағат 5-те Кеңес әскерлерінің шабуылы басталды. Фашистік Германия Берлин бағытында 1 млн адам, 10 мыңнан аса зеңбіректер, 3,5 мыңға жуық самолет және 1,5 мың танктер ұстады. Кеңес әскерлері жағынан Берлин операциясына 2,5

млн адам, 41600 зеңбірек, 6250 танк және 7500 самолет қатысты. Берлин бағытында шешуші шабуыл жасау үшін Ставка аса көрнекті кеңес әскери қолбасшылары Г.К.Жуков, К.К.Рокоссовский, И.С.Конев басшылық жасаған, 1–2-Белорусс майдандары мен 1-Украин майданының әскерлерін бөлді. Күштің едәуір басымдығына қарамастан, кеңес әскерлерінің алдында неміс-фашист әскерлерінің күшті қарсылығын жеңу міндеті тұрды.

29 сәуірде кеңес жауынгерлері рейхстагқа шабуылды бастады. Сол күні кеңес жауынгерлерінің алды рейхстагқа жақындап, қазақ жауынгері Р.Қошқарбаев рейхстагтың екінші қабатына ту тікті. Бірақ шабуыл тоқтаған жоқ, екі күнге созылған шайқастан кейін 1 мамыр күні рейхстагтың күмбезіне орыс М.А.Егоров пен грузин М.В.Кантария ту тікті. Келесі күні Берлин гарнизоны тізе бүкті. 5-армия қолбасшысы Кеңес Одағының Батыры, генерал Н.Э.Берзарин Берлиннің коменданты болды.

1945 жылы 8 мамырда Берлиннің іргесіндегі Карлсхорст қаласында неміс фельдмаршалы, вермахтың Жоғарғы командованияесінің штаб бастығы Кейтель, флот адмиралы Х.Фридебург фашистік Германияның сөзсіз тізе бүгуі туралы актіге қол қойды. КСРО жағынан Кеңес Одағы маршалы Г.К.Жуков қол қойды. Ұлы Отан соғысында гитлерлік Германияны толық талқандауымен белгілі болып, жеңістің құрметіне КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы 9 мамырды бүкілхалықтық салтанат күні - Жеңіс Мерекесі деп жариялады. 1945 жылы 24 шілдеде Мәскеудегі Қызыл алаңда Жеңіс Парады өткізілді. Берлин операциясына басшылық жасаған маршал Г.К.Жуков үш рет Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Маршалдар И.С.Конев және К.К.Рокоссовский екі рет Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Берлин операциясына кеңес жауынгерлермен бірге Польша әскерлері қатысты.

**Жапонияның талқандалуы.** Потсдам конференциясы аяқталғаннан соң бір апта өткеннен кейін 1945 жылы 9 тамызда КСРО өзінің одақтастық міндеттемелерін орындай отырып, Жапонияға қарсы соғыс бастады. Кеңес Одағы Қиыр Шығыста 40-қа жуық дивизия ұстауға мәжбүр болды. Соғыс басталған кезде кеңес әскерлерінің саны 1,5 млн адамға жетті. Қиыр Шығыстағы Кеңес әскерлерінің Бас командованияесі құрылып, оған Кеңес Одағының маршалы А.М.Васильевский басшылық етті. Кеңес әскерлерінің алдында тұрған негізгі міндет - 1 млн квантун әскерін құрту еді. Ұрыс қимылдарының бірінші күнінен кеңес әскерлерінің қарқынды шабуылы басталды. 1-Қиыр Шығыс майданы (қолбасшысы -

маршал К.А.Мерецков) және Монғол Халық Республикасы жерінен - Забайкалье майданы (қолбасшысы - маршал Р.Я.Машиновский) шабуыл бастады. 2-Қиыр Шығыс майданының әскерлері (қолбасшысы - армия-генералы М.Н.Пуркаев). Амур және Уссури өзендерінен өтіп, Манчжурияның ішкі жағынан қарай жылжи бастады. 14 тамызда кеңес әскерлері Квантун армиясын бөлшектеп, оны толық қоршап алды.

Қиыр Шығыстағы бүкіл соғыс қимылдары 24 күнде аяқталды. Қиыр Шығыстағы Жапонияға қарсы соғыста кеңес әскерлері Оңтүстік Сахалин және Курил аралдарын, Солтүстік Шығыс Қытай және Солтүстік Кореяны азат етті.

АҚШ 1945 жылы 6 тамызда Хиросима, одан соң 9 тамызда Нагасаки қалаларына атом бомбасын тастады. Атом бомбасынан 100 мың адам өлді. 400 мың адам жараланып, радиоактивтік сәулеге ұшырады. Жапонияның талқандалуынан кейін Вьетнам, Малайе, Индонезия, Бирма халықтары өз елдерінің тәуелсіздігін жариялады. Тынық мұхит аралдары Жапониядан азат етіліп, АҚШ-тың қарауына көшті.

1945 жылы 2 қыркүйекте Токио шығанағында американдық «Миссури» линкорының бортында Жапонияның сөзсіз тізе бүгуі туралы актіге қол қойылды. Кеңес жағынан оған генерал-лейтенант К.Н.Деревьяненко қол қойды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

### §3. Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы

Екінші дүниежүзілік соғыс - адамзат баласының тарихындағы ең сұрапыл соғыс болды. Бұл соғысқа 61 мемлекет қатысты. Соғыс жылдарында 70 млн астам адам өлді. КСРО жағынан 26 млн адам қаза болды. Германия барлық майданда 12 млн адамынан айрылды. АҚШ-тың 405 мың адамы, Ұлыбританияның 375 мың адамы өлді.

**Екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі қорытындысы.** КСРО және АҚШ, Ұлыбритания, Франция мемлекеттерінің антигитлерлік қарсылық бірлігінің барысында фашизм талқандалды. Фашистік мемлекеттер Германия, Италия, Жапония жеңілді. Фашизмнің қол астындағы халықтар күрес жүргізіп, өз елдерінің тәуелсіздігін орнатты. Фашистік Германия мен милитаристік Жапонияны жеңуде КСРО халықтарының Ұлы жеңісі маңызды роль атқарды, соғыстың негізгі ауыртпалығын КСРО мемлекеті көтерді.

Фашистік Германияның КСРО-ға қарсы жасаған соғысы қарама-қарсы екі қоғамдық жүйенің күресі болды. Кеңес халықтарының Ұлы Отан соғысындағы өшпес ерлігі бүкіл дүниежүзілік тарихта

маңызды орын алды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес коммунистік партиясы И.В.Сталиннің басшылығымен өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап, дүниежүзі халықтарын фашистік құлдықтан қорғап қалды. Көп ұлтты Кеңес халықтарының Отан сүйіштігі мен социализмнің болашағына деген сенімі бүкілхалықтық сипат алды. Кеңес халықтарының туыскандық семьядағы ұлдары мен қыздарының ерліктерін еліміз жоғары бағалады. 11618 кеңес жауынгерлеріне Совет Одағының Батыры атағы берілді. Олар: 8160 орыс, 2068 украин, 309 белорус, 161 татар, 108 еврей, 104 қазақ, 90 грузин, 90 армян, 69 өзбек, 61 мордван, 47 дағыстан, 18 түркмен, 15 литван, 14 тәжік, 12 қырғыз т.б.

Кеңес әскерлерінің азаттық миссиясы Еуропа және Азияның бірқатар мемлекеттерін фашизмнен азат етті. Бұл елдер де халықтық-демократиялық революциясының барысында капитализмнен социализмге өтті. Соның нәтижесінде дүниежүзілік социалистік жүйе пайда болды, капитализм жүйесінде дағдарыс жалғасты. Дүниежүзілік социалистік жүйенің пайда болуы соғыстың аса көрнекті қорытындысы болып табылады. Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропада мына елдер социалистік қоғамға өтті: Албания, Югославия, Болгария, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Польша, Герман Демократиялық Республикалары. Милитаристік Жапонияны талқандаудың барысында Азияда Корей Халық Демократиялық Республикасы (Солтүстік Корея), Вьетнам Демократиялық Республикасы (Солтүстік Вьетнам), 1949 жылы Қытай Халық Республикасында социалистік қоғам орнады. 1959 жылы Кубада Социалистік қоғам орнады.

Герман фашизм мен Жапон милитаризмінің талқандалуы ұлт-азаттық қозғалысының кең етек алуына ықпал етіп, империализмнің отаршылдық жүйесінің күйреуін тездетті. Соғыстан кейін Азия және Африканың көптеген елдері отаршылдықтан азат болып, тәуелсіз мемлекеттер құрылды.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы дүниежүзілік капиталистік қоғамның дамуына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Соғыстан Франция, Ұлыбритания әлсіреп шықты. Германия, Италия және Жапония жеңілді. Соғыстан Америка Құрама Штаты байып шықты. 1945 жылы атом бомбасын жасап шығуының нәтижесінде дүниежүзіндегі бірден-бір күшті елге айналды. КСРО соғыстан қираған және бүлінген экономикасын қалпына келтіру үшін күресіп жатты. АҚШ дүниежүзілік үстемдік үшін күресті.

Капитализмнің экономикалық-әлеуметтік дамуында монополиялық капитализмнен мемлекеттік-монополиялық капитализмге

өтті. Жалпы капитализм әлеуметтік қоғамға айналып, қайырымды мемлекет саясатына көшті. Мемлекеттік реттеудің негізгі үлгісі либерал-реформалық жүйеге сүйенді. Көптеген капиталистік елдерде экономика национализацияланып, мемлекеттік меншікке айналды. XX ғасырдың екінші жартысындағы капитализмнің дамуы қазіргі кезеңдегі капитализмнің сипатын анықтады. Қазіргі капитализм нарықтық, рынок пен өндірісті корпоративтік реттеуге көшті. Қазіргі кезеңдегі капитализм мемлекеттік-корпоративтік және әлеуметтік қоғамға өтті.

Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы адамзат баласының тарихи дамуында соғыстың сабақтарын әр уақытта естен шығармай, бейбітшілік үшін және XXI ғасырда үшінші дүниежүзілік соғысты болдырмау үшін күресу керек екендігін жоққа шығармайды. Соғыстың қорытындысы мен сабақтары осыған үйретеді.

## ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

### Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихындағы басты оқиғалар

<b>1917 жыл</b>	
7-8 қараша	Петроградтағы қаулы төңкеріс.
<b>1918 жыл</b>	
8 қаңтар	В.Вильсонның 14 бапты «Соғыстан кейінгі әлемді қайта құру бағдарламасы».
28 қазан	Чехословакияның тәуелсіздік жариялауы.
3 қараша	Германияда қараша революциясының басталуы.
9 қараша	Германияда Республиканың жариялануы.
11 қараша	Компьер орманында Германия мен Антанта елдер арасында келісімге қол қою.
11 қараша	Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы.
	Польша Республикасының құрылуы.
<b>1919 жыл</b>	
21 қаңтар	Париж конференциясы.
6 ақпан	Веймар Республикасының құрылуы.
2-6 наурыз	Коммунистік Интернационалдың I конгресі.
28 шілде	Халықаралық біріккен кәсіподақ ұйымының құрылуы (Амстердам конгресі).
1 қыркүйек	Америка коммунистік партиясының құрылуы.
20-26 қараша	Коммунистік Интернационал Жастар ұйымы (КИМ) I конгресі.
<b>1920 жыл</b>	
13-17 наурыз	Германияның Капп қаласындағы бүлік.
7 тамыз	Коммунистік Интернационалдың II конгресі.
31 шілде - 1 тамыз	Ұлыбритания коммунистік партиясының құрылуы.
29 желтоқсан	Франция коммунистік партиясының құрылуы.
1920-1921 жж.	Кіші Антантаның құрылуы.
<b>1921 жыл</b>	
21 қаңтар	Италия Коммунистік партиясының құрылуы.
22 маусым	Коммунистік Интернационалдың III конгресі.
<b>1922 жыл</b>	
6 ақпан	Вашингтон конференциясы.
28-30 қазан	Италияда фашистік диктатураның орнауы.
5 қараша	Коммунистік Интернационалдың IV конгресі.
30 желтоқсан	КСРО-ның құрылуы.

### 1923 жыл

11 қаңтар Франция мен Бельгияның Рур облысын басып алуы.

### 1924 жыл

9 маусым Болгарияда фашистік диктатураның орнауы.  
28-29 қараша Краков қаласындағы қарулы көтеріліс.  
Қаңтар - қазан Англиядағы бірінші лейборист үкіметі.  
Ақпан КСРО мен Англия арасында елшіліктің орнауы.  
Қаңтар В.И. Лениннің қайтыс болуы.  
Қаңтар КСРО конституциясы қабылданды.  
Маусым Франциядағы «солшыл блок» үкіметі  
«Дауэс» жоспары.  
16 маусым Өзбек және Түркімен Кеңестік  
Қазан Социалистік Республикалары құрылды.  
28 қазан Франция мен КСРО арасындағы елшіліктің орнауы.

### 1925 жыл

5-16 қазан Локарно конференциясы.  
Желтоқсан БКП(б)-ның XIV съезі. Елді индустрияландыруға бағыт.

### 1926 жыл

4-12 мамыр Англиядағы жалпы ереуіл.  
Маусым Польшада Пилсудскийдің фашистік диктатурасының орнауы.  
8 қыркүйек Германияның Ұлттар Лигасына кіруі.  
Қараша Италиядағы «төтенше» заңның шығуы.  
ИКП-на тыйым салынды.

### 1927 жыл

Шілде Англиядағы жұмысшы және кәсіподақ ұйымына қарсы заң қабылданды.  
27 мамыр КСРО мен Англия арасындағы елшілік қатынастың тоқталуы.  
7 маусым Кеңес елшісі П.Л. Войковтың Варшавада өлтірілуі.  
23 тамыз АҚШ-та Сакко мен Ванцетти өлтірілді.  
Желтоқсан БКП(б) XV съезі өтті. Ауыл шаруашылығына бағыт алу.

### 1928 жыл

27 тамыз Брион-Келлог пактісі.  
Қыркүйек Польшадағы Лоузь көтерілісі.  
1928-1932 жж. КСРО-дағы бірінші бесжылдық.

*1929 жыл*

6 қаңтар  
11 ақпан  
Маусым – тамыз  
3 қазан

Югославиядағы монархиялық-фашистік төңкеріс.  
Италиядағы Латеран келісімі.  
Екінші лейборист үкіметінің құрылуы.  
КСРО мен Англия арасындағы елшіліктің  
қайтадан орнауы.  
Юнго жоспары. Гаата конференциясы.

1930–1933 жж.  
5 желтоқсан

Әлемдік экономикалық дағдарыс жылдары.  
Тәжік Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды.

*1930 жыл*

6 наурыз  
Маусым  
Наурыз – мамыр

Халықаралық жұмыссыздықпен күресу.  
БКП(б) XVI съезі – барлық майданда  
социализмнің шабуылының басталуы.  
Германиядағы Брюнинг үкіметі.

*1931 жыл*

14 сәуір  
Тамыз

Испан Республикасының құрылуы.  
Англиядағы «Ұлттық бірлік» үкіметі.

*1932 жыл*

2 ақпан  
Наурыз  
30 мамыр  
25 шілде

Женевадағы карусыздандыру конференциясы.  
Чехословакиядағы шахтерлер көтерілісі.  
Германиядағы Папен үкіметі.  
Польша мен КСРО арасындағы шабуыл  
жасаспау туралы келісім.  
Франция мен КСРО арасындағы шабуыл  
жасаспау туралы келісім.  
Франциядағы «Солшыл блок» үкіметі.

29 қараша

1932–1934 жж.

*1933 жыл*

30 қаңтар  
27 ақпан  
4 наурыз

Гитлердің үкімет басына келуі.  
Фашистік диктатураның орнауы.  
Рейхстагтың өртенуі.  
Ф.Рузвельт - АҚШ президенті  
(1933–1945 жж). «Жаңа бағыт» саясаты.  
Төрт держава келісімі (Германия, Италия,  
Франция және Англия).  
Германияның Ұлттар Лигасынан шығуы.  
КСРО мен АҚШ арасында елшілік  
қатынастың орнауы.

15 шілде

19 қазан  
16 қараша

1933–1937 жж.

КСРО-да Халық шаруашылығын  
өркендетудің екінші бесжылдық жоспарының  
жүзеге асырылуы.

*1934 жыл*

6 ақпан  
12 ақпан  
9 маусым

Франциядағы фашистік бүлік.  
Франциядағы антифашистік көтеріліс.  
КСРО мен Румыния арасында елшілік  
қатынастың орнауы.  
КСРО-ның Ұлттар Лигасына мүше болуы.

18 қыркүйек

*1935 жыл*

2 мамыр  
16 мамыр

КСРО мен Франция арасындағы өзара  
көмек туралы келісім.  
КСРО мен Чехословакия арасындағы өзара  
өмек туралы келісім.

5 шілде  
14 шілде  
25 шілде – 20 тамыз  
31 тамыз  
Қазан – мамыр

АҚШ-тағы Вагнер заңы.  
Францияда Халық майданның құрылуы.  
Коминтерннің VII конгресі.  
АҚШ-та бейтараптық туралы заңның қабылдануы.  
Италия – Эфиопия соғысы.

*1936 жыл*

14 тамыз  
Мамыр  
Қараша

АҚШ-тағы қауіпсіздендіру туралы тұңғыш заң.  
Польшада фашистік диктатураның орнауы.  
Болгариядағы фашистік-монархиялық диктатура.

1935–1937 жж.

Англиядағы Болдуин бастаған консерватор үкіметі.

*1936 жыл*

Сәуір – мамыр

Франция халық майданының жеңісі.

*1937 жыл*

Маусым  
25 қараша  
5 желтоқсан

Францияда Леон Блом үкіметі.  
Берлин – Рим келісімі.  
КСРО-ның жаңа конституциясы  
(Сталин конституциясы).

*1937 жыл*

8 қараша

Италия антикоминтерлік пактіге қосылуы.  
Ирландия Республикасының құрылуы.

1937 ж.

КСРО-да социализмнің жеңісі.

*1938 жыл*

10 ақпан  
11–12 наурыз  
29–30 қыркүйек

Румынияда монархиялық-фашистік  
диктатураның орнауы.  
«Аншлюс», Германияның Австрияны жаулап алуы.  
Мюнхен келісімі.

Тамыз Хасан көлі маңында КСРО жеріне басып кірген жапон әскерлерінің талқандалуы.

**1939 жыл**

Қаңтар Венгрия «антикоминтерндік» пактіге кірді.  
15 наурыз Германияның Чехословакияны басып алуы.  
22 мамыр Германия мен Италия арасындағы «Болат пактіге» қол қойылды.

23 тамыз Кеңес – Герман пактісі (Молотов – Риббентроп пактісі).

1 қыркүйек Герман – Польша соғысы. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы.

3 қыркүйек «Ғажайып соғыс» саясаты. Англия мен Францияның Германияға соғыс жариялауы.

Қараша Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны КСРО құрамына қабылдау, олардың УССР мен БССР-іне қайта қосылуы.

**1940 жыл**

9 сәуір Германияның Дания мен Норвегияны басып алуы.  
20 маусым Германия Францияны басып алды.  
28–30 маусым Бессарабия мен Солтүстік Буковинаның КСРО-ның құрамына кіруі.

10–12 шілде Францияда үшінші Республика құлады.  
Тамыз Литва, Латвия және Эстония КСРО құрамына кірді.  
4 қыркүйек Румынияда И.Антонеску диктатурасының орнауы.  
20–24 қараша Венгрия, Румыния және Словакия «Үштік пактіге» кірді.

**1941 жыл**

1 наурыз Болгария Үштік пактіге кірді.  
11 наурыз АҚШ «Ленд-лиз» заңын қабылдады.  
6–17 сәуір Германия Югославияны басып алды.  
22 маусым Ұлы Отан соғысының басталуы.  
14 тамыз Атлантикалық хартия.  
24 қыркүйек КСРО Атлантикалық хартияға кірді.  
29 қыркүйек – 1 қазан КСРО, Ұлыбритания, АҚШ уәкілдерінің қатысуымен өткен Мәскеу конференциясы.

5–6 желтоқсан Кеңес әскерлерінің Мәскеу түбіндегі қарсы шабуылының басталуы.  
7 желтоқсан Жапонияның Пёрл-Харборға шабуылы басталды.

**1942 жыл**

1 қаңтар Вашингтонда 26 мемлекеттің қатысуымен Біріккен Ұлттар декларациясы қабылданды.  
Шілде – ақпан 1943ж. Сталинград шайқасы.

**1943 жыл**

Қаңтар Ленинград қоршауының бұзылуы.  
10 маусым Коминтерннің таратылуы.  
5 шілде – 23 тамыз Курск шайқасы.

25 тамыз Италияның соғыстан шығуы.  
19–30 қазан КСРО, АҚШ және Ұлыбритания сыртқы істер министрлерінің Мәскеудегі конференциясы.  
28 қазан – 1 желтоқсан Тегеран конференциясы.

**1944 жыл**

23 тамыз Румыниядағы антифашистік қарулы көтеріліс.  
9 қыркүйек Болгариядағы антифашистік қыркүйек көтерілісі.  
20 қазан Белград қаласын Кеңес әскерлерінің азат етуі.  
20 маусым Еуропада екінші майданның ашылуы.

**1945 жыл**

4–12 ақпан Қырым (Ялта) конференциясы. КСРО, АҚШ және Ұлыбритания басшылары қатысты (Сталин, Рузвельт, Черчилль).  
6 наурыз Румынияда П.Гроза үкіметі құрылды.  
7 наурыз Югославияда И.Б.Тито уақытша үкіметі құрылды.  
6 сәуір Берлин операциясының басталуы.  
25 сәуір Эльба өзенінде кеңес-американ-ағылшын әскерлері кездесті.  
25 сәуір – 26 маусым Сан-Франциско конференциясы. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы. БҰҰ-ның жарғысының қабылдануы.

2 мамыр Берлиннің құлауы.  
8 мамыр Карлсхорсте Германия соғыста сөзсіз тізе бұғуі туралы құжатқа қол қойылды.

9 мамыр Жеңіс күні. Кеңес әскерлерінің фашистік Германияны талқандауы.  
17 шілде – 2 тамыз Берлин (Потсдам) конференциясы. Сталин, Трумэн, Эттли қатысуымен.  
Шілде Англияда лейборист үкіметі құрылды.  
Премьер-министрі болып Эттли сайланды.  
6–9 тамыз АҚШ Хиросима және Нагасаки қалаларына атом бомбасын тастады.  
8 тамыз КСРО Жапонияға соғыс жариялады.  
2 қыркүйек Жапония соғыста жеңілді. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Актуальные проблемы новейшей истории. М., 1991.
2. Сучков М.Е. Хрестоматия по новейшей истории. Ч. 2. М., 1976.
3. Хрестоматия по новейшей истории. Т. 3. М., 1960.
4. Городецкая И.Е. Великобритания. М., 1974.
5. Огден К. Маргарет Тэтчер. Женщина у власти. М., 1992.
6. Конституция 16 стран мира. Алматы, 1995.
7. Смирнов В.П. Франция. М., 1988.
8. Федерова В.П. ФРГ 80-е годы. М., 1988.
9. Брант В. Воспоминания // Вопросы истории. 1991. Г 1.
10. История Италии. Т. 3. М., 1971.
11. Мальшев В. Пиния на ветру. Очерки о современной Италии. М., 1987.
12. Коваль Б.И. Революционный опыт XX века. М., 1987.
13. Громько А., Кокошин. Братья Кеннеди. М., 1985.
14. Фурсенко А.А. Президенты и политика США. 70-е годы. Л., 1989.
15. Амрекулов Н.А. Тайна культ личности и ее разоблачение. Алма-Ата, 1991.
16. Верт Н. История советского государства. 1990–1991 / Пер. с фран. М., 1992.
17. Пономарев А.Н. Н.С.Хрущев // Политическое обозрение. 1989. № 13.
18. Миф о застое. М., 1991.
19. Сахаров А.Д. Мир, прогресс, право человека. М., 1990.
20. Битов А. Мы проснулись в незнакомой стране. Л., 1992.
21. В августе 1991-го. Россия глазами очевидцев. М.- СПб, 1993.
22. Сахаров А.Д. Тревога и надежда. М., 1990.
23. Хроника текущих событий. М., 1970.
24. "Восточно-европейский социализм". Становление ритма. М., 1991.
25. Каменецкий В.М. Политическая система Югославии. М., 1991.
26. Политические кризисы и конфликты 50–60 годов в Восточной Европе. М., 1993.
27. Восточная Европа на историческом переломе 1989–1990 гг. М., 1991.
28. Восточно-европейские потрясения. Международная жизнь, 1991. № 7,9.
29. Круглый стол. Советский Союз и страны Восточной Европы. Эволюция и крушение политических режимов. История СССР, 1991. №1.
30. Ежов В.Д. От "холодной войны" к разрядке. Очерки о Федеративной Республике Германии. М., 1978.
31. Рейман М. Решения 1945–1956. М., 1975.
32. История Франции. Т. 3. М., 1973.
33. Рубинский Ю.И. Пятая Республика. М., 1964.
34. Смирнов В.П. Новейшая история Франции. 1918–1975. М., 1979.
35. Франция. М., 1982.
36. История Италии. М., 1971. Т. 3.
37. Италия. М., 1983.
38. Комолова Н.П. Новейшая история Италии. М., 1970.
39. Крестьянников Р.А. Австрия вчера и сегодня.
40. Иванов Р.Ф. Дуайт Эйзенхауэр. М., 1985.
41. Очерки новой и новейшей истории. Т. 2. М., 1960.
42. Сивачев Н.В., Языков Е.Д. Новейшая история США. М., 1980.
43. История рабочего движения в США (1939–1965). М., 1971. Т. 2.
44. Санаков Ш.П. Мировая система социализма. М., 1968.

45. Бутенко А.П. Социализм как мировая система. 1984.
46. История Польши: В 3-х т. М., 1965. Т. 3.
47. Поклад Б.И. Внешняя политика народной Польши. М., 1978.
48. Внешняя политика ЧССР. М., 1981.
49. Готвальд К. Избранные произведения. М., 1957. Т. 2.
50. Краткая история Чехословакии. М., 1989.
51. История Румынии. 1918–1970. М., 1971.
52. Социалистическая Республика Румынии. М., 1979.
53. История Венгрии. М., 1972. Т. 3.
54. История Болгарии. М., 1955. Т. 2.
55. История Югославии. М., 1963. Т. 2.
56. Социалистическая Федеративная Республика Югославии. М., 1975.
57. Внешняя политика Советского Союза. М., 1985.
58. История внешней политики СССР. М., 1982. Т. 2.
59. Россия, которую мы не знали. Челябинск, 1995.
60. Шреплер Х.А. Международные организации. М., 1995.

### Оқулықтар:

1. История новейшего времени стран Европы и Америки (1918–1945). М., 1984.
2. Языков В.Ф. История стран Европы и Америки в новейшее время (1918–1945): Курс лекции. М., 1998.
3. Кредер А.А. Новейшая история XX века. М., 2000.
4. Новейшая история отечества: В 2-х томах. Т. 1, 2. М., 1999.

*Мәшімбаев Серік Мектепұлы*

**ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІН  
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ  
(1918–1945 ж.ж.)**

*Оқулық*

*ЖШС «Заң әдебиеті» бас директоры  
Жансейтов Н. Н.*

*Басылымға жауапты қызметкерлер: Омарқожаева Г.К., Торебаева Г.А.  
Беттеуші: Торебаева Г.А.  
Дизайн: Савельев А.О.*

*Басуға 15.12.2006 қол қойылды. RISO басылыс.  
Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».  
Шартты баспа табағы 10,75.  
Таралымы 500. Тапсырыс № 34.*

*«Заң әдебиеті» баспасы  
050057 Алматы қ.,  
М. Озтүрік к-сі, 12 үй.  
Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.  
E-mail: law-literature2006@rambler.ru*

*ЖШС «Заң әдебиеті» баспаханасында басылған*